

"Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1278 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасын бекіту туралы

Елдің әр өңірінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту және тиімді пайдалану негізінде халықтың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау мақсатында

ҚАУЛЫ

ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы (бұдан әрі – Болжамды схема) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жыл сайын, 15 маусымға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Болжамды схемаға жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша қорытынды берсін;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар тиісті шешімдерді әзірлеу және іске асыру кезінде Болжамды схеманың негізгі ережелерін басшылыққа алсын.

4. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 28 тамыздағы № 167 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 31, 337-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілді.

Қазақстан Республикасының
Президенті *Н. Назарбаев*
Қазақстан Республикасы
Президентінің

2010

жылғы

« ___ »

№

Жарлығымен

БЕКІТІЛГЕН

Елдің аумақтық-кеңістіктік дамытудың 2020 жылға дейінгі БОЛЖАМДЫ СХЕМАСЫ

Мазмұны

К і р і с п е

1-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Экономикалық әлеует

1.1. Салалардың жалпы сипаттамасы және өңірлер бойынша аумақтық оқшаулану, аумақтар сипаттамаларының схемаларымен және салалық схемалармен, аумақтардың қалыптасқан экономикалық ұйымдастырылуымен және мемлекетаралық маңызы бар аумақтардың схемаларымен бірге экономикалық қызмет түрлері бойынша дамудың ағымдағы проблемалары мен перспективалары

1.2. Түрлер бөлінісінде өңірлердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі және инфрақұрылым объектілерін орналастырудың, аумақтың тірек қаңқасының схемаларымен бірге өңірлердің дамуын тежейтін негізгі инфрақұрылымдық шектеулер

2. Демография және халықты орналастырудың қалыптасқан схемасымен бірге еңбек ә л е у е т і

2.1. Елдегі және өңірлер бөлінісіндегі демографиялық даму және урбанизация үрдістері

2.2. Ішкі көші-қонның негізгі үрдістері мен факторлары

2.3. Елде және өңірлер бөлінісінде еңбек нарығының негізгі индикаторларының с и п а т т а м а с ы

2.4. Еңбек нарығындағы негізгі проблемаларды анықтау

2.5. Іске асырылатын Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама жобаларының еңбек нарығының өңірлік проблемаларына ықпалын талдау

2.6. Өңірлер бөлінісінде еңбек нарығының негізгі индикаторларының перспективада өзгеруі, кәсіби-техникалық білім беру, кадрлар даярлау және қайта даярлау

3. Әлеуметтік и н ф р а қ ұ р ы л ы м

3.1. Ел өңірлері бөлінісінде халықтың білім беру объектілерімен қамтамасыз етілуі

3.2. Ел өңірлері бөлінісінде халықтың денсаулық сақтау объектілерімен қамтамасыз е т і л у і

3.3. Өңірлік бөліністе таза ауыз суға қол жетімділік

3.4. Білім беру, денсаулық сақтау және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етілу деңгейіне перспективалық әсерін талдау

- 3.5. Ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның ж а й - к ү й і
- 3.6. Өңірлерді адами даму индексінің көрсеткіші бойынша бағалау
- 2-бөлім. Қазақстан Республикасының аумақтық-кеңістіктік дамуын пайымдау
1. Өңірлік даму сценарийі
2. Аумақтардың қалыптасқан экономикалық ұйымдастырылу схемасымен бірге алдағы он жылға арналған елдің даму басымдылықтарына сүйене отырып, өңірлердің экономикалық әлеуетін бағалау
3. Әлеуметтік стандарттар мен бюджетаралық қатынастар
- 3.1. Өңірлердің түйінді әлеуметтік проблемаларын айқындау және бағалау
- 3.2. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді көрсетудің бірыңғай стандарттарына көшу
- 3-бөлім. Қазақстан Республикасының аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамы
1. Қазақстан Республикасының аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға дейінгі мақсаттары, міндеттері
2. Аумақтардың сипаттамаларын, аумақтардың экономикалық ұйымдастырылуын, қоршаған ортаны қорғау схемаларын ескере отырып өңірлерді дамытудың стратегиялық бағыттары
3. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызмет түрлерінің қол жетімдігін қамтамасыз ету тетіктерін енгізу
- 3.1. Әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары
- 3.2. Экономикалық дамудың әртүрлі сипаттамалары бар аумақтардағы мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің қол жетімділігін қамтамасыз ету тетіктері
4. Салалар мен инфрақұрылымдарды стратегиялық дамытудың бағыттары (салалық схемалар, инфрақұрылым объектілерінің схемалары)
- 4.1. Салалардың даму схемасы
- 4.2. Инфрақұрылым объектілерін дамыту схемасы
5. Ірі агломерациялар мен басқа да орналастыру жүйелерін қалыптастыру және тиімді дамыту (агломерациялардың және аумақтардың тірек қаңқаларының схемалары)
- 5.1. Қазақстанның ірі қараларының айналасында агломерация құрудың қазіргі заманғы үрдісі
- 5.2. Қазақстанда агломерацияны реттелген дамыту жөніндегі шаралар
- 5.3. Халықты орналастыру жүйесін дамыту (халықты орналастыру жүйесінің схемасымен бірге)
- 5.4. Ауылдық аумақтарды дамыту
6. Басымды көлік-транзит тораптарын, оның ішінде транзит-көлік тораптарының схемаларымен, шекара маңы аумақтарын дамытудың мемлекетаралық схемаларымен бірге шекара маңы өңірлерінде дамыту

Қазақстан Республикасы өңірлерінің экономикалық тығыздығы сараланудың жоғары дәрежесімен ерекшеленеді, ол аумақтық аспектіде елдің экономикалық дамуының біркелкі еместігін сипаттайды. Он алты өңірдің төртеуі (республикалық маңызы бар қалалар – Алматы, Астана, Атырау және Қарағанды облыстары) ел ЖІӨ-сінің шамамен 50%-ын қамтамасыз етті. Осы өңірлерде сонымен қатар негізгі инвестициялар мен экономиканың басқа да ресурстары шоғырланған.

Екінші жағынан, аумақтық дамудың біркелкі еместігінің күшеюі соңғы жылдардың жалпы әлемдік объективті үрдісі болып табылады. Бірқатар елдердің табысты дамуының әлемдік тәжірибесі бойынша, ол жоғары кенттелген өңірлердегі өндірістің, капитал мен адами ресурстардың аумақтық шоғырлануы жағдайында өтеді.

Осылайша, қазіргі жағдайларда кеңістік пен орналасу мемлекеттік саясаттың екінші кезектегі факторлар ретінде қарастырылмай, басты назарға ие болады. Соңғы екі онжылдықта дамыған елдерде прогресс катализаторлары болған қалалар мен агломерциялардың өсуі, халықтың мобильділігін арттыру, сауда мен қызметтерді дамыту сияқты факторлар қазіргі уақытта дамушы елдер үшін де қозғаушы күш ретінде пайдаланады.

1-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

1. Экономикалық әлеует

1.1 Салалардың жалпы сипаттамасы және өңірлер бойынша аумақтық оқшаулану, аумақтар сипаттамаларының схемалары мен салалық схемалар, аумақтардың қалыптасқан экономикалық ұйымдастырылу схемалары мен мемлекетаралық маңыздылығы бар аумақтардың схемаларымен бірге экономикалық қызметтің мынадай түрлері бойынша дамудың ағымдағы проблемалары мен перспективалары.

Өнеркәсіп. 2009 жылдың нәтижелері бойынша өнеркәсіп елдің жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) 30,6%-ын құрады, оған негізгі қаражаттың 52,7%-ы тиесілі болды, экономикада жалпы жұмыс істейтіндердің 11,9%-ы қатысты. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2000 жылғы 874,6 млрд. теңгеден 2009 жылы 5194,8 млрд. теңгеге немесе 6,1 есе өсті, бірақ бұл ретте ел ЖІӨ-сіндегі өнеркәсіп үлесі қызметтер саласының қарқынды өсуі салдарынан 32,6%-дан 30%-ға төмендеді. Өнеркәсіпте жұмыс жасайтындардың саны да артты, бірақ ауқымы соншалықты үлкен болған жоқ: 2000 жылғы 855,2 мың адамнан 2009 жылы 939,3 мың адамға немесе 9,8%-ға артты.

Салалық құрылым. Өнеркәсіптік өндірістің құрылымында өңдеу өнеркәсібіне 2009 жылы өндірістің жалпы көлемінің 60,3%-ы, өңдеу өнеркәсібіне 32,3%, электр энергиясын, газ және су өндіру мен таратуға 6,1% тиесілі болды.

Өңірлік оқшаулану. Өнеркәсіптік өндіріс мұнай-газ өңірлерінде (өнеркәсіп өнімінің жалпы республика көлеміндегі Атырау облысының үлесі 21,3%, Маңғыстау – 12,9%, Батыс Қазақстан – 8,3%, Ақтөбе – 7,1%, Қызылорда – 6,2%) және Қарағанды (14,5%) облысында шоғырланған. Республиканың өнеркәсіп өнімінің өндірісіне ең аз үлес қосатындардың ішінде Солтүстік Қазақстан облысы (0,8%), Астана қаласы (1,0%),

Жамбыл (1,1%) және Ақмола облыстары (1,3%) кіреді.

ЖӨӨ құрылымындағы өнеркәсіптің ең жоғарғы үлес салмағы мұнай-газ өндіретін (Маңғыстау – 60,6%, Атырау – 56,2%, Батыс Қазақстан – 52,3%, Қызылорда – 50,0% және Ақтөбе облыстары – 42,9%) және дәстүрлі индустриялық өңірлерде – Қарағанды (49,8%) және Павлодар (39,8%) облыстарында.

Саладағы жұмыспен қамтылу. Өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы ең жоғары үлеске Қарағанды (19,5%), Шығыс Қазақстан (10,8%), Павлодар (9,5%) облыстары және Алматы қаласы ие (8,3%), ең төмен үлеске – Солтүстік Қазақстан (2,3%), Батыс Қазақстан (2,4%) облыстары және Астана қаласы (2,5%) ие болып келеді.

Өңірлерде жұмыспен қамтылғандардың салалық құрылымында өнеркәсіптің ең жоғары үлестік салмағына Маңғыстау (27,6%), Қарағанды (26,3%), Павлодар (22%) облыстары, ең төменгі үлестік салмаққа Оңтүстік Қазақстан (5,2%), Солтүстік Қазақстан (6,1%), Алматы (6,8%) облыстары және Астана қаласы (6,8%) ие болып келеді.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі. Елдің бай шикізат ресурстарының базасында басым және озық дамуға тау кен өнеркәсібі ие болды, оның республиканың өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі соңғы тоғыз жылда бір жарым есе артты: 2000 жылғы 40%-дан 2009 жылы 58,4%-ға. Кен өндіру өнеркәсібінде өнеркәсіп саласының барлық жұмысшыларының 21%-ы қызмет етеді.

Қазақстанның кен өндіру өнеркәсібі шикі мұнай мен табиғи газ, металл кендері және көмір өндірісімен ұсынылған. Жетекші рөлге мұнай-газ өндіру саласы ие, оған 2009 жылы кен өндіру өнеркәсібінің (осы саладағы қызметтерді қоса алғанда) 84,3%-ы тиесілі болды (2000 жылы – 71,0%), металл кендерін өндіру (темір кені мен түсті металл кендері) 10,0%-ды (19,9%), көмір өндіру 3,0%-ды (6,8%) құрады.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі республика экономикасында басым орындарға ие болуына қарамастан, Қазақстанның 16 өңірінің бесеуінде ғана өңірлік экономиканың айқын анықталған шикізаттық бағыты байқалады. Қалған 11 өңірдің кен өнеркәсібіндегі үлес салмағы 8,8%-ды ғана құрайды. Мысалы, Атырау, Маңғыстау және Қызылорда облыстарындағы өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі кен өндіру индустриясының үлесі 90%-дан асады. Батыс Қазақстан облысында ол 2009 жылдың нәтижелері бойынша 89,6%-ды, Ақтөбе облысында 77,2%-ды құрайды. Бұл ретте, егер Атырау, Маңғыстау, Қызылорда және Батыс Қазақстан моношикізатты болып келіп, негізінен мұнай-газ саласына бағытталса, Ақтөбе облысында кен өндіру саласы мұнай мен табиғи газдан бөлек металл кендерін өндірумен ерекшеленеді.

Темір кендерін өндіру Қостанай және Қарағанды облыстарында шоғырланған – олардың үлесіне темір кендерінің жалпы республикалық өндірісінің 97,7%-ы тиесілі, оның ішінде Қостанай облысына – 74,0%.

Түсті металл кен орындары елдің барлық өңірлерінде таралған. Бірақ, облыстардың

мамандануын анықтайтын ең ірі кен орындары Қарағанды (мыс кендері), Шығыс Қазақстан (мыс, қорғасын, мырыш, титан, алтын), Павлодар (мыс, алтын), Қостанай (бокситтер), Ақтөбе (мыс кендері) және тағы басқа облыстарда шоғырланған.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі өнімінің негізгі түрлерінің 2000 және 2009 жылғы заттай мәндегі өндірісі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Заттай бірліктегі өнім өндірісі

	Заттай бірліктегі өнім өндірісі	2000 жыл	2009 жыл
1.	Мұнай, млн. тонна, Қазақстан бойынша барлығы	35,316	76,482
	Оның ішінде:		
	- Атырау облысы	13,422	26,564
	- Маңғыстау облысы	9,212	18,630
	- Ақтөбе облысы	2,701	7,807
	- Батыс Қазақстан облысы	4,642	12,228
	- Қызылорда облысы	5,338	11,226
2.	Газ, млрд. текше метр, Қазақстан бойынша барлығы	11,541	35,941
	Оның ішінде:		
	- Атырау облысы	5,161	11,863
	- Маңғыстау облысы	1,348	3,046
	- Батыс Қазақстан облысы	4,675	15,686
	- Қызылорда облысы	-	1,489
3.	Темір кені, млн. тонна, Қазақстан бойынша барлығы	30,040	46,247
	Оның ішінде:		
	- Ақмола облысы	0,442	0,839
	- Ақтөбе облысы	-	0,153
	- Алматы облысы	-	0,008
	- Қарағанды облысы	1,348	10,267
	- Қостанай облысы	21,006	34,979

Мұнай - газ өндіру өнеркәсібі

Саланың орны мен рөлі. Мұнай-газ өндіру саласы соңғы он бес жылдың ішінде елдің экономикалық өсуін анықтайтын Қазақстанның индустриялық көшбасшысы болып табылады. Ел ЖІӨ-сіндегі сала үлесі 15,1%-ды құрайды, бұл ретте жылдам өсумен байланысты оның республиканың өнеркәсіп құрылымындағы үлесі 1990 жылғы 2,2% - дан 2009 жылы 50% - ға артты.

Өңірлердің ЖӨӨ құрылымында сала Маңғыстау – 55%, Атырау – 51,7%, Батыс Қазақстан – 46,8%, Қызылорда – 46,0%, Ақтөбе – 28,4% облыстарында басты орындарға ие.

Көмірсутекті шикізаттың жалпы қорлары. Қазақстан көмірсутекті шикізаттың қомақты қорларына – әлемдік қордың 3,3%-ына ие. Мұнайдың нақтыланған қорлары бойынша еліміз әлемдегі 15 жетекші елдің қатарына кіреді.

Мұнай. Өндіріліп алынатын мұнайдың қорлары шамамен 5,4 млрд. тоннаны

құрайды, оның ішінде: Атырау облысының үлесі – 76 %, Маңғыстау – 11,3 %, Ақтөбе – 6,1 %, Батыс Қазақстан - 4,2 %, Қызылорда – 1,6 %, Қарағанды – 0,8 %.

Газ. Бос газдың өндіріліп алынатын қорлары шамамен 3 трлн. текше м-ді құрайды. Негізгі қорлар Батыс Қазақстанда шоғырланған, оның ішінде Батыс Қазақстан – 54,9 %, Атырау – 17,7 %, Ақтөбе – 11,6 %, Маңғыстау – 11,6 %. Елдің оңтүстігінде бос газдың қорлары төмендегідей болды: Жамбыл облысы – 1,9 %, Қызылорда – 1,6 %, Оңтүстік Қазақстан – 0,5 %.

Табиғи жанар газ. Табиғи жанар газдың үлкен көлемі (60 %-дан астам) мұнайда ерітілген күйінде сақталған. Ерітілген газдың өндіріліп алынатын қорлары 156 кен орнында тіркелген – 2400 млрд. текше м. Өнеркәсіптік санаттардың негізгі қорлары – Теңіз – 26,5 %, Қашаған – 54,1 %, Қарашығанақ – 8,1 % сияқты аса ірі кен орындарында шоғырланған.

Газ конденсаты. Конденсаттың өндіріліп алынатын қорлары шамамен 316 млн. тоннаны құрайды. Негізгі қорлар елдің батысында шоғырланған, оның ішінде: Батыс Қазақстан облысында – 73,6%, Атырау облысында – 9,3%, Маңғыстау облысында – 2,7 %.

Кен орындардарын толық пайдалану дәрежесі. ҚР мемлекеттік теңгерімінде көмірсутектердің 249 кен орны ескерілген, оның ішінде: мұнайдың 216 кен орны, олардың 107 кен орны игерілуде, бос газдың 191 кен орны, олардың 87 кен орны игерілуде, конденсаттың 55 кен орны.

Қазіргі уақытта өндірілген мұнайдың жылдық көлемінің шамамен 80%-ы экспортқа жіберіледі, қалған көлем ішкі тұтынуға жұмсалады (мұнай өнімдерін өндіруге). Мұнайдың негізгі ішкі тұтынушыларына елдің мұнай өңдеу зауыттары мен мұнай химиясы өнеркәсібі жатады.

Өндірілетін газды тарату саласындағы жағдай мұнай тұтыну құрылымынан әлдеқайда ерекшеленеді – өндірілетін газдың 68%-ы елдің ішінде тұтынылады (ГТЭС, өнеркәсіп, КТҚ және халық).

Жақын болашақта газды өнімнің балама түрлеріне алмастыру проблемалық болып табылады: жалғыз перспективалы бағыт ретінде ГТЭС-та газ пайдалануды атом отынымен жұмыс істейтін қуат көздеріне алмастыруды атап өтуге болады. Қарастырылатын кезеңде ішкі тұтынудың елде өндірілетін газдың жалпы көлемінің 94%-на дейін өсу үрдісі байқалады.

Саланың өңірлік оқшаулануы. Аумақтық жағынан мұнай-газ саласының негізгі өндірістері былайша орналасқан:

мұнай өндіру: мұнай саласы өнеркәсіп өндірісінің көлемінен Атырау (41,2%), Маңғыстау (28,6%), Қызылорда (17,4%), Ақтөбе (12,1%), Батыс Қазақстан (0,53%) облыстарында;

газ өндіру: Батыс Қазақстан (43,6%), Атырау (33%), Ақтөбе (9,7%), Маңғыстау (8,5%), Қызылорда (4,1%) облыстарында.

Облыс өнеркәсібінің құрылымындағы мұнай-газ секторының ең жоғары үлес салмағы төмендегідей: Қызылорда (92,0%), Батыс Қазақстан (89,5%), Атырау (92,0%), Маңғыстау (92,1%), Ақтөбе (66,2%) облыстарында.

2000-2009 жылдар кезеңінде мұнай өндіру көлемі, газ конденсатын қоса алғанда 2,16 есе артты (35316,8-ден 76482,6 мың тоннаға дейін). Инвесторлардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың негізгі капиталына салынатын инвестициялары 2,2 есе артты (275387 млн. теңгеден 607995 млн.теңгеге дейін). Саланың пайдалылығының өсуі 1,35 есе артты (49,2%-дан 66,6%-ға дейін). Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістердің саны 1,45 есе артты (51 данадан 74 данаға дейін), жұмыс жасайтындардың саны 1,27 есе артты (32,5-тен 41,3 мың адамға дейін).

Негізгі капиталға жыл сайынғы инвестициялау есебінен қолданыстағы қуаттарға қосымша ретінде жаңа өндіруші өндірістік қуаттар қатарға енді, ол республика бойынша мұнайдың көлемін 2 есе арттыруға мүмкіндік берді.

Саладағы жұмыспен қамту серпіні. Соңғы 20 жылда салада жұмыс жасайтындардың саны күрт артты – 4 есе: 1990 жылғы 11,6 мың адамнан 2009 жылы 41,3 мың адамға дейін. Елдің мұнай-газ секторы қызметкерлерінің үлесі өнеркәсіпте жұмыс жасайтындардың жалпы санының 4,2%-ын құрады.

Жұмыспен қамтылғандар құрылымындағы сала қызметкерлерінің ең жоғары үлес салмағы Атырау – 13,9 мың адам, Маңғыстау – 11,9 мың адам, Ақтөбе - 8,5 мың адам, Қызылорда – 3,8 мың адам, Батыс Қазақстан – 2,8 мың адам облыстарында байқалады.

Саланың проблемалы мәселелері. Мұнай-газ саласында мынадай шешілмеген мәселелер бар:

1. Көбінесе «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ жер қойнауын пайдалану шарттары шеңберіндегі өндірудің соңғы кезеңіндегі кен орындарын пайдалануын жалғастырудың экономикалық тиімділігі (Ембі, Өзен).

2. Ресурстық базаның жаңа кен орындарымен толықтырылмауы.

3. Салада жоғары қосымша құны бар бәсекеге қабілетті экспорттық мұнай химия өнімін өндіру бойынша жоғары технологиялық процесстердің болмауы.

4. Сала өнімінің экспортын дамыту үшін мұнай-газ көліктік инфрақұрылымның жетіспеушілігі.

Сала дамуының экологиялық аспектілері. Сала мұнай мен газды өндіру процесінде факельдердегі ілеспе газды жағу, су астында қалған 200 ұңғыма мен мұнай кен орындарынан теңізге мұнайдың ағып кетуі, өндіру салдарынан күкірттің үлкен көлемінің пайда болуы сияқты маңызды экологиялық проблемалар тудырады.

Тұжырымдар мен қорытындылар. Әлемдік энергия тұтыну болжамы 2050 жылға қарай 35-40 млрд. шот (шартты отын тоннасы) пайдалануды ескеріп отыр. Бұл ретте мұнай мен газдың үлесі 2020 жылға қарай тиісінше 29% және 26%-ды, ал 2050 жылға қарай – 20% және 27%-ды құрайды. Әлемдік энергетикалық нарықтың болжамды конъюнктурасы мен көмірсутекті шикізатқа сақталатын сұранысты ескере отырып,

таяудағы 40 жылда мұнай-газ саласы елдің экономикасында бұрынғыдай басты болып қ а л а д ы .

Аумақтық қатынаста көмірсутекті шикізатты болашақта өндіру өңірлері болып елдің батыс облыстары қала береді, бұл ретте Каспий теңізінің акваториясында теңіз өндірудің рөлі артады (Болжамды схемаға 1–3-қосымшаларда көрсетілген).

Көмір өнеркәсібі. Қазақстан әлемдік нарықта ең ірі көмір өндірушілерінің ондығына кіреді, ал ТМД елдерінің арасында қорлар бойынша 3-орынға және адам басына қатысты көмір өндірісі бойынша 1-орынға ие.

Елдің ЖІӨ құрылымындағы көмір өнеркәсібінің үлесі шамамен 0,5%-ды құрайды.

Мемлекеттік теңгерімде 49 кен орны бойынша қорлар есепке алынды, олар 33,6 млрд. тоннаны құрайды, оның ішінде, тас көмір – 21,5 млрд. тонна, қоңыр көмір – 12,1 млрд. тонна .

Өнеркәсіп үшін ең бағалы энергетикалық және коксталатын көмірлер 16 кен орнында шоғырланған. Көмірдің ең ірі қорлары негізінен Орталық Қазақстанда – 65 % және Солтүстік Қазақстанда – 21% шоғырланған. Ескерілген қорлардың шамамен 15%-ы коксталатын көмірге, ал 85% энергетикалық көмірге тиесілі. Жалпы теңгерімде тас көмірдің қоры 64%-ды, қоңыр көмір 36%-ды құрайды. Көмірдің барлық теңгерімдік қорының шамамен 1/3 өнеркәсіптік игеруге енгізілген (Болжамды схемаға 4-қ о с ы м ш а д а кө р с е т і л г е н) .

Республиканың көмір саласы Қазақстанда электр энергиясының 78%-ның өндірілуін, кокс химиясы өндірісінің жүз пайыздық жүктемесін қамтамасыз етеді, коммуналдық-тұрмыстық сектордың және халықтың отын қажеттілігін толығымен қанағаттандырады, Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламасында ескерілген жобаларды көмір өнімімен қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие болып келеді.

Ішкі тұтынудан бөлек көмір экспортқа шығарылады, оның көлемі соңғы жылдары жылына 22-27 млн. тонна көлемінде тұрақталды.

Саланың өңірлік оқшаулануы. Елдің солтүстігі мен орталығында көмір кен орындарының болуы сала кәсіпорындарының Қарағанды, Павлодар және Қостанай облыстарында орналасуына әсер етті – мұнда негізгі көмір бассейндері орналасқан: Қарағанды, Майкөбе, Торғай және Екібастұз кен орындары. Қазақстанның негізгі көмір бассейндері көмірдің жоғары үлесінің болуымен, ал Қарағанды бассейні коксталатын көмірдің болуымен ерекшеленеді (Болжамды схемаға 5-қосымшада көрсетілген).

Республикада көмір өндірісі бойынша 33 көмір компаниясы жұмыс жасайды – елдегі жер қойнауын пайдаланушы ең ірі көмір өндірушілерге мыналар жатады:

Павлодар облысы: «Богатырь Аксес Көмір» ЖШС (жалпы республикалық өндірістің 36,6%-ы), «Восточный» қимасы «Еуразиялық энергетикалық корпорация» АҚ (19%), «Ангренсор» ЖШС (5,2%), «Майкөбе-Вест» АҚ (4,0%, оның ішінде лигниттің жалпы республикалық өндірісінің 78%-ы);

Қарағанды облысы: «Арселор Миттал Теміртау» АҚ КД (10,5%, соның ішінде коксталатын көмір көлемінің 100%), «Шұбаркөл көмір» АҚ (6,2%), Қазақмыс» корпорациясының «Борлы» КД (8,1%).

Шығыс Қазақстан облысы: «Қаражыра ЛТД» ЖШС (5,1%).

Оларға республикадағы көмір өндірісінің 96,0%-ы тиесілі.

Елдің басқа өңірлеріндегі көмір өнеркәсібі дамуының негізгі болашағы ең алдымен Қостанай облысындағы Торғай көмір бассейнінің қоңыр көмір кен орындарын игеру мүмкіндіктерімен байланысты, олардың жалпы қорлары шамамен 7 млрд. тоннаны құрайды.

Сала дамуының жалпы әлемдік трендтері. Көмір өнеркәсібі әлемнің көптеген елдері үшін шығынды және дотациялық сала болып табылады, оның тұрақты өмір сүруі үшін мемлекет тарапынан ақша қаражаты құйылып отыруы қажет. Әлемдік көмір бағасының төмендеуі көмір өндіру мен өндірілу пайдалылығын одан әрі төмендетіп жіберді. Сонымен қатар, көмір табиғи газ бен мұнайды пайдаланудан шығынды және экологиялық көрсеткіштері бойынша артта қалады. Бұл факт әсіресе экономикалық жағынан тұрақсыз елдерде орын алды: мысалы, Ресейде көмір қималарының шамамен 2/3-нің жұмысы тоқтатылды.

Саланың проблемалары. Қазақстанның көмір өнеркәсібінде мынадай проблемалар бар:

- өндірілетін көмірдің төмен отындық сипаттамасы;
- көмірді темір жол көлігімен тасымалдау тарифінің жоғарылығы;
- ішкі және сыртқы нарықтардағы көмір қорының молдығы (шекаралас елдер – Ресей мен Қытай әлемдік нарыққа ірі көмір жеткізушілері болып табылады).

Қалыптасқан экспорт нарығы Ресейдің көлік проблемаларын шешіп, Батыс Сібір және Урал ЖЭС Кузнецк және Канск-Ачинск көмір кен орындарына бағыттаған жағдайда тарылуы мүмкін. Қалыптасқан жағдайды жетекші көмір бассейні негізгі қорларының физикалық және кідірістік тозуы, көмірді өндіріп алудың ескірген технологиясы қиындатады.

Қазақстанның барлық дерлік кен орындарының көмірі байыту қиын болып келеді, көмірді дәстүрлі технологиялар бойынша байыту қомақты инвестицияларды талап етеді және көмір нарығының қалыптасқан жағдайында экономикалық жағынан пайдасыз болып келеді. Сонымен қатар, жыныстардың қыртыс аралық шөгінділерінде бағалы басқа құрамдауыштардың үлкен мөлшері бар: темір кремнийі, алюминий, гуматтар, сирек және жерде сирек кездесетін элементтер және тағы басқалар, арнайы өндірілетін кендердегі осы құрамдауыштардың құрамынан асатын қосылыстарда кездеседі.

Көмір өнеркәсібінің маңызды проблемасына оның төменгі экологиялылығы жатады.

Тұжырымдар мен қорытындылар. Сала елдің негізгі көмір өндіруші облыстарының

экономикасында маңызды рөлге ие болып келеді: Павлодар облысының ЖӨӨ көмір өнеркәсібінің үлесі 2,6%-ды, Қарағанды облысында 4,4%-ды құрады. Егер Қарағанды облысында соңғы 20 жылда жергілікті көмірге сұраныстың төмендеуі және оны өндіріп алу жағдайларының қиындауы салдарынан ЖӨӨ-де сала үлесінің төмендеуі байқалса (7,1%-дан 4,4%-ға), ал жұмысшылардың саны 70-тен 4,5 мың адамға немесе 15 есе азайды, Павлодар облысында өңірдің ЖӨӨ саланың 7,2%-дан 2,6%-ға төмендеуі байқалады, жұмысшылардың саны – 1990 жылғы 11,6-дан 2009 жылы 15,2 мың адамға ж е т т і .

Жұмыспен қамту құрылымында көмір өнеркәсібі Павлодар облысында маңызды рөлге ие – 15254 адам (өнеркәсіпте жұмыс жасайтындардың 39,5%-ы), Қарағанды облысындағы жұмысшылардың үлес салмағы (4513 адам) өнеркәсіпте жұмыс жасайтындардың 3,3%-ын құрайды.

Республиканың энергетикалық кешен құрылымының ерекшеліктерін және бірқатар шетелдік тұтынушылардың қазақстандық көмірді пайдалануға тарихи қалыптасқан бағытталуын ескеретін болсақ, Қазақстандағы осы саланың одан әрі даму әлеуеті бар. Ең алдымен, көмірге тұрақты сұраныс елдің ішінде сақталады, осыған байланысты оның ішкі тұтынушының 2020 жылға қарай 69,7-дан 118,3 млн. тоннаға дейін екі есе артуы болжанып отыр. Жақын арадағы перспективада көмір еліміз үшін электр энергетикасының дамуын қамтамасыз ететін отынның негізгі және сенімді стратегиялық түрі болып қала береді – көмірді тұтыну жылына 74,7 млн. тоннаға жетеді. Осындай өсу саланың Балқаш ЖЭС қуаттарын енгізу, Екібастұз – Ақсу энергия торабына кіретін электр станцияларының қалпына келтірілуі және жаңартылуы болашағымен байланысты даму жоспарымен негізделген.

Өнеркәсіпте және экономиканың басқа салаларында көмір тұтыну көлемі артады (25 млн.тоннаға дейін). Коммуналдық-тұрмыстық сектор мен халықтың тұтынушының артуы мардымсыз болады – 17 млн. тоннаға, бұл халықтың газ тұтынушының артуына байланысты болады.

Өңдеу өнеркәсібі. Өңдеуші сала 2009 жылдың нәтижелері бойынша елдің ЖІӨ құрылымында 10,9%-ға ие. Өңдеу өнеркәсібіне негізгі құралдардың 15,2%-ы тиесілі, бірақ онда негізгі құралдардың тозу дәрежесі кен өндіру өнеркәсібіне қарағанда жоғары болып келеді (47%). Салада жаңару коэффициенті төмен – 10,9% (кен өндіру саласында - 13%), ол кен өндіру өнеркәсібінің жоғары инвестициялық тартымдылығымен байланысты. Осылайша, өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар 2000 – 2009 жылдары экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша инвестициялардың жалпы көлемінің 9,7%-ын құрады, кен өндіру өнеркәсібінде – 32,3%.

Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібінің жұмыс орындарымен қамтамасыз етудегі рөлі неғұрлым маңызды: 2009 жылы онда 570,6 мың адам немесе республиканың өнеркәсіптік өндірістік персоналының жалпы санының 61%-ы жұмыспен қамтылған болатын (2000 жылы – 572,6 мың адам).

Республиканың өнеркәсіп өндірісінің құрылымындағы өңдеу өнеркәсібі үлесінің 2000 жылғы 50,6%-дан 2009 жылғы 35,6%-ға дейін төмендеуіне қарамастан, ондағы жағдай өсудің тұрақты қарқындарымен сипатталады. Өңдеу салаларындағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2000 жылғы 835,8 млн. теңгеден 2009 жылы 2946,0 млн. теңгеге немесе 3,5 есе артты.

Өңдеу секторына өнімдік әртараптандырылу, төменгі шоғырландырылу және кең ауқымды географиялық таралу тән.

Өңдеу секторының салалық аспектісінде металлургия мен металл өңдеудің (2009 жылдың нәтижелері бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі өндірістің жалпы көлемінің 36,6%) және тамақ өнеркәсібінің (27,9%) рөлі маңызды. Өңдеу өнеркәсібі өнімінің өндірісіндегі жетекші орындарға Қарағанды облысы (барлық республикалық көлемнің 21,9%-ы), Шығыс Қазақстан (11,9%), Павлодар облыстары (11,8%), Алматы қаласы (9,7%), Алматы облысы (8,5%) ие. Осы өңірлерде республиканың өңдеу өнеркәсібінің барлық өнімінің 63,8%-ы шығарылады.

Өңірлік бөліністе өңдеу өнеркәсібі барлық облыстарда орналасқан, бірақ елдің 11 өңірінде басымдыққа ие болып келеді. Бұл ретте Алматы, Қарағанды, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында өңірдің өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлеміндегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі төрттен үш бөлікті құрайды және одан да артық.

Тау кен-металлургия кешені (ТМК) Саланың орны мен рөлі. ТМК – экономиканың басқа салаларының дамуына және өндірілетін заттардың әр алуандығын кеңейтуге жағдай жасайтын ел экономикасының базалық саласы.

Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі ТМК үлесі 2000 жылмен салыстырғанда 23,4%-дан 2009 жылы 16,3%-ға азайды. Металлургия өнеркәсібінің үлесіне өңдеу өнеркәсібінің 36,6%-нан астамы тиесілі (Болжамды схемаға б-қосымшада көрсетілген).

Өңірлердің ЖӨӨ құрылымында сала Қарағанды – 15,7%, Павлодар – 12,8%, Шығыс Қазақстан – 11,8%, Қостанай 9,4%, Ақтөбе – 6,2% облыстарында басты орындарға ие.

ТМК шикізат базасы Темір кендері (темір, марганец, хром).

Темір, марганец және хром кендері салаларының барланған шикізат базасы қара металлургия кәсіпорындарының тиімді экспорттық қызметін және ағымдағы және болашақ қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыруға жеткілікті болып келеді. Салалардың өндіруші кешендердің жобалық қуаттарының белсенді барланған қорлармен шартты қамтамасыз етілуі мынадай болып келеді: темір кені саласы бойынша – 100 жылдан астам, марганец кені – шамамен 50 жыл, хром кені – 90 жылдан астам.

Темір. Мемлекеттік теңгерімде темірдің 56 кен орны ескерілген, олардың (15 кен орны пайдаланылып жатыр) теңгерімдік қорлары 18,6 млрд. тоннаны құрайды. Негізгі

қорлар Қостанай (85,6%) және Қарағанды (4,3%) облыстарында шоғырланған. Елдің басты шикізат базасына Қостанай облысының аумағында шоғырланған скарндық кен орындары жатады. Жер қойнауын пайдалануға темірдің теңгерімдік кендерінің 43,8%-ы тартылған.

Марганец. Пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік теңгерімінде марганецтің 33 кен орны ескерілген (олардың 9 пайдаланылуда), теңгерімдік қорлары 635,2 млн. тонна. Марганец кендерінің негізгі қорлары (97,8%) Қарағанды облысында (Батыс Қаражал және Үшқатын III) шоғырланған. Жер қойнауын пайдалануға марганец кендерінің 76,1% қоры тартылған. Кен орындардағы пайдалы қазбалардың үлесі орта есеппен 18,3% - ды құрайды.

Хромиттер. Барлық барланған кен орындары Ақтөбе облысының Кемпірсай тау-кен ауданында орналасқан. Қазіргі уақытта мемлекеттік теңгерімде 20 кен орнындағы хромит кендерінің қорлары ескерілген, оларда 382,7 млн. тонна кен сақталған.

Қара металлургия салаларының шикізатпен жоғары қамтылғанына қарамастан, бұрынғы қуаттарды жаңа өндірістік қуаттармен алмастыру және өндірудің жер асты әдісіне ауқымды ауысу сияқты күрделі мәселелер сақталуда.

Түсті металл кендері (мыс, қорғасын, мырыш, алюминий, никель, кобальт, титан, алтын, сирек кездесетін металлдар).

Мыс кені және қорғасын-мырыш кені өнеркәсібінің жағдайы күрделі болып отыр. Мыс саласының барланған қорлармен қамтамасыз етілуі орта есеппен 30 жылды құрайды, ал қорғасын-мырыш – 25 жыл. Алюминий өнеркәсібі үшін барланған қорлар 50 жылдың ішінде саланың тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

Мыс. Елдің аумағында сомалық қорлары 39,3 млн. тонна болатын мыстың 100 кен орны орналасқан, олардың 25-і өнеркәсіптік пайдаланымда (Болжамды схемаға 7-қосымшада көрсетілген). Жер қойнауын пайдалануға мыстың теңгерімдік қорларының 90,7%-ы тартылған. Ақтөбе облысында мыс-мырыш кен орындарын өндіру басталды.

Қорғасын, мырыш. Қорғасын қоры – 17155,4 мың тонна, мырыш қоры – 32861,2 млн. тонна 85 кен орын барланған, 16 кен орны өнеркәсіптік пайдаланымда.

Кен орындардың көбі мырыш, мыс, қорғасын және басқа да пайдалы бөлшектер арасалмағы әр түрлі кешенді болып келеді. Жер қойнауын пайдалануға мырыштың 76,1% және қорғасынның 61,7% теңгерімдік қорлары тартылған (Болжамды схемаға 8-қосымшада көрсетілген).

Алюминий. Бокситтердің барлық теңгерімдік қорлары – 355,4 млн. тонна Қостанай облысының 24 кен орнында шоғырланған. Алюминийдің шикізат базасын кеңейту бойынша әлеуетті мүмкіндіктер бар, бірақ «Амангелді» сияқты сапасы жоғары бокситтердің жаңа қорларын анықтау мүмкіндігі өте төмен болып келеді. Қазіргі уақытта боксит типтес жыныстардың 250 көрінісі анықталған, олар сегіз бокситті ауданда шоғырланған – Батыс Торғай, Орталық Торғай, Шығыс Торғай, Ақмола. Екібастұз-Павлодар, Солтүстік-Көкшетау, Мұғалжар және Оңтүстік Қазақстан (

Никель, кобальт. Теңгерімдік қорлар Ақтөбе (Кемпірсай тобы - 37 кен орындары), Қостанай (Шевченко кен орны) және Шығыс Қазақстан облысында (Горностай кен орны) шоғырланған. Қорлары 2027,6 мың тоннаны құрайтын барлығы 41 кен орны барланған. Жер қойнауын пайдалануға никель кендері қорының 95,2%-ы тартылған. Теңгерімдік қоры 384,2 мың тоннаны құрайтын кобальттың 56 кен орны.

Жер қойнауын пайдалануға кобальттың теңгерімдік қорының 75,1%-ы тартылған.

Титан. Титан өнеркәсібінің шикізат базасы қалыптасу кезеңінде тұр. Барланған және бағаланған өнеркәсіптік топырақ қорлары (Обуховское, Шоқаш және Сәтпаев кен орындары) ӨТМК 30 жылдық әрекетін қамтамасыз ете алады. Барлығы 15 кен орны барланған, жалпы қорлары 24083,2 мың тонна, 1 кен орны өнеркәсіптік пайдаланымда. Титан өнеркәсібінің шикізат базасын дамыту әлеуеті жоғары болып келеді және перспективалы объектілердің болуымен ерекшеленеді (Заячье, Тобыл кен орындары). Кен орындардағы пайдалы қазбалардың құрамы орташа есеппен 27,38%-ды құрайды.

Алтын. Республикада 293 алтын кенді және кешенді кен орындары барланған, олардың 53-і өнеркәсіптік пайдаланымда. Жалпы қорлар 2232,6 тоннаны құрайды. Жер қойнауын пайдалануға алтынның теңгерімдік қорларының 89,6%-ы тартылған (Болжамды схемаға 9-қосымшада көрсетілген).

Саланың шикізат базасының негізін кешенді және алтын кен орындары құрайды. Кен қорларының басым бөлігі қиын өндірілетін болып келеді және кеннен алтынды алу тиімді және экологиялық жағынан қауіпсіз технологияларды талап етеді, ол республикадағы ірі алтын қорларының – Васильковское мен Бақыршық – ауқымды игерілуін тежейді. Саланың өндірілген қорлармен қамтамасыз етілуі шамамен 50 ж ы л д ы құ р а й д ы .

Сирек металдар. Еліміздің жер қойнауында вольфрам мен молибденнің қомақты қорлары шоғырланған. Тантал, ниобий сияқты сирек кездесетін металдардың өзіндік минералдық шикізат базасын құрудың болашағы сақталған. Минералдық шикізаттың әр түрлі кен орындарының құндылығын басты құрамдауыштар ғана емес, сирек кездесетін және сиректелген элементтер қамтамасыз етеді, олардың шығарылуы кендерді кешенді өндірген кезде мүмкін болады.

ТМК дамытудың жалпы әлемдік үрдістері. Болат пен темір кенінің әлемдік нарығын дамытудың болжамдарына сүйене отырып, болатқа сұраныстың ТМД ішкі нарықтарында 7%-9% және басты экспорттық нарықтарда 10%-12% артуына байланысты (сауда қорларына түзетілген) 2010 жылы сала өсуінің баяу қалпына келуін к ү т у г е б о л а д ы .

Өндіріс көлемінің басты арту себебіне болаттың әлемдік тұтынылуы, сондай-ақ қоймалық қорларды толтыру жатады, олар 2008 жылдың соңына таман 200 млн. т о н н а ғ а а з а й д ы .

Түсті металлургия дамуының әлемдік үрдістері де қалыпты болып келеді – түсті

металлдардың өндірісі 2008 – 2009 жылдардағы төмендеуден кейін жоғалтқан деңгейлеріне қайтып оралды. Түсті металлдарға әлемдік бағалар да өсу үрдісін б а й қ а т т ы .

Қазіргі уақытта басқа түсті металлдардың аясында мыс басымдыққа ие болып келеді. Жалпы әлемде түсті металлдар өндірісінің басым бөлігі дағдарысқа дейінгі деңгейге жетті, Азия елдерінде бұл өндіріс одан әрі артады.

Сонымен қатар алюминий саласы керісінше құлдырау үстінде тұр. Бұл әлемдік машина жасау мен авиациялық-ғарыш салаларының – алюминийдің дәстүрлі тұтынушылары – дағдарыстан қатты зардап шегуіне байланысты болып келеді.

Саланың қазіргі жағдайы. Ел ЖІӨ-сіндегі металлургия үлесі 2009 жылдың қорытындылары бойынша 4,4%-ды құрайды. Саланың құрамына ірі компаниялар мен кәсіпорындар кіреді: ENRC, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС, «Қазмырыш» АҚ, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ. Олардың барлығы кенді өндіруден дайын өнімді шығаруға дейінгі циклге ие тік және көлденең бағытта біріктірілген кешендер болып келеді, жеке шикізат қорына ие болады .

Сала өнімін пайдалану бағыттары. Ішкі нарықта металдарды одан әрі өндіру үшін негізінен түсті және қара металдардың кеніштері мен концентраттары пайдаланылады. ТМК өнімінің ішкі тұтынылуы 2009 жылы номиналды мәнде 51,6 млн. тонна металл мен кенді құрады және саланың өндірілген өнімінің 18%-ын құрады.

ТМК ел экономикасының анық көріністегі экспортқа бағытталған сегменті болып келеді – өнімнің 82%-ы экспортқа шығарылады, осымен байланысты сала металдың әлемдік бағасының толқуына байланысты болады. Саланың экспорттың жалпы көлеміндегі үлесі 19,6%-ды құрайды.

Сала экспортының негізгі позицияларына мыналар жатады:

тазартылмаған мыс	– Ресей;
тазартылған мыс	– Ұлыбритания, Қытай, Түркия, Германия;
алюминий	– Ресей, Қытай, Швейцария;
болат	– Қытай, Иран, Түркия, Ресей;
ферроқоспалар	– Ресей, Украина, Германия, Қытай, Корея;
титан	– АҚШ, Нидерланды, Ұлыбритания, Жапония;
хром	– Ресей, Ұлыбритания, Германия, Қытай, АҚШ;
қорғасын	– Украина, Ресей, Испания, Қытай, Германия.

Сала дамуының өңірлік аспектілері. Саланың ерекшелігіне толық металлургия циклы бар кәсіпорындардың шикізат ресурстарының көздеріне байланыстылығы жатады. Сала кәсіпорындары еліміздің солтүстік-батыс, орталық және солтүстік-шығыс бөліктерінде орналасқан, олардың жетекшілеріне Қарағанды, Ақтөбе, Павлодар және Қ о с т а н а й о б л ы с т а р ы ж а т а д ы .

Өнеркәсіп өндірісінің құрылымында сала мынадай облыстарда басты орындарға ие

болып келеді: Қарағанды – 68,0%, Қостанай – 51,1%, Шығыс Қазақстан – 47,6%, Павлодар – 46,4%, Ақтөбе – 17,7% облыстары.

Қ а р а м е т а л л у р г и я .

2009 жылы Қазақстанның кара металлургия кәсіпорындары 474,7 млрд. теңгеге өнім шығарды, өндірістің көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 1,6%-ға төмендеді. Өткен жылдары жоғары өсу байқалған болатын: 1999 жылы –34,9%-ға өсу, 2000 жылы – 18,9%-ға өсу, 2007 жылы – 11,5%-ға өсу.

Қазақстанда ТМК ірі кәсіпорындарына мыналар жатады: темір рудасы шикізат нарығында – ENRC құрамына кіретін ССКӨБ; республикадағы жалғыз толық металлургия циклы бар болат балқыту кәсіпорыны «Арселор Миттал Теміртау» АҚ; сорғыш-компрессорлық, сондай-ақ толығымен қапталған, жіксіз отырғызу және мұнай құбырларын шығаратын «KSP Steel» ЖШС (Павлодар қ.); Ақтау болат спираль тәрізді жіксіз құбырларды шығаратын зауыт.

Қара металдар экспорттың жалпы көлемінде 12,4%-ға ие бола отырып, отын-энергетикалық тауарлар экспортынан кейін екінші орында (77,8%). Түсті металдарға қарағанда кара металдар экспортының артуы сандық көлемнің және шарттық бағалардың артуымен ерекшеленеді.

Ферробалқыту саласы «Қазхром» ТҰК» АҚ, «ENRC Management KZ» АҚ филиалдары болып табылатын үш ірі кәсіпорынмен ұсынылған: «Дон КБК» АҚ, «Ақтөбе ферробалқыту зауыты» АҚ, «Ақсу ферробалқыту зауыты» АҚ. Сонымен қатар, салада «Теміртау электр-металлургия комбинаты» АҚ және ферросиликомарганец шығаратын «А және К» ЖШС зауыты жұмыс істейді.

Өндірілетін 1 530,1 мың тонна ферроқоспалардың 76,5%-ы экспортқа шығарылады, ішкі нарықта 358,9 мың тонна ферроқоспалар тұтынылады (23,5%), оның ішінде 36,4 мың тонна импорт болып табылады.

Т ү с т і м е т а л л у р г и я .

Мыс өнеркәсібі. Саланың республиканың өнеркәсіп өндірісіндегі үлесі 8%-ды құрайды. Өнімнің негізгі түрлеріне мыналар жатады: катодты мыс («Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС), кара және цементтелген мыс («Қазмырыш» АҚ), мыс негізінде мыс пен қоспаларды прокаттау («Балқаш түсті металдарды өңдеу зауыты» АҚ), мыс сымы («Кастинг» ЖШС), мыс концентраты («Ақтөбе мыс компаниясы» ЖШС), мыс кәбілдері, сымдар («Қазэнергокабель» АҚ, «Интелкабель» ЖШС).

Саладағы технологиялық артта қалушылықтың болмауына қарамастан, отандық кәсіпорындардың мыс өндірудегі энергия шығындары бойынша техникалық-экономикалық көрсеткіштері шетелдік аналогтардан артта қалуда.

Қорғасын-мырыш саласы. Негізгі өндірістік қуаттар Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарында шоғырланған. Металл мырышы «Қазмырыш» АҚ Өскемен және Риддер мырыш зауыттарында және жаңа «Қазақмыс» АҚ Балқаш мырыш зауытында шығарылады.

Қазақстанда өндірілген металл мырышының 82,4%-ы экспортқа шығарылады. Мырыш өнімінің жоғары бөліністегі өндірісі жоғары емес.

Қорғасын «Қазмырыш» АҚ және «Южполиметалл» ӨК» АҚ Өскемен зауытында шығарылады. Тазартылған қорғасын ішкі нарықтың ТМК түпкі өнімінде ең жоғары үлеске ие, ол 23%-ды құрайды.

Алюминий шағын саласы. Шағын саланың оқшаулану жері – Павлодар облысы. Сала «Қазақстандық электролиз зауыты» АҚ кәсіпорынымен ұсынылған. Зауытта жоғары сапалы саз балшық мен сапасы төмен шикізаттан алынатын галлийді алудың әлемдік тәжірибеде аналогы жоқ жаңа технология енгізілген.

Титан-магний шағын саласы (Шығыс Қазақстан облысы) «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ ұсынылған. Негізгі өнімі – әр түрлі бағытта пайдаланылатын кеуекті титанның 15 сұрыбы, болатты қосындылауға арналған маркалардан аэроғарыштық мақсатта пайдаланатын маркаларға дейін, құймалардағы металл магний; магний ұнтақтары; ванадийдің бес тотығы.

Әлемдік деңгейге сай келетін технологиялар «ӨТМК» АҚ кәсіпорынында енгізілген, ол – әлемнің дамыған елдерінің аэроғарыштық өнеркәсібінде үлкен сұранысқа ие жоғары сапалы титан кеуегін алуға арналған технология мен жабдықтар. Кәсіпорынның барлық өнімі экспортқа шығарылады.

Алтын өндіру шағын саласы (Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстары).

Соңғы онжылдықта өңделмеген алтынның өндірісі 18-20 тонна, аффинажды алтын – 9-16 тонна мөлшерінде болған. Алтынның экспорты жылына 20 тоннаны құрайды.

Аффинажды алтын мен күміс «Қазмырыш» АҚ аффинажды қуаттарында (жобалық өнімділік жылына 50 тонна алтын мен 1 мың тонна күміс) және «Қазақмыс корпорациясы» АҚ-да шығарылады (жобалық өнімділік жылына 10 тонна алтын және 1 мың тонна күміс).

ТМК-де жұмыспен қамту мәселелері. 2003 – 2008 жылдар кезеңінде барлық металлургия саласының үлесіне 155-165 мың адам келді немесе өнеркәсіптегі негізгі жұмыс істейтін персоналдың жалпы санының 26-27%-ын құрады. Оның ішінде, қара металлургия үлесіне өнеркәсіптегі жалпы санның 8-9% (49-56 мың адам), ал түсті металлургияға 17-18% (105-110 мың адам) тиесілі. Жалпы, сала бойынша негізгі өндірісте жұмыс жасайтындардың 2003 жылғы 162,3 мың адамнан 2008 жылы 164,5 мың адамға өсуі байқалады (өсім 1,4%).

Қара металлургияда жұмыс жасайтындардың негізгі үлесі өңдеу өнеркәсібіне тиесілі, өнеркәсіптегі жалпы санның 5%-ы, түсті металлургияда жұмыс жасайтындардың көп бөлігі түсті металдарды қайта өңдеу мен өндіруде шоғырланған, тиісінше 10%-ды құрайды.

Талданып отырған кезеңде жұмыспен қамтылғандар санының қара металлургияда 2003 жылғы 51,9 мың адамнан 2008 жылы 55,6 мың адамға (өсім 7,1%), дайын металл бұйымдарын өндіруде тиісінше 10,8 мыңнан 16,3 мың адамға (өсім 50,9%) өсуі

б а й қ а л д ы .

Түсті металлургияда қаралып отырған кезеңде жұмыспен қамтылғандар саны 110,4 мыңнан 108,9 мың адамға азайды (1,4% азаю).

Сала дамуының проблемалық мәселелері. Сала дамуында мынадай проблемалар бар :

салалардың технологиялық артта қалуына әкеліп соғатын тиімді инновациялық технологияларды енгізудің төмен деңгейі;

негізгі қорлардың, құрылыс құрылымының, өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың тозу деңгейінің жоғарылығы (40-60%);

өндірістің отандық ғылыммен әлсіз байланысы және ҒЗТКЖ жеткіліксіз қ а р а ж а т т а н д ы р у ;

ТМК өнімінің шетелдік ұқсас кәсіпорындарымен салыстырғанда энергия мен қорды ж о ғ а р ы қ а ж е т с і н у і ;

шикізатты өңдеу кешенділігінің жеткіліксіздігі, минералды шикізатты өңдеудің экологиялық таза технологияларын енгізу мен пайдаланудың, өндірісті механикаландыру мен автоматтандырудың төмен деңгейі; жоғары деңгейде өңделген өнімдердің төмен үлесі.

Тұжырымдар мен қорытындылар. ТМК шикізат базасында кендердің қомақты қорына қарамастан барлық кен түрлері бойынша тауарлық кенде негізгі металдар үлесінің төмендеуі жалғасуда.

Сала кәсіпорындарын қамтамасыз ету үшін білікті мамандар жетіспеушілігі және республика оқу орындарының инженерлік-техникалық персоналды дайындаудағы әлсіздігі орын алып отыр.

ТМК үшін өндірілетін өнімнің әралуандығын кеңейтудің негізгі бағыттары түрлі пайдалануға бағытталған болат құбырларын, титан қоспаларын және илемделген титан, алюминий металынан, никель металынан, кобальт металынан және оның қосындыларынан бұйымдар шығару болып табылады. А з ы қ - т ү л і к ө н е р к ә с і б і

Саланың рөлі және орны. Азық-түлік нарығында жалпы әлемдік бетбұрыстар азық-түліктің тапшылығы мен азық-түлік өнімдеріне бағалардың бір уақытта өсімі туралы куәландырады. Соңғы 10 жылда азық-түліктің әлемдік бағалары 75%-ға өсті. Сонымен бірге барлық әлем бойынша «әлеуметтік маңызды» деп аталатын азық-түліктік өнімдерге бағалар күрт жоғарылап жатыр. 2030 жылға дейін азық-түлік өнімдеріне әлемдік сұраныстың 50% өсуі күтілуде.

Саланың қазіргі жағдайы. Азық-түлік өнеркәсібі 2,2 мың кәсіпорынмен ұсынылған (2009 жыл: тіркелгендер – 4489, жұмыс істеп тұрғандар - 2182), онда 64,5 мың адам немесе өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың 10% жұмыс істейді.

2009 жылы азық-түлік өнеркәсібінің өндіріс көлемі 750,4 млрд. теңгеге жетті (өнеркәсіптік өндірістің республикалық көлемінің 8,2%).

Қазақстанда азық-түлік өнеркәсібінде ескірген технология мен құрал-жабдықтары бар өндірістер, өндірушілерде айналымдық қаражат тапшылығы, жеке азық өнімдері бойынша бағалық бәсекелік артықшылықтарды жоғалту және басқалары республиканың өнеркәсіптік өндірісінің жалпы көлемінде де (1990 жылғы 22,3% -дан 2009 жылы 8,2% дейін), елдің ЖІӨ-сінде де (1990 жылғы 16,2% -дан 2009 жылы 2,1% дейін) сала үлесін қысқартуға алып келді.

Саланың шикізат базасы проблемалары. Кейбір азық-түлік өнеркәсібі салалары, әсіресе май саласы шикізат жетіспеушілігі проблемасын жиі сезінеді. 2009 жылы сүт және қант өнеркәсібінде шикізаттың қымбаттау проблемасы байқалды. Егінге қолданылатын алқаптар аудандарының қысқаруы, мал басының қысқаруы – мұның барлығы азық-түлік өнеркәсібі өндірісіне әсер етеді.

Сала өнімдерін пайдалану бағыттары. Бірнеше түрлерді есепке алмағанда, азық-түлік өнеркәсібі өнімдері ішкі нарықта қолданылады. Ішкі өндіріс болғанына қарамастан, оның көлемдері республика қажеттіліктерін қанағаттандырмайды, өнімдік түрлер қатары бойынша импортқа жоғары тәуелділік орын алып отыр. Бұл, ең алдымен, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу өндірісінің жеткіліксіз даму деңгейімен және олардың біртіндеп қысқаруымен байланысты.

Айталық, 2009 жылы импорт үлесі (өнімнің белгілі түрі бойынша ресурстардың жалпы көлемінде), мысалы, сүзбе және ірімшік 67,5%, шұжық – 39,4% құрады. Мұның барлығы мал шаруашылығының өңделген өнім түрлері, Қазақстан олар бойынша салыстырмалы артықшылықтарға ие (бұл табиғи азықтық алаптар аудандары – республика аумағының 67%). Сонымен бірге, әлемдік тәжірибе азық-түлік нарығында импорттың 30% бастапқы мәннен жоғарылауы мемлекеттік экономикалық қауіпсіздікке қауіп төндіретінін айғақтайды.

Азық-түлік өнеркәсібі өнімінің экспортында ең үлкен үлес ұнға тиесілі (2009 жыл қорытындылары бойынша 37,2%). Бұл тауар Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан, сонымен қатар Ауғанстан, Моңғолия және басқаларға экспортталады.

Сала құрылымы. Азық-түлік саласы өндірісінің негізгі бөлігі азық-түлік өнімдері өндірісіне 76,7% (2009 жыл), сусындарға - 14,8% келеді.

Азық-түлік өнеркәсібі мынадай ішкі салалармен ұсынылған: ет (азық-түлік өндірісінің жалпы көлемінен 11%), сүт (16,4%), көкөністер (11%), ұн (20,3%), май (6,8%) .

Сала дамуының өңірлік аспектілері. 2009 жылы сусындарды қосқанда, жалпы республикалық азық-түлік өнімдері көлемінде өңірлер арасында басым орындарды Алматы қаласы, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстары алды.

Ет өнеркәсібі. 2009 жылы сойылған ет салмағында 896,3 мың тонна ет өндірілді. Қазіргі уақытта ет өңдеуші кәсіпорындар қуаттылығы жылына 342,3 мың тоннаны құрайды (етпен есептегенде). Көбінің техникалық жай-күйі түпкілікті жаңарту мен қайта құруды талап етеді. Ет өңдеуші кәсіпорындардың орташа жылдық қуаттылығын

і с т е м е й д і .

Қант зауыттарының жүктемелілігі 2009 жылы - 46%. 2009 жылы отандық шикізаттан тек 21,7 мың тонна қызылша қанты немесе оның жалпы өндірісінің 5,6% өндірілді, негізгі бөлігі (94,4%) басқа елдерден импортталатын қант шикізатынан шығарылған.

2009 жылы ақ қант экспорты 1 257,4 мың АҚШ долл. сомасына 2,3 мың тонна, ал 2005 жылы – 56,5 млн. АҚШ долл. сомасына 142,6 мың тоннаны құрады.

Соңғы 5 жылда импорттың айтарлықтай ұлғаюуы байқалады.

2009 жылы ақ қант 32,4 млн. АҚШ долл. сомасына 57,8 мың тонна көлемінде импортталды. Ақ қанттан бөлек қант шикізаты импортталады (2009 жылы импорт көлемі 176,2 млн. АҚШ долл. сомасына 303,8 мың тонна құрады).

Республикада қант өнеркәсібін дамытушылар Алматы және Жамбыл облысы болып табылады.

Ұн тарту өнеркәсібі. Қазіргі уақытта республикада жылына 7 328 339 тонна ұн өндірісі бойынша шамамен 428 ұн тартушы кәсіпорындар бар. Негізгі ұн шығару бойынша қуаттар Қостанай (22%), Қарағанды (16,3%), Ақмола (12,6%) және Оңтүстік Қазақстан (9,9%) облыстарында шоғырланған. Қолданыстағы қуаттар жылына шамамен 7,0 млн. тонна ұн өндіруге мүмкіндік береді, ал таяу болашақта оның экспортының жылдық көлемдерін 2,5 млн. тоннаға дейін жеткізуге болады.

Ішкі тұтытудағы ұн импортының үлесі елеусіз, шамамен 0,5%-ды құрайды. Өндірістен ұн экспортының үлесі жыл сайын ұлғаюуда және 2009 жылы 64%-ды құрады. Қазақстандық ұнның негізгі импорттаушылары Орта Азия өңірінің елдері және Ауғанстан болып табылады, 2009 жылы ұн экспортының жалпы көлемінен – 99%-ды құрайды.

2009 жылы елде 127,2 мың тонна макарон бұйымдары өндірілді, бұл 2005 жылғы деңгейден 49,5%-ға артық (85,1 мың тонна). Тез қарқынмен макаронның ішкі тұтынуы да өсіп жатыр. Сонымен бірге макаронның ішкі тұтынуының өсімі соңғы жылдары өндіріс көлемдерінен жоғары. Осыған байланысты, соңғы жылдары өндірістегі экспорт үлесі төмендеп жатыр, ол 2009 жылы 7%-ды құрады. Осы кезеңде макарон бұйымдарының импорты 2 еседен астамға өсті (21,9 мың тонна).

Май өнеркәсібі. Республикадағы май өнеркәсібі қуаттылығы жылына шамамен 2,0 млн. тонна май дақылдарының тұқымдарын өңдеуге мүмкіндік береді. 2009 жылы май дақылдарының жалпы жиыны 703 610 тоннаны құрады, бұл 2005 жылмен салыстырғанда 60% көбірек (439 770,0 тонна). Май дақылдарының құрылымында күнбағыс 52%, рапс – 15%, соя – 13,4 %, сафлор – 12% алып отыр.

2005 жылмен салыстырғанда 2009 жылы өсімдік майы 32,8% (155 994,0 - ден 206 720,0 тоннаға дейін), маргарин 68,6% (26 893,0 тоннадан 45 342,0 тоннаға дейін) және майонез өндірісінің 27% (21 937,0 тоннадан 27 872,0 тоннаға дейін) өсімі байқалады. Жалпы өндірілген май көлемінде басым үлесті – 63% күнбағыс майы құрайды.

Ең ірі компаниялар – «Май» АҚ, «Savola Foods CIS» ЖШС, «Шымкент-Май» АҚ, «Масло-Дел» ЖШС, «Вита» ЖШС. Барлық компаниялар ірі қазақстандық зауыттар базасында жұмыс істейді. Шағын өндірушілер күнбағыс майының жалпы көлемінен 30% өндіреді.

2009 ж. өсімдік майы бойынша тауар айналымы 123,0 млн. АҚШ долл. құрады. Аталмыш кезеңде өсімдік майы бойынша импорт 106 362,0 тоннаны құрады, бұл 2005 жылғы деңгейден 38% (77 301,5 тонн) көбірек. Күнбағыс майының импорты 89% өсті. Пальма майын (56,5%), кокос майын (40%) шығару кеміді. Жалпы ішкі тұтынуда өсімдік майының импорт үлесі 35%-дан бастап 37%-ға дейін ұлғайды. Өндірістен экспорт үлесі 12%-ды құрады.

Елдегі негізгі май өндірушілеріне Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласының кәсіпорындары жатады.

Саладағы жұмыспен қамту мәселелері. 2000 – 2009 жылдары азықтық өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар санының қарқыны 2000 жылғы 76,1 мың адамнан 2009 жылы 64,5 мың адамға дейін (15,2%-ға) төмендеумен, сәйкесінше саладағы жұмыстылар үлесі 2000 жылғы 10,7%-дан 2009 жылы 10,0%-ға дейін қысқаруымен сипатталады.

Тұжырымдар мен қорытындылар. Жалпы өңдеу секторының дамуын тежейтін мынадай факторлар бар:

тұрақты өткізу нарықтарының болмауы;
өнеркәсіптік өңдеуге жарамды шикізат жеткіліксіздігі;
моралдық және физикалық ескірген құрал-жабдықтар және технологиялардың жоғары үлесі;
дайындау, тасымалдау және шикізатты сақтау жүйесінің дамымауы.

Сала дамуының пәрменді тетіктеріне келесілер жатады:
өнімді өткізу нарығын реттеу;

отандық ауыл шаруашылығы өндірушілері мен өңдеушілердің ағымдық іс-әрекетін қолдауға мүмкіндік беретін бюджеттік бағдарламаларды іске асыру;

техникалық регламенттерді, халықаралық стандарттармен үйлестірілген АӨК дайын өніміне және шикізатқа стандарттарды әзірлеу;

азық-түлік өнімінің қауіпсіздігі және техникалық реттеу саласында нормативтік-құқықтық актілерді пайдалану;

азықтық кластерді бірыңғай нарықтық маркетингтік және ақпараттық тораппен одан әрі дамыту;

ауыл шаруашылығы өндірушілерді ауыл шаруашылығы өнімін дайындау, сақтау, қайта өңдеу, өткізу, сонымен қатар қызмет көрсету бойынша бірігуін ынталандыру;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін екінші деңгейдегі банктер, «ҚазАгро» ұлттық холдингі, қаржы институттары, «Самұрық - Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры арқылы несиелендіру.

М а ш и н а ж а с а у

Әлемдік экономикада машина жасаудың жетекші рөлі, қағидатты жаңа машиналар, материалдар, энергия көздері, технологиялық үрдістерді, сонымен қатар олармен байланысты өндіріс ұйымдарының үдерісті нысандарын құрумен, еңбек заттары және құралдарын, үздіксіз дамыту және жетілдірумен байланысты, өндірістің барлық салаларында ғылыми-техникалық үрдісті анықтауымен негізделген.

Саланың қазіргі жағдайы. Қазақстанда машина жасауды дамыту бетбұрыстары жалпы әлемдік көріністен ерекше болып келеді: соңғы 20 жылда сала өз әлеуетін жоғалтты және өндіріс көлемдерін төмендетті – елдің ЖІӨ машина жасау үлесі 1990 жылғы 15,9%-дан 2009 жылы 0,9% төмендеді, (Болжамды схемаға 10-қосымшада көрсетілген), сонымен бір уақытта Ресейдегі ұқсас көрсеткіш 30%, Қытай – 25% құрайды. Елдің машина жасау өнімінің ішкі нарығында сала өндіретін өнім үлесінің барлығы 13,8% құрайды, сәйкесінше импорт 80% артық. Әлемдік тәжірибе көрсетеді: машина жасау саласының өнімі шамамен ішкі сұраныстың 70%-ын қанағаттандыратын экономика тұрақты бола алады.

Қазіргі уақытта машина жасау кешенінің үлесіне өнеркәсіптік-өндірістік негізгі қорлардың 0,6% келеді, өндірістік мақсаттағы негізгі капиталға инвестициялар көлемінен небәрі 1,0% және жыл сайын енгізілетін өнеркәсіптік-өндірістік қорлар құнынан 0,4%, өнеркәсіптік-өндірістік персоналдың жалпы санынан 12,9% келеді.

Сала құрылымы. Машина жасау кешені 14 ішкі саланы қамтиды, сонымен бірге импорттық түйіндерді, агрегаттар мен жинақтаушыларды жинап өндіру көбірек дамыған, ғылымды көп қажет ететін өнім өндірісі аса төмен.

Сала дамуының өңірлік аспектілері. Өңірлердің ЖӨӨ құрылымында сала Ақмола – 2,7%, Шығыс Қазақстан – 2,3%, Солтүстік Қазақстан – 2,2%, Павлодар – 1,9%, Қарағанды облыстарында – 1,1% басым дамыған.

Өңірлік бөліністе сала құрылымында ең үлкен меншікті үлесті Шығыс Қазақстан – 19,0%, Павлодар – 10,5%, Ақмола – 9,7%, Қарағанды – 7,5%, Солтүстік Қазақстан – 5,7% облыстары алып отыр.

Өнеркәсіп құрылымында ең үлкен үлес Солтүстік Қазақстан – 21,3%, Ақмола – 20,5%, Шығыс Қазақстан – 7,9%, Павлодар – 4,8% облыстарында байқалады.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың дәстүрлі орталығы елдің солтүстік өңірлері болып табылады - Қостанай, Павлодар облыстары, сонымен қатар Астана қаласы. Мұнай-газ құрал-жабдығы Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарында, сонымен қатар Алматы қаласында шығарылады. Көліктік машина жасау Шығыс Қазақстан, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Қостанай және Астана қалаларында дамыған. Тау-кен өндіру машиналарын жасау Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарында, электротехникалық машина жасау Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарында дамыған. Қорғаныс машиналарын жасау мемлекеттік тапсырыс тетігі арқылы машина жасау кәсіпорындарының қолданыстағы қуаттарына негізделетін болады. Салалық мамандандырылу орталықтарына Астана,

Алматы, Қостанай, Семей, Орал, Өскемен, Петропавл қалалары жатады.

Машина жасау өндірісінің барлық түрлері бойынша негізгі қорлар тозуының (шамамен 32%), соның ішінде олардың белсенді бөлігі 40% дейін жоғары дәрежесі байқалады. Саланың қызметтегі кәсіпорындар қатарында құрал-жабдықтардың тозу дәрежесі 70% жетеді.

Жалпы сала кәсіпорындары санында машина жасау өнімнің соңғы түрлерін өндіруші-зауыттар 6%-ды ғана құрайды.

Республикадағы машина жасау өнімі үлесіне экспорттың жалпы көлемінде 1% және импорттың – 26% келеді, бұл осы саладағы бәсекеге қабілеттілік пен экспортқа бағдарланушылықтың әлсіздігі туралы және Қазақстанның импорттан тәуелді болып қалуын көрсетеді.

Отандық машина жасау өнімдерінің негізгі тұтынушылары тау-кен өндіруші компаниялары (тау шахталық және мұнай-газ құрал-жабдығы), ауыл шаруашылығы, темір жол, автомобиль жолаушылар және жүк тасымалдау компаниялары болып табылады.

Машина жасау және машина жасау кәсіпорындарды материалдық ресурстармен қамтамасыз ететін, конструкторлық материалдар салаларының арасындағы өзара байланыс жоқ. Сонымен қатар әлемдік нарықтардағы бетбұрыстарға байланысты, сенімді отандық негізгі және қосалқы материалдар базасынсыз машина жасау кешенінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге болмайды.

Саладағы жұмыспен қамтылу мәселелері. Салада соңғы 20 жылда персоналдың саны – 1990 жылғы 350 мың адамнан 2009 жылы 78 мың адамға дейін 4,5 есеге қысқарды. Машина жасау саласында бар еңбек ресурстары басым түрде Шығыс Қазақстан – 8,5%, Ақмола – 7,2%, Қарағанды – 4,9%, Солтүстік Қазақстан – 3,8% облыстарында шоғырланған.

Осылайша, Қазақстанның машина жасау кешенінде мынадай негізгі проблемалар бар:

жетекші әлемдік өндірушілермен байланыстың, технологиялық болжау тетіктерінің және ақпаратқа жетімділіктің болмауы;

техникалық қайта қарулану, машина жасау өніміне мұнай және басқа компаниялар мен ұйымдардың қажеттіліктері, жоспарлары туралы ақпарат болмауы;

инфрақұрылымның маңызды бөлігін жоғалту (ҒЗИ, КБ, тәжірибелік база, сынақ және техникалық бақылау орталықтары, стандарттау, сертификаттау, ақпараттандыру және тағы басқа ұйымдары);

тиімділікті жоғарылатуға кедергі болатын, машина жасау өндірістері тозуының жоғары деңгейі;

техникалық, пайдалану және экономикалық көрсеткіштер, дизайн, сенімділік пен ұзақ мерзімдік, қызмет көрсету ыңғайлылығы және тағы басқа бойынша шығарылатын өнімді жаңғыртудың төмен қарқындары;

өндірістің төмен рентабельдылығы, айналым қаражатының жеткіліксіздігі және саланың инвестициялық тартымсыздығы; түпкі өнім өндірісіне емес, жинақтаушыларды шығаруға бағдарланған отандық машина құрылысының аралық сипаты; бірыңғай, өзара байланысты арнайы, өңірлік ерекшеліктерін есепке ала отырып, инновациялық инфрақұрылымның болмауы, саладағы инновациялық белсенділіктің төмен деңгейі, жоғары қосылған құны бар ғылымды көп қажет ететін жоғары технологиялық бұйымдар өнімінің төмен өндірісі; шығарылатын машина жасау бұйымдарының бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі және шағын номенклатурасы; республиканың машина жасау кәсіпорындары арасында кооперациялық байланыстардың төмен деңгейі; өнімнің сатудан кейінгі қызмет көрсету деңгейінің төмендігі; өндіріс және басқару саласындағы білікті кадрлардың тапшылығы.

Тұжырымдар мен қорытындылар. Қазіргі сәтте және Қазақстанның машина жасау кәсіпорындарына перспективада негізінен, отандық металдар және резеңке техникалық бұйымдармен қамтамасыз етілетін болады. Сонымен бір уақытта елдің арнайы болат (тотықпайтын, құралдық және басқалары) өндірісі мәселесін зерттеу қажет, өйткені өнімнің берілген түрлеріне сұраныс өсетін болады, ал республикада бұл өнім өндірілмей жатыр. Бұл сала үшін маңызды өлшемде тұтынылатын немесе сирек қолданатын материалдық ресурстарды Қазақстанда ұқсас өндірісі болмаған жағдайда, басқа елдерде кооперациялар бойынша сатып алу жөн.

Машина жасау үшін еңбек ресурстарына қажеттілік мамандар дайындау арнайы орталықтарда және біліктілікті жоғарылату курстарында, техникалық кәсіпті Қазақстанның колледждерде, ЖОО-да оқыту арқылы отандық мамандарды дайындау арқылы шешу жоспарлайды.

Тауарлардың, қызметтердің перспективалы өндірісін дамыту жағдай жасалған, бірақ технологиялық болжау және инновацияларды коммерциялау, әлдеқайда нақты маркетингтік зерттеу және болжау институттарын ұйымдастыру қажет. Қызметтер және әрекеттердің басқа түрлері саласында лизинг, франчайзинг, қызмет көрсету орталығы және жөндеу және тағы басқа тарату үшін жағдай жасау, жетілдіру және одан әрі дамыту қажет.

Мұнай - газ өңдеу саласы Саланың қазіргі жағдайы. Қазіргі уақытта әлемдегі мұнай өңдеуді дамыту моторлық отын және мұнай химиялық өнімге сұраныстың өсуімен және бір уақытта экономиканың энергетикалық және өнеркәсіптік секторында мұнай өңдеу өнімдерін тұтынуды төмендеумен шартталған.

Елде мұнай өңдеу саласы үш мұнай өңдеуші зауыттармен, бір газ конденсатын өңдеу бойынша (КТО) көп тонналы қондырғы және 6 мұнай шикізатын өңдеу бойынша

қолданыстағы шағын зауыттармен ұсынылған.

Елдің ЖІӨ саланың үлесі 2009 жылдың қорытындылары бойынша 1,2% құрайды. Елдің өнеркәсіптік өндіріс құрылымында сала үлесі 4,1% құрайды және төмендеуге бет алған: осылайша 2005 жылы берілген көрсеткіш 2,7%, ал 2000 жылы 3,3% құраған. Егер 1990 жылы республиканың МӨЗ 17,85 млн.тонна мұнай өңделсе, 2009 ж. – 12,3 млн. тонна мұнай өңделген.

Сала құрылымы. Негізгі мұнай өңдеуші қуаттар Атырау (Атырау мұнай өңдеу зауыты), Павлодар (Павлодар мұнай химиясы зауыты), Оңтүстік Қазақстан (Петро Қазақстан Ойл Продактс) облыстарында орналасқан.

Барлық 3 МӨЗ қазіргі жағдайда орналастыру оңтайлы болып табылмайды, өйткені олар ірі өңірлік тұтынушылардан қашықтықта орналасқан, оларға мұнай өнімдерін жеткізу қымбатқа түседі.

Сала дамуының өңірлік аспектілері. Өндірілген мұнай өнімдерінің республикалық көлемдегі 2009 жылы Атырау облысының үлесі – 65,0%, Оңтүстік Қазақстан – 6,1%, Павлодар – 5,7%, Маңғыстау – 2,1%, Ақтөбе – 1,9%, Батыс Қазақстан – 1,0%, Жамбыл – 0,6%. Осылайша, мұнай өнімдерін шығарудың республикалық көлемінің 84%-нан астамы Атырау, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумағында орналасқан мұнай өңдеу зауыттарында өндірілді.

2009 жылы өндірілген моторлық отынның республикалық көлемінде жетекші позицияларды жалпы республикалық көлемде 46,9% үлесі бар Павлодар облысы, Оңтүстік Қазақстан – 31,0%, Атырау облысы – 21,1% алды.

ЖӨӨ құрылымында сала Павлодар (8,9%), Оңтүстік Қазақстан (6,5%), Атырау (2,8%), облыстарында көшбасшылық етеді.

2000 – 2009 жылдар кезеңінде Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Маңғыстау облыстарында жеке мұнай өңдеуші шағын зауыттар енгізілді.

Сала өнімін пайдалану бағыттары. Өндірілген мұнай өңдеу өнімдерін негізінен елдің ішкі нарығы тұтынады. Өнімнің аз ғана көлемдері экспортқа жеткізіледі: мазут – 600 мың тоннаға дейін, дизель отыны – жылына 200 мың тоннаға дейін. Негізгі мұнай өңдеу саласының экспорттық бағыттары Орталық Азия елдерінің нарықтары болып табылады – Өзбекстан, Қырғызстан.

Сонымен бірге, отандық өнім өндірісінің кемшілігі автомобиль жанармайы сияқты позициялар бойынша білінеді, олар Ресейден импорт есебінен толықтырылады.

Саланың проблемалық мәселелері. Мұнай өңдеу салаларының негізгі проблемаларына келесілер жатады:

отандық (Павлодар және Шымкент) МӨЗ-дің шетелден шикі мұнай жеткізілімдеріне жоғары тәуелділігі;

өңдеу кәсіпорындарының салыстырмалы жоғары емес қуаттылығы; ішкі өңдеушілерге шикі мұнайды жеткізу үшін мұнай құбырлары жүйесінің дамымауы;

қажетті мұнай өнімі түрлерін жеткілікті мөлшерде өндіруге мүмкіндік бермейтін, көбінесе ескірген құрал-жабдықтар.

Тұжырымдар мен қорытындылар. Ел тұтынушыларының сұранысын сан алуан жоғары сапалы өзіндік мұнай өнімдерімен қанағаттандыру үшін мынадай міндеттерді шешу қажет: мұнай өңдеуді құрылыспен, жаңғырту, қайта құру және кеңейтуді және мұнай химиясы өнімін шығару бойынша жаңа қуаттарды пайдалануға іске қосуды, қолданыстағы МӨЗ мұнай шикізатымен жобалық жүктеуді қамтамасыз етуді, аудандарда тұтыну көлемін ұлғайтатын жаңа МӨЗ құруды жүзеге асыру.

Газ өңдеу. Соңғы уақытта тұрақты үрдістердің бірі әлемдегі энергия теңгерімінде табиғи газдың өсіп жатқаны маңызы болып табылады. Соңғы 10 жылда бастапқы энергия ресурстарының әлемдік теңгерімдегі табиғи газ үлесі 1997 жылғы 21,7 % бастап 2007 жылы 24% дейін ұлғайды.

Экологиялық таза және экономикалық отын болып табыла отырып, газ белгілі дәрежеде өз бәсекелестерін (көмір мен мұнай) энергетика саласынан шығарып жатыр. Бүгінгі таңда елдің отын-энергетикалық теңгерімінде газ 53,7%-ды құрайды.

Саланың қазіргі жағдайы. Қазіргі уақытта республикада газ өңдеу бойынша жалпы жобалық қуаттылығы 19,4 млрд. текше м, сұйытылған газ шығару бойынша – 1400 мың тонна құрайтын 6 газ өңдеуші кәсіпорын қызмет етеді. Негізгі газ өңдеуші қуаттылықтар Атырау (Теңіз ГӨЗ), Маңғыстау (Қазақ ГӨЗ), Батыс Қазақстан (Қарашығанақ өңдеу кешені), Ақтөбе (Жаңажол ГӨЗ), Жамбыл (Амангелді ГКӨҚ), Қызылорда (Ақшабұлақ ГКӨҚ) орналасқан.

Сала өнімін пайдалану бағыттары. Республиканың ішкі нарығында аз бөлігі тұтынылады – жылына өндірілетін 1340 мың тоннадан 440 мың тонна ғана шығарылады. Қалған газ экспортқа жіберіледі.

Тұжырымдар мен қорытындылар. Қолданыстағы қуаттар елдегі газды толығымен өңдеуді қамтамасыз ете алмайды. Теңіз кен орынын дамыту келешекте 8-10 млрд. м³ дейін, Қарашығанақ – өндіріп жатқан көлемге қосымша 10 млрд. м³ дейін және Қашаған кен орынын игеру жылына 5-6 млрд. м³ өңдеуді талап етеді. Мұның барлығы келешекте қолданыстағы ГӨЗ кеңейту және шағын мұнай-газ кен орындарын әзірлеуде газ тазалау бойынша арнайы қондырғылар құрылғыларымен жаңаларын салуды талап етеді.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі

Саланың рөлі және орны. Республиканың өнеркәсіп өніміндегі құрылыс материалдары саласының үлесі 2009 жылы 2%-ды, ал өңдеу өнеркәсібінде – 6,2%-ды құрады. Салада 31,8 мың адам жұмыс істейді (2009 жылдың қорытындылары бойынша), бұл республиканың өнеркәсібіндегі жұмыс істейтіндердің 4,5%-ын құрайды.

1990 жылмен салыстырғанда 2009 жылы республиканың өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі сала үлесі 5,9%-дан 2,0%-ға дейін, ел ЖІӨ-сінде тиісінше 4,3%-дан

0,5 %-ға

дейін

төмендеді.

Саланың қазіргі жағдайы. 2009 жылдың қорытындылары бойынша саладағы қызмет етуші кәсіпорындар 2936 бірлік болды, бұл 1990 жылмен салыстырғанда үш есе кем. Саладағы кәсіпорындардың көбісінің техникалық деңгейі алдыңғы қатарлы шетел технологиялары талаптарынан едәуір артта қалып отыр. Бұған негізгі себеп – инвестициялардың жеткіліксіздігі, жоғары тозу (70%-ға дейін), негізгі қорларды баяу жаңарту және білікті кадрлардың жетіспеушілігі. Өндіріс энергия тұтынудың жоғары деңгейі бар ескірген технологиялар бойынша экологиялық талаптарды сақтаусыз жүргізіледі.

Саланың ағымдағы жай-күйін талдау бойынша құрылыс материалдарының өнеркәсіптің барлық түрлері бойынша өнім өндірісінен сұраныстың жоғарылығы орын алып отырғаны анықталған. Жеке қажеттіліктерді өтеу үшін сала импортының (2003 – 2008 жылдар) 48% көлемінде орташа жылдық өсімі бар.

Сала құрылымы. Құрылыс материалдары өнеркәсібінде цемент өндіру саласы жақсы дамыған, сонымен бірге шыны, санитарлық-техникалық бұйымдар өндірісі толығымен жоқ. (Болжамды схемаға 11-қосымшада көрсетілген).

Республиканың цемент өнеркәсібі саласында 4 зауыт жетекшілік етеді: «Central Asia Cement» АҚ (бұрынғы Қарағанды цемент зауыты), «Шымкентцемент» АҚ, «Семейцемент» АҚ, «Хайдельберг Шығыс-цемент» АҚ (бұрынғы Өскемен цемент зауыты). Бұл зауыттардың жалпы жобалық қуаттылығы – 8400 мың тонна, қолдағы – 4700-4900 мың тонна. Ел аумағында цемент зауыттарының ағымдық орналасуы кенестік дәуірде салынған және цемент шикізаты көздерінің және дайын өнімді тұтынушылар жақындығымен анықталған. Республиканың барлық цемент өндірістері үшін ең өзекті проблема «ылғалды» тәсілмен цемент өндірудің ескірген технологиясын қолдану болып табылады, ол энергияны көп жұмсайды, бұл отандық өнімнің бәсекеге қабілеттігін әлсіретеді.

Шикізат базасы. Елдегі керамикалық санитарлық-техникалық бұйымдар өндірісі үшін; табақ шыны өндірісі үшін кварц құмы; жылу сақтайтын және отқа төзімді материалдар өндірісі үшін жоғары сапалы шикізат қорлары бар, бірақ олардың өндірісі реттелмеген. Сонымен бірге, барланған рудалық емес материалдар қорлары республиканың барлық аумақтарында бар. Негізгі проблема өндірушіге дейін тасымалдау және сол шикізатты қажет күйіне (шыны өндірісінде) жеткізуден құралады. Цемент шикізатының кен орындары елдің барлық өңірлерінде кездеседі. Ең ірі қорлар Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Атырау, Қостанай, Қарағанды облыстарында шоғырланған.

Республикада шыны өнеркәсібінде қолданылатын бөлшектер өндірісі үшін кең шикізат базасы бар. Сала дамуы үшін және соңғы өнімді алу үшін кварц құмын байыту бойынша аралық өндірісті құру талап етіледі.

Сала өнімін қолдану бағыттары. Қазақстанда табақ шыны, фаянс пен фарфордан

санитарлық-техникалық бұйымдардан басқа, барлық құрылыс материалдары, бұйымдар және жартылай дайын фабрикаттар шығару іске асырылады.

Қазіргі уақытта құрылыс материалдарының отандық өнеркәсібі Қазақстанның құрылыс кешені қажеттіліктер бөлігін ғана қанағаттандыруға қабілетті. Соның салдарынан нарықта импортық өнім қомақты үлес алып отыр.

Сала дамуының өңірлік аспектілері. Аумақтық бөліністе сала дамуында маңызды саралану байқалады. Құрылыс материалдары өндірісі негізінен Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында (оларға өндіріс көлемінің 60%-дан астамы тиесілі) шоғырланған. Сала – Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарыда жақсы дамыған.

Саладағы жұмыспен қамту мәселелері. Салада жұмыс істейтіндердің саны 1990 жылмен салыстырғанда 2000 жылы 126,2 мың адамнан 18,6 мың адамға дейін немесе 7 есеге қысқарған. Сонымен бір уақытта 2000 жылдар ортасында саладағы құлдыраумен байланысты құрылыстың жоғары қарқындары жұмысшылар санының 2000 жылғы 18,6 мың адамнан 2007 жылы 38,4 мың адамға дейін немесе 2,1 есе өсуіне алып келді. Бірақ құрылыс саласын көп дәрежеде қозғаған экономикалық дағдарыс құрылыс материалдары өнеркәсібінің өніміне сұранысты қысқартып ғана қоймай, сонымен бірге саладағы жұмыспен қамтылғандар санын да қысқартты (2009 жылы – 31,8 мың адам, бұл 2007 жылғы деңгейден 17,2%-ға төмен).

Тұжырымдар мен қорытындылар.

Негізгі сала дамуын тежеуші проблемаларға техникалық реттеу жүйесінің және мемлекеттік нормалаудың халықаралық стандартқа сәйкессіздігі, технологиялық төмен деңгейі және еңбек өнімділігін, инновациялық даму дәрежесінде қалып қою жатады.

Бүгінгі күні кәсіпорын ішінде де, мемлекеттік деңгейде де инновациялық жұмыс жүргізілмейді. Республикада құрылыс материалдарын алудың жаңа тәсілдерін әзірлеумен және бар өндірістік желілерді жаңғыртудың ықтимал жолдарын табумен, ҒЗТҚЖ жүргізумен, нанотехнологиялар негізінде жаңа композициялық материалдар өндірісімен және өнерді сынаумен айналысатын арнайы ҒҚИ жоқ.

Атом саласы. Қазіргі уақытта ядролық энергетика басты түрде, электр өндіру үшін пайдаланылады, бірақ келешекте ядролық энергия электр өндірумен қатар біртіндеп технологиялық үрдістерде жылу жабдықтауда органикалық отынды алмастыратын болады.

Саланың шикізаттық ресурстары. Қазақстан барланған уран қорлары бойынша әлемнің жетекші мемлекеті болып табылады, оның қойнауында олардың жалпы санының 19%-ы шоғырланған. Сонымен, олардың шамамен 65% ең үдерісті, экологиялық қауіпсіз және экономикалық мақсатқа сай әдіспен жерасты шығару үшін жарамды. Елдің уран қорлары В және С1 санаттарында 469 мың тоннаға бағаланады. Уран қорлары батыста (Маңғыстау облысы), солтүстікте (Ақмола облысы) және елдің оңтүстігінде (Оңтүстік Қазақстан облысы) шоғырланған.

Саланың қазіргі жағдайы. 1990 жылы Қазақстан ядро-отындық циклды (ЯОЦ) екі буынға ғана ие: уран өндіру және отындық таблеткалар өндірісі.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ құру трансұлттық тік бағытта бірігетін компания ретінде оған ең жақын таяу болашақта ЯОЦ сегменттерінің әр бірінде болуға негіз салды. Ел ресейлік ядролық реакторлардың барлық түрлері үшін, Үлбі металл зауытында (ҮМЗ) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ кіретін отын таблеткаларының негізгі жеткізушісі болып т а б ы л а д ы .

ҮМЗ маңызды атомдық техника материалдардың бірі – бериллий өндірісін реттеді. ҮМЗ бериллий өнімінің өндірісін екі жаңа өніммен – барлық бериллий нарығының 70%-ын құрайтын карботермикалық лигатура және бериллий жезімен толықтырды.

ҮМЗ-де танталниобийлік өндірісі ерекше назар аударуды талап етеді. ҮМЗ құрылымына кіретін тантал зауыты, ғылыми зерттеулер жүргізуді, тантал өнімінің барлық гаммаларының өндірісі және технологиялар әзірлеуді (құйма, чипсы, жаю) және оған серіктес ниобийлік өнім әзірлеуді қамтамасыз етуге қабілетті. Бұл бұрынғы кеңес одағы кеңістігінде осындай мүмкіндіктері бар жалғыз кәсіпорын. Сыйымдылығы жоғары тантал ұнтақтары және жаңа ұрпақ конденсаторлары үшін сымдар өндірісін қ о с у ж о с п а р л а н а д ы .

Салада өнімді пайдалану бағыттары. Ішкі сұраныс болмауына байланысты, отандық уран өнеркәсібі өнімінің 100% экспортталады.

Атом энергетикасының даму әлеуеті. Атомдық өнеркәсіптің одан әрі дамуы атомдық энергетикамен байланысты болады. Әлемдік тәжірибе Қазақстанда ядролық энергетиканы пайдалану бойынша болашақта энергетикалық проблемалар шешілмейтінін көрсетті. Қазақстан атом энергетикасын дамытудың маңызды әлеуетіне ие, ол үшін объективті алғашарттары бар:

1. Елде әлемдік барланған уран қорларының 19% шоғырланған.
2. Қазақстандық атомдық энергетиканы ядролық отынмен қамтамасыз етуге қабілетті жеке дамыған уран өндіруші және өңдеу өнеркәсібі бар.
3. Ғылыми-зерттеу эксперименталдық базасының және «ҚР Ұлттық ядролық орталығы» РМК біріктірілген халықаралық танымалдылыққа ие атом энергетикасының, ядролық технологиялардың, радиациялық материалтану және ядролық физиканың дамуы мен қауіпсіздігі саласындағы іргелі-қолданбалы зерттеулер бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ететін білікті ғылыми-инженер кадрлардың болуы.
4. Ядролық және радиациялық қауіпсіздік ұлттық жүйесі МАГАТЭ-біріктірілген.

Х и м и я ө н е р к ә с і б і

Саланың рөлі және орны. Әлемнің жетекші елдерінде өнеркәсіптік өнім өндірісінде сала үлесі 13-15%-ға жетеді, сонымен бір уақытта Қазақстанда 2009 жылы бұл көрсеткіш 0,9% ғана құрады.

Сала дамуының әлемдік үрдістері перспективада химиялық өнеркәсіпте биотехнологиялық өндірістер көбірек мәнге ие болатынын айқындайды. Саладағы

қазіргі құрылымдық өзгерістер органикалық химия, пластмасса, фармацевтикалық дәрі-дәрмек ғылымды қажет ететін өндірістер үлесін жоғарылатудан, сонымен қатар өңдеу және негізгі ішкі салалар және шикізат өңдеуші және жартылай өнімдер өндіруші өндірістер үлестерін азайтудан құралады.

Саланың қазіргі жағдайы. Экономиканың әр түрлі салалары үшін шикізат, жартылай өнім және материалдардың ірі жеткізушісі болып табылып, химиялық өнеркәсіп ҚР-дағы басым салалар қатарына кіреді.

Бірақ қазіргі уақытта сала біршама маңызды орын алып отыр: елдің ЖІӨ құрылымындағы оның үлесі небәрі 0,3% құрайды. Соңғы 20 жылда (1990 жылдан бастап) сала 9 есе қысқарып өз маңыздылығын жоғалтты – 1990 жылы ЖІӨ құрылымындағы саланың үлесі 4,7%-ды құраған.

Өңірлердің ЖӨӨ құрылымында сала елеусіз орын алады 0,1%-дан (Ақмола облысы) бастап 0,9%-ға (Ақтөбе облысы) дейін.

2000-2009 жылдары химиялық өнім өндірісі көлемдерінің өсімі хром тотығы бойынша 1,2 есе, фосфор – 5,2 есе, моногидраттағы күкірт қышқылы – 1,6 есе, минералды немесе химиялық азотты тыңайтқыштар - 31,5 есе, минералды немесе химиялық азоттық тыңайтқыштар - 234,5 есе, мұнай химиялық өнімі – бастапқы нысанда стирол полимері – 28 есе артты (Болжамды схемаға 12-қосымшада көрсетілген)

Елдің өңірлік бөлінісінде химиялық сала мына облыстарда дамыған:

Оңтүстік Қазақстанда минералдық тыңайтқыштар, тұрмыстық химия құралдары, лактар мен бояулар өндіру кәсіпорындары, сондай-ақ техногендік қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындары орналасқан. Республиканың оңтүстігінде «Қазфосфат» ЖШС орналасқан (Жамбыл облысы);

Батыс Қазақстанда – шектелген және шектелмеген химия өнімін, жарылғыш заттар, минералдық тыңайтқыштар өндірісі. Қазақстанның батысында екі ірі кәсіпорын бар - «ҚазАзот» ЖШС (Маңғыстау облысы) және «Ақтөбе хром қоспалары зауыты» АҚ (Ақтөбе облысы), Сондай-ақ бір орташа - «Нитрохим» Қазақстан оқ-дәрілерді кешенді жою орталығы (Ақтөбе облысы);

Солтүстік және Оңтүстік Қазақстанда – органикалық және бейорганикалық химия өнімін, күкірт қышқылының өндірісі. Бұл жерде орналасқан «Каустик» АҚ (Павлодар облысы), «Орика-Қазақстан» АҚ, «Үлбі-ФторКешені» ЖШС, «Серебрянск бейорганикалық өндірістер зауыты» ЖШС, «Қазмырыш» АҚ (күкірт қышқылын шығарады) (Шығыс Қазақстан облысы);

Орталық Қазақстанда – лактар мен бояулар, жарылғыш заттар, өсімдіктерді қорғау және тұрмыстық химия заттары. Бұл жерде «Арселор Миттал Теміртау» АҚ, күкірт қышқылын өндіретін «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС, (Қарағанды облысы), сондай-ақ орта және шағын кәсіпорындардың екі ондығы орналасқан.

Саладағы өндіріс көлемі бойынша ел бойынша жалпы көшбасшылар: Жамбыл –

25,2%, Ақтөбе – 16,2%, Қарағанды – 11,6%, Шығыс Қазақстан – 5,3% облыстары,
А л м а т ы к а л а с ы – 5 , 5 % .

Химия өндірісі саласында өнім өндіру көлеміне Жамбыл – 18,7%, Ақтөбе 2% облыстары үлкен үлес қосады. Өзге өңірлерде сала үлесі айтарлықтай емес және 0,005%-дан (Қызылорда облысы) 1,25%-ға дейін (Алматы қаласы) ғана тербеледі.

Саланы дамытудың алғышарттары. Қазақстанда химия өндірісін дамыту үшін бай шикізат кешені бар: мұнай өңдеу, кокс химиясы, фосфориттер мен күкірт колчеданы, бром, тағам және калий тұзы, натрий сульфаты.

Химия өндірісінің шикізат кешені саланы дамыту үшін қажет барлық пайдалары қ а з б а л а р ғ а и е :

Қазақстанда Жамбыл облысында орналасқан Қаратау бассейнінде және ішінара Оңтүстік Қазақстан облысында негізгі жер қойнауы бассейнінде шоғырланған фосфорит кендерінің (ТМД аумағында фосфорит шикізатының барланған қорының 1/3 және барланған әлемдік қорлардың 5% шамасында) кен бойынша 5,0 млрд тонна және фосфордың бесінші дәрежелі қышқылының 1,2 млрд тонна есепке алынған теңгерімдік қорларын есепке алғанда елеулі қорлары бар. Негізгі шикізат көздері Жамбыл, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарына шоғырланған.

Азот алуға және тыңайтқыш өндіруге арналған шикізат. Қазақстанда химия өндірісі үшін табиғи газдың (метан) болуы Қазақстанда құрамында азот бар тыңайтқыштар өндірудің кез келген жобалары үшін негіз болып табылады. Негізгі ресурстарға Қарашығанақ, ТШО және Қашаған ірі кен орындары жатады.

Күкірт алуға арналған шикізат. Мемлекеттік теңгеріммен 28 мұнай, мұнай конденсаты, газ конденсаты және мұнай-газ кен орындары есепке алынған, олар Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарының аумағында орналасқан.

Тұздар. Павлодар облысындағы каустик содасы мен хлорын өндіру үшін ас тұзының барланған қорлары 58 млн тонна құрайды.

Мемлекеттік теңгерімде қосымша калий тұзының 3 кен орны: Жилианское (Ақтөбе облысы, 300 млн.тонна), Индер (30 млн.тонна), Атырау облысындағы 99 кен орын (6 млн . т о н н а) е с е п к е а л ы н д ы .

Сала өнімін пайдалану бағыты. Сала өнімінің негізгі ішкі тұтынушылары болып қара және түсті металлургия, құрылыс материалдарының өндірісі, агроөнеркәсіптік кешен және тағы басқа болып табылады.

Саланың экспорт әлеуеті пайдалы қазбалардың едәуір қорларын есепке алғанда өте жоғары болып келеді. Саланың негізгі экспорттық позицияларына келесі тыңайтқыштар (азот, минерал, химия) жатады – 155 мың тонна (өндіріс көлемінің 82%) , фосфор тыңайтқыштары – 37,4 мың тонна (84%), хром қышқылы – 36 мың тонна. Негізгі экспорттық бағыттары болып ТМД елдері, Сондай-ақ Венгрия, Польша, Сербия және тағы басқа табылады.

Сондай-ақ экспорттың маңызды құрамдауышы болып радиоактивті химия

элементтері мен радиоактивті изотоптар табылады, олар Қытайға, Францияға, АҚШ-қа және Ресейге жеткізіледі. Химия өндірісі экспортында маңызды көлемге белгілі немесе белгісіз құрамдағы (алюминий қышқылы, алюминий гидроксиді) жасанды корундын иеленеді, ол негізінен Ресейге экспортталады.

Алайда, мұндай экспорт географиясына қарамастан, экспорт құрылымындағы химия өндірісінің үлесі 5,1% құрайды, қолайсыз 1994 жылмен салыстырғанның өзінде (9,9%) төмендеді.

Саладағы жұмыспен қамту мәселелері. Соңғы 20 жылда химия өндірісінде жұмыспен қамту қысқартылды – 1990 жылғы 77,8 мың адамнан 2009 жылы 16 мың адамға дейін, яғни 4 есе азайды.

Саланың кадр әлеуеті елдің аумағы бойынша былайша орналасқан: Павлодар облысында – 5056 адам (31,6%), Ақмола – 2576 адам (16,1%), Жамбыл – 2084 адам (13%), Ақтөбе – 2021 (13%), Шығыс Қазақстан 890 адам (5,5%).

Тұжырымдар мен қорытындылар. Химия саласының бұдан әрі дамуы үшін шикізатпен қамтылуы қолайлы болып табылады. Саланың негізгі проблемаларына шикізатты өңдеудің төмен дәрежесі және негізгі қорлар тозуының жоғары дәрежесі (80% - дан астам) жатады.

Жаңа өндірістерді енгізу бойынша жаңа жобалар химия өндірісін өндіріп алу нысандарына бірге немесе қолданыстағы химия өндірістері кешенінде беріледі, бұл жобаларды инженерлік-көліктік және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етеді.

Қолда бар әлеует бойынша химия саласының азот және минералдық тыңайтқыштар, стирол полимерін, лактар, бояулар, жуғыш құралдары, жарылғыш заттар өндіруді арттыру мүмкіндіктеріне ие.

Саланы дамытудың басым бағыттарына минералдық тыңайтқыштар, биотехнологиялық өнім (глюкоза, фруктоза, ұлпа, патока (меласса), ашытқы, этил спирті, ацетон, өсімдіктер өсімін реттеушілер) өндірісін өндіру жатады.

Фармацевтика өнеркәсібі

Саланың рөлі және орны. Фармацевтика нарығы әлем экономикасында жоғары пайдалы және тез өсетін секторлардың бірі болып табылады. Оның өсімінің ырғағы жылына шамамен 6-11%, ал пайда орташа есеппен жалпы табыстың 18%-ын құрайды.

Саланың қазіргі жағдайы. Әлемдік көлемде Қазақстанның фармацевтикалық нарығы елеусіз (шамамен 800 млн. АҚШ долл.немесе әлем нарығының 0,1%). Дайын дәрі-дәрмек (ДДД) тұтыну адам басына шаққанда дамыған елдер деңгейінен 6-12 есе төмен, бұл дәрі-дәрмек нарығының үлкен әлеуеті туралы куәландырады. Өзге елдермен салыстырғанда отандық өндіріс елдің фармацевтикалық нарығында елеусіз үлеске ие (8-10%), ДДН ұсынған деңгейден екі есе аз болып табылады.

Соңғы он жылда Қазақстанның отандық фармацевтикалық өндірісі жоғары ырғақпен дамып келеді: 2009 жылы фармацевтикалық өнім өндірісінің көлемі 2000 жылмен салыстырғанда 7,5 есеге артты, 2 017-нан 14,9 млрд.теңгеге дейін артты.

Елдің фармацевтика нарығының негізгі ерекшеліктері дәрі-дәрмектерді мемлекеттік сатып алудың елеулі үлесі (шамамен нарықтың 50%), отандық фармацевтика өндірістің төмен бәсекеге қабілеттілігі болып табылады.

Сала құрылымы. Медициналық тәжірибеде қолданылатын маңызды дәрі-дәрмектердің әлемдік тізбесі 700-ден астам атаудан тұрады. Қазақстанда өмірлік маңызды дәрілер құралы 300 атаудан анықталды, оның ішінде 70 түрі елде шығарылады, ал 46 түрі бойынша отандық өндіріс есебінен ел қажеттілігі толық қамтамасыз етіледі.

Саладағы аса ірі өндірушілер – Шымкент қаласының «Химфарм» АҚ, Алматы фармацевтика фабрикасы, «Ромат» фармацевтика компаниясы» ЖШС (Павлодар қ.), «Глобал Фарм бірлескен кәсіпорны» ЖШС (Алматы қ.).

Қазақстан фармацевтика нарығында бүгінгі күнгі көшбасшы позициясын иеленетін Santo компаниясы («Химфарм» АҚ, Шымкент қ.) Арыс өзенінің жағасында ғана өндірілетін дерменемен ғана жұмыс істейді. Кеңес үкіметі уақытында аталған кәсіпорын көкнәрді жоғары тазалаудан алынатын есірткі субстанциясының (морфин, кодеин, дионин және тағы басқа) негізгі өндірушісі ретінде дамыды. Көптеген жылдар бойы зауыт денсаулық сақтаудың қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, сонымен қатар оларды өзге елдерге де жеткізіп отырды. Сондай-ақ дәрі-дәрмек жасау үшін келешегі бар құнды шикізат ретінде Мойынқұмда өсетін ақ жусан, Орталық және Солтүстік Қазақстанда өсетін ақ сортаң және ащы жусан саналады.

Сала өнімін пайдалану бағыттары. Сала өніміне сұраныстың жоғары болуына және өз өндірісі көлемдерінің төмен болуына қарай оның негізгі көлемі отандық нарықта пайдаланылады. Ішкі сұраныс негізінен импорттық дәрі-дәрмектер есебінен қанағаттандырылады.

Қазіргі уақытта саланың экспорт әлеуеті жоғары емес, себебі отандық түпнұсқа дәрі-дәрмектердің шетел фармацевтикалық нарығына шығаруы республиканың фармацевтикалық өндірісінің халықаралық стандарттарға (GMP, GLP, GCP) сәйкес дәрі-дәрмек өндіруге дайын болмауына байланысты біршама қиындатылған.

Қазақстанның ДДД негізгі сатып алушылар Қырғызстан мен Өзбекстан болып табылады, Украина және Түрікменстанға экспорт жоғарылады.

Саланың өңірлік даму аспектілері. Фармацевтикалық өнім өндірісі негізінен Оңтүстік Қазақстан облысында (50,8%) және Алматы қаласында (31,5%) шоғырланған. Дәрі-дәрмек өндіру, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарында жүзеге асады.

Салада жұмыспен қамту мәселелері. Соңғы 20 жылда салада жұмыспен қамтылғандар саны едәуір артты – 1990 жылғы 1 мың адамнан 2009 жылы 3,1 адамға дейін. Негізгі жұмыспен қамтылғандар мына аумақтарда байқалады: Павлодар облысы – 1095 адам (35%). Сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысында жұмысшылар саны көп – 1000 адам. (елде жұмыспен қамтылғандардың 32%), Солтүстік Қазақстан – 391 адам. (

12%), Шығыс Қазақстан – 227 адам. (7,2%), Қарағанды – 100 адам. (3,2%) облыстарында және Алматы қаласы – 231 адам. (7,4%).

Тұжырымдар мен қорытындылар. Қазіргі уақытта республикада басым дженерикалық дәрілерді өндіруге арналған шикізат негізінен өзге елдерде жасалған импорт есебінен жүзеге асады. Фитодәрілер мен өсімдіктер шикізатынан және жануарлар шикізатынан жасалған дәрілер отандық шикізат есебінен қамтамасыз етіледі.

Сала дамуын мына проблемалар тежейді:
кәсіби мамандардың тапшылығы;
жабдықтардың белсенділігі моральдық және физикалық тозуы;
қазіргі заманғы технологияның жетіспеушілігі.

Қазақстан үлкен аумаққа және ұтымды географиялық жағдайға, өсімдік дәрі-дәрмек шикізатының бай түрленуіне және өсімдік тектес дәрі-дәрмектерді әзірлеу және өндіру саласында маңызды ғылыми-техникалық әлеуетке, сондай-ақ әлемдік үдеріс жағдайында аталған бағыттың озық дамуына ие бола отырып, даму келешегіне де ие бола алады. Дәрі-дәрмек өндірудің біршама басым бағыттары дженерикалық дәрі-дәрмек өндіру, биодәрілер, дәрі-дәрмектер және өсімдік, жануар, шектелмеген және минералды шикізат негізінде жасалған субстанциялар өндіру болып табылады.

Ж е ñ і л ө н е р к ә с і п

Саланың орны мен рөлі. Кез келген елдің жеңіл өнеркәсібі – экономиканың маңызды көп бейнелі және инновациялық тартымды секторы. Жеңіл өнеркәсіп өнімін тұтыну деңгейі бойынша азық-түлік тауарларынан кейін екінші орында тұр.

Тігін және жеңіл өнеркәсіп – әлемнің көптеген елдерінде бюджетпен қалыптастыратын экономиканың негізгі салаларының бірі болып келеді. Түркия, Пәкістан, Үндістан, Ливан, Қытай сияқты елдерде тігін өнеркәсібі экономика көшбасшысына айналды. Алдыңғы қатарлы елдерде аталған сала тұрақты түрде екінші орында тұр, Жапония мен Корея сияқты елдерде автомобиль құрылысынан кейін екінші орында тұрады. Түркияда аталған сала ЖІӨ-нің 10% ие және бюджеттің 40%-ын құрайды. Қырғызстанда халықтың 30% жеңіл өнеркәсіпте жұмыс жасайды.

Сала маңыздылығы көптеген сабақтас салалармен байланысты болуында және елдің барлық шаруашылық кешеніне, ғарыштан бастап ауыл шаруашылығына дейін қызмет көрсетеді. Сала өнімін тұтыну деңгейі бойынша сала азық-түлік тауарларынан кейін е к і н ш і о р ы н д а т ұ р .

Қазақстандағы сала жағдайы. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп 90-жылдардың басында болған өтпелі кезеңнің және соңғы экономикалық дағдарыстың күшті теріс белгілерін басынан кешкен салалардың қатарында болды.

Кеңес үкіметі кезеңінде Қазақстан дамыған жеңіл өнеркәсіпке ие болды. 1990 ж. өнеркәсіптік өндірісі құрылымындағы сала үлесі 15,6% жетті. Қазақстанда саланың барлық бағыттары болды: мақта-мата, жібек, шұға және жүннен тоқылған бұйымдар.

Алматы мақта-мата комбинаты (АММК) және республиканың бір қатар тігін кәсіпорындары өз өнімдерін батыс елдерге экспорттады, бұл сапалы өнім белгісін б а й қ а т т ы .

Сала әлеуетінің төмендеуі. Қазіргі уақытта жеңіл өнеркәсіп күрделі экономикалық жағдайда. Елдің өндіріс құрылымындағы сала үлесі 1990 жылы 15,6%-дан 2009 жылғы 0,3% дейін қысқартылды. Белсенді әрекет ететін кәсіпорындар саны 2000-2009 жылдар кезеңінде 773-тен 570-ке дейін төмендеді. Егер 2000 жылы елдің ЖІӨ-дегі саланың меншікті салмағы 2,3%-ға тең болса, 2009 жылы ол 0,2%-ға дейін төмендеді. Саланың дамуының жалпы үдерісі оның әлеуетінің төмендеуімен сипатталады, себебі өндірісті тоқтатқан кәсіпорындар саны құрылып жатқан кәсіпорындар санынан 1,5 есе артық. Елдің кездеме және тігін өндірісі ішкі нарық тұтынуының 5-10% ғана жабады.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елдің жеңіл өнеркәсібінде 1601 кәсіпорын тіркелген, оның ішінде белсенді әрекет ететін 533, онда 13,7 мың адам жұмыс істейді. Жеңіл өнеркәсіпте кәсіпорындардың 80% астамын шағын және орта бизнес құрайды, бұл жерде кәсіпорындардың шамамен 80% ескірген жабдықпен жабдықталған, олардың жүктемесі 30-40% құрайды.

Саладағы жұмысшылар санының серпіні де теріс үрдіске ие. 2000-2009 жылдары жеңіл өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар саны 2 есе 27,6-дан 13,7 мың адамға дейін қысқарды. Кәсіпорын жұмысшыларының 90%-ын әйелдер құрайды.

Отандық өндірушілер негізінен аясы тар мамандануға ие болып келеді, жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының 70-80% киім-кешек, аяқ киім нарығында жұмыс істейді, негізінен өз ассортиментін қарулы күштер құрылымының қажеттіліктеріне және арнайы киім мен аяқ киімге бағдарлайды.

Саланы қалпына келтірудің қажеттілігі мен алғышарттары. Отандық жеңіл өнеркәсіптің қайта жаңғыруы Қазақстан үшін тек экономикалық қана емес, сонымен қатар көзге көрінерлік әлеуметтік тиімділікті алып келді. Аталған өндіріс саласы көптеген жұмыс орындарын құрайды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы бір қатар бағыттардың (мақта, жүн өндірісі) дамуын ынталандырады, әлеуметтік депрессиялық өңірлерді қайта жандыруға көмектесе алады. Сала ерекшеліктерінің ішінде салынған қаражаттың жылдам әрі жоғары тиімді қайтарымын, әйелдер еңбегін дәстүрлі пайдалануды, жоғары әлеуметтік маңыздылықты атап өтуге болады.

Шикізат ресурстарының болуы. Қазақстан үлкен шикізат ресурстарына (мақта, жүн, тері) ие бола отырып, бірінші қажеттілік тауарлары бойынша импорт тауарларына толық тәуелді болып келеді. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіпті сәтті дамыту үшін қолайлы факторлар мен алғышарттар бар: жыл сайынғы мақта шикізатын жинау 400 - 450 мың т . мақта талшықтарын өндіру - 130-170 мың т., жүн -15-20 мың т. және 7,5 млн. данадан а с т а м б ы л ғ а р ы ш и к і з а т ы .

Шикізат сапасының проблемасы. Шикізат сапасының проблемасы – бұл теріге, өсірілетін мақтаға қатысты. Жүн, тоқыма және мата өндіруде негізінен биязы жүнді қой

жүні пайдаланылады. Қазақстанда дәстүрлі түрде ет тұқымдас қой өсіреді, олар қатты және жартылай қатты жүнге ие болып келеді.

Сала өнімін пайдалану бағыттары. Шығарылатын өнім құрылымында мата, киім кешек, аяқ киім, тоқыма, шұлық және тері бұйымдары, бас киіммен қатар қарулы күштер үшін мүліктік зат болып табылатын талшық өндірудің үлес салмағы үлкен. Сала сондай-ақ халықтың медициналық тағайындау және шаруашылық субъектілерінің арнайы жұмыс киімі мен аяқ киімі, жеке қорғау құралдары бұйымдарындағы қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Сала әлеуеті. Қазақстанда жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің көптеген түрлерін өз аумағында өндіру бойынша орасан зор әлеуеті (шикізаттың болуы, ішкі нарық) бар. Алайда, іс жүзінде жүнді бастапқы өңдеу бойынша өндірістер жойылды, ал отандық кәсіпорындардың жүннен жасалған жіпке, тоқымаға және жүннен жасалған матаға деген қажеттілігі жылына шамамен 870,0 мың тоннаны құрайды. Қазақстанда үлгілік аяқ киім өндіруге жарамсыз терінің жартылай дайын фабrikаты шығарылатынын есепке алғанда, түрлі былғары өндірісінің үлкен сұранысы, сондай-ақ тұтынуға арналған аяқ киім қамтылмаған болып қалып отыр. Аяқ киімнің ішкі тұтынуы 2009 жылы 1945,6 мың жұп құрады, ал өндірісі тек 598,3 мың жұпты құрады.

Сала экспортының шикізат сипаты. Қосымша құны төмен шикізат пен тауарлар – қатты немесе ішінара өңделген мақта-мата және жүн маталары (бояуға немесе басып шығаруға арналған жартылай дайын фабrikаттар) жеңіл өнеркәсіп өнімінің Қазақстан экспорты құрылымында үлкен орын алады. Қазақстанда өндірілетін мақта талшықтарының шамамен 94%, былғары шикізатының 80% экспортталады. Сыртқы тауар айналымында тігін және жеңіл өнеркәсіп тауарларының үлесіне 1%-дан астамы ғана келетінін есепке алғанда, дайын өнім экспорты өте аз болып табылады.

Сала құрылымы. Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі экономикалық қызметтің 3 түрімен сипатталады – тігін бұйымдарын өндіру, киім-кешек өндіру, былғары және оған жататын 14 шағын түрін өндіру.

Жұмыс істейтін кәсіпорындардың жалпы санының 54% киім өндірісі бойынша кәсіпорындар, 31% тоқыма және тігін өнеркәсібінің кәсіпорындары (киім кешектен өзге тоқыма және тігін бұйымдарын өндіру), былғары мен аяқ киім өндіру бойынша кәсіпорындар 9%, былғары мен теріден киім өндіретін кәсіпорындар – 6% құрайды.

Тігін өнеркәсібі иіру, тігу және әрлеу өндірісі болып бөлінеді. 2010 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша республиканың тігін өндірісінде 449 кәсіпорын тіркелген, оның ішінде белсенді әрекет ететіні – 155 кәсіпорын, оның ішінде 12 ірі, 24 орта және 119 шағын, онда 7200 адам жұмыс істейді.

Мақта өндірістері негізінен Оңтүстік Қазақстанда орналасқан.

Бүгінгі күні тігін өндірісінің үлкен кәсіпорындарына «Textiles.kz» («Ютекс»АҚ/«Меланж»АҚ) корпорациясы, «South Textiline.kz» ЖШС (Оңтүстік Қазақстан облысы) жатады, олар жылына 18,8 мың тонна мақта талшығын өндіреді.

Тігін өнеркәсібі арнайы киім, сыртқы киім, іш киім, өзге киім түрлері және аксессуарлар, тері бұйымдары, тоқыма бұйымдары, сондай-ақ шұлық өндірісінен тұрады.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тігін өнеркәсібінде 952 кәсіпорын тіркелді, оның ішінде белсенді әрекет ететіні 329 кәсіпорын, сондай-ақ 4 ірі, 29 орта және 296 шағын кәсіпорын тіркелген, онда 5600 адам жұмыс істейді. Сала кәсіпорындары тігін өндірісіне қарағанда ел өңірлерінде кең таралған.

Тігін өнеркәсібі бойынша ірі кәсіпорындарға мына кәсіпорындар жатады: «Textiles.kz» корпорациясы («Ютекс» АҚ/ «Меланж» АҚ), «Сәуле» тігін фабрикасы» ЖШС (Шымкент қ.); «Диана-Плюс» ЖШС, «Мария-Ханым» ЖК (Орал қ.), «Қазақстан Тексти-лайн» ЖШС (Алматы қ.), «Қаз-СПО-Н» ЖШС, «Мұрагер» Семей тігін фабрикасы (Семей қ.); бәсекеге қабілетті өнім шығаратын «Ерке-нұр» ЖШС (Алматы қ.) (төсек орын және іш киім, сыртқы киім, оның ішінде ұлттық және арнайы киім, ұйтқымасы).

Өнім экспорты Ресейге, Украинаға, Белоруссияға, Литваға, Өзбекстанға және Польша, Португалия, Түркия, Германия, Бельгия, Италия сияқты алыс шетелге шығарылды.

Былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар мен аяқ киім өндірісі тауарлық былғары, тон-тері бұйымдары мен аяқ киімін шығарудан тұрады. 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салада 142 кәсіпорын тіркелген, оның ішінде белсенді әрекет ететіні – 42, оның ішінде ірі – 1, орташа – 7 және шағын – 34, жұмысшылар саны – 900 адам.

Саланың ірі кәсіпорындары: «Семей былғары-тері комбинаты» ЖШС, «Тыныс-V» ЖШС (Шығыс Қазақстан облысы), «Рудный былғары зауыты» ЖШС (Қостанай облысы), «Петропавл былғары зауыты» ЖШС (Солтүстік Қазақстан облысы), «ТаразБылғАяқ киім» ЖШС (Жамбыл облысы), «Гекко» ЖШС (Алматы қ.).

Тоқыма және былғары өнеркәсібі кәсіпорындары дәстүрлі түрде шикізатпен қамтылған өңірлерде орналасқан.

Саланың проблемалық мәселелері. Жеңіл өнеркәсіптің проблемалық мәселелері: Негізгі қорлардың айтарлықтай тозуы және өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі;

Қосымша құны жоғары өнім экспортының төмен үлесі;

Отандық салалық өнімді тұтынудың аз үлесі;

Еңбек жағдайының тартымсыз болмауынан білікті кадр ресурстарының жетіспеуі.

Мүмкіндіктер мен басымдықтар:

ЕурАзЭҚ Кедендік одаққа өту есебінен нарықты кеңейту;

Шикізатты қайта өңдеу бойынша (мақта, жүн, тері) өндірістерді дамыту;

Толлингті, даваль шикізатын өндіруді дамыту;

Технологиялық көшбасшылар тәжірибесін пайдалана отырып, өндірісті ұйымдастыру жолымен технологиялар трансферті;

Салада мүмкіндіктермен қатар тәуекелдер де бар;
Отандық өнім өндірісінің деңгейі шекті экономикалық қауіпсіздік деңгейінен төмен
; ды тарту жетімсізділігі;

Контрабандалық және контрафактілі өнімінің экспансиясын нығайту;
әлем көшбасшылары тарапынан жоғары бәсеке.

Тігін саласында бәсекелес басымдықтар бар, олар Өзбекстан, Тәжікстан,
Түркменстан сияқты әлеуетті мақта-мата өндірушілерінің жақын орналасуы. Сондай-ақ
елімізге ТМД және Шығыс Еуропа елдерінің сыйымды нарықтарының орталығында
орналасуы ықпал етеді.

Шикізат материалының және өңдеу фабрикаларының жинақы Оңтүстік Қазақстан
облысының аумағында орналасуы тағы бір басымдылық болып саналады.

ҮИИД МБ іске асыру үшін келер бесжылдыққа сала дамуының тетіктері мен
құралдары анықталған ҚР жеңіл өнеркәсібінің 2010 – 2014 жылдарға арналған
бағдарламасы бекітілді. Саланы дамытудың негізгі перспективалы бағыттары тоқыма,
тігін, былғары және аяқ киім өндірісінде жергілікті шикізат (мақта, жүн, былғары)
бойынша өндірісті жаңғырту және әртараптандыру үшін бастамаларды жасаумен
байланысты болады.

Ауыл шаруашылығы

Саланың рөлі мен орны. Қазіргі уақытта ҒТП интенсивті әсер етуіне байланысты
ауыл шаруашылығы терең құрылымды қайта құру алдындағы кезеңді бастан кешуде.
АӨК қазіргі заманғы дамуының жалпы әлемдік үдерістері арасында келесілерді атап
өтуге болады:

жан басына шаққандағы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру өсімі;
әлем шаруашылығында ЖІӨ-де ауыл шаруашылығы өнімі үлесінің азаюы;
ауыл шаруашылығындағы ірі бірлестіктер рөлінің артуы;
пайдаланылатын ауыл шаруашылығы жерлерінің қысқаруы, өндіріс
интенсификациясы есебінен өндіріс көлемінің артуы;
еңбек өнімділігінің өсімі, салада жұмыспен қамтылғандар санының төмендеуі;
өндіріс үрдістерін тетіктендіру мен автоматтау деңгейінің өсімі;
тыңайтқыштарды, химиялық құралдарды кең пайдалану ауыл шаруашылығы
дақылдарының күрт өсуіне ықпал етті;
жасанды жоғары өнім беретін өсімдік түрлерін және тиімді мал тұқымдарын енгізу
есебінен өтімділіктің өсімі.

Саланың қазіргі жағдайы. Аграрлық сектор ЖІӨ-нің 6,1%-ын құрайды және елді
азық-түлікпен қамтамасыз етуде басты рөлге ие болып келеді. Ауылмен елдің
жартысының дерлік әлеуметтік жағдайы тығыз байланысты (46,3%). Бұл жерде ел
халқының төмен тығыздылығы (шаршы метрге 5,8 адам) өнімнің
материалдық-техникалық ресурстарының өндірушіден тұтынушыға дейін кеңістікті
орын алмастыруы үшін маңызды шығындар қажет.

Аграрлық салада 2,3 млн.адам немесе ел экономикасында жұмыспен қамтылғандардың шамамен 1/3 жұмыс істейді, бұл жерде ауылда өзімен-өзі жұмыс істейтіндер саны 72% құрайды.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығында әрекет етуші ауыл шаруашылық құрылымы 175,6 мыңнан астам деп есептеледі, оның ішінде 5,4 мың ауыл шаруашылық кәсіпорындары, 170,1 мыңнан астам шаруа (фермерлік) қожайындықтар.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 2009 жылы 1,6 трлн теңге деңгейіне жетті, 2000 жылмен салыстырған 4 есеге артты.

Бұл жерде ауыл шаруашылығының жаппай өнімі құрылымында жартысынан астамы өсімдік өніміне тиесілі.

Ауыл шаруашылығы алқаптарының жалпы ауданы 222,4 млн. га немесе жер қоры ауданының 81,6% құрайды, оның ішінде жер пайдаланушылар пайдаланатын жер алқаптары 85,5 млн. га құрайды. Ауыл шаруашылығы тағайындауындағы жер ауданы 2009 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 91,7 млн.га құрады.

Солтүстік өңірлер дәнді дақылдар өсіруге және мал шаруашылығын жүргізуге мамандалған, оңтүстікте суару үлкен мәнге ие болғандықтан, өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының үлкен әртараптылығымен сипатталады.

Саланы дамытудың өңірлік аспектілері. Ауыл шаруашылығы өндірісінің республиканың барлық өңірлерде кездесетініне қарамастан, аграрлық сала нәтижелерінің қалыптасуына астық егетін солтүстік және шығыс өңірлер (елдегі ауыл шаруашылығы өнімін өндірудегі Қостанай облысының үлесі 15,2%, Солтүстік Қазақстан – 13%, Ақмола – 12,3%, Шығыс Қазақстан – 10,1% құрайды), сондай-ақ біршама әртараптандырылған агросекторы бар Алматы (14%) облысы үлкен үлес қосады. Аграрлық сала батыс және оңтүстік өңірлерде біршама аз дамыған, олар Маңғыстау, Атырау және Қызылорда облыстары.

Экономика құрылымындағы рөлі бойынша біршама маңызды аграрлық мамандандырылған өңірлерге Солтүстік Қазақстан облысы (облыстың ЖӨӨ-сіндегі ауыл шаруашылығы- 34,6%), Ақмола (24,1%), Алматы (18,6%), Жамбыл (12,8%) облыстары жатады. Экономика құрылымында біршама аз орын алады: Маңғыстау, Атырау және Қарағанды облыстары.

Өсімдік шаруашылығы. Елде жер ресурстарының мол болуына қарай аграрлық сектордың көп бейінді кіші саласы – өсімдік шаруашылығы дамып келеді. Егістік алқаптарының көлемі және ауыл шаруашылығы мәдениетінің негізгі түрлерін жаппай жинау көлемінің динамикасы Болжамды схемаға 13-қосымшада көрсетілген.

Өсімдік шаруашылығы құрамында астық дақылдарын өсіру басым бағыт болып келеді. Бұл жерде шамамен егістіктің 70% солтүстік өңір облыстарында шоғырланған, олар қара топырақты және қоңыр-қошқыл топырақты болып келеді, бұл әлем нарықтарында үлкен сұранысқа ие астықтың жоғары сапасына қол жеткізуге мүмкіндік б е р е д і .

Соңғы 3 жылда (2007 – 2009 жылдар) республикада орташа астық өндіру 18,8 млн. тонна құрады, бұл өткен 3 жылда (2004 – 2006 жылдары) қол жеткізілген деңгейден 28,8%-ға артық. Ерекше жоғары нәтижеге 2009 жылы қол жеткізілді, бұл жылы астықты жаппай жинау 12,6 ц/га өнімділігі барысында 20,8 млн. тонна құрады, экспортқа 6,8 млн. тонна бидай мен бидай баламасында ұн сатылды.

Соңғы бес жылда картоп, май дақылдары тұқымын, көкөністер, бақша дақылдарын өндірудің оң серпіні байқалады. Сонымен қатар қант қызылшасы, шитті мақтасы, жеміс-жидек дақылдары өндірісінде төмендеу байқалады.

Соңғы бес жылда картофель, май дақылдары тұқымын, көкөністер, бақша дақылдарын өндірудің оң серпіні байқалады. Сонымен қатар қант қызылшасы, шитті мақтасы, жеміс-жидек дақылдары өндірісінде төмендеу байқалады.

Қант қызылшасын 22 500 тоннада өндірудің бірлескен қуаттылығы барысында, тәулігіне 3 650 тонна шикізат бойынша, отандық қант зауыттарының жүктемесі 2009 жылы 46% құрады. Осылайша 2009 жылы отандық шикізаттан қант қызылшасының 21,7 мың тоннасы немесе оның жалпы өндірілуінің 5,6% ғана пайдаланылды, өзге бөлігі өзге елдерден импортталатын қант шикізатынан өндірілді.

Бүгінгі күні республикада 217,3 га ауданда жабық топырақтың 1752 ғимараты қызмет етеді, республикада жалпы қуаты 382,1 мың тонна 297 көкөніс-картоп сақтау қоймалары бар, бұл республика қажеттілігінің жартысына дейін қамтамасыз етеді.

Сала өнімін пайдалану бағыттары. Өсімдік шаруашылығының өнімдері, астықты және одан жасалатын өнімдерді есепке алмағанда, ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдаланылады. Қазақстан астығы әлемнің 70-тен астам еліне жеткізіледі. Қазақстан астығының негізгі импортерлеріне ТМД елдері, Таяу Шығыс елдері, Солтүстік Африка мен Еуропалық Одақ елдері жатады. Астық экспортының инфрақұрылымы кеңейтілуде: Ақтау қаласындағы астық терминалы жаңғыртылды, Баку портында, Иранның Амирабад портында астық терминалы құрылды.

Саланың өңірлік оқшаулануы. Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруде солтүстік өңірлер (Солтүстік Қазақстан облысының өсімдік шаруашылығы өнімінің жалпы көлеміндегі үлесі – 17,4%, Ақмола – 16%, Қостанай – 15,5%) және Алматы облысы (13,3%) жетекші позицияға ие болып отыр. Өсімдік шаруашылығы өнімдері Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарында мейілінше аз өндіріледі.

Мал шаруашылығы. Соңғы 9 жыл ішінде республиканың мал шаруашылығы саласындағы жағдай тұрақтандырылды – мал мен құс санының тұрақты өсімі, өнімділіктің артуы, отарды қалпына келтіруді жақсарту байқалады.

Жыл сайын мал шаруашылығы өнімін өндіру көлемі де артуда, олардың өсімі 2009 жылы келесідей болды: ет – 4,8%, сүт – 4,6%, жұмыртқа – 10,4% және жүн – 6,5%.

Мал шаруашылығы өнімінің өндірісі, негізінен, халық шаруашылығында шоғырланған – ет бойынша 82%, сүт – 90%, жұмыртқа өндіру – 49% және жүн – 72% құрады.

Мал мен құс өнімділігі арттырылуда, бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына тән болып келеді. Егер 2000 жылы бір сиырды сауудан болатын орташа сүт 2125 кг құраса, 2009 жылы – 3117 кг, немесе 9 жылдың ішінде 992 кг-ға артты, бір тауық беретін жұмыртқаның орташа саны – 268 бірлік құрады, 68 бірлікке арту болды, жүн қырку – 0,5 кг-ға артты және 2,6 кг құрады.

Өнімділіктің артуына іріктелген-асылдандыру жұмыстары ықпал етті. 2000 – 2009 жылдар аралығындағы кезеңде асыл тұқымды шаруашылық саны 421 бірлікке немесе 2,7 есеге артты. 2010 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығының кешенін 685 шаруашылық субъектісі құрайды.

Ірі мүйізді асыл тұқымды мал басының саны 9 жылда 2,5 есеге артты және 2010 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 343,5 мың бас құрады, сәйкесінше қой – 5 есе артты немесе 1 724,3 мың бас, шошқа – 10,7 есе артты және 160,0 мың бас, жылқы – 8,3 есе артты және 79,0 мың бас, түйе – 3,3 есе артты және 16,4 мың бас және құстар – 4 есе артты және 3 507,8 мың бас құрады.

Саланың өңірлік окшаулануы. Мал шаруашылығы өнім өндіруге негізгі үлесті Алматы (жалпы республикалық өндірістегі үлесі 15%), Қостанай (14,8%), Шығыс Қазақстан (12,6%) және Оңтүстік Қазақстан (10%) облыстары қосады. Мал шаруашылығы біршама нашар дамыған өңірлер – Маңғыстау, Атырау және Қызылорда облыстары.

Тұжырымдар мен қорытындылар. Созылып жатқан аумақты және жер ресурстарының ірі қорларын есепке алғанда аграрлық сектор республиканың келешекте дамуға арналған үлкен элеуетіне ие.

Республика бойынша тыңайған жерлер ауданы 4,5 млн. га құрайды, оның ішінде жуық арадағы жылдары айналымға шамамен 2 млн. га тарту жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта пайдаланылмаған жерлер санатына сапа құрамы бойынша орташа сапа жерлеріне жататын жерлер енеді, оларды қалпына келтірудің белгілі бір жұмыстары атқарылғаннан кейін егістікке айналдыруға болады. Елдің аграрлық өндірісінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттырудың маңызды резерві болып елдің оңтүстік өңірлеріндегі ирригациялық ғимараттардың сәйкес жаңғыртылуымен суармалы жерлердің аудандарын қалпына келтіру табылады.

Біздің елде бай егістік аудандары сияқты ресурстың болуы ауыл шаруашылығында мал шаруашылығының озық дамуына ықпал етуді. Сондай-ақ сыртқы өткізу нарықтарының болуы элеуетті тұтынушылар тарапынан отандық ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныстың болуын көрсетеді.

Тежеуіш факторларының бірі ауыл шаруашылығы өндірісі инфрақұрылымының нашар дамуы, ол ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, тасымалдау және сақтау сапасына теріс ықпал етеді.

АӨК-дегі ішкі тұтыну нарығын қанағаттандыруды және экспорттық жеткізілімдерді арттыруды көздейтін басым бағыттар болып табылады:

астық өнімін және экспортын және оның тереңдетілген өңдеуден шығарылған азық-түліктерін, ет және ет өнімдерін, жүн және оның тереңдетілген өңдеуден алынған тауарларды дамыту.

май дақылдары, жеміс-жидек өнімдерін өндіруді және қайта өңдеуді дамыту; сүт және сүт өнімдерін, қант қызылшасынан ақ қант өндіруді дамыту, құс шаруашылығын дамыту.

Ғарыш қызметі

Саланың рөлі мен орны. Ғарыш қызметінің нәтижелері қазіргі заманғы жағдайда экономика мен білімнің түрлі салаларында мультипликативтік ықпал ететін инновациялық жол бойынша қоғамдық дамудың күрделі факторы болып табылады. Қазақстанда ғарыш қызметін жүйелі дамыту елде жаңа саланың құрылуының негізін құрайды, ол ғарыш кластерінің қалыптасуына және дамуына, халықаралық мәндегі «алға жылжу» жобаларын жүзеге асыруға және Қазақстанның әлемдік экономикаға бірігуіне ықпал етеді.

Саланы дамытудың дүниежүзілік үдерістері. Болжамдар бойынша болашақта әлемдік ғарыш индустриясын және іске қосу қызметтері нарығын он жылдық тұралаудан кейін көтерілу күтеді. Атап айтқанда төмен орбиталы байланыстың жаңа ұрпақ серіктестеріне және қорғаныс тағайындауындағы жаңа серіктестерге сұраныстар АҚШ-да, Еуропада және өзге елдерде күтіледі. Бұл жерде аталған серіктестерді жеткізудің негізгі операторына Ресей жатады.

Саланың қазіргі жағдайы. Республикада ғарыш қызметінің дамуының бастамасына оның аумағында «Байқоңыр» ғарыш айлағының орналасуы ғана алғышарт болған жоқ, сонымен қатар ақпараттық технологияларды дамыту үшін өз серіктестеріне деген қажеттіліктің артуы себеп болды.

Қазақстанның ғарыш қызметінің құрылымында келесі негізгі сегменттерді бөліп айтуға болады: байланыс және хабарландырудың серіктес жүйесінің қызметтері, ғарыш аппараттарын өндіру, іске қосу қызметтерін көрсету, жерді қашықтықтың зондтау жүйесі қызметтері, ғарыш, оның ішінде навигациялық жүйелері жабдықтарын шығару және пайдалану.

Сала өнімдерін пайдалану бағыттары. Ғарыш қызметі бағыттарының біріне экономиканың өзге салалары (көлік, ауыл шаруашылығы, геология), жер, су, минералдық шикізат ресурстары, байланыстың серіктес жүйелері, Жерді қашықтықтан өңірдеу, жоғары тоқ навигациясы және деректерді беру үшін қызмет көрсету жатады.

Сала дамуының өңірлік аспектілері. Жер үсті ғарыштық инфрақұрылымы Қызылорда облысында «Байқоңыр» ғарыш айлағын, Алматы қаласындағы «Орбита» радиополигоны және «Ғарышстанциясы» сынақ кешені, Ақмола облысының Ақкөл қаласындағы Ғарыш аппараттары ұшуын бақылау және мониторинг жүргізу бойынша ұлттық ғарыш басқармасы орталығы қызмет етеді.

Саланың сипаттамасы. Республиканың ғарыш саласының негізгі жобалары

энергияны көп қажет ететін болып келеді, бұл оларды республика аумағында оңтайлы орналастыруды талап етеді. Жобалардың ғылымды көп қажет ететіндігі капитал сапасына жоғары талаптар қояды, осыған байланысты сала нысандарын орналастыру барысында аэроғарыш саласында, Сондай-ақ ғарышпен сабақтас салаларда – радиоэлектрондық қондырғылар мен механика, авиация құрылымы және тағы басқа еңбек кадрларының (1000-нан астам маман) болуы қарастырылу тиіс.

Тұжырымдар мен қорытындылар. Ғарыш саласының қажеттілігі мен талаптары қазіргі заманғы жағдайда күмән тудырады. Алайда осы жоғары зияткерлік қызметті жүзеге асыру елдің тиісті ғылыми және кадр әлеуетінің боулын талап етеді.

Осыған байланысты Қазақстанның ғарыш саласын дамыту перспективасын бағалау барысында келесі проблемалардың болуынан шығу қажет:

Қолданыстағы ғылыми және сынақтық-конструкторлық орталықтардың болмауы;

Ғарыштық және инновациялық өндірістер негіздерінің болмауы;

Ғарыш саласында ғылыми және кәсіби кадрларды оқыту және даярлау жүйесінің
б о л м а у ы ;

Ғарыш қызметінде тиімді мемлекеттік және тәуелсіз аудит жүйесінің болмауы.

Т у р и с т і к с а л а

Саланың рөлі мен орны. Қазіргі заманғы әлемде дамыған елдер арасында мәдени алмасу оң үрдіске ие бола алмай отыр. Туризмді дамыту адамдардың рекреациялық қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуі мүмкін және маңызды әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге ықпал етеді.

Саланың қазіргі жағдайы. Елде туристік саланың даму жағдайы соңғы жылдары динамикалық дамуден сипатталады.

Республиканың ЖІӨ-сіндегі сала үлесі 2004 жылғы 0,3%-дан 2009 жылғы 0,4%-ға дейін өсті. Бұл жерде туристік қызметте аталған кезеңде көрсетілген қызмет көлемі 3,4 есе 22,4 млрд. теңгеден 75,9 млрд. теңгеге дейін артты. 2009 жылы Қазақстанда 1203 туристік фирма жұмыс істеді, бұл 2004 жылғы 751 бірлікке және 2000 жылғы 531 бірлікке қарсы (2000 жылмен салыстырғанда өсім 2 есе артық). 2009 жылы 347,4 мың адамға қызмет көрсетілді, бұл 2000 жылғы деңгейден 2,4 есе артық.

Туристердің өмір сүру орындары инфрақұрылымын дамытудың статистикалық деректерін талдау оның тұрақты өсімінің үдерісін көрсетеді, алайда бүгінгі күні Қазақстанның аталған қуатты әлеуеті проблемаларды зерделеуге және аталған бағытта оларды шешуге жүйелі және кешенді тәсілдердің болмауынан толық пайдаланылмайды.

Қазіргі уақытта республикада 30,8 мың нөмірден тұратын 1235 қонақ үй кәсіпорыны қызмет етеді (2000 жылы олардың саны 159 бірл. 9,1 мың нөмір болатын), бір уақыттағы сыйымдылық 3 есе артты және 67857 төсек орын құрады (2000 жылы 16389 төсек орын есептелетін).

1999 жылдан бастап санаторийлік-курорттық мекемелердің және демалыс

ұйымдастырудың біртіндеп көтерілуі және дамуы басталады, олардың саны 2009 жылы 110-ге дейін өсті (Болжамды схемаға 14-қосымшада көрсетілген).

Емдеу-сауықтыру қызметтерін ұсыну және дамыту нарығындағы жағдай туристік-рекреациялық бағыттағы кәсіпорындардың сандық артуына қарай өзгеруде (Болжамды схемаға 15-қосымшада көрсетілген).

Саланың әлеуеті. Қазақстан түрлі экскурсия, қыдыру, саяхат және демалыс түрлерін ұйымдастыру және өткізу үшін орасан зор ресурстарға ие болып отыр.

Экотуризмнің негізгі басым өңірлеріне Ақмола облысында Щучье-Бурабай, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарындағы курорттық өңірлер жатады. Астана және Алматы қалаларында негізінен іскерлік туризм түрі дамыған. Жағалау туризмі ең алдымен Қапшағайда, Балқашта және өзендер мен көлдерде дамыған. Каспий теңізінің жағалауы мен жағасы үлкен әлеуетке ие.

Емдеу-сауықтыру туризмі «Сарыағаш» (Оңтүстік Қазақстан облысы), «Арасан-Қапал» (Алматы облысы), «Мойылды», «Баянауыл» (Павлодар облысы), «Жаңақорған» (Қызылорда облысы), «Щучье-Бурабай аймағы» (Ақмола облысы), «Каспий» (Маңғыстау облысы) және тағы басқа тұрады.

Сала әлеуеті жеткілікті дәрежеде әрекет етпейді – халықаралық туризмнен түсетін пайда Қазақстанның әлеуетті мүмкіндіктерінің 10%-ын құрайды.

Сала өнімін пайдалану бағыттары. Қазақстан әлеуеті жақсы болып келетін бір туристік өнімге ие, алайда халықаралық нарықта әлсіз бәсекеге қабілетті болып келеді – бұл бай табиғи ресурстар мен климаттық жағдайларды пайдаланатын экологиялық турлар. Аталған туристік өнімге әлеуетті қызығушылық сарапшылардың бағалауы бойынша 8,9 млн. адам (немесе жалпы әлеуеттің 63%) құрады.

Саланы дамытудың өңірлік аспектілері. Елдің туристік фирмаларының жалпы санының жартысынан артығы (57,3%) Алматы қаласында шоғырланған. Тіркелген туристік фирмалар саны бойынша екінші орында Астана қаласы тұр – 7,6%. Көшбасшылар үштігіне Қарағанды облысы кіреді, онда 2009 жылы туристік фирмалардың саны 76 бірлікті немесе 6,3%-ды құрады.

Саладағы жұмыспен қамту мәселелері. Туризм саласы қызметшілерінің саны 2000 жылғы 314,2 мың адамнан 2009 жылы 142,4 мың адамға немесе 2,2 есе азайды. Сонымен қатар туристік сала жоғары жұмыспен қамту қалыптасатын экономика секторына жатады. Осылайша, Ақмола облысында «Бурабай» туристік орталық құру бойынша бір жобаны жүзеге асыру барысында ғана 23650 жұмыс орны құрылды.

Тұжырымдар мен қорытындылар. Туристік саладағы күрделі проблема – әлсіз инфрақұрылым. Экономикалық дағдарыс ішкі туризмнің дамуына серпіліс берді, алайда оның дамуына инфрақұрылымның болмауы, көлікпен проблемалар, сондай-ақ Қазақстан қалалары арасында әуемен ұшу құнының жоғары болуы кедергі жасайды.

Қызмет көрсету сапасының деңгейі көптеген туристік нысандарда төмен болып қалып отыр, бұл қызметшілердің әлсіз кәсіби дайындығына байланысты болып келеді.

Туристік сала үшін кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру бойынша шараларды жүзеге асыруға уақыт талап етіледі.

Аумақтар сипаттамаларының схемалары, салалық схемалар, аумақтардың қалыптасқан экономикалық ұйымдастырылуының схемалары және мемлекетаралық маңыздылығы бар схемалар Болжамды схемаға 56 – 75-қосымшаларда көрсетілген

1.2 Түрлер бөлінісінде өңірлердің инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі және инфрақұрылым объектілерін орналастырудың, аумақтың тірек қаңқасының схемаларымен бірге өңірлердің дамуын тежейтін негізгі инфрақұрылымдық шектеулер.

Көлік инфрақұрылымы. Қазақстан аумағының қашықтығы және үлкен ауданы оның аумақтық байланыстылығы мен тұтастығын қамтамасыз етуді сақтау мақсатында көлік тасымалының маңыздылығын негіздейді.

Қазақстанның көлік жүйесіне автомобиль, ауа, темір жол, теңіз, ішкі су және құбыр көлігі жатады. Көлік саласы ЖІӨ-нің 8,3% береді (2009 жылдың нәтижелері бойынша), онда 228,7 мың адам жұмыс жасайды, ол жұмыс жұмыспен қамтылғандардың 2,8%-ын құрайды.

Республиканың аумақтық ерекшеліктерін ескеретін болсақ жүк сыйымдылығы бойынша Қазақстан экономикасының тиімділігі төмен болып келеді. Қорытынды өнімнің құнындағы көлік шығындарының үлесі жоғары болып келеді және сәйкесінше темір жол және автомобиль тасымалдары үшін 8% және 11% деңгейінде болады, ал дамыған елдерде осы көрсеткіш 4-4,5 %-ды құрайды.

2-кесте. Жүктер мен жолаушыларды тасымалдауда көлік түрлерінің рөлі

	Жүк айналымы, млрд. ткм		Жолаушылар айналымы, млн. жкм	
	2009 жыл	үлес салмағы, %-бен	2009 жыл	үлес салмағы, %-бен
Барлығы	337,0	100,0	130834	100,0
оның ішінде:				
темір жол	197,5	58,6	14702	11,2
автомобиль	66,3	19,7	110828	84,7
өзен	0,06	0,0	1,5	0,0
теңіз	1,40	0,4		-
құбыр	71,7	21,3		-
ауа	0,1	0,0	5303	4,1

Өткен ғасырдың 90-жылдарында Қазақстанда дамыған көлік жүйесі болатын, ол халықтың мобильділігін, өңірлер арасындағы өзара байланысты, ішкі экономикалық байланыстар мен транзиттік тасымалдарды қамтамасыз етті. Нарықтық экономикаға ауысу кезеңінде көлікте маңызды өзгерістер байқалды, олар жүк тасымалына сұраныстың төмендеуімен және тасымалдар көлемінің азаюымен байланысты болды, оның ішінде транзиттік. Жолаушылар тасымалы үшін жаңа жағдайлар ең алдымен халық қозғалысы сипатының және тасымалдарға төлем қабілетті сұраныстың өзгеруімен, сондай-ақ, жеке жеңіл көліктер санының артуымен байланысты болды.

Үдемелі жеке мобильділік ірі қалалардың агломерациялық аумағында маятниктік көші-қон өсуінің негізгі факторына айналды. Қазақстанда көмірсутектерді өндіру мен экспорттың артуына байланысты құбыр көлігінің рөлі де артты.

Темір жол көлігі. Қазақстанның жалпы пайдаланудағы темір жол жолдарының пайдалану ұзындығы 14,2 мың км құрайды (оның ішінде, екі орынды желілер – 4,8 мың км (34%), электрлендірілген желілер – 4,1 мың км (29%) (ол әлемдік көрсеткіштерге сәйкес келеді), тығыздық – аумақтың 1000 шаршы км-не 5,5 км-ден келеді.

Ұқсас аумақтық жағдайлары және халықты жайғастыру жүйесі бар елдермен салыстырғанда Қазақстан Австралия (темір жолдардың тығыздығы 1000 шаршы км-ге 4,45 км) және Канада (1000 шаршы км-ге 9,84 км) арасында орналасқан.

Тасымалдардың серпіні мен құрылымы. 2009 жылы темір жол көлігімен 248,4 млн.тонна жүк тасымалданды, ол 2008 жылғы көрсеткіштен 7,7%-ға төмен, оның ішінде, транзит – 14,76 млн.тонна (2009 ж.) немесе тасымалдардың жалпы көлемінің 5,9%. 2009 жылы жүк тасымалы 197,5 млрд. ткм-ды құрады, ол 2008 жылғы көрсеткіштен 8,1%-ға төмен, оның ішінде транзит – 24,5 млрд. ткм немесе жүк айналымының жалпы көлемінің 12,4%.

Темір жол көлігінің елдің жүк айналымы мен жолаушылар айналымының жалпы көлеміндегі үлесі шамамен 60%-ды құрайды, бұл ретте саланың табысты қызметі жылу энергетикасы, кен өндіру және металлургия өнеркәсібінің, құрылыс индустриясының, астық және ұн өндірушілерінің кәсіпорындары үшін маңызды болып келеді.

Саладағы негізгі жүк айналымын көмір тасымалы – 42% (91 млн.тонна), қара және түсті металл кендері – 19% (41,4 млн.тонна), құрылыс жүктері – 6% (13,7 млн.тонна), астық және нан жүгі – 4% (9620 млн.тонна), қара металлдар 3% (6,0 млн. тонна) қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Желінің дамуы. 2000 – 2009 жылдары жаңа темір жол тораптары салынды: 2001 жылы пайдалануға ұзындығы 183 км Ақсу – Дегелен, 2005 жылы ұзындығы 403 км Алтынсарин – Хромтау, 2008 жылы ұзындығы 153 км Шар станциясы – Өскемен темір жолдары пайдалануға берілді. Жаңа теміржол желілері республиканың батысы мен шығысындағы ұлттық желіні қамтып, Қазақстан аумағы бойынша жаңа транзиттік бағыттардың пайда болуын қамтамасыз етті.

Темір жолдың негізгі бөлімшелері (торапты станциялар). Темір жол желісінің негізгі станцияларынан 2009 жылы 219,6 млн.тонна жүк жіберілді. Сонымен қатар, осы станциялармен 232,8 млн.тонна жүк қабылданды.

Жүк айналымының жалпы көлемінде ерекшеленетін станциялар: темір жолдардың Павлодар бөлімшесі – жіберілген жүктердің республикалық көлемінің 33,4% және қабылданған жүктердің 19,4%-ы. Жүктердің негізгі түрлері – тас көмір (85%), мұнай өнімдері (5%), қара кендер және түсті металдар (4%).

Қарағанды бөлімшесі – сәйкесінше 18,7% және 15,7%. Жүктердің негізгі түрлері – тас көмір (59%), қара металдар (8%), түсті кендер (7%).

Қостанай бөлімшесі – сәйкесінше 14,0% и 10,6%. Жүктердің негізгі түрлері – темір кені (65%), түсті кендер (17%), астық (8%).

Атырау бөлімшесі – сәйкесінше 7,4% және 7,8%. Жүктердің негізгі түрлері – шикі мұнай (47%), мұнай өнімдері (31%)

Жүк айналымы техникалық сипаттамалары көрсетілген станциялардың толық тізбесі Болжамды схемаға 16-қосымшада көрсетілген.

Негізгі шекаралық темір жол тораптары. Қазақстандық темір жолдардың шекараларында көршілес мемлекеттер жолдарының желісімен көлік қатынасын қамтамасыз ететін 13 қолданыстағы шекаралық темір жол тораптары бар: Ақсарай, Озинки, Илецк, Никельтау, Тобыл, Пресногорьковская, Петропавл (Б/п 7), Кулунда, Локоть, Достық, Луговая, Сарыағаш, Оазис, Қызылту және Золотая Сопка тораптары мемлекетаралық тасымалдар үшін уақытша жабылған (схема).

Шекаралық тораптардың арасында республикамызға әлемдік нарыққа шығуды (серіктес-елдердің қатысуынсыз) қамтамасыз ететін Достық станциясы ерекше орынға и е б о л ы п к е л е д і .

Шекаралық тораптардың жұмысында экспорттық тасымалдар басымдыққа ие. Пресногорьковская станциясынан басқа қолданыстағы тораптар транзиттік ағымдарды өткізуге де қатысады. Транзиттің негізгі көлемі келесі тораптар арқылы өтеді: Сарыағаш, Оазис, Ақсарай, Достық, Луговая және Локоть. Транзитті өткізуге аз араласатын тораптарға бұрын басты транзиттік тораптар болып саналатын Кулунда мен Т о б ы л с т а н ц и я л а р ы ж а т а д ы .

Қазақстан негізінен ТМД елдерімен шекаралас орналасқан, олардың темір жол желісі (Қазақстан сияқты) ортақ пайдалану талаптары ескерілген ортақ техникалық стандарттар бойынша жобаланып, салынды. Осының салдарынан мемлекеттік шекарадан темір жол арқылы өту көп жағдайда техникалық қиындық тудырмайды.

Ерекшелік ретінде Достық шекаралық пунктін айтуға болады, онда қазақстандық темір жол желісі әлдеқайда жіңішке («батыс еуропалық») Қытайдың темір жол желісімен тоғысады. Сондықтан Қазақстан-Қытай шекарасы арқылы жүктерді тасымалдау (Достық – Алашанькоу шекаралық өтпе жолы) темір жол табанының енін өзгерту бойынша қосымша операциялардың орындалуын талап етумен күрделенеді.

Достық – республикалық темір жол желісінің негізгі трансконтинентальдық еуразиялық дәліздерді қалыптастыруда қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін Қазақстанның темір жол желісіндегі маңызды шекаралық торап болып табылады.

Станция арқылы өтетін халықаралық тасымалдардың 80 %-нан астамын экспорт құрайды, оның құрамында металл сынықтары, қара металлдар, шикі мұнай басым болады.

3-кесте. Қазақстан Республикасының темір жол желілері бойынша 2008 жылғы шекаралық өтпе жолдар бойынша транзиттік ағымдардың корреспонденциясы

млн.тонна

Тапсыру/ Қабылдау	Барлығы	оның ішінде, шекаралық өтпе жолдар				
		Локоть	Достық	Луговая	Сарыағаш	Ақтау порты
Барлығы	15,47	0,22	0,49	1,93	7,45	0,04
оның ішінде шекаралық өтпе жолдар:						
Локоть	2,42	X	0,10	0,11	2,21	
Достық	2,48	0,07	X	0,14	1,66	0,03
Луговая	0,51	0,02	0,03	X	0,37	
Сарыағаш	2,06	0,13	0,15	0,05	X	
Оазис	0,81					
Ақсарай	2,26			0,19	0,29	
Озинки	0,51			0,16	0,34	
Илецк	1,01			0,22	0,76	
Никельтау	1,47		0,01	0,24	0,90	0,01
Тобыл	0,37		0,19	0,13	0,05	
Петропавл	1,30		0,01	0,68	0,61	
Кулунда	0,27			0,01	0,26	

Ескертпе – негізгі шекаралық өтпе жолдары болып көрсетілген

кестенің жалғасы

оның ішінде, шекаралық өтпе жолдар							
Оазис	Ақсарай	Озинки	Илецк	Никельтау	Тобыл	Петропавл	Кулунда
2,13	0,98	1,21	0,34	0,07	0,34	0,26	0,01
	0,04	0,07			0,29	0,17	0,01
		0,03	0,01		0,01	0,04	
	0,13	1,11	0,33	0,07	0,04	0,05	
X	0,81						
1,78	X						
0,01		X					
0,03			X				
0,31				X			
					X		

Ескертпе – негізгі шекаралық өтпе жолдары болып көрсетілген

3-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, транзиттік жүк тасымалдарын өткізуге елдің қолданыстағы барлық 13 шекаралық өтпе жолы қатысады. Бұл ретте транзиттің негізгі бөлігі (84 %) қазақстандық темір жолдардың желісіне 7 шекаралық өтпе жолы арқылы жеткізіледі, ал көрші мемлекеттер жолдарының желісіне (89 %) 5 торап

арқылы

тапсырылады.

Негізгі транзиттік темір жол бағыттары. Қабылданған жіктеуге сәйкес (негізінен географиялық белгі бойынша) негізгі транзиттік бағыттар келесі түрде қалыптасқан: Солтүстік, Оңтүстік, Ортаазиялық және Батыс.

Солтүстік бағыт Алматы, Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары арқылы Достық – Ақтоғай – Саяқ – Мойынты – Астана – Петропавл тораптары бойымен өтеді. Дәліз бағытының мүмкін нұсқасы - Астана – Тобыл екі желілі электрленген торапты толығымен пайдалана отырып, Астана станциясынан Тобылға қарай жүреді. Бұл нұсқа техникалық қатынаста белгілі басымдыққа ие болуымен байланысты таңдалады. Ол ресейлік көлік сарапшыларымен ресейлік және қазақстандық бағыттағы трансұлттық бағыттарды салыстырмалы бағалауда басым нұсқалардың бірі болып есептеледі.

Оңтүстік бағыт Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары арқылы, Достық станциясынан Ақтоғай – Алматы – Шу – Арыс – Сарыағаш бағытымен өтеді. Оңтүстік бағыт ТАТЖ Орталық дәлізіне кіреді, оның бағыты – Сарыағаш станциясынан Өзбекстанның темір жол желісі бойынша Иранмен (Серахс – Мешхед) шекаралық өтпе жолыны және ары қарай Бандер – Аббас портына шығады.

Солтүстік және Оңтүстік ішкі бағыттар Еуропа – Азия трансконтинентальды бағыттарға қосылу болашағына ие.

Ортаазиялық ішкі бағыт Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстары аумақтары арқылы, Сарыағаш – Арыс – Қандыағаш – Озинки бойымен өтіп, Ортаазиялық өңір мемлекеттерінің ТМД елдерімен және Еуропаның орталығы мен солтүстігінде, сондай-ақ оның шекараларынан тыс орналасқан қиыр шетел мемлекеттерімен сауда-экономикалық байланыстарын қамтамасыз етеді.

Ұқсас функцияларды Еуропаның (Атырау, Маңғыстау облыстары) оңтүстік өңірлерімен байланысты Батыс бағыт та атқарады.

Бастапқыда бұл дәліз Ақсарай – Мақат – Бейнеу шекараларында, Ақтау порты мен Өзбекстанға шығу жолы ретінде қарастырылды. Бастапқы мақсатын сақтай отырып, Батыс дәліз қазіргі заманда Ақтау порты арқылы Каспий теңізіне шығу кезінде қалыптасатын «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық темір жол-теңіз дәлізінің тасымалына қатысу мүмкіндігі бар (негізгі нұсқада – Оля және Махачкала ресейлік теңіз порттары арқылы).

Осымен байланысты, сондай-ақ Қазақстанда Хромтау – Алтынсарин жаңа темір жолының пайдалануға берілуімен байланысты, Никельтау – Қандыағаш – Мақат торабының халықаралық тасымалдарға қатысу рөлі артты, ол республиканың экспорттық-импорттық жүктерін ғана емес, сонымен қатар Урал мен Батыс Сібірдің транзиттік жүктерін Ақтау порты арқылы өткізуде пайдаланыла алады. Сондықтан осы торапты негізгі бағыттың кіші нұсқасы ретінде Батыс ішкі дәлізінің құрамына қосу орынды шешім болары сөзсіз (Ақсарай станциясы арқылы).

Темір жол инфрақұрылымының елдің қажеттіліктерін қанағаттандыра алу мүмкіндігі. Қолданыстағы темір жолдар желісі ел экономикасының қажеттіліктерін қанағаттандыра алады – темір жолдардың пайдалану ұзындығының және станциялар санының өзгермеуімен байланысты, 1990 жылмен салыстырғанда 2009 жылы 14 463 км және 14205 км, елде жүк және жолаушылар тасымалы күрт азайды: жүк тасымалдары 345,0 млн.тоннадан 248,7 млн.тоннаға немесе 28%-ға, жүк айналымы 407,0 млрд.ткм-ден 197,3 млрд.ткм. немесе 51,5%-ға азайды. Сонымен қатар, саланың локомотив паркі да азайды – 3045-тен 1708 данаға немесе 43,9%-ға дейін.

Ел аумағы арқылы өтетін жүктердің транзиті үлкен қаражатты қажет етпейді – егер 1989 жылғы тасымалдар санының артуымен байланысты транзит ағымдарын қамтамасыз еткен негізгі магистральдар шекті жүктемемен жұмыс жасап, жылына 100 млн.тонна транзит жүктерін тасымалдаса, транзиттің қазіргі 15,5 млн. тонна көлемі қазақстандық темір жолдардың транзиттік әлеуетінің қазіргі заманғы жағдайын 15 % деңгейінде бағалауға мүмкіндік береді.

Проблемалар мен шектеулер. Қазақстан Республикасы темір жол саласының жағдайы бір жағынан тұтынушылардың сервистің әралуандылығы, икемділігі, сапасы және клиентке бағытталуына, жеткізілімнің жылдамдығы, сенімділігі мен шарттық шұғылдығына артып жатқан талаптарымен, екінші жағынан физикалық ескірген активтермен, моральды тозған технологиялармен, қызметтердің бәсекеге қабілетсіз сипаттамаларымен және институтционалды құрылымның баламасыз нарықтық жағдайлар арасындағы теңсіздікке байланысты болды.

Саланың негізгі проблемаларына локомотивтер мен вагондар паркінің жедел тозуы (тозу шамамен 61%-ды құрайды), сонымен қатар барлық темір жол шаруашылығының жағдайы әсер етеді. Сала дамуын, сондай-ақ транзиттік тасымалдардың өсуін тежейтін маңызды кедергіге жүктердің ел аумағы бойынша тасымалдануының төмен жылдамдығы, сонымен қатар Қазақстанның темір жол желісінің Достық маңызды шекаралық торабындағы рельс размерінің сәйкес келмеуі жатады.

Темір жол көлік құрылымында ең үлкен шектеулері бар өңірлерге: темір жолдардың тығыздығы орташа республикалық деңгейден аз Батыс Қазақстан облысы – 52,7%, Қызылорда облысы – 61,7%, Шығыс Қазақстан облысы – 78,7%, Қарағанды облысы – 83,7%, Маңғыстау облысы – 87,4%-ды құрайды.

Алматы облысы мен Алматы қаласындағы маңызды шектеуге келесілер жатады:

Алматы торабының шамадан тыс жүктелуі: Алматы-1 және Алматы-2 станциялары техникалық параметрлері жағынан жүктердің үздіксіз артып жатқан ағынын қабылдай алмайды;

ТРАСЕКА, ТАТЖ Орталық дәлізі, қалыптасып жатқан Қорғас – Озинки Орта Азиялық дәлізі сияқты негізгі халықаралық көлік дәліздерінің құрамына кіретін темір жол торабының жеткіліксіз өткізу қабілеті. Бұл ең алдымен екі торапты қосымшалары бар бір торапты Шу – Алматы учаскесі, оның өткізу мүмкіндігі қазіргі уақытта

шектелген болып келеді, ал оны интенсивті тасымалдар жағдайында екі жолды желіге ауыстыру өте қиын болады және шығынды көп талап етеді.

Маңғыстау облысының темір жол тасымалы саласында басты шектеуге темір жолдардың барлық учаскелерінің бір табанға ие болып, электрленбегені жатады.

Автомобиль көлігі. Өз құрылымы мен ұзындығына байланысты республикадағы жалпы пайдалану жолдарының желісі қалыптастырылған. Қазақстандағы автомобиль жолдарының тығыздығы 1000 шаршы км аумаққа 30,9 км-ды құрайды және біршама төмен болып келеді. Қазақстанмен ұзындығы бойынша ұқсас болатын елдерде автомобиль жолдарының тығыздығы жоғары болып келеді: Ресейде – 1000 шаршы км-ге 44 км, Канадада – 90,5 км, Австралияда – 105,6 км, АҚШ-да – 670 км.

Автомобиль жолдарының тығыздығы елдің өңірлері бойынша ерекшеленді (Солтүстік Қазақстан облысында 1000 шаршы км-ге 71,8 км-ден Қызылорда облысында 12,3 км-ге дейін). Жалпы пайдаланыстағы автомобиль жолдарының ұзындығы 96,8 мың км-ды құрайды, олардың ішінде республикалық маңызы бар жолдар – 23,5 мың км . Халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы 13 мың км, жергілікті маңызы бар жолдар - 70,1 мың км .

Халықаралық және республикалық маңызы бар жолдарға (жалпы пайдаланатын жолдардың 25%-ы) автокөлік тасымалының 50%-нан астамы тиесілі.

Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау көлемі 2000 жылғы 982 млн. тоннадан 2009 жылы 1687,5 млн. тоннаға немесе 71,8%-ға, жүк айналымы 31,0 млрд. ткм-нен 66,3 млрд. ткм-ге немесе 2,1 есе артты. Елдегі жүктердің бестен бір бөлігі автомобиль көлігімен тасымалданады. Автомобиль көлігі жүк айналымының шамамен жартысы елдің 5 өңіріне тиесілі: Алматы қаласы, Қызылорда облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Атырау және Павлодар облысы .

Бірақ автокөлік жолаушылар тасымалында шешуші рөлге ие болып келеді, ол тасымалданған жолаушылар санының 99,1%-ын қамтиды. Автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдаудың өсімі 2000 – 2009 жылдар кезеңінде 82,7%-ды құрады.

Шекаралық автомобиль бекеттері. Қазақстанда көрші елдермен мемлекеттік шекарада 42 шекаралық автомобиль бекеттері (ШАБ) қызмет етеді, олар жан-жақты және екі жақты бағытта әрекет етеді.

Қазақстан мен Қытай шекарасы түйілісінде жан-жақты бағытта бес ШАБ қызмет етеді: Алматы облысында – Қорғас, Достық, Қалжан, Шығыс Қазақстан облысында – Б а қ т ы және М а й қ а п ш а ғ а й .

Қазақстан мен Ресей шекарасы түйілісінде - 30 ШАБ, бұл ретте олардың барлығы жан-жақты бағытта пайдаланылады:

Атырау облысында – Құрманғазы;
Батыс Қазақстан облысында – Тасқала, Сырым, Ақсай;
Ақтөбе облысында – Әлімбет, Жайсан;
Қостанай облысында – Қайрақ, Ақбалшық;

Солтүстік Қазақстан облысында – Жаңа Жол, Қарақоға, Қызыл Жар;
 Павлодар облысында – Үрлітөбе, Қосақ, Шарбақты;
 Шығыс Қазақстан облысында – Ауыл, Үбе, Жезкент.
 Екі жақты тасымал үшін:
 Батыс Қазақстан облысында – Жанібек, Орда, Шаған;
 Ақтөбе облысында – Қарашатау;
 Қостанай облысында – Қондыбай, Желкуар, Аят, Обаған;
 Солтүстік Қазақстан облысында – Бидайық;
 Павлодар облысында – Амангелді, Найза;
 Шығыс Қазақстан облысында – Байтанат, Қоянбай.

Мемлекеттік шекараның Қазақстан-Өзбекстан торабында жан-жақты тасымалдың бес ШАБ жұмыс жасайды: Маңғыстау облысында – Тажен, Оңтүстік Қазақстан облысында – Жібек Жолы, Б.Қонысбаев атындағы, Қапланбек, Қазығұрт – және бір жақты қатынас: Оңтүстік Қазақстан облысында – Атамекен.

Қазақстанның Түркменстанмен мемлекеттік шекарасы торабында көп жақты қатынас үшін Маңғыстау облысында Темірбаба өткізу бекеті ашылды.

Транзиттік тасымалдар. Қазіргі уақытта республикалық автокөліктің үлесіне Қазақстан Республикасы арқылы транзиттік қатынастың шамамен 2% тиесілі. Соған қарамастан, көліктің осы түрінде еуразиялық тасымалдар нарығында өзінің тұрақты саласы бар (шұғыл әрі аса бағалы жүктерді жылдам жеткізу, шекарааралық қатынас және тағы басқа), ол әрі қарай да сақталады.

Қазіргі уақытта және болашақта халықаралық тасымалдар алты негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады, олар бойынша транзиттік жүк тасымалының үлестіру 4-кестеде көрсетілген

4-кесте. Қазақстанның автомобиль жолдары арқылы өтетін транзиттік жүк тасқындарының үлесі.¹

Дәліздің нөмірі	Бағыт	Транзиттік жүк тасқындарының үлесі, %-бен (2009 жыл)
1	Өзбекстанның шекарасы – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы – Қорғас – Қытайдың шекарасы	97,4
2	Өзбекстанның шекарасы – Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал – Ресей Федерациясының шекарасы	23,0
3	Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл	13,2
4	Ресей Федерациясының шекарасы – Атырау – Бейнеу – Ақтау – Түркменстанның шекарасы	3,1
5	Ресей Федерациясының шекарасы – Павлодар – Семей – Майқапшағай – Қытайдың шекарасы	2,1
6	Астана – Қостанай – Ресей Федерациясының шекарасы	0,8

Жоғарыда аталған алты негізгі бағыттың ұзындығы 8,3 мың км, немесе транзиттік дәліздердің жалпы ұзындығының 64%-ын құрайды. Ұзындықтың үлкен бөлігінде (94%)

асфальттық – бетондық және қара қиыршық топырақ төселген, қара жол тек қана бір бағытта орналасқан (төртінші). Бірақ бағыттардың көп бөлігінде техникалық-пайдалану сипаттамалары (тегістік пен беріктік) нашар жағдайда болып отыр. Жол инфрақұрылымы объектілерінің деңгейі де төмен болып келеді (техникалық қызмет көрсету станциялары, жанармаймен жабдықтау орны, тамақтану және демалу орындары). Автокөлік құралдарын сапалы отынмен толтыру да кепілдендірілмеген.

¹ 1-ші және 2-ші дәліз Өзбекстан мен Шымкентке дейінгі шекарада сәйкес келеді. Осымен байланысты, осы учаске бойынша тасымалдардың көлемі екі дәліз бойынша транзиттік жүк тасқындарының көлемі екі дәлізде де ескерілген

Транзиттік тасымалдар Орта Азия, Ресей, Қытай республикалары арасында жүзеге асырылады. Автокөліктік транзиттің негізгі көлемі (шамамен 86%) Қытайда қалыптасады. Ресей (4,6 %) мен Орталық Азия (шамамен 3,8 %) республикаларының үлесі әлдеқайда аз болып келеді. Қалған елдердің транзиттік тасымалдардағы үлестік салмағы шамамен 6,3 %-ды құрайды.

Транзиттің басым үлесін халық тұтынатын тауарларды тасымалдау құрайды (39,5% заттай және 44,6% құндық көріністе), машиналар мен жабдықтар (сәйкесінше, 12,4% және 32,6%), металл бұйымдары (10,5% және 3,3%). Осы жүктер топтарының үлесі жыл сайын артып жатыр. 2007 – 2008 жылдары химия өнімінің, пластмасса мен резина заттарының транзиттік тасымалдар көлемдерінің азаюы байқалған еді.

Проблемалар мен шектеулер. Саланың басты проблемасы – жол төсемдерінің көтеру мүмкіндігінің үдемелі тозуы. Республика жолдарының басым бөлігі (86%) өткен жылдардың 60-80-жылдарда сол кезеңнің нормативтік талаптары бойынша, өсуге қатысты жүктеме 6 тоннадан аспаған уақытта жобаланып, салынған.

Жергілікті маңызы бар жолдардың 46%-ы, республикалық маңызы бар 30%-ның жағдайы қанағаттандырылғы емес болып саналады, ол соңғы жолдардың басымдылығы туралы мәлімдейді. Бірақ, жолдардың жергілікті желісі халықты жұмыспен қамтамасыз етудің мүмкіндіктерін кеңейтеді, ал оның болмауы жағымсыз әлеуметтік әсерге ие бола отырып, ауылдық жерлердегі жұмыссыздық себептерінің біріне алып келеді және халықтың арасында өркениеттен үзілу сенімін тудырады. Автомобиль жолдарының желісі жеткілікті дәрежедегі дамымаған елдерде, халыққа мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді ұсыну құны дамыған инфрақұрылымы бар елдермен салыстырғанда 2-3 есе артық болып келеді.

Қазақстанның автокөлік кешенінің Еуразиялық көлік жүйесімен ықпалдасу үдерісін бағалай отырып, әзірге оның транзиттік әлеуетінің аз мөлшерде пайдаланылуы туралы мәлімдеуге болады – негізінен өңірдің елдері арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды қамтамасыз ету (өңірлік транзит).

Автомобиль көлік құрылымындағы шектеулер деңгейі ең жоғары өңірлерге:

Қызылорда облысы, мұндағы қатты төсемі бар автомобиль жолдарының тығыздығы республикалық деңгейдің 39%-ын құрайды, Маңғыстау облысында – 43%, Ақтөбе облысында – 55%, Атырау облысында – 61%.

Алматыда қаланың негізгі көліктік шектеуіне кеңес одағында жобаланған және қазіргі көлік ағынына арналмаған қалалық автомобиль жолдарының шамадан тыс жүктелуі жатады (ресми мәліметтер бойынша қалада 510,2 мың автокөлік тіркелген).

Астанада көлік инфрақұрылымының негізгі кемшілігіне жағдайы қанағаттанарлықсыз болып келетін жолдардың жоғары үлестік салмағы және жол желісінің әлсіз өткізу қабілеті жатады. Басқа қалаларда тіркелген көліктерді қоса есептегенде Астана қаласында шамамен 196,6 мың автокөлік тіркелген, олар кеңес одағының тұрпаттық жобалары бойынша құрылған көшелерге шығады, ол кәсіпорындар мен қала халқы үшін үлкен көлік шектеулеріне алып келеді.

Әуе көлігінің инфрақұрылымы. Азаматтық авиация саласындағы негізгі проблемаға Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ХААҰ) стандарттарына сәйкес келмейтін өңірлік әуе көліктерінің ескірген паркі, авиациялық персоналды, әсіресе, ұшу құрамының тапшылығы жатады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 20 әуежай қызмет етеді, олардың 15 халықаралық ұшуға жіберілген, 9 – Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ХААҰ) стандарттарына сәйкес келеді және келесі санаттар бойынша бөлінеді: III-санат – Астана және Алматы қалаларының әуежайлары, II-санат – Атырау және I-санат бойынша – Павлодар, Шымкент, Қарағанды, Жезқазған, Ақтөбе және Өскемен қалалары әуежайлары жатады.

Қазіргі уақытта Семей, Қызылорда, Қостанай, Талдықорған, Көкшетау, Тараз, Петропавл қалаларындағы негізгі проблемаға ұшу-қону алаптарын жаңарту қажеттілігі, ал Атырау қаласындағы жолаушылар және жүк терминалын салу қажеттілігі жатады.

Мұнай мен газды тасымалдау инфрақұрылымы Басты міндеттер. Қазақстанның мұнай мен газды тасымалдау инфрақұрылымы келесі міндеттерді шешу үшін пайдаланылады: сыртқы нарықтарға мұнай мен газды экспорттау; шикізатты кен орындардан мұнайды және газды өңдеу зауыттарына тасымалдау және ел ішінде тұтынушылар үшін газды жеткізу; өзінің шикізаты жоқ кәсіпорындар мен өңірлерге импортталатын мұнай мен газды жеткізу;

басқа елдер арасында республиканың аумағы бойымен мұнай мен газды транзиттік тасымалдау.

Мұнай, мұнай өнімдері және газ Қазақстанның ішкі және сыртқы нарығына құбырлар арқылы, темір жолмен, сонымен қатар теңіз және өзен көлігімен тасымалданады.

Мұнай мен газдың бай қорына ие Қазақстан Еуразиялық континенттің дәл

ортасында, негізгі әлемдік нарықтардан алыс орналасқан, осымен байланысты көмірсутектерді шетел елдеріне тасымалдау проблемасы қайтадан назарға алынады. 2020 жылы Қазақстанда 163,5 млн.тонна мұнай өндіріледі, оның 150 млн.тоннасы немесе 91,7%-ы экспортқа шығарылады. 2020 жылғы болжамдалатын тауарлық табиғи газ көлемінің 39,2 млрд.куб.м 16,2 млрд.куб.метр немесе 41,3% экспортқа жұмсалады.

Мұнайды тасымалдау. Қазақстанның мұнай құбыр жүйесі мұнай кен орындарын республиканың мұнай өңдеу зауыттарымен және Ресей мен қытайдың құбыр жүйелерімен шетелге мұнайды экспорттау мақсатында біріктіреді. Жүйе үш мұнай құбыр ішкі жүйесінен тұрады – Батыс, Шығыс және «Қазақстан-Қытай».

Мұнай құбырларының Батыс ішкі жүйесі Қаламқас кен орнынан басталып (Маңғыстау облысы), мұнайдың Каспий теңізіндегі Ақтау портының терминалдарына, Атырау қаласындағы МӨЗ-на және Ресей Федерациясының мұнай құбыр жүйесімен (Самара) тасымалдануын қамтамасыз етеді. Бұл жүйе КҚК – «Кеңқияқ – Атырау» және «Кеңқияқ – Орск» мұнай құбырларымен байланысты болып келеді. «Кеңқияқ – Орск» мұнай құбыры Ақтөбе облысындағы кен орындардан Ресейдегі Орск МӨЗ мұнай тасымалдауға арналған. КҚК мұнай құбыры Теңіз кен орнын Қара теңіздегі Оңтүстік Озереvkаның терең сулы терминалымен байланыстырады.

Мұнай құбырларының Шығыс ішкі жүйесіне кеңес одағы кезінде Қазақстанның, Өзбекстан мен Түркменстанның МӨЗ-на батыс-сібір мұнайын жеткізуге арналған « Омск – Павлодар – Шымкент – Туркменабад (Чарджоу)» трансазиялық мұнай құбырының қазақстандық бөлігі кіреді. Мұнай құбыры «Қарақойын – Құмкөл» екі желілі жер кесіндісіне ие болып келеді.

«Қазақстан–Қытай» ішкі жүйесіне Атасу – Алашанькоу және Кеңқияқ – Құмкөл мұнай құбырлары кіреді, олар Қарақойын – Атасу Шығыс ішкі жүйесінің учаскесін пайдалана отырып, Ақтөбе облысының кен орындарынан және Қызылорда облысының Құмкөл кен орнынан Қытайға мұнайды тасымалдауға мүмкіндік береді.

«ҚазТрансОйл» ЖАҚ бағынышты мұнайды тасымалдау бойынша құбырлардың жалпы ұзындығы шамамен 7,5 мың км-ды құрайды.

Экспорт. Құбыр көлігі экспорт жеткізілімдерін ұйымдастыруда басты орындарға ие болып келеді: 2009 жылы Қазақстанда өндірілген 76,5 млн.тонна мұнайдан (газ конденсатын қоса алғанда) 68,7 млн.тонна немесе 89,8% экспортқа шығарылды. Бұл ретте қазақстандық мұнайдың 80%-ы Еуропаның нарықтарына экспортталады.

Мұнай құбырлары. Қазақстандық мұнай сыртқы нарықтарға келесі мұнай құбырлары бойынша тасымалданады:

- Атырау – Новороссийск (КҚК) 2009 жылы 27,5 млн.тонна. Қазақстанның Каспий құбыр консорциумдағы квотасын 52 млн.тоннаға дейін кеңейту жоспарланып отыр;
- Атырау – Самара (17,5 млн.тонна) "Трансмұнай" АҚ арқылы еуропалық нарыққа әрі қарайғы жеткізілімдерді есепке алғанда. Өзен-Атырау-Самара мұнай құбыры Маңғышлақтың тұтқырлығы жоғары және тез қататын мұнайын арнайы пештерде

алдын ала жылытумен айдаудың технологияларын пайдалана отырып тасымалдануын қамтамасыз ететін әлемнің ең ірі «ыстық» мұнай құбыры болып табылады;

- Кеңқияқ – Орск – осы магистралды мұнай құбыры бойынша Ақтөбе облысының Кеңқияқ және Жаңажол кен орындарының құрамында күкіртті сутек бар мұнайы Ресейдің Орынбор облысының Орск МӨЗ-на жеткізіледі;

- Қазақстан – Қытай Кеңқияқ – Құмкөл – Қарақойын – Атасу – Алашанькоу бағыты бойынша жүреді. Ол бойынша 2009 жылы 7,7 млн.тонна мұнай Қытайға жеткізілді.

Теңіз экспорты. Ақтау порты арқылы 2009 жылы 11,1 млн.тонна экспортқа шығарылды. Қазіргі уақытта Ақтау порты Қазақстандағы ең ірі порт болып табылады, оған осы елдегі барлық мұнай құю тасымалының басым бөлігі тиесілі болып келеді.

Э к с п о р т т ы ң б а ғы т т а р ы :

Ақтау – Баку. Мұнай экспорты жолдарының әртараптандырылу саясатын ескере отырып, Қазақстан Баку – Тбилиси – Джейхан (БТД) жобасына қосылды, онда теңіз мұнайы темір жол бойынша Ақтау порты арқылы жеткізіледі, мұнда мұнай терминалы сақталған және ол танкерлермен әрі қарай Бакуға жіберіледі.

Ақтау – Махачкала. Ақтау портынан танкерлермен Махачкала портына дейін аралас бағыт, әрі қарай Махачкала – Новороссийск (немесе Туапсе) бағыт арқылы.

Ақтау – Нека. Ақтау портынан танкерлермен Нека (Иран) портына дейін, әрі қарай ирандық МӨЗ Парсы бұғазының порттарында иран мұнайын алмастыру схемасы б о й ы н ш а .

Темір жол арқылы. 2009 жылы шикі мұнайдың 4 млн.тоннасы темір жолмен Ресей арқылы транзит бойынша Еуропа елдерінің МӨЗ (Вентспилс, Бутинге, Приморск) және Балтық теңізінің порттарына жеткізілді.

Импорт. Республиканың үш мұнай өңдеу зауытының екеуі тарихи тұрғыдан ресей мұнайының жеткізілімдерін есепке ала отырып құрылған, осымен байланысты Павлодарс МӨЗ толығымен ресей мұнайында жұмыс жасайды, ал Шымкент МӨЗ 50%-ға дейін ресей мұнайының өңдейді. Ресейден осы зауыттарға мұнайды жеткізу үшін Омск – Павлодар және Павлодар – Шымкент мұнай құбырлары іске қосылған. Батыс Сібір мұнайы осы мұнай құбыры арқылы Атасу құю темір жол платформасына жеткізіледі, негізінен оның пайдалануы Самарадағы қазақстандық мұнайды ал м а с т ы р у ғ а а р н а л ғ а н .

Республика аумағында қазіргі уақытта пайдаланбайтын мұнай өнімдерінің құбырлары бар: Ресейдің шекарасы – Петропавл – Көкшетау – Астана бағыты бойынша , Омск МӨЗ-нан Солтүстік Қазақстан және Ақмола облысының тұтынушыларына мұнай өнімдерін жеткізушілер; Ресейдің шекарасы – Травники – Аманқарағай бағыты бойынша, Башкирияның зауыттарынан Қостанай облысының тұтынушыларына мұнай ө н і м д е р і н ж е т к і з е т і н д е р .

Транзит. 2009 жылы транзиттік ресей мұнайының 1,5 млн.тоннасы Қытайға Омск – Павлодар – Атасу – Алашанькоу мұнай құбырлары арқылы жеткізілді.

Проблемалық сұрақтар. Республикамызда мұнай көлігі инфрақұрылымының ең үлкен ішкі мәселесіне отандық МӨЗ-ын өз мұнайымен қамтамасыз ету мүмкіндігінің жоқтығы жатады. Павлодар МӨЗ-ның ресей мұнайына тәуелділігі әлі сақталуда, сонымен қатар Қазақстанның Батыс өңірінен Павлодар зауытына қарай мұнай құбырын салу экономикалық жағынан тиімсіз болып келеді.

Мұнай экспорты көлемдерінің артуымен байланысты экспорттық бағыттардың оңтайлы жан-жақты құрылымын қалыптастыру өзекті болып отыр, ол республикамызға шикізат нарықтарын әртараптандыруға, қалыпты жүктеме кезінде икемділікке, мұнай-газ тасымалдау жүйелерін пайдаланудың тиімділігіне және қазақстандық мұнай мен газды экспорттаушылар үшін қалыпты тарифтік жағдайларды жасауға мүмкіндік б е р е д і .

Газ. Кеңес одағы кезінде қалыптастырылған Қазақстанның газ тасымалдау жүйесі негізінен транзиттік функцияларды жүзеге асырады, ол Орталық Азияның газды өндіруші аудандарын Ресейдің газбен қамтамасыз ету жүйесімен біріктіріп, жартылай ішкі тұтынушыларды газбен қамтамасыз етуге арналған. Қазіргі уақытта, Ресейдің Түркменстаннан газды сатып алудан бас тартуымен байланысты елдің магистральдық газ құбырлары арқылы газды тасымалдау 1,8 есе азайды – 121,6 млн.тоннадан (2005 жыл) 67,8 млн.тонна (2009 жыл).

Магистральдық газ құбырлары. Елдің газ саласының көліктік негізіне Қазақстанның сегіз облысының аумағымен өтетін транзиттік магистральдық газ құбырлары жатады, олардың жалпы ұзындығы 10 мың км-ден асады:

Орта Азия – Орталық (ОАО) – жалпы ұзындығы 5 мың км бес желілі транзиттік газ құбыры жүйесі ;

Мақат – Солтүстік Кавказ – ОАО жүйесін Кавказбен байланыстырады;

Окарем – Бейнеу – ОАО жүйесін Түркменстанның батыс аудандарымен байланыстырады ;

Бұқара – Урал – ұзындығы 1278 км екі желілі газ құбыры;

Жаңажол – Октябрьск – Ақтөбе – «Бұқара – Урал» жүйесінің солтүстік бөлігіне қосылған ;

Қарталы – Рудный – Қостанай – «Бұқара – Урал» жүйесімен қосылған;

Газли – Ташкент – Бішкек – Алматы – Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарымен өтеді ;

Одақ – Қазақстанның аумағына Ресейдің солтүстік-батысы арқылы кіреді;

Орынбор – Новопсковск, оған жеке тораппен Қарашығанақ кен орны біріктірілген;

Қазақстан – Қытай газ құбыры «Түркменстан – Өзбекстан – Қазақстан – Қытай» трансшекаралы газқұбыры құрылысының ірі халықаралық жобасын іске асырудың бірінші кезеңінде енгізілген. Транзит пен газ экспортынан бөлек, бұл газ құбырының мүмкіндіктері 3 (Жамбыл, Оңтүстік – Қазақстан, Алматы) облыс аумақтары арқылы өтіп, маңайындағы елді мекендерді газдандыру үшін қолданылатын болады.

Бұл жобаның екінші кезең шеңберінде Бейнеу – Бозой – Ақбұлақ газ құбыры жүргізіледі, оны іске асыру елдің оңтүстік өңірлерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. Оны іске қосумен батыс өңірлерден газ беру көлемдері Қызылорда облысы бойынша 5 есе, Оңтүстік – Қазақстан облысы бойынша – 2,5 есе, Жамбыл облысы бойынша – 3 есе, Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша – 4,4 есе ұлғаяды.

Газ қоймалары. Газ құбырлары және үлестіруші газ құбырлары жұмыстарының тәртібін, әсіресе шұғыл континентальді климат бар өңірлерде қолдау үшін жер асты газ қоймалары (ЖГҚ) маңызды элемент болып табылады. Газ көлік жүйесін қолдау үшін маңызды объектілерге жер асты газ қоймалары (ЖГҚ) жатады: «Бозой» ЖГҚ (Манғыстау облысы), «Ақыртөбе» ЖГҚ (Жамбыл облысы), «Полторацкое» ЖГҚ (Оңтүстік Қазақстан облысы).

Бірақ газ көлік жүйесі шеңберінде қызмет етуші үш ЖГҚ технологиялық өзара байланысты емес және газ құбырларының аумақтық қашықтығынан барлық газ көлік жүйесі жұмысына елеулі реттеу әсер бермейді.

Проблемалық сұрақтар. Мұнай құбырларының жағдайы сияқты республикада шикізаттың үлкен қорлары болғанымен, газ көлік желісі оны елдің барлық өңірлеріне жеткізуді қамтамасыз етпейді. Республика аумағында салынған, магистральдық газ құбырлары басынан өзара технологиялық байланысты емес, транзиттік мақсаттарға бағдарланған болатын, бұл батыс өңірде газ өңдеуші кәсіпорындарда өндірілетін арзан газ елдің оңтүстік, солтүстік және шығыс облыстарына тасымалдауға мүмкіндік бермейді. Егер Оңтүстік Қазақстанның газбен жабдықтау сұрағы негізінен Қазақстан – Қытай газқұбырының жобалық қуаттылығына толық қосылудан кейін шешілетін болса, солтүстік (Қостанай облысын қоспағанда) және шығыс өңірлерін газбен қамту мәселесі ашық қалып отыр.

Бүгінгі күні шамамен үлестіруші газ құбырларының 40%-ы апаттық жағдайда тұр. Сонымен бірге 25% астам құрал-жабдықтары және газ құбырлары болат құбырларының нормативтік пайдалану мерзімдері 25 бола тұра, 35 жылдан астам пайдаланылады. Оның үстіне, газ құбырларының жеделдетілген тозуы, шамамен газ құбырларының 40% ұзақтылығы электрохимиялық қорғау жүйесінсіз пайдаланудан болады. Газ реттеуші тармақтардың жартысы және шкафтық үлестіру тармақтардың үштен бірі ауыстыруды немесе жөндеуді талап етеді. «Бозой» және «Полторацкое» жер асты газ қоймалары құрылғыларының басым бөлігі 65-75%, «Ақыртөбе» ЖГҚ - 30-35% тозған.

Энергетикалық инфрақұрылым

Саланың жай-күйі. 2010 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қазақстанның электр станцияларының жалпы орнатылған қуаттылығы 19127 Мвт-ты құрайды. Республикада электр энергиясы өндірісінің негізгі базасына жылу электр станциялары жатады, олардың жалпы электр энергия өндірісіндегі үлесі 87%-ды құрайды, СЭС және

басқа қалпына келетін энергия көздеріне 13% қалдырады. Сонымен бірге, қолданыстағы ЖЭС көмір жеткізілімі жалпы көлемінің 65% тұтынады.

2009 жылы 105 МВт жаңа өндіру қуаттары енгізілген, оған кіретіндер: Жаңажол ГТЭС «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ – 33,8 МВт; Қаратал СЭС-3 – 4,4 МВт; СРЭС «Қазақмыс» Корпорациясы – 55 МВт; Екібастұз ЖЭО – 12 МВт.

Электр энергиясына өсіп жатқан қажеттіліктерді жабу үшін және батыс және оңтүстік өңірлердің импорттан тәуелдігін төмендету үшін 2009 жылы Солтүстік – Оңтүстік (ВЛ-500 кВ) электр берудің екінші желісі және Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы электр берудің өңіраралық желісі енгізілген болатын. Солтүстік – Оңтүстік электр беру екінші желісін қосу нәтижесінде, Оңтүстік өңірде Жамбыл МАЭС (қуаттылығы 2130 МВт) пайдаланудан уақытша шығарылғандығы есебінен электрэнергия өндіру қуатының қоры туындады.

2000 – 2009 жылдар кезеңінде Қазақстан бойынша электр энергиясын тұтыну 43,3% өсті және 2009 жылы 77,9 млрд. кВтс-ты құрады. Осы кезеңдегі электр энергиясының өндірісі 52,4% өсті және 2009 жылы 78,4 млрд. кВтс (2008 жылғы деңгейден 2%-ға төмендеді).

Сала құрылымы. Қазіргі уақытта республиканың электрэнергетикасы экономикалық тәуелсіз құрылымдардан құралған, келесідей ұйымдастыру құрылымына ие:

220-500-1150 кВ жүйе құраушы тораптар, ірі тұтынушыларды қанағаттандыратын электр тораптары, ірі ЖЭС және СЭС қуаттарын беру желілер базасында қалыптастырылған, ұлттық электр торабы ("KEGOC" АҚ);

110 кВ және төмен үлестіру тораптары бар, және өңірлік деңгейде электрэнергия беру қызметтерін орындайтын өңірлік электр тораптық компаниялар (ӨЭК);

электр энергия өндірушілер – тәуелсіз немесе ірі өнеркәсіптік кәсіпорындармен біріккен электр станциялар.

Өңірлердің энергиямен қамтылуы

Солтүстік және Орталық Қазақстан. Мұнда көмірдің ірі кен орындары бар және республиканың ең ірі электр энергия көздері орналасқан. Бұл өңірлер өзіндік түрде өздерін электр энергиямен қамтамасыз етеді және оның электр энергияның сыртқы және ішкі нарықтарға ұсыныла алатын әлеуетті артықшылығына ие. Қазіргі уақытта осы өңірден электр энергиясы Ресей, Қытай және басқа елдерге экспортталады.

Оңтүстік Қазақстан. Өңір жеткілікті бастапқы энергетикалық ресурстармен қамтамасыз етілмеген және оның электр энергетикасы тасымалданатын көмірлер және газ импортына негізделеді. Электр энергия қажеттіліктерінің бөлігі Орта Азия республикаларынан импорт есебінен жабылады. Солтүстік – Оңтүстік (ВЛ-500 кВ) Солтүстік және Орталық Қазақстанның энергия көздерімен Оңтүстік өңірді байланыстырды және орталықазиялық мемлекеттерден энергия импортынан салыстырмалы тәуелсіздігін қамтамасыз етті.

Батыс Қазақстан. Өңір электр энергияға қажеттіліктің бір бөлігін оның Ресейден

импорты есебінен жауып отыр, сонымен бірге ол Оңтүстік өңірден айырмашылығы көмірсутекті отынның қорларына ие. Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы өңіраралық ЭБЖ іске қосу өңірдің Ресейлік импорттан тәуелдігін ішінара төмендетті.

Осылайша, республиканың меншікті қажеттілігін толығымен қамтамасыз етуге қабілетті, Қазақстанның солтүстік – шығыс электр станцияларының қуаттылығы бойынша әлеуетіне қарамастан, елдегі электр энергия өндіру және тұтынудағы оң теңгерімінде қалыптасқан нарықтық конъюнктурасы мен тораптар схемасы әсерінен Оңтүстік және Батыс өңірлері электр энергияны импорттауға мәжбүр болып отыр.

Саланың өңірлік оқшаулануы. Елдің электр энергетикасы елдің барлық аумағы бойынша энергетикалық объектілерінің орналасу ерекшелігімен сипатталады. Шартты түрде үш ірі энергетикалық өңіртү атап өтуге болады: Солтүстік, Оңтүстік және Батыс өңірлер (Болжамды схемаға 17-қосымшада көрсетілген).

Солтүстік өңір Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарын қамтиды, олардың энергетикалық түйіндері Солтүстік (Солтүстік БЭЖ) бірлескен энергия жүйесіне біріктірілген.

Солтүстік өңір отын ресурстарымен (көмір) және электр энергия өндіру көздерімен ең жақсы қамтамасыз етілген: республиканың (13,51 млн. кВт) барлық белгіленген өндіруші энергетикалық қуаттарының 72,5% шоғырланған, елдің ірі көмір кен орындары, сонымен қатар қатты отынмен жұмыс істейтін, ірі өндіру көздері о р н а л а с қ а н .

Өңірдің электр энергия өндірісі құрылымында ең меншікті үлесін Павлодар (56,6%) және Қарағанды (20,5%) облыстары алып отыр. Солтүстік өңірдің белгіленген қуаттылық құрылымында ең жоғары меншікті үлесті Павлодар облысы (59,8%) алады, мұнда белгіленген электр қуаттылығының 8022,0 МВт орналасқан.

Оңтүстік өңір Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарын қосады, олардың энергия түйіндері Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерімен қос бағытта жұмыс істейді.

Оңтүстік энергетикалық өңірдің энергия көздері өңірдің электр энергияға қажеттілігін 60-70% ғана қанағаттандырады. Сонымен бірге, оларға жағылатын 80% астам отын – тасымалданып алынатын, ал жылу электр станцияларының 60% қымбат газ-мазут отынымен жұмыс істейді. Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясына қажеттілігінің ауқымды бөлігі Орталық Азия елдерінен табиғи газ жеткізу есебінен ж а б ы л а д ы .

Энергетикалық қатынаста оңтүстік энергетикалық өңір Оңтүстік Қазақстан және Алматы энергия буындарымен ұсынылған. 2009 жылы электр энергиясының тапшылығы 6855,2 млн. кВтс. құрады. Құрылымда ең үлкен меншікті салмақты белгіленген электр қуаттылығы бойынша да (43,6%), оңтүстік энергетикалық өңір (59,5%) электр энергия өндіру бойынша да Алматы облысы алады.

Батыс аймағы Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарын

қамтиды. Бұл өңірде республиканың өндіру қуаттарының 12,1% шоғырланған. Батыс Қазақстандық энергетикалық түйін республиканың жалпы энергия жүйесімен үлестіру тораптарымен физикалық байланысы жоқ және электр энергия жетіспеушілігін Ресейден импорттай отырып жабуға мәжбүр болды. Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары жалпы энергетикалық торабына біріктірілген, ал Ақтөбе облысының энергия шаруашылығы өңіртық энергия жүйесінен жеке жұмыс істейді.

Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының электр энергияға қажеттіліктерінің шамамен 40% Солтүстік өңірден (Ақтөбе облысына) және Ресейден жеткізілім есебінен қамтамасыз етіледі. Өңірдің электр станциялары 35-50 жыл пайдаланылады, олардағы құрал-жабдықтар физикалық және моралдық ескірген.

Электр тораптары. Республиканың БЭЖ жүйе құрушы торап рөлін 220-500 кВ кернеулі ұлттық электр торабы (одан әрі - ҰЭТ) орындайды, ол мемлекетаралық және өңіраралық электр энергияны беруді, сонымен қатар қолданыстағы электр станциялар қуаттылығын беруді қамтамасыз етеді. Қазақстанның ҰЭТ құрамына белгіленген қуаты 33697,15 МВА трансформаторлы 35-110-220-500-1150 кВ кернеуі бар 74 электр қосалқы станциялар, 0,4–1150 кВ кернеуі бар 310 электр беру желілері кіреді. Тізбек бойынша ұзақтылығы 24,5 мың км құрайды.

Республикада Қазақстанның БЭЖ Орал БЭЖ, Сібір БЭЖ және Орталық Азия БЭЖ (Өзбекстан, Қырғызстан) байланыстыратын, 500-1150 кВ кернеулі қашықтықты жүйеаралық электр тораптары құрылған.

Республиканың электрэнергетика саласының ағымдық жағдайы төмендегідей сипатталады:

энергия өндіруші қуаттардың жоғары дәрежеде шоғырлануымен: белгіленген қуаттылықтың шамамен 40% 500 және 300 МВт энергоблоктары құрайды, ал жеке станциялар қуаттылығы 4000 МВт жетеді;

дамыған электр беру желілер схемасымен, мұнда жүйе құрушы байланыстар ретінде 220, 500, 1150 кВ кернеулі ЭБЖ қолданылады;

ірі электр станцияларының басым түрде көмір кен орындары маңында орналасуы, республиканың электр қуаттылық теңгерімінде гидроэлектрстанциялардың жеткіліксіз үлесі (12,1%), өндірістік және коммуналдық қажеттіліктер үшін электр және жылу энергиясының аралас өндіріс тәсілінің жоғары үлесімен;

орталық диспетчер басқармасымен, өңірлік диспетчерлік орталықтармен, электр энергиясын тұтынушы диспетчерлік орталықтармен жүзеге асырылатын, жедел диспетчерлік басқарудың бірыңғай тік бағыттағы ұйымдастырылған жүйесімен.

Проблемалар және шектеулер. Республиканың электр энергетикасының ең үлкен проблемасы жылу тораптарда 80%, электр тораптарында - 65%, өндіру көздерінде – 70% жететін қолданылатын құрал-жабдықтардың жоғары тозуы болып табылады. 220-500 кВ кернеулі электр берудің жүйе құрушы желілерінің шамамен 10%, төмендеу кернеулі (0,38-110 кВ) желілердің 20% астамы пайдалану талаптарына сәйкес келмейді

және жедел жөндеуді талап етеді.

Кейбір энергия кәсіпорындары бойынша энергия құрал-жабдықтарының апаттық бұзылулары ұлғайды және электр тораптарының техникалық шығын көлемдері 15-20% асып кетті. Әсіресе кернеулі ахуал орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесінде қалыптасқан, мұндағы тораптар және пештік жабдықтар тозуы 80% жетті, соның салдарынан 1 Гкал жылу энергиясының отын шығыны және шығындар 26% дейін ұлғайды.

Республиканың энергиямен қамтамасыз етудің басқа жүйелік проблемасы шекаралас елдерден сыртқы жеткізілімнен оңтүстік және батыс өңірлердің сақталып отырған тәуелдігі болып қалып отыр.

Біздің ел қазбалы энергия ресурстардың (көмір, мұнай, газ, уран) маңызды әлеуетіне ие бола отырып, қазіргі уақытта кеңестіктен кейінгі кеңістікте энергия жинақтау облысында соңғы орындарда біреуін алып отыр. Егер батыс елдерінде жылу энергиясын жоғалтулар 6%, ал электрэнергиясы - 10% дейінді құрайтын болса, бізде бұл көрсеткіш сәйкесінше 30% және 40% тең.

Жалпы, Қазақстан Республикасының өңірлерін энергия шектеулерінің болуы және көлемі бойынша үш санат бойынша топтастыруға болады:

Энергиямен қамтылған облыстар, оларда бар энергия көздері және үлестіру қуаттары өңір халқын және экономика қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді. Оларға Маңғыстау және Павлодар облыстары жатады, бұл олардың аумақтарында – МАЭС (Маңғыстау облысы) - 915 МВт, Екібастұз – Ақсу энергия түйіні (Павлодар облысы) – соммалық көлемі 7000 МВт өндіру қуаттары болуымен байланысты.

Электр энергиясының төмен тапшылығы бар облыстар, оларда электрэнергия кемшілігі елеусіз: Атырау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары. Осы облыстарда электр энергияны өндірудің жеке көздері өңір халқының және экономика қажеттілігін толығымен қамтамасыз етеді.

Жоғары энергия тапшылықты облыстар, мұндағы энергия көздері және үлестіру қуаттылықтары өңір халқының және экономика қажеттілігін қамтамасыз етпейді. Оларға Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары, сонымен қатар Алматы және Астана қалалары жатады.

Ең маңызды энергия шектеулері елдің Оңтүстік өңірлерінде байқалады – жылына 15,1 млрд.кВт.с. электр энергия тұтыну деңгейінде өзіндік өндіру 7,6 млрд.кВт.с артықшылықты құрайды.

Сонымен бірге, Ақмола, Қостанай облыстарындағы тапшылық өндіру қуаттарының жоқтығымен туындаған. Қарағанды және Ақтөбе облыстарындағы электрэнергия жеткіліксіздігі бұл өңірлерде дамыған энергиясиымды өнеркәсіптік кешен болуымен түсіндіріледі.

Сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымы
Су ресурстарымен қамтамасыз етуді бағалау. Қазақстанның жер беті суларымен

қамтылу көрсеткіштері ылғалдылық бойынша орташа жылда ТМД көрші елдері арасында ең төмен болып табылады (5-кесте). Ылғалдылық бойынша әртүрлі жылдары су ресурстарын экономика қажеттілігімен салыстыру жеке өңірлер бойынша да, жалпы республика бойынша да су тапшылығы болуын көрсетеді.

5-кесте. Қазақстанның және шекаралас мемлекеттердің жер үсті су ресурстарымен қамтылу көрсеткіштері

мың. м³/жыл

Көрсеткіштер	Мемлекет			
	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Ресей
Сумен қамтамасыз ету				
1 шаршы км	37,6	233	248	248
1 тұрғынға	6,66	7,87	13,9	30,8

Бүгінгі күні республика су ресурстарының жалпы көлемінің 90% жер бетіндегі сулар, 4-6% жер асты сулары және қайтарымды және 4-5% шайынды сулар құрайды.

Су тұтыну. Ылғалдылық бойынша орташа жылда республиканың су ресурстарының көлемі 100,5 куб.км құрайды. Шаруашылықта пайдалану үшін қолданылатын Қазақстанның су ресурстарының көлемі 46 куб.км деңгейінде бағаланады. Қалған су көлемі экологиялық, балық шаруашылықтық, көліктік, энергетикалық мақсаттарға, СЭС аймағында санитарлық жағдайда суды жіберу, тазалаушы және басқа да ш ы ғ ы н д а р ғ а к е т е д і .

Экономика салалары бойынша орташа жылдық су тұтынуы 1990 жылы 35 – тен 2009 жылы 20 текше км дейін, соның ішінде өнеркәсіпте - 4,8 бастап 2,2 текше км дейін төмендеді. Сонымен бірге, сумен қамтудың 85% жер бетіндегі сулар есебінен, ал қалған көлемі – жер асты, теңіз және ағынды сулар есебінен жүзеге асырылады.

Қолданылатын су ресурстарының негізгі көлемі (78%) ауыл шаруашылық секторына, 16% – өнеркәсіпке, 5% – коммуналдық-тұрмыстық қажеттілікке, 1% – басқа ма қ с а т т а р ғ а к е л е д і .

Жер бетіндегі су ресурстары 39 мыңнан астам, тұрақты ағыстағы өзендер және уақытша су ағындарымен анықталады. Олардың ішінде ең ірі өзендер Ертіс, Іле, Есіл, Орал және Сырдария. Республика аумағындағы гидрография торабының қалыңдығы тең қалыпты емес. Өзендер желісінің тығыздығы салыстырмалы түрде солтүстікте тығыздау және оңтүстікке қарай сирек, Қазақстан орталығы өзендер желісінің әлсіз дамуымен сипатталады. Қиыр оңтүстікте және оңтүстік – шығыста өзендер желісінің т ы ғ ы з д ы ғ ы к ү р т ө с е д і .

Қазақстанның жер бетіндегі су ресурстары 100,5 текше км бағаланады, олардың ішінде 56,5 текше км республика аумағында және 44 текше км – оның шегінен тыс қалыптасады, соның ішінде: Қытайдан - 18,9 куб.км, Өзбекстаннан – 14,6 текше км, Ресейден – 7,5 текше км және Қырғызстаннан – 3 текше км.

Соңғы 30 жылда Қазақстанның орташа айлық өзендік ағысы 20%-ға,

трансшекаралы ағысы - 10%-ға азайған.

Су шаруашылықты бассейндерінің құрылымы. Республика аумағы сегіз сушаруашылық бассейндеріне бөлінеді:

А р а л	–	С ы р д а р и я ;
Б а л қ а ш	–	А л а к ө л ;
Ж а й ы қ	–	К а с п и й ;
		Е р т і с ;
		Е с і л ;
Н ұ р а	–	С а р ы с у ;
Т о б ы л	–	Т о р ғ а й ;
Ш у	–	Т а л а с .

Жер асты су ресурстары. Қазақстанда әр түрлі мақсатта пайдалануға 904 жер асты су көздері барланған. Республика бойынша жалпы жер асты суларының болжамды ресурстарының жиынтық мөлшері 64278,5 млн. м³/жыл, барланған пайдалану қорлары – 15,6 млн. м³/жыл немесе минерализация деңгейі 10 г./дм³ дейін болжамды ресурстар шамасының шамамен 25% және минерализация деңгейі 1 г./дм³ дейін болатын болжамдық ресурстардың 38,5%-ын құрайды.

Барланған су қорлары арасында барланған тұщы сулар олардың жалпы көлемінің 82% құрайды. Елдің барлық қалаларын шаруашылықты – ауыз сумен жабдықтауда жерасты сулар үлесі 54% құрайды.

Қорлардың өңірлік оқшаулануы. Тұщы жер асты суларының негізгі ресурстары (59%) оңтүстікте – Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары төңірегінде шоғырланған. Тұщы жер асты су ресурстарының тапшылығы Атырау, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Қостанай және Ақмола облыстарында байқалады.

Сумен жабдықтау инфрақұрылымының құрамы. Республикадағы сумен жабдықтау инфрақұрылымы төрт негізгі элементтерден тұрады:

магистральдық	су	құбырлары;
жергілікті	маңызды	су таратқыштары;
	су	арналары;
	су	қоймалары.

Республикалық маңызды су таратқыштары:

Қ.Сәтпаев атындағы Ертіс – Қарағанды арнасы – басында 76 м³/с ал 13 м³/с аяғында өткізу қабілеттілігіне ие Қарағанды – Теміртау өнеркәсіптік аудандарын сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Астрахан – Маңғышлақ су таратқышы – Атырау және Маңғыстау облыстарының мұнай кен орындарын және ауыл шаруашылықтары қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін Қиғаш ағыстарынан Жайықтың суын 94,9 млн. м³/жыл көлемінде жеткізетін құрылғы. Жалпы ұзындығы - 1041 км. Қазіргі уақытта ол бойынша 30 - 35 млн. м³/жыл

көлемінде су берілу жүзеге асырылады.

Көкшетау өнеркәсіптік су таратқышы Солтүстік Қазақстандағы Есіл ауданындағы Сергеев су қоймасынан Көкшетау қаласы және Бурабай курорттық аймаққа су беру ү ш і н с а л ы н ғ а н .

Астана қ. сумен қамту деңгейін жоғарлату үшін Вячеслав су қоймасына Сәтпаев атындағы су арнасынан су беруге арналған таратқыш.

Жергілікті маңызды су таратқыштары: Жалпы ұзақтығы 18 800 км құрайтын барлығы 48 су таратқышы бар.

О л а р д ы ң е ң і р і л е р і :

Үлкен Алматы су арнасы (ҰАА) Іле өзенінің бассейнінде;

Арыс магистральдық су арнасы – Сырдария өзенінің бассейнінде;

Түркістан магистральдық су арнасы – Сырдария өзенінің бассейнінде;

Орал – Кушумды магистральдық су арнасының тамшылатып - суару жүйесі – Орал өзенінің б а с с е й н і н д е ;

Жәнібек магистральдық су арнасының тамшылатып – суару жүйесі – Орал өзенінің б а с с е й н і н д е .

Су қоймалары. ҚР аумағында жалпы сыйымдылығы 84,2 км³ құрайтын барлығы 236 су қоймалары бар.

О л а р д ы ң і ш і н д е е ң і р і л е р і :

Бұқтырма су қоймасы Ертіс өзенінде (көлемі - 49,6 км³);

Қапшағай су қоймасы Іле өз. су қоймасы (28,1 км³);

Шардара су қоймасы Сырдария өз. (5,2 км³);

Сергеев су қоймасы Есіл өзенінде (0,7 км³);

Каратомар су қоймасы Тобыл өз. (0,6 км³).

Өңірлер бөлінісінде сумен жабдықтау инфрақұрылымы және сумен қамтамасыз етілуі. Қалаларды, кенттерді және жеке өнеркәсіптік кәсіпорындарды сумен жабдықтау жер асты және жер бетіндегі суларды қолдану есебінен жүзеге асырылады.

Жер үсті суларды пайдалану. Жер бетіндегі суларды пайдалануға Атырау, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарының аудандары мен ауылдарының, Астана және Степногор қалаларының су тұтынуы негізделеді.

Жер асты суларын пайдалану. Жер асты сулар Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарында және Алматы қаласында б а с ы м б о л ы п к е л е д і .

Сумен қамтамасыз етілген өңірлер. Сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымы жерасты су көздерінің тапшылығы білінетін, облыстарда жақсы дамыған, су тұтыну жер бетіндегі суларға негізделген. Берілген өңірлер өнеркәсіптің қызметін қолдау және халық пен коммуналдық-тұрмыстық сектор қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жер бетіндегі және жер асты су көздерінен суды жеткізу инфрақұрылымына мұқтаж.

Облыстағы сумен жабдықтау инфрақұрылымын даму дәрежесі бойынша үш топқа бөлуге болады: жоғары қамтамасыз етілген, орташа қамтамасыз етілген және төмен қамтамасыз етілген.

Жоғары қамтамасыз етілген өңірлер:

Қызылорда облысында 5 топтық су таратқыштар жұмыс істейді, ұзақтығы 1003,7 км, оларға 93 елді мекендер немесе бар 268 елді мекеннің 34,7% қосылған.

Солтүстік Қазақстан облысында 4 топтық су таратқыштар жұмыс істейді, оларға 234 елді мекендер немесе бар 714 елді мекеннің 32,5% қосылған.

Атырау облысында 7 топтық су таратқыштар қызмет етеді, ұзақтығы 1644,55 км, оларға 27 елді мекендер немесе бар 177 елді мекеннің 15,3% қосылған.

Павлодар облысында жалпы ұзақтығы 571,1 км құрайтын, 2 топтық су таратқыштар жұмыс істейді, оларға 50 елді мекендер немесе бар 415 елді мекеннің 12% қосылған.

Маңғыстау облысында 3 топтық су таратқыштар жұмыс істейді, ұзақтығы 285,04 км, оларға 6 елді мекендер немесе бар 60 елді мекеннің 10% қосылған.

Орташа қамтамасыз етілген өңірлер:

Ақмола облысында жалпы ұзақтығы 1467 км, 37 елді мекендерді немесе бар 418 ішінен 8,9% қамтамасыз етуші 3 топтық су таратқыштар жұмыс істейді.

Алматы облысында 6 топтық су таратқыштар жұмыс істейді, оларға 59 елді мекендер немесе бар 777 елді мекеннің 7,6% қосылған.

Батыс Қазақстан облысында 2 топтық су таратқыштар жұмыс істейді, ұзақтығы 290,4 км, оларға 31 елді мекендер немесе бар 478 елді мекеннің 6,5% қосылған.

Қостанай облысында 9 топтық су таратқыштар жұмыс істейді, ұзақтығы 1062,15 км, оларға 48 елді мекендер немесе бар 677 елді мекеннің 6,4% қосылған.

Оңтүстік Қазақстан облысында 7 топтық су таратқыштар қызмет етеді, ұзақтығы 501,9 км, оларға 43 елді мекендер немесе бар 871 елді мекеннің 4,9% қосылған.

Төмен қамтамасыз етілген өңірлер:

Шығыс Қазақстан облысында 2 топтық су таратқыштар жұмыс істейді, ұзақтығы 344,24 км, оларға 28 елді мекендер немесе бар 834 елді мекеннің 3,4% қосылған.

Жамбыл облысында Ынтымақ топтық су таратқышы қызмет етеді, ұзақтығы 40,42 км, оларға 7 АЕМ немесе облыста орналасқан 383 елді мекеннің 1,8% қосылған.

Ақтөбе облысында Ырғыз – Тельман – Коминтерн топтық су таратқышы, ұзақтығы 56,1 км, оларға 3 елді мекендер немесе облыста орналасқан 418 елді мекеннің 0,7% қосылған.

Қарағанды облысында топтық су таратқыштар жоқ.

Сумен қамтамасыз ету және сумен жабдықтау инфрақұрылымының проблемалары.

Республикада сумен қамтамасыз етудің негізгі проблемалары жер бетіндегі және жер асты сулар көздерінің аумақтық тең қалыпсыз орналасуына байланысты. Су ресурстарының шектеулігінен республиканың батыс өңірлерінде сумен қамтамасыз етудің өткір проблемасы орын алған. Ресейден ағынды беру бойынша келісімдік

міндеттемелерді орындамау әсерінен Батыс Қазақстан облысының Үлкен және Шағын Өзендер бассейндерінде сынды су шаруашылықты ахуал қалыптасты. Бұл жайылма суару аудандарының едәуір қысқаруына және өңірдегі экологиялық және балық шаруашылықтық апаттарға алып келеді.

Есіл өзенінің бассейні де су тапшылықты болып табылады. Жеке су ресурстарына қосымша Астана қаласының коммуналдық шаруашылығы мен өнеркәсібінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Ертіс өзенінен Қ. Сәтпаев атындағы су арнасынан су таратқыш бойынша су беру жоспарланып отыр.

Сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымының негізгі проблемалары оның жоғары техникалық тозуы, сонымен қатар оған қызмет көрсетуге және жөндеуге ірі қаржылық шығындар қажеттілігі болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында халықты, әсіресе ауылдық жердегі халықты сапалы ауыз суымен қамтамасыз ету бойынша шиеленіскен жағдай қалыптасты. Ауыл тұрғындарының сумен жабдықтаудағы күрделі проблемасы ауылшаруашылық еңбегінің ерекшелігімен анықталатын, халықты орналастыру сипатымен шартталған.

Қазақстан жағдайында маңызды фактор жер бетіндегі де, жерасты да сумен жабдықтау көздерінің тұщы су тапшылығы болып табылады. Ауылда орталықтандырылған сумен жабдықтауды ұйымдастыру ауқымды аумақта елді мекендер орналасуы және олардағы халық аздығымен шартталып белгілі қиындықтар туғызады, бұл ауылдағы орталықтандырылған сумен жабдықтаудың қымбаттауына алып келеді.

Су тұтынудың едәуір төмендегеніне қарамастан, су ресурстарын пайдалану тиімділігі барлық су тұтыну салаларында және ең алдымен суармалы жер өндеуде төмен болып табылады. Сонымен бірге, республикадағы 2,1 млн.га суармалы жерлердің 1,4 млн.га ғана пайдаланылады. Негізгі су шығындары ішкі шаруашылықты суару тораптарында орын алады, ал тікелей егістіктерде олар су шаруашылықтарына берілетіннің 40% асады.

Елдегі қолданылып жатқан сумен қамтамасыз ету жүйесі су беру және ауыз су сапасының талаптарына жауап бермейді. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесіндегі апаттық жай-күйден су шығындары жалпы су беру көлемінен 20-30% жетеді. Өнеркәсіптік секторда айналымдық және қайта-кезекті сумен жабдықтаудың техникалық жай-күйі нашарлауы, магистральдық және үлестіру тораптарындағы ағындар көбеюі байқалады.

Табиғи апаттарға, авариялар мен апаттарға қарсы әрекет ету инфрақұрылымы.

Елдегі өмір сүру қауіпсіздігінің сапасына, сонымен қатар оның экономикалық әлеуетін қорғау деңгейіне көптеген техногендік факторлардың және аномалдық табиғат құбылыстарының жағымсыз салдарлары, қоршаған ортаға жоғары антропогендік қысым, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін факторларға жататын апаттар,

инфрақұрылыммен қамтамасыз етілгендігіне өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттігі тәуелді.

Қазіргі өндіріс үлкен дәрежеде электрэнергиямен қамтылуға, сонымен қатар оған бағаларға тәуелді. Энергия тапшылықты өңірлерде, шикізат, еңбек ресурстары және басқалар болуына қарамастан, энергия сиымды өндіріс құру мүмкін емес. Бұған ашық мысал алюминий (жоғары өнімді) өнеркәсіптің орналасуы болып табылады – барлық шикізат көздері (бокситтер) Қостанай облысында орналасқанына қарамастан, өндірістің өзі жоғары энергиялы Павлодар облысында негізделген.

Елдің негізгі өңдеу қуаттарының қазіргі аумақтық орналасуы да қонымды баға бойынша электрэнергияның ірі көлемдерін жеткізуге қабілетті, энергия көздері маңынан орналасу қағидатына сәйкес келеді. Осылайша, қара және түсті металлургия энергияны көп қажет ететін кәсіпорындары Павлодар облысына көршілес – Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында орналасқан.

Сонымен бір уақытта жоғары энергия тапшылықты Қазақстанның оңтүстігінде, пайдалы қазбалардың жеке түрлерінің өнеркәсіптік көлемдері болуына қарамастан энергия көп қажет ететін өнеркәсіп әлсіздеу дамыған.

Су таратқыштар жүйесінің дамығандығынан өндірістің тұрақты дамуына үлкен тәуелділік ауыл шаруашылықта байқалады. Елдің құрғақ климатын есепке ала отырып, суармалы жер өңдеу көкөністер мен жемістердің, әсіресе оңтүстік өңірлерде жоғары түсімін алу үшін, жалғыз жолы болып табылады. Осыған байланысты, сумен жабдықтау инфрақұрылымын дамыту елдің азық-түліктік қауіпсіздігін жоғарлату үшін және отандық ауыл шаруашылық өңдеу және азықтық өнеркәсіпті дамытудың маңызды міндеттерінің біріне айналып отыр.

Ауыл шаруашылықтың орналасуы облыстың сумен қамтамасыз етілуі және оның ел ауылшаруашылық өндірісі құрылымына салымымен тікелей өзара байланысын көрнекті көрсетеді. Бұл құрылымда ең үлкен меншікті салмақты суармалы жер өңдеу жүйесі дамыған – Оңтүстік Қазақстан, Алматы облысы, сонымен қатар бай су ресурстары бар өңір – Солтүстік Қазақстан алып отыр. Су тапшылығы бар өңірлерде ауыл шаруашылық, әсіресе өсімдік шаруашылығы елеусіз ұсынылған – Атырау, Маңғыстау облыстары, Ақтөбе, Қарағанды облыстарының оңтүстік аудандары.

Өндірістің көліктік инфрақұрылыммен қамтамасыздығы кез-келген кәсіпорынның өндірілетін тауарлар мен қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігінің маңызды құраушылардың бірі болып табылады. Елдегі ауқымды қашықтықтарды есепке ала отырып, республиканың өнеркәсібіне өз бойында шикізатты, материалдарды, персоналды кедергісіз және уақытымен жеткізу жетімділігін, сонымен қатар дайын өнімді шығаруды қосатын, өндіріс үрдісін көлік-коммуникациялық қамтамасыз етудің нақты реттелген жүйесі қажет.

Өндірістік шығындар құрылымында ең төменгі көліктіктік құраушы жақсы дамыған көліктік инфрақұрылымды облыстарда – Ақмола – 1,4%, Солтүстік Қазақстан – 1,9%,

Қостанай – 3,7%. Сонымен бір уақытта, көліктік инфрақұрылымы дамуы төмен деңгейлі облыстарда, кәсіпорындардың шығындар құрылымындағы көліктік құрамдаушы шамамен 1/3 құрайды, мысалы, Қызылорда облысында бұл көрсеткіш 37,5% жетеді.

Инфрақұрылым объектілерін орналастырудың схемасы Болжамды схемаға 76 – 81 - қосымшаларда көрсетілген

2. Демография және еңбек әлеуеті

2.1. Өңірлер бөлінісіндегі және елдегі демографиялық даму мен урбанизациялау үрдістері.

Соңғы онжылдықта елдегі демографиялық үрдістер оң сипатқа ие. 2010 жылдың 1 қаңтарына сәйкес Қазақстан Республикасының халық саны 2000 жылмен салыстырғанда 7,6% ұлғайып (абсолютті көрсеткіште - 1134,4 мың адам), 16036,1 мың адамды құрайды. Халық санының өзгеру серпіні құрамдауышын талдау, 2009 ж. өсім негізінен табиғи өсім – жалпы өсімнің 96,6%, көші-қондық - 3,4% есебінен болғанын көрсетеді (Болжамды схемаға 18 – 19-қосымшаларда көрсетілген). Бұл кезеңдегі халық санының өсімі, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарынан басқа, елдің көптеген өңірлерінде байқалды.

Халық санының қысқаруы республиканың солтүстігінде талданған кезеңде 9,4% немесе 234 мың адамды құрады. Сонымен бір уақытта, мысалы, республиканың оңтүстігінде халық осы кезеңде 16% немесе 573 мың адамға өсті. Сонымен бірге, солтүстік облыстарда халық саны табиғи себептерге де, Қазақстан шектен тыс көші – қон себептеріне байланысты азайып жатыр. Оңтүстік облыстарда халық санының өсімі елдің басқа өңірлеріне көші-қондық ауысуына қарамастан, табиғи өсім есебінен қолданады.

Республиканың қалалық халық саны негізінен Алматы және Астана қалаларындағы халқының саны өсуі есебінен, 2,5% ұлғайды. Сонымен бірге, нұсқалған кезеңде қала халқы санының ең көп төмендеуі Қызылорда (25,2%), Қостанай (17,9%), Солтүстік Қазақстан (14,8%), Шығыс Қазақстан (13,2%) және Алматы (12,6 %) облыстарында орын алды. Бұл облыстардағы қалалық халық санының төмендеуінің негізгі себебі – көптеген қалалық типті елді мекендерге ауылдық мәртебе беру.

Бүгінгі күні Қазақстанда урбанизациялау үрдісі серпінді түрде жүруде (ірі қалаларда халық санының өсімі көрсетіп отыр), ал ресми статистика деректері бойынша республика бойынша қала және ауыл халқы меншікті үлестері мәнсіз өзгерген. Серпінді дамып жатқан Қазақстанның үлкен қалаларына (Астана және Алматы қалаларынан басқа) Қарағанды, Шымкент, Атырау, Тараз, Орал, Өскемен жатады.

1989 жылы Қазақстандағы урбанизация деңгейі 56,7%-ды құраған. Республикада осы кезеңде 84 қала бар, олардың ішінде 2 қалада ғана (Алматы және Қарағанды қалалары) 500 мың адамнан астам халық саны бар. 1989 ж. жалпы үлкен қалалар саны (

100 мың адамнан астам халық саны бар) 21 қаланы немесе Қазақстандағы қалалардың 25% құрады, онда Қазақстан қалалық халқының 62,3% тұрған.

2009 ж. Қазақстанның ірі қалаларына (500 мың адамнан астам халқы бар) Астана және Шымкент қалалары жатады. Қарағанды қаласы қарастырылған кезеңде 1989 жылғы 507,3 мың адамнан 2009 жылы 465,6 мың адамға дейін қысқаруы болды. Осылайша, бұл қала ірілер санатынан үлкендерге ауысты. Алматы қаласы 1982 жылдан бері ресми статистикаға сәйкес 1 млн. адамнан астам халқы бар жалғыз мегаполис қала болып қалуда (бейресми статистика 2,2 млн адам санын көрсетеді).


2009 жылы ірі қалалар саны (100 мың адамнан астам халқы бар) Қазақстанда 1989 жылмен салыстырғанда (халық санағы) өзгерген жоқ, тек мазмұны ғана өзгерді – Жезқазған қаласының халық саны қысқаруынан аз санды қала санатына көшеді, және керісінше Түркістан үлкен қалалар санатына ауысты. Қазіргі уақытта ірі және үлкен қалаларда республика қалалық халқының 74,5% өмір сүреді.

Қазақстандағы урбанизация деңгейі 2010 жылдың басында ресми статистика деректеріне сәйкес 53,7% құрады және 1989 жылмен салыстырғанда қысқарған. Бұл белгілі дәрежеде Қазақстанның 1990 жылы басындағы шегінен тыс эмиграциямен (әсіресе елдің солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарында), қалаларда туудың төмен деңгейімен байланысты, бірақ басты түрде бұл 2007 жылы жүргізілген әкімшілік-аумақтық орналастырудағы өзгерістермен, атап айтқанда қалалық типті ауыл ұғымын алып тастап, олар автоматты түрде ауылдық елді мекендерге ауыстырылғанымен шартталды.

Республиканың ауыл халқының саны соңғы 10 жылда 924,5 мың адамға немесе 14,2% өсті. Ауыл халқының ең үлкен өсімі Маңғыстау (308,1%), Қызылорда (176,9%) және Атырау (141,1%) облыстарында орын алды.

Қазақстан Республикасы халқының құрылымы негізгі жас ерекшелігі топтары бойынша 2000 – 2009 жылдары біршама өзгерді. Елде туу көрсеткіштерінің артуына қарамастан еңбекке қабілетті жастар саны аталған кезеңде 8,7%-ға қысқарды.


Еңбекке қабілетті жастар санының ең жоғары меншікті салмағы Оңтүстік Қазақстан (33,0%), Қызылорда (31,0%), Маңғыстау (30,4%), Атырау (28,5%) және Жамбыл (28,3%) облыстарында байқалады.



мың адам

1-сурет. ҚР халқының 2020 жылдың басындағы жыныстық жастық құрылымы

Бұған дейінгі 10 жыл ішінде 65 жастағы және одан жоғары адамдар саны 6,7%-дан 7,5% дейін едәуір өсті. БҰҰ демократиялық қартаю шәкілі бойынша қартаю табалдырығында, яғни халықтың үдерісі күшейеді. Қартаю «төмендеу» жүзеге асады, бұл балалар санының нәтижесі болып табылады. Аталған үрдіс республиканың солтүстік, шығыс және орталық облыстарына тән: Қостанай (10,8%), Солтүстік Қазақстан (10,6%), Шығыс Қазақстан (10,0%), Қарағанды (9,3%), Ақмола (9,1%) және Павлодар (9,0%) облыстарында.



2-сурет. 2010 жылдың басына өмір сүрудің күтілетін орташа ұзақтығы бойынша аймақтарды орналастыру

2009 жылы күтілетін өмір сүру ұзақтығы жалпы ел бойынша 68,6 жас құрады және 2000 жылмен салыстырғанда 3,1 жасқа артты. Өңірлер бөлінісінде орташа өмір сүру ұзақтығының көрсеткіштері Астана (75,74 жас) және Алматы ққ. (72,24 жас) байқалады, ал ең төмен Ақмола (66,21 жас) және Қарағанды (66,87 жас) облыстарында орын алды. Аталған аймақтардағы өмір сүру деңгейінің орташадан төмен ұзақтығы еңбекке қабілетті халықтың қайтыс болу көрсеткіштерінің үлкен болуымен түсіндіріледі.

2.2. Ішкі көші-қонның негізгі үрдістері мен факторлары

Талданған кезеңде Қазақстанда ішкі көші-қон ырғағының артуы және жыл сайынғы ағымдардың көбеюі байқалады: егер 2000 жылы ол 276,7 мың адам құраса, 2005 жылы – 298,6 мың адам, ал 2009 жылы – 364,8 мың адам құрады. Қазіргі уақытқа дейін ел ішіндегі көші-қон саны жылына 330 мың адамнан тұратын орташа деңгейде тұр а қ т а н д ы .

Алайда ресми статистика жергілікті әділет органдарында тіркеуде тұрған ішкі келімсектерді ғана көрсетеді. Түрлі сарапшылардың пікірі бойынша Қазақстандағы ішкі көші-қонның нақты көлемі статистика деректерінен кем дегенде 2 есеге артады.

Ауылдық тұрғындарды басқаруға келмейтін бұқаралық көшіп қонудың басталуы 1991 – 1992 жылдары келді, нарықтық қатынастарға өтумен және шаруашылықтың алдыңғы нысандарын және ауыл шаруашылық, ЖЖМ, тұқымдар және тағы басқа техникасымен мемлекеттік қамтудың орталықтандырылған тетіктерінің бұзылуына б а й л а н ы с т ы б о л а д ы .

1996 жылдан бастап қалаларға Арал жанынан экологиялық босқындар көші күшейді . Бұған қарамастан, тарихи отанына әлемнің түрлі елдерінен этникалық қазақтар қайтып келе бастады. Алайда соңғы жылдардың маңызды факторы болып жерге жеке меншік туралы заң қабылданды, ол ауылдық тұрғындардың жерсізденуіне және ауылдық жерлерден халықтың жалпы кетуіне әкеледі.


Ел қалаларына өзге өңірлерден келетін халық ағымы жүйесіз сипатқа ие және қолда бар әлеуеттік, инженерлік инфрақұрылымын және еңбек нарығының мүмкіндігі есепке а л ы н б а й д ы .

Алматы қ. және Алматы облысының жергілікті атқарушы органдарының жер мәселелеріне қатысты келісілмеген әрекеттері Алматы маңы мен қала шетінің заңсыз жалпы қоныстануына себеп болды. Жалпы жұмысқа орналастырылмаған, әлеуметтік қамтылмаған жандардың басым көпшілігінің жиналу үдерісі қала халқының маңызды көлемінің маргиналдануымен және бұдан әрі қылмыстық жағдайдың нашарлануымен к е л е д і .

Нәтижесінде Алматы әкімдігі бір тұрғынға есептеу арқылы тұрғын үй ауданының нормаларына сәйкес тіркеу тәртібін өзгертуге қатысты шектеу шараларын енгізуге тура к е л е д і .

Ақмола, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында 2000 –

2009 жылдары халық санының азаюы негізінен жоғары көші-қон ағым есебінен орын



алды.

3-сурет. Халықтың ішкі көші-қоны, 2009 жыл.

Алматы қаласында және Алматы облысында көші-қон өсімінің негізгі массасын Оңтүстік Қазақстан (жалпы аймақаралық өсімнің 39,9%), Жамбыл (27,2%), Шығыс Қазақстан (21,4%) және Қызылорда (9,3%) облыстарынан келгендер құрады.

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша өңір аралық көші-қонның көп шоғырланған аймағы болып Атырау (59%), Ақмола (57%), Маңғыстау (53%) облыстары саналады, бұл жерлерде респонденттердің жартысы өзге аймақтардан келген. Осылайша, халық ағымы бойынша мейілінше қуатты көші-қон ағымдары бар екі қала бар (Алматы және Астана), республиканың мұнай облыстары (Атырау және Маңғыстау облыстары) және Бурабай ірі курорт аймағы бар Ақмола облысы есептеледі :

1. Астанаға Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарынан және Алматы қ а л а с ы н а н ;
2. Алматыға Алматы, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарынан;
3. Атырау облысына Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан о б л ы с т а р ы н а н ;
4. Ақмола облысына көбіне Солтүстік Қазақстан облысынан;
5. Маңғыстау облысына Алматы қаласы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан о б л ы с т а р ы н а н .

Ішкі өңір аралық көші-қон үрдістері ресми статистика деректеріне сай республика бойынша қалаларға ауыл тұрғындары көші-қонының азаюы (2000 жылы 1000 адамға 6,3-тен 2009 жылы 4,6-ға дейін) туралы куәландырады. Халықаралық және өңір аралық көші-қон сальдосы коэффициенттерінің серпіні қалалық және ауылдық елді мекендерде

көші-қон өсімі жақсарғанын көрсетеді. Ауылдық елді мекендерге көші-қон ағымының артуы мұнай-газ кешені кәсіпорындарының ауылдық жерлер аумағында орналасуынан б о л у ы м ү м к і н .

Әлеуметтік зерттеу деректері бойынша жасалған корреляциялық талдау көші-қон сальдосы ЖӨӨ, негізгі капиталға инвестициялар, орташа жалақы, жұмыспен қамту құрылымы сияқты көрсеткіштермен байланысты көрсетеді. Атап айтқанда жалпы өңірлік өнім неғұрлым жоғары болған сайын (ал ол Алматы және Астана қалалары, Маңғыстау және Атырау облыстарында), соғұрлым өңіраралық көші-қон сальдосы жоғары болады ($r=0,616^{**}$), яғни бұл өңірлерге келетіндер саны көп, ал кететіндер саны а з к ү т і л е д і .

Негізгі капиталға салынатын инвестициялар өңір ішінде ауылдық жерден қалалық жерге көшу ағымына қатты ықпал етеді ($r=0,936^{**}$), бұл қалалық жерде инфрақұрылым жобаларына ауылдық халықтың үлкен ағымына байланысты.

Қызмет көрсету саласында жұмыспен қамту мүмкіндігі мигранттар үшін тартымды сәт болып табылады, бұл өңіраралық көші-қон ($r=0,825^{**}$) мен қызметтерде жұмыспен қамту үлесі ($r=0,394^{*}$) арасында сальдонның жоғары корреляциясымен расталады.

Әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша халықтың ішкі қозғалысына қатысты себептер анықталды. Бұған басты себеп – жұмыстың болмауы (50%), отбасы жағдайы (25%), төмен жалақы (20%), білім алу (14%), мансап және кәсіби өсудің болмауы (10%).

Қазақстанда көші-қон саясаты тек сыртқы көші-қон мәселелерімен ғана байланысты , әрі тек бір аспектіге ғана келеді – оралмандардың бейімделуі. Бұл жерде ішкі көші-қон үрдістері стихиялық түрде дамиды, ешкім бақыламайды әрі мемлекеттік саясат элементі болып табылмайды, яғни заңнама мен нормативтер ретке келтірілмеген , реттеудің және ішкі көші-қон үрдістерін қолдаудың нақты шаралары мен тетіктері ж о қ .

2.3. Елде және өңірлер бөлінісінде еңбек нарығының негізгі индикаторларының с и п а т т а м а с ы


Демографиялық өзгерістердің ықпалымен еңбекке қабілетті жасқа шығатын және одан шығатын адамдар қатынасы халық құрылымын өзгертті. 2009 жылы Қазақстанда экономикалық белсенді халықтың саны 8457,9 мың адам (республиканың 15 жастағы және одан жоғары халқының санынан 70,7%) құрады. Талданатын кезеңде (2000 – 2009 жылдар) экономикалық белсенді халық саны 19%, ал жұмыспен қамтылғандар саны – 27,5% артты, 2009 жылы тиісінше 8457,9 және 7903,4 мың адам құрады. 2000 – 2009 жылдар экономикалық белсенділік және халықтың жұмыспен қамтылуы деңгейінің артуы байқалады, 2009 жылы тиісінше 70,7% және 93,4% құрады.

Өңірлік бөліністе экономикалық белсенді халықтың абсолюттік өсімі Астана қаласында (107,1%), Оңтүстік Қазақстан (37,0%), Маңғыстау (36,0%), Жамбыл облыстарына (34,1%) тән. Жалпы экономикалық белсенді халық деңгейі бойынша еңбек нарығында Жамбыл (78,0%), Қостанай (75,3%), Ақмола (74,9%) және Ақтөбе (

74,0%) облыстары көшбасшы болып табылады.

2000 – 2009 жылдар аралығындағы кезеңде республикада 1,8 млн. тұрақты жұмыс орны құрылды. Нәтижесінде жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың меншікті салмағы 2000 жылғы 12,8% және 43,5%-дан 2009 жылғы 6,6% және 33,7%-ға дейін қысқартылды.

Өңірлер бөлінісінде ең көп жұмыссыздық орын алған өңірлер болып Алматы қаласы (7,7%) және Маңғыстау облысы (7,1%) табылады.



4-сурет. Елдің өңірлері бөлінісінде экономикалық белсенді халықтың және жұмыссыздық деңгейі, 2009 жыл

Ауылдық жерде жұмыссыздық деңгейінің 2,3 есе қысқаруы байқалады – 2000 жылғы 13,5%-дан 2009 жылғы 5,9%-ға дейін, деңгей қалалық көрсеткіштен (қаладағы жұмыссыздық деңгейінен 7,2%) төмен, ауылдық жерде өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейі жоғары деңгейде (50%) қалып отыр.

Талданатын кезеңде экономика секторлары арасында жұмыспен қамтылған халықты қайта бөлумен сипатталады. Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандар құрылымында ауыл шаруашылығында, өндірісте, саудада, көлік пен байланыста жұмыспен қамтылғандардың меншікті салмағының азаюы байқалады. Бірқатар жылдар ішінде құрылыс пен қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылғандар үлесі артты, 2009 жылы 7,0% және 28,8% құрады.

Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар санының азаюына қарамастан жұмыспен қамтылғандар құрылымында ол әлі де болса жоғары болып қалып отыр және 29,4% құрайды, ал ЭЫДҰ 29 елінде аграрлық секторда жұмыспен қамтылғандар не бары 7,7% құрайды. Өңірлік бөліністе Солтүстік Қазақстан (49,4%), Алматы (48,2%) және Оңтүстік Қазақстан (43,6%) облыстарында экономикада жұмыспен қамтылғандардың жартысы дерлік ауыл шаруашылығында.

Қазақстанда өндірістік салада жұмыспен қамтылғандардың үлесінің аз болуы байқалады, егер Еуропаның дамыған елдерінде аталған көрсеткіш 16-25% деңгейінде


болса, Қазақстанда тек 7,2% құрайды. Өңірлер бөлінісінде өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар саны ең жоғары болып Қарағанды (20,1%), Павлодар (12,1%) облыстары мен Алматы қаласы (10,3%) табылады.

2.4. Еңбек нарығындағы негізгі проблемаларды анықтау

«Жасырын жұмыссыздық» немесе өзін-өзі жұмыспен қамту проблемасы ел экономикасының дамуындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып қалып отыр, әрі кедейшіліктің негізгі факторларының бірі болып табылады. Қазақстанда 2009 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтитын халық саны 2664,6 мың адамды немесе елдің жұмыспен қамтылған халқының 33,7% құрады, оның ішінде қалалық жерде – 18,7%, ауылдық жерде – 50,0%. Ауылда өзін-өзі жұмыспен қамтитындар саны 20 ғасырдың 40-50 жылдары Еуропадағы аграрлық сектордың өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың үлесіне сәйкес келеді.² Ауылдық жерде өзін-өзі жұмыспен қамтитындар үлесі – 50% қазіргі кездегі индустриалдық аграрлық секторға сәйкес келмейді. Ұсақ тауарлы ауыл шаруашылығы жағдайындағы ауылдық жерлерде өзін-өзі жұмыспен қамтудың өсуі табыстың біршама артуын әкелмейді және кедейлікті төмендетеді.³

² Б.Б. Досқалиева Қазақстандағы жұмыспен қамту саласындағы негізгі индикаторларды бағалау//<http://www.rusnauka.com>

³ Б.Б. Досқалиева Қазақстандағы жұмыспен қамту саласындағы негізгі индикаторларды бағалау//<http://www.rusnauka.com>



5-сурет. Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтылу деңгейі бойынша өңірлерді саралау
 Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамтитындар көлемі мен сапалы құрамы индустриалдан кейінгі елдерде өзін-өзі жұмыспен қамтитындардан санатынан едәуір

өзгеше, олар негізінен жоғары білікті еңбек үлесімен сипатталады. Қазақстанда өзін-өзі жұмыспен қамту – басым түрде қарапайым ауыл шаруашылығы еңбегі және оған байланысты бөлу қызметтері. Сондай-ақ «алып-сатарлардың» тұратын ұсақ сауда үлесі

д е ү л к е н .

Техникалық мамандықтар жұмысшыларының жетіспеуі кәсіпорындарды шетелден білікті кадрлар тартуға мәжбүрлейді. Елде: жұмыспен қамту құрылымы кадрларды даярлау біліктілік құрылымынан мүлдем өзгеше. Мәселен, қызмет көрсету саласында ЖОО-да даярланған мамандарға қарағанда едәуір көп адамдар жұмыс жасайды. Ал өндіріс үшін жұмыс жасайтындарға қарағанда көп мамандар шығарылады. Ауыл шаруашылығындағы жағдай керісінше: аталған салада жұмыспен қамтылғандардың меншікті салмағына қарағанда ауыл шаруашылығы үшін жаңа мамандар үлесі едәуір қалыс қалады. Салалардың жыл бойғы мамандармен толық жиналуы, сондай-ақ шетелде кадрлар даярлығы көлемін ескеретін болсақ, жағдай біршама оңтайлы көрінеді. Алайда жасалған талдау бір жағынан жоғары білімі бар кадрлар даярлау жүйесі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету саласы қоятын біліктілік талаптарына жауап бермейді, әрі екінші жағынан кадрлардың іс жүзінде қайта біліктілігін арттыруды көрсетеді. Шығарылған маманда едәуір шамада қайта біліктілік арттырды және әдетте өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Дайын мамандардың көп бөлігін қызмет саласы мен ауыл шаруашылығы алады.

Осылайша, білікті құрамға қатысты жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың біліктілік жүйесін жетілдірудің негізгі міндеті мамандықтар құрылымын жалпы Қазақстан бойынша, Сондай-ақ жекелеген салалар бойынша жұмыспен қамту болжамының мейлінше сәйкес келуі жағына күрт ауыстыру қажеттілігі болып т а б ы л а д ы .

Алайда 6-кестеден, көріп отырғанымыздай, кадрларды даярлау құрылымын алдағы он жылдыққа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өзгермеген қалыпта ұсынып отыр.

6-кесте. Қазақстан Республикасында салалық мамандарды даярлау құрылымы, %

Салалар	2009/10	2010/11	2014/15	2019/20
көп бейінді	40,6	40,6	39,6	39,3
өнер	0,5	0,4	0,5	0,5
ауыл шаруашылығы	2,1	2,2	2,3	2,3
техникалық салалар	22,5	23,1	22,8	22,8
гуманитарлық ғылымдар	5,7	5,7	5,8	5,9
медицина	2,1	2,1	2,2	2,3
педагогика	12,6	12,8	14,8	14,9
экономика және бизнес	11,4	10,1	9,2	9,4
технология	1,1	1,0	1,0	0,9
құқық	0,9	0,8	0,7	0,7

қызметтер	0,5	1,2	1,1	1
-----------	-----	-----	-----	---

Жұмыспен қамтудың «қатып қалған» деп аталатын құрылымының проблемалары да ауылдық шаруашылығында (барлық жұмыспен қамтылғандардың шамамен 30% шоғырымен) еңбек сыйымдылығының жоғары деңгейіне басым келеді, бұл экономикадағы инновациялық-технологиялық дамудың төмен қарқында екендігін куәландырады. Қалалық жерлердегі жастар жұмыссыздығы проблемалары, деңгейі (2009 жылы 7,9%), қалалардағы жалпы жұмыссыздықтан асады (2009 жылы 7,2%), бұл да «жалған урбанизация» феноменіне және қалалардағы жалпы әлеуметтік кернеуліктің артуына алып келеді.

Жұмыс орындарының болмау жағдайында ауылдық халықтың экономикалық белсенділік деңгейінің 2000 – 2009 жылдары елеулі артуы (12,7-тармаққа) ауылдық кедейліктің жасырын (өзін-өзі жұмыспен қамту есебінен) шоғырлануын көрсетеді.

Экономиканың төмен әртараптылығы мен кәсіби оқыту жүйесінің дамымауы салдарынан еңбек қосымшасының жаңа түрлерінің жеткіліксіздігінен де проблемалар туындап отыр.

2.5. Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылатын жобаларының еңбек нарығының аймақтық проблемаларына ықпалын талдау

Индустриализация шеңберінде 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде жаңа жұмыс орындарының жалпы саны 77797 бірлікті құрайды (7-кесте).

7-кесте. ҮИИДМБ жобаларын жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасында 2010 – 2020 жылдар аралығындағы кезеңде құрылатын жаңа жұмыс орындарының саны

р/с №	Өңір	Жұмыс орындарының саны, бірлік	Үлес салмағы, %-да	Өңірлердегі жұмыссыздар санына %-бен
1	Ақмола	26834	35,3	89,7
2	Алматы	10755	14,1	19,1
3	Шығыс Қазақстан	7841	10,3	16,0
4	Аймақаралық жобалар	6186	8,1	
5	Павлодар	4743	6,2	17,2
6	Қостанай	3504	4,6	10,2
7	Ақтөбе	3389	4,5	14,1
8	Жамбыл	2712	3,6	7,2
9	Маңғыстау	1968	2,6	13,2
10	Оңтүстік Қазақстан	1847	2,4	2,5
11	Атырау	1666	2,2	10,5
12	Қызылорда	1452	1,9	7,1
13	Қарағанды	1375	1,8	3,0
14	Алматы қ.	1105	1,5	2,0
15	Астана қ.	520	0,7	2,1
16	Батыс Қазақстан	166	0,2	0,8

17	Солтүстік Қазақстан	-	-	-
	Барлығы	77797	100	

Ел индустриализациясы жобалары шеңберінде жаңа жұмыс орындарының мейлінше үлкен саны Ақмола (өңірдегі жұмыссыздардың санына қарағанда 89,7%), Алматы (19,1%), Шығыс Қазақстан (16,0%) және Павлодар (17,2%) облыстарында құрылуда және құрылады.

Индустриализация жобалары іс жүзінде Алматы (2,0%) және Астана (2,1%) қалаларында, сондай-ақ Батыс Қазақстан (0,8%), Қарағанды (3,0%), Оңтүстік Қазақстан (2,5%), Қызылорда (7,1%), Жамбыл (7,2%) облыстарында жұмыссыздық деңгейінің елеулі төмендеуіне ықпал етпейді.

Ел индустриализациясы шеңберінде мейлінше көп жұмыс орындарын тау-кен металлургия, көлік-коммуникация саласында, сондай-ақ машина жасау саласында құру күтіледі.

Жол картасы шеңберінде құрылған және құрылуы ықтимал жұмыс орындары уақытша сипатқа ие, сондай-ақ бос орындарды қоса іздеушілерге жоғары біліктілік талаптары қойылмайды.

Индустриализация шеңберінде жоспарланып отырған жаңа жұмыс орындарының елдің экономикалық белсенді халқының жалпы санының тек 0,9% ғана тұрақты сипатқа ие, бұл қолда бар жұмыссыздық деңгейі барысында да жеткіліксіз болып табылады. Сонымен қатар жұмыспен қамтылған халық экономикадағы негізгі төлемге қабілеттілік сұранысын тудырады, бұл өз кезегінде елдің экономикалық өсіміне ықпал етеді.

2.6. Өңірлер бөлінісінде еңбек нарығының негізгі индикаторларын келешекте өзгерту, кәсіби-техникалық білім беру, кадрларды даярлау және қайта даярлау

Болжамды 2010 – 2020 жылдар кезеңінде Қазақстанның экономикалық белсенді халқының саны 7,5%-ға артады және 2020 жылға қарай 9164,0 мың адамды құрайды (8-кесте).

8-кесте. Қазақстан Республикасының экономикалық белсенді халқы санының болжамды серпіні

Өңірлер	мың адам		
	2010 жыл	2020 жыл	2010 – 2020 жылғы өсім ырғағы, %-да
Қазақстан Республикасы	8531,0	9465,0	110,9
Ақмола	437,1	472,6	108,1
Ақтөбе	392,8	443,3	112,9
Алматы	868,1	905,1	104,3
Атырау	257,9	260,9	101,1
Шығыс Қазақстан	764,5	777,4	101,7
Жамбыл	581,1	630,5	108,5
Батыс Қазақстан	342,6	390,5	114,0

Қарағанды	740,4	805,7	108,8
Қостанай	541,7	529,4	97,7
Қызылорда	312,6	344,2	110,1
Маңғыстау	212,4	288,2	135,7
Павлодар	433,5	461,6	106,5
Солтүстік Қазақстан	377,1	380,6	100,9
Оңтүстік Қазақстан	1144,3	1236,1	108,0
Астана қаласы	389,5	620,9	159,4
Алматы қаласы	735,4	918,1	124,8

Елде болжанатын кезеңде жұмыспен қамтылғандар саны 2020 жылға дейін 9,1%-ға артады, ал жұмыспен қамтылу деңгейі экономикалық белсенді халық санының 95,0% жетеді. Тиісінше жұмыссыздық деңгейі 2010 жылғы 6,6%-дан 2020 жылға қарай 5,0%-ға дейін қысқарады. Аталған үдеріс Қазақстанның барлық өңірлері үшін сипатты болады, әсіресе жұмыссыздық деңгейінің төмендеуінің жоғары қарқыны Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарында күтіледі (2020 жылға қарай жұмыссыздық деңгейі тиісінше 4,0%-ды, 5,1%-ды және 4,5%-ды құрайды).

Елдің еңбек әлеуетін бұдан да тиімдірек пайдалану үшін елдің тығыз орналасқан оңтүстік өңірлеріне еңбегі сыйымды өндіріс және ауыл шаруашылығының салаларын о р н а л а с т ы р у қ а ж е т .

Жұмыспен қамтудың болжамды құрылымы бойынша болжанатын кезеңнің соңында қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылғандардың үлес салмағы 2010 жылғы 29,5%-дан 2020 жылға дейін 32,1%-ға артады, және керісінше, ауыл шаруашылық, орман және балық шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар тиісінше 29,8%-дан 26,8%-ға дейін төмендейді. Бұған себеп – ауылдық жерлерден жұмысқа қабілетті адамдардың кету ағыны. Ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар үлесінің төмендеуіне қарамастан, республиканың солтүстік, оңтүстік және батыс облыстарында аталған салада жұмыспен қамтылғандар үлесінің жоғары меншікті салмағы сақталады (2020 жылы - 31,5% - 39,8%). Өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың жоғары үлесі Атырау және Маңғыстау облыстарына (шамамен 22%), сондай-ақ Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарына (19%) тән болады (Болжамды схемаға 20 – 22-к о с ы м ш а л а р д а к ө р с е т і л г е н).

Елде жұмысшылар санаттары (жұмысшылар, қызметшілер) бойынша жұмыспен қамтылғандардың болжамды деректері 2020 жылға дейін жалға алынатын қызметшілер санының 2009 жылғы 47,9%-дан 2020 жылға қарай 42,5% дейін жұмысшылардың меншікті салмағының төмендеуі туралы куәландырады. Тиісінше қызметшілердің меншікті салмағы 52,1%-дан 57,5%-ға дейін артады, бұл қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылғандар санының артуына байланысты: білім беру, денсаулық сақтау, қаржы қызметі, мемлекеттік басқару және өзге қызметтер. Экономиканың дә осы салаларында қызметшілер орташа есеппен жұмыспен қамтылғандардың жалпы

санының 70% құрайды. 2020 жылға дейінгі кезеңде құрылымдық өзгерістер өнеркәсіпте, құрылыста және ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың белгілі бір үлесінің төмендеу үдерісінде көрінетін еңбек өнімділігі өсімінің ықпалында болады, онда жұмысшылардың меншікті салмағы басым келеді (60-70% астам) (Болжамды схемаға 23-қосымшада көрсетілген).

Өңірлер бөлінісінде 2020 жылға қарай Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қызметкерлердің үлес салмағының ең жоғары көрсеткіштері күтіледі (тиісінше 70,4%, 65,4%, 70,6%, 67,8%).

Жұмыспен қамтылудың күтілетін өзгерістері жұмыспен қамтудың тиімсіз формаларын еңсерумен және жұмыс күші мобильділігін арттырумен анықталатын болады.

Еңбек ресурстарының экономиканың ресми секторына заңды өтуі үшін мемлекет қосымша ынталандырулар жасайды, сондай-ақ шетел жұмыс күшін тарту үшін мемлекеттік квота бөлуді 50%-ға арттыру шеңберінде, иммигранттар арасында білікті мамандар санының өсуі қамтамасыз етіледі, жұмысқа қабілетті этникалық репатрианттардың 80% жұмыспен қамту үшін жағдай жасалады.

Елде жұмыссыздық деңгейін қысқарту бойынша шаралар:

1. азаматтардың, әсіресе жұмыссыз азаматтардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау, атап айтқанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу, әлеуметтік және тұрмыстық қызметтер, қоғамдық тамақтандыру, көлік қызметтері, жалпы құрылыс жұмыстар ұйымдастыру, техникаға қызмет көрсету және жөндеу салалары және тағы басқа;

2. әрекет етуші кәсіпорындарда жұмыс орындарын ұлғайту үшін қажет жағдайлар қамтамасыз ету, өңірлердегі қалпына келтірілген (реанимиленген) кәсіпорындарда жаңа жұмыс орындарын құру, сондай-ақ әрекет етуші және құрылып жатқан ірі және орташа кәсіпорындар үшін шағын кәсіпкерліктің және кәсіптік немесе қызмет көрсететін өндірістерінде жұмыс орындары ашу;

3. елде техникалық және кәсіптік білім беру желілерін кеңейту, кәсіби білім беру жүйесінің икемділігін арттыру, оның түрлі мамандықтар мамандарына деген сұраныста болып жатқан өзгерістерге ескіргеннен жаңа мамандықтарға қайта бейіндеу арқылы тез ден қою қабілетін арттыру.

Еңбек және жұмыспен қамту нарығы қызметінің көп сатылы құрылымын, көп факторлы сипаты мен негізгі заңдылықтарын ескеретін жүйелік әдісі бар. Халықты жұмыспен қамтудың жаңа бағдарламасын әзірлеу қажет. Бағдарламаны іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделуі қажет:

еңбек және халықты ақпараттандыру нарығындағы жағдайды мониторингілеу мен болжамдау жүйесін жетілдіру;

экономиканың басым салаларының қажеттіліктерін білікті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету;

еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру;
өз бетінше жұмыс жасайтын халықты өндірістің перспективті салаларына ауысуын ынталандыру;

ішкі және сыртқы еңбек көші-қон үрдістерін оңтайландыру;
еңбек нарығында және жұмыспен қамту саласында әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету.

Елдегі атап айтқанда, оңтүстік өңірлеріндегі техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының желісін тез әрі көлемді ауыстыру проблемасы өзекті проблемаға айналуға, бұл жергілікті халықтың кәсіби және аумақтық мобильділігін арттыру үшін қажет, оған қазіргі уақытта республиканың ірі қалаларында жұмыссыздар немесе аз білікті жұмыс күші қатарын толықтыруға тура келеді.

Кадрлардың ықтимал тапшылығын жою мақсатында басым салалардың дамуына және өңірлік инвестициялық жобаларды іске асыруға сәйкес олардың біліктілік деңгейіне мамандардың жұмыспен қамтылу болжамы жүзеге асырылды. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша жыл сайын орташа есеппен 57,6 мың адам санынан тұратын еңбек ресурстары қажет, талап етілетін мамандықтардың ең жоғары үлесі - өнеркәсіп саласында (32,4%) және ауыл шаруашылығында (27,3%). ҚР Білім және ғылым министрлігінің болжамды деректері бойынша жоғары білімі бар мамандардың жыл сайынғы түлектері күтілетін шығарылымы 155,2 мың адам, ал техникалық және кәсіптік мамандар саны – 168,5 мың адам. Нәтижесінде елде еңбек ресурстарына деген қажеттілік толық жабылады.

Өнеркәсіптегі ең жоғары қажеттілік Атырау (өңірдегі жалпы қажеттіліктің 81,9%), Маңғыстау (70,3%), Жамбыл (66,8%), Ақтөбе (44,7%) облыстарында күтіледі; құрылыс және коммуналдық шаруашылықта – Оңтүстік Қазақстан (61,0%), Шығыс Қазақстан (41,8%) облыстарында; денсаулық сақтау қызметтерін көрсетуде қажеттіліктің Астана (52,3%) және Алматы (49,4%) қалаларында үлкен. Аталған қажеттілік жоғары, техникалық және кәсіптік білім объектілері мамандарының жыл сайынғы шығарылымымен жабылады.

Қ о р ы т ы н д ы л а р

Өңірлердің еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі оңтүстік және батыс өңірлерде жоғары әлеуетпен, еңбекке қабілетті жастағы халық санының біртіндеп қысқаруына байланысты елдің солтүстік және шығыс аймақтарында төмен, әсіресе келешекте төмен әлеуетпен сипатталады.

Келешекте елдің жекелеген өңірлері үшін еңбек ресурстарының теңгерімді қамтамасыз етілуі үшін ішкі көші-қон үрдістерін реттеу қажет.

Мамандарды даярлауды еңбек нарығының болжамды қажеттіліктеріне сәйкес жүзеге асыру керек.


3. Әлеуметтік инфрақұрылым

3.1 Халықтың ел өңірлері бөлінісінде білім беру объектілерімен қамтамасыз етілуі Біздің республикамыздың әрбір азаматын қолжетімді сапалы білім қызметтерімен қамтамасыз ету мәселелері едәуір өзекті, бүгінгі таңда осы салада шешілмеген проблемалардың тізбесі бар.

2009 жылдың аяғында мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеленушілердің саны 373,2 мың баланы құрады және 2000 жылмен салыстырғанда 2,8 есеге ұлғайды.⁴ 2000 – 2009 жылдары мектепке дейінгі ұйымдар саны, 2009 жылы 4972 бірлікті құрап 4,6 есеге ұлғайды.

⁴ Мұнда және одан әрі ҚР Ғылым және білім министрлігі

Мектепке дейінгі балалар мекемелері санының ұлғаюына қарамастан, елімізде, әсіресе ауылдық жерде балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен төмен қамтылуы (2009 жылы көрсеткіш 38,7% құрады) байқалады. Балаларды мектепке дейінгі балалар мекемелерімен қамту төмендігі Оңтүстік Қазақстан (14,4%), Алматы (21,5%) облыстарында, ең жоғары қамтуы Қостанай (90,3%) және Қарағанды (69,6%) облыстарында байқалып отыр.



6-сурет. 2009 жылы ҚР өңірлері бөлінісінде мектепке дейінгі балалар ұйымдарының балаларды қамтуы бойынша өңірлерді саралау.

Оңтүстік және батыс өңірлерде мектепке дейінгі балалар ұйымдарының балалармен жоғары толықтығына халық саны өсуінің жоғары қарқындарымен, әсіресе туудың салыстырмалы жоғары көрсеткіштерімен байланысты.

Қазақстанда осы деңгейді дамытуға арналған білім мақсаттарына инвестициялар жыл сайын ұлғаюда, бірақ олардың ЖІӨ үлесі елеусіз болып қалып жатыр. Мәселен

2000 – 2009 жылдары осы берілген көрсеткіш тиісінше 0,15%-дан 0,86% өсті. Ел өңірлері бойынша жоғары көрсеткіштер Оңтүстік Қазақстан (2009 жылы ЖӨӨ 3,0%), Қызылорда (2,0%) және Алматы облыстары (1,3%), ал ең төмен – Атырау (0,2%) және Қарағанды (0,3%) облыстарына тән.

2009/2010 оқу жылдары жалпы саны 2491,2 мың баланы құрайтын, жергілікті атқарушы органдарға және БҒМ-ге ведомстволық бағынысты 7576 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер қызмет етті. Талдау кезеңінде күндізгі жалпы білім беретін күндізгі мектептер саны 492 бірлікке қысқарды, ал оқушылар саны 21,2% немесе 528,3 мың оқушыға қысқарды.

Өңірлік бөліністе Астана қаласында (3,5%) және Маңғыстау облысында (8,2%) оқушылар санының артуы байқалады, ол бірінші кезекте жоғары көші-қон ағынымен байланысты, Оңтүстік Қазақстан облысында – өзгеріссіз, қалған өңірлерде контингенттің азаюы байқалады: Солтүстік Қазақстан облысында (42%), Қостанай облысында (41%), Павлодар облысында (40%), Шығыс Қазақстан облысында (39%), Ақмола облысында (35%) және басқалары.

Өңірлер бөлінісінде халықтың жалпы білім беру мектептерімен қамтылу дәрежесін сипаттайтын, маңызды көрсеткіштердің бірі оқушылардың сабақ ауысымдар бойынша үлестірілуі болып табылады (бір ауысымдық оқыту тәртібіне мектеп контингентін толық ауыстыру міндетінен шыға отырып, Болжамды схемаға 24-қосымшада көрсетілген).

Талданатын кезеңде қатысушылардың үлес салмағы 1 ауысымда 2000/2001 оқу жылының басына 65,4%-дан 2009/2010 оқу жылы 63,9%-ға дейін төмендеді және 2 ауысымда оқитын оқушылар саны тиісінше 34%-дан 35,5%-ға дейін ұлғайды. Ауыл және қала халқы бөлінісінде оқушылар санының құрылымы ауысымдар бойынша ауылдық жерде 2 ауысымда оқитын қатысушылардың үлес салмағының ұлғаюы жағына өзгерді.

2009/2010 оқу жылының басында 1 ауысымда оқитындар санының үлесі бойынша үздік көрсеткіштер Павлодар (78,6%), Қостанай (76,4%) және Солтүстік Қазақстан облыстарында (75,7%), нашарлары – Маңғыстау және Қызылорда облыстарында (тиісінше 55,7% және 56,0%). 3 ауысымда оқитындар санының үлесі бойынша ең жоғары көрсеткіштер Астана қаласы (2,1%), Маңғыстау (2,0%), Оңтүстік Қазақстан (1,3%) облыстарында байқалған.

Республиканың солтүстігінде және солтүстік-шығысында халықтың салыстырмалы жоғары қамтылу деңгейі кеңестік кезеңде барлық салаларда әлеуметтік инфрақұрылымның жоғары деңгейімен, сонымен бірге бұл өңірлерден кеңестік дәуірден кейін халықтың ауқымды көші-қонымен түсіндіріледі, бұл мектеп тораптарына жүктемені азайтты.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі деректері бойынша⁵

соңғы жылдары екінші және үшінші ауысымда оқып жатқан балалар үлесі, жаңа мектептер құрылысы және оқушылар санын азайтуды кемітуге қарамастан, ұлғайып жатыр, бұл кіші жас топтарындағы балалар саны ұлғаюымен, халықтың астанаға және басқа қалаларға ағынымен, сонымен қатар елдегі жаңа мектептер құрылыс көлемдерінің жеткіліксіздігі және жаңа мектептер орналасу ұтымсыздығымен түсіндіріледі. Осыған байланысты, демографиялық және қалақұрылыстық болжамдар негізінде қолданыстағы мектептерді кеңейту немесе қайта жөндеу, жаңа мектептерді ұтымды орналастыру бойынша жаңа бағдарлама әзірлеу өзекті болып жатыр.

5 2008 жылғы білім берудің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама, 66-бет

Елімізде шағын кешенді мектептердің үлесі (ШКМ) жоғары. Осылайша, барлық жалпы беретін мектептердің 56,6% оқушылары 405,8 мың адам немесе барлық оқушылардың 16% құрайтын ШКМ болып табылады. Өңірлік бөліністе ШКМ 96,5% елдің солтүстік-шығыс бөлігінде ауылдық жерлерде орналасқан. ШКМ жартысы (2052 бірлік) ыңғайластырылған ғимараттарда орналастырылған. Мектептердің мұндай типтері үшін шекті төмен толықтық және сыныптарды үйлестіру, оқытушыға көп пәнділікпен жүктемелер тән.

Қазіргі уақытта республикада ТжәнеКБ 882 оқу орны қызмет етеді (322 кәсіби лицей мен 560 колледж), оларда 609 мың адам оқиды. Кадрларды даярлау 177 мамандық және 416 біліктілік бойынша жүргізіледі.

Т және КБ жүйесінің қолданыстағы инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық жарақтануы кадрларды даярлаудың сапасын қамтамасыз ете алмайды.

Республиканың 23 ауданында оқу орындары мүлдем жоқ, оқитындардың 31% жатақхана қажеттілігіне тапшы болып отыр. Соңғы үш жылда 3 жаңғыртылған оқу орны енгізілді. Т және КБ барлық оқу орындары ескірген жабдықпен жұмыс жасайды.

Кадрларды даярлаудың құрамы индустрияның қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыра алмайды. Кадрларды даярлауда бизнес-құрылымдарды тартудың нақты тетіктері жоқ. Еңбек нарығындағы мамандарға қойылатын біліктілік талаптары ескіріп кетті.

Қ о р ы т ы н д ы л а р

Білім саласының негізгі көрсеткіштері жақсарғанына қарамастан, шешімді талап ететін бір қатар проблемалар бар:

мектепке дейінгі білімге тең жетімділік қамтамасыз етілмеген, мектепке дейінгі балалар тәрбиесі және білім берумен 1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды қамтудың төмен көрсеткіші;

Білім беру құрылымы жеткілікті дамымаған: 201 мектеп апаттық жағдайда, 35,4% мектеп қосалқы ғимараттарда орналасқан, 70 мектеп үш кезекте оқиды, 25,1% мектеп күрделі жөндеуді талап етеді, оқу орындарының тапшылығы шамамен 80 мың орын

құрайды; 82,6% мектеп 1990 жылға дейін салынған; мектептері жоқ елді мекендерде тұратын оқушылардың барлығын мектепке апару барлық жерде ұйымдастырылмаған; Т және КБ инфрақұрылымы жеткілікті дамымаған; Жұмыс берушілер әзірлеген кәсіби стандарттардың болмауы; өндірістік тәжірибе үшін кешендердің жетіспеуі; жұмысшылардың кәсіби дайындығын тәуелсіз бағалау дамымаған; маңызды әлеуметтік мәселе әлі де өз шешімін тапқан жоқ – білімнің қол жетімділігін қамтамасыз ету жолымен мүгедектер үшін тең мүмкіндіктер жасау.

3.2. Халықты елдің өңірлік бөлінісінде денсаулық сақтау объектілерімен қамтамасыз етілуі

Соңғы жылдары негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерді тұрақтандыруға қол жеткізілді – туылу, өлім және өмірдің орташа ұзақтылығы. Индетті аурулар төмендеген. Бірақ ел халқы денсаулығы өлшемдерінің ауқымды бөлігі қанағаттанарлық күйде емес. Мемлекеттік бюджеттен жыл сайын денсаулық сақтауға шығындарды 2000 ж. 54,3 млрд. теңгеден 2009 жылы 450,9 млрд. теңгеге дейін ұлғайтуға қарамастан, оның ЖІӨ үлесі төмен болып қала беруде (2009 жылы 2,8% деңгейде).

Республиканың денсаулық сақтау жүйесіне 2009 ж. жалпы саны 121,2 мың. кереуеті бар 1020 стационарлық ауруханалық ұйымдар; жоспарлы қуаттылығы ауысымда 210,9 мың немесе 10 мың адамға 131,9 кезегі бар 3521 амбулаторлық-емханалық ұйымдардан тұрады. Ауруханалық ұйымдар санының 82 бірлікке ұлғаюы негізінен мамандандырылған мекемелер саны ұлғаюы есебінен орын алды.

Халықтың ауруханалық кереуеттермен қамтамасыз етілу көрсеткіші 2009 жылы халықтың 10 мың адамға 75,6%-ды (Болжамды схемаға 25-қосымшада көрсетілген) құрады. Бұл БДСҰ деректері бойынша халықтың 10 мың адамына 73,3%-ды құрайтын, орташа еуропалық көрсеткіштен бірнеше есеге жоғары. Халықтың ауруханалық кереуеттермен қамтамасыз етілудің ең жоғары деңгейі өңірлер арасында – Қарағанды (халықтың 10 мың адамына 98,2 кереует), Ақмола (95,4), Шығыс Қазақстан (89,3) және Павлодар (87,0) облыстарын байқалған. Ең төмен көрсеткіштер Алматы (45,1) және Оңтүстік Қазақстан (55,6) облыстарында байқалды.

Республикадағы амбулаторлық-емханалық ұйымдар қуаттылығы 2009 жылы халықтың 10 мың адамына 131,6 қатысуды құрады. Өңірлік бөліністе амбулаторлық-емханалық ұйымдармен ең жоғары қамтылу Ақмола, Солтүстік-Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Батыс Қазақстан облыстарына тән, мұнда көрсеткіш халықтың 10 мың адамына ауысымда 164 бастап 199 қатысу деңгейінде орналасқан. Амбулаторлық-емханалық ұйымдар қуаттылығының ең төмен көрсеткіштері Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Қызылорда облыстары және Астана қаласы үшін тән (көрсеткіш халықтың 10 мың адамына 83,4-тен бастап 100-ге дейін).

Талданатын кезеңде дәрігерлермен қамтамасыздылық 2000 жылы халықтың 10 мың

адамына 33,0-ден 2009 жылы 37,8 мыңға дейін өсті, ал орта медициналық білімді мамандармен қамтылуы халықтың 10 мың адамына тиісінше 71,8-ден 87,1 мыңға дейін өсті. Қазақстанда өңірлер және елді мекендер бойынша кадрлық әлеуетті тең қалыпсыз үлестірілуімен сипатталатын, медициналық кадрлар дисбалансы байқалады. Әсіресе ауылдық жерлер орта медперсоналмен жақсы қамтылғанымен, дәрігерлермен қамтылу деңгейі өте төмен. Дәрігерлермен ең төмен қамтылу Алматы (халықтың 10 мың адамына 21,1 дәрігер), Қостанай (25,3), Солтүстік-Қазақстан (25,6), Жамбыл (25,7) облыстарында байқалды. Алматы облысында да (халықтың 10 мың адамына 57,5) орта медициналық персоналмен қамтылудың төмендігі байқалады. Солтүстік облыстарда дәрігерлермен төмен қамтылу деңгейі олардың басқа елдерге көші-қонымен, ал оңтүстік облыстарында – табиғи өсім есебінен халық санының жылдам қарқынмен өсуімен түсіндіріледі.

Халықты медициналық персоналмен және кереуеттік қормен қамтудың жоғары орташаланған көрсеткіштеріне қарамастан, Қазақстан халқының жалпы науқастану көрсеткіші 2009 жылы серпінде өсіп отыр және 2000 жылы 50505,1 қарсы халықтың 100 мың адамына 60102,7 құрады. Аурулар өсуі ауруларды ерте даму сатысында анықтау жақсаруымен және науқастың алдын – алудың біртіндеп жақсаруымен түсіндіріледі. Өңірлік бөліністе ең жоғары көрсеткіштер Алматы қаласы (100 мың адамға 84461,3) және Алматы облысына (100 мың адамға 71778,8), ал ең төмен көрсеткіштер – Атырау (33082,2) және Оңтүстік Қазақстан облыстарына (45570,4) тән.

Республикадағы сәби өлімнің көрсеткіші төмендеуге бетбұрыс алған, бірақ жалпы басқа елдермен салыстырғанда жеткілікті жоғары болып қалып отыр (2009 жылы 1000 тірі туғанға 18,23). Ең жоғары көрсеткіштер Қызылорда (24,96), Шығыс Қазақстан (22,72) облыстарында байқалған. Негізгі себептер қолайсыз экологиялық ахуал болып табылады.

Ана өлімі көрсеткішінің 2000 жылы 60,9-дан 2009 жылы 100 мың тірі туғанға 36,8 дейін төмендеуі байқалады, ең жоғары көрсеткіштер Атырау (57,0) және Маңғыстау (48,9) облыстарына тән.

Республикадағы ана өлімінің негізгі себептерінің бірі әйелдер денсаулығының төмен индексі болып табылады.

Балалардың бұқаралық алдын-алу қарауларын жүргізу, әр екінші бала науқас екенін көрсетті, және бұл алдын-алу жұмыстарын, барабар сауықтыру және емдеу іс-шараларын, бірінші кезекте амбулаторлық-емханалық деңгейде ұйымдастыруды талап етеді. Өкінішке орай, денсаулық сақтау бүгінгі күні, аурудың алдын-алу емес, емдеу сипаты шараларына көбірек бағытталған, ал халықтың өзі өз денсаулығын қорғауға жеткіліксіз дәрежеде бағдарланған.

Жалпы, медициналық көмек сапасын және оның жетімділігін жоғарылату нәтижесінде індетті және басқа науқастар қатары бойынша халық денсаулығының жай-күйін жақсартуда оң бетбұрыстарға қол жеткізілді. Бірақ, елдің денсаулық сақтау

жүйесі көрсеткіштерінің негізгі бөлігі қанағаттанарлықтай емес:

Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Қызылорда облыстарда және Астана қаласы амбулаторлық-емханалық ұйымдарды жоғары жетіспеушілігі;

денсаулық сақтау саласында ең өткір проблемалардың бірі дәрігерлер мен орта медициналық персонал жетіспеушілігі болып қала беруде. Ауылдық жерде дәрігерлермен қамтылу көрсеткіші қалалықтан қарағанда 4 есеге кем. Қазақстан өңірлері бойынша дәрігерлік кадрларды үлестірудің әркелкілігі шектен тыс жоғары болып сипатталады және кейбір өңірлерде 21,1 бастап (Алматы облысы) кейбір өңірлерде халықтың 10 мың адамына 74,7 дейін (Астана қаласы) құрайды;

мүгедектердің денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін тең мүмкіндіктер жасалмаған.

3.3. Өңірлік бөліністе таза ауыз суға қол жеткізу

Қазіргі уақытта 3 млн адам шамасында халқы бар 3849 ауылдық елді мекендер сапалы және жетімді сумен қамтамасыз етілмеген, соның ішінде 3206 АЕМ сумен қамтудың орталықтандырылмаған жүйесін, 143 АЕМ (82,9 мың адам) тасымалданатын сумен пайдаланады, 114 АЕМ топтық су таратқыштар жөндеуді және жаңасын салуды талап етеді, 386 АЕМ топтық су таратқыштарға қосуды талап етеді.

Жалпы, ел бойынша 41% ауылдық елді мекендерде ғана орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі бар, ал қалалық жерде бұл көрсеткіш 72%-ды құрайды. 133 су құбырлары санитарлық нормаларға жауап бермейді.

Қазіргі уақытта республикада 49 топтық су таратқыштары жұмыс істейді, оларға 400 астам елді мекендер қосылған.

Республика бойынша орташа құбырлы ауыз суға жетімділікке 65% халық – 4,89 млн. адам ие. Жеке облыстар бойынша ол келесідей құрамда: 38-53% – Павлодар, Қостанай, Ақтөбе, 70-88% – Алматы, Ақмола және Қарағанды облыстар.

Жеке аудандарда ауыл халқының ауыз суына 25-35%-дан аспайтын төмен жетімділігі байқалады. Мысалға, Павлодар облысының Май (5%), Щербакты (14%), Лебяжинский және Иртышский (24%) аудандары, Шығыс Қазақстан облысында Бесқарағай (17,7%) ауданы, Батыс Қазақстан облысында Казталовский (33%) ауданы.

Мониторинг тасымалданатын суды пайдаланатын ауыл тұрғындары санының қысқаруын көрсетеді. Осылайша, егер 2002 жылы олар 445,2 мың адам болса, 2010 жылы 1 қаңтарда – 82,9 мың адам, яғни 82,4%-ға кеміген.

Орталық сумен жабдықтау көздерінен, ауыз судың төмен сапасының негізгі себебі су көздерінің ластануынан, санитарлық – эпидемиологиялық ахуал нашарлаудан, су таратқыштар торабының, құрылғылардың тозуынан және тазалаудың ескірген әдістерінен құралған.

2002 – 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» салалық бағдарлама шеңберінде республика бойынша жалпы 3389 км су таратқыш тораптары құрылған және қайта жөнделген, шамамен 2,1 млн. адам халық саны бар 1151 елді мекенді сумен қамтамасыз

е т у

ж а ғ д а й ы

ж а қ с а р т ы л д ы .

2000 – 2009 жылдары су тазалау орнатымдарының барлығы 214 ауылдарда орнатылған болатын. «Ауыз сулар» бағдарламасын іске асыру нәтижесінде ауыл тұрғындарының сумен жабдықтау қамтамасыздылығы 2006 жылғы 17%-дан бастап 2008 жылы 24%-ға дейін өсті. Сонымен бірге, Бағдарлама, ауқымды материалды салымдарға қарамастан мақсатқа жетіп және ауылдық елді мекендерді сапалы сумен қ а м т а м а с ы з е т е а л м а д ы .

3.4. Білім беру, денсаулық сақтау және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыздылық деңгейіне келешекті әсерін талдау

Болжамдық схеманы әзірлеудің маңызды қағидаттарының бірі барлық өңірлердің халқы үшін мемлекетпен кепілдендірілген қызметтердің, сонымен қатар денсаулық сақтау саласындағы қызметтердің тең жетімділігінің дамуын ынталандыру болып т а б ы л а д ы .

Қашықтықты мамандандырылған медициналық көмек жетімділігін жоғарылату мақсатында, Қазақстан Республикасы Денсаулық министрлігі 2004 жылдан бастап « Ауылдық жерде денсаулық сақтауда телемедицина және мобильді медицинаның дамуы » инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асырады. Бүгінгі күні елдің 14 өңірінде телемедицина енгізілген. 2009 жылы 13 өңірде 10611 телемедициналық кеңестер ж ү р г і з і л д і . ⁶

2020 жылға дейінгі кезеңде денсаулық сақтаудың жаңа объектілерінің құрылысы барлық өңірлерде күтіледі. Жаңа объектілер құрылысына қарамастан, 2020 ж. Жамбыл, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында медициналық ұйымдарының жалпы саны күтіледі.

2010 – 2020 жылғы республиканың амбулаторлық-емханалық ұйымдар қуаттылығы болжанатын кезең басындағы деңгейде қалады (2020 жылы 131,1). Өңірлік бөліністе амбулаторлық-емханалық ұйымдармен ең жоғары қамтылу Ақмола (халықтың 10 мың адамына ауысымда 198,4 қатысулар), Павлодар (165,1), Қостанай (177,8), Қарағанды (156,8) және Солтүстік Қазақстан (156,8) облыстарына тән болады. Амбулаторлық-емханалық ұйымдар қуаттылығының ең төмен көрсеткіштері Жамбыл (халықтың 10 мың адамына ауысымда 63,4 қатысулар), Оңтүстік Қазақстан (84,2) облыстары және Астана қаласы (75,7) үшін тән болады.

Жалпы, денсаулық сақтау жүйесінің келешекте дамуы, халықтың денсаулық сақтау қызметтерімен халықтың қамтамасыздылығының негізгі көрсеткіштерін жақсарту әлеуметтік-маңызды аурулардың 20-30%-ға, сонымен бірге туберкулезбен ауру 20%-ға т ө м е н д е т у г е ы қ п а л е т е д і .

Стационарлық көмек көрсетуші (кереует айналымы, орташа болу ұзақтығы және басқалар), денсаулық сақтау ұйымдары жұмысының негізгі көрсеткіштері халықаралық

қалыптастыру практикасы, соның ішінде жеке инвестициялар және спонсорлық қаражаттар тарту жолымен келісімдер негізінде жалғастырылатын болады.

Жұмыс істейтін мамандар біліктілігінің деңгейі саланың одан кем емес өзекті проблемасы болып табылады. Медициналық қызметкерлер еңбекақысын төлеу жүйесі жетілдірілетін болады. Материалды факторлардан тыс, үлкен рөлді қоғамда медициналық қызметкерлер беделін және әлеуметтік мәртебесін жоғарылату атқарады.

Жоғары тиімді білім жүйесі ел экономикасының тұрақты өсімін қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. 2020 жылы білімнің барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғырту жүргізілетін болады – мектепке дейінгіден бастап жоғарыға дейін.

Білім саласының басты мақсаты оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, азаматтардың материалды және рухани әл-ауқатын жақсарту үшін адами капиталын дамыту, барлығы үшін сапалы білім жетімділігін қамтамасыз ету жолымен экономиканың тұрақты өсімі (2011 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы) болып табылады.⁹

⁸ 2011-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды реформалаудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының жобасы / <http://www.mz.gov.kz>

⁹ 2011-2020 жылдарға Қазақстан Республикасының білім бағдарламасы/ <http://www.edu.gov.kz>

Берілген мақсатқа жету келесі жолымен жоспарланады:

- білім қызметтеріне тең жетімділікті қамтамасыз етуге бағдарланған, қаржыландыру жүйесін жетілдіру;
- білім үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім ресурстарына және технологияларға тең жетімділігін қамтамасыз ету;
- балаларды мектепке дейінгі сапалы тәрбиелеу және оқытумен толық қамту, балалардың мектепке дейінгі тәрбиенің әрқилы бағдарламаларға және оларды мектепке дайындау үшін оқытуда тең жетімділігін қамтамасыз ету.

Бұдан бөлек, барлық азаматтар үшін сапалы мектептік және кәсіптік білім жетімділігі міндеттерін шешу жоспарланады.

Білім үрдісінің барлық қатысушыларына білім ұйымдарындағы үздік білім ресурстарына және технологияларға тең жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында «e-learning» электрондық оқыту жүйесі енгізілетін болады. Бұл білімді басқару тиімділігін, оқыту сапасын жоғарылатуға ықпал етеді.

Балаларды мектепке дейінгі сапалы тәрбиелеу және оқытумен толық қамту, балалардың мектепке дейінгі тәрбиенің әрқилы бағдарламаларға және оларды мектепке дайындау үшін оқытуда тең жетімділігін қамтамасыз ету мектепке дейінгі ұйымдар торабын ұлғайту, мазмұнын жаңарту, кадрлармен қамтамасыз ету жолымен жүзеге

а с ы р ы л а т ы н

б о л а д ы .

2015 жылы «Балапан» бағдарлама шеңберінде мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың 70% қамтуын қамтамасыз етуші, мемлекеттік және жеке бала бақшалар торабын дамытатын болады. 2020 жылға қарай өңірлер ерекшеліктеріне тәуелді мектепке дейінгі ұйымдардың әрқилы үлгілерінің қызметі қамтамасыз етілетін болады. Мемлекеттік бала бақшаларына ірі компаниялар, ұйымдар, кәсіпорындардағы бала бақшалар балама болады.

2020 жылы мемлекет қалалық жерде де, ауылдық жерде де, мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен балаларды толық қамту үшін мүмкіндіктермен қамтамасыз етілетін болады.

Келешекте елдегі мектепке дейінгі ұйымдар саны 1,5 есе ұлғаятын болады, 2020 жылы 8498 бірлікті құрап, ал мектепке дейінгі мекемелердегі балалар саны 756,8 мыңға жетеді. Мектепке дейінгі мекемелердің барлығы ішінен 2528 бірлігі қалалық жерде, ал 5970 бірлігі – ауылдық жерде орналасатын болады. Жобалық қуаттылық өсімі және балаларды мектепке дейінгі сапалы тәрбиелеу және оқытумен қамтудың жоғары қарқындары елдің арлық өңірлеріне тән болады. Мектепке дейінгі мекемелермен ең төмен қамтылу Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Жамбыл облыстарында және Алматы қаласында сақталатын болады.

Орта білімде жалпы міндетті білім мен екі жыл бойы кәсіптік білімді ескеретін 12 жылдық оқыту үлгісіне ауысуды жүзеге асырды. Сонымен бірге, оқыту бағдарламаларының мазмұны өмір және кәсіпке қажет, құзыреттер дамуына көбірек назар аудару үшін, қайта қарастырылған болады.

Болжанатын кезеңде күндізгі жалпы білімдік мектептер саны 410 бірлікке қысқарады және 2019/2020 жылдары 7119 жалпы білімдік мектептер қызмет ететін болады. Күндізгі жалпы білімдік мектептер санының қысқаруы шағын кешенді мектептер (ШКМ) қысқаруы есебінен орындалатын болады. Қазіргі уақытта 201 мектептің апатты жай-күйде, ал елдің барлық мектептерінің 82,6%-ы өткен ғасырдың 1990 жылына дейін құрылғанын есепке ала отырып, келешекте мектептердің біртіндеп тозуын күтуге болады. Жаңа мектептер құрылысы нәтижесінде 2020 жылға қарай олардың жалпы санынан апатты мектептер үлесі 1%-ды құрайды.

Елдегі оқу орындарының тапшылығы біртіндеп қысқарады және 2020 жылға қарай 30 мың орын деңгейінде күтіледі. 2020 жылы оқу орындарымен қамтылудың төмендігі Оңтүстік Қазақстан (100 орынға 117 оқушы), Маңғыстау (110) облыстарында және Алматы қаласында (104) байқалады.

Орта білім саласындағы келешекті міндет – апатты мектептер мен үш ауысымды оқыту тәртібін жою.

ШКМ білім сапасын жоғарылату проблемаларын шешуге келесі іс-шаралар ықпал етеді :

«мектепке және кері ақысыз тасымалдау қарастырылмаған, елді мекендерде

тұратын, оқушылар мен тәрбиеленушілерді қамтамасыз ету» стандартын әзірлеу және қ а б ы л д а у ;

10 және одан астам оқушылар контингенті бар барлық ШКМ кең жолақты Интернетке жетімділік және жаңа модификациялы компьютерлермен қамтамасыз ету. Қашықтықта оқыту «e-learning» электрондық оқыту шеңберінде ұйымдастырылатын б о л а д ы ;

160 тіректік мектептер (ресурстық орталықтар) құру.¹⁰

2020 жылға қарай ШКМ негізінен бастапқы және негізгі білім деңгейлері үшін қызмет ететін болады. Жалпы ШКМ проблемасы тіректік мектептер (ресурстық орталықтар), интернаттар, тасымалдау есебінен шешілетін болады.

Білікті кадрларды дайындау елді индустрияландыру бойынша жоспарлармен байланысты болады. Техникалық, кәсіптік және жоғары білімде қазіргі еңбек нарығы талаптарына сәйкес жүйеге ауысу жүзеге асырылады, ал білімдік стандарттар Ұлттық білікті жүйе арқылы кәсіптік стандарттармен қалыптасатын болады.

Жалпы ел бойынша 14-24 жастағы жастарды техникалық және кәсіптік біліммен қамту көрсеткіші 2009 жылғы 17,2% бастап 2020 жылы 23% дейін ұлғаяды. 2020 жылы елімізде әлемдік білімдік кеңістікке біріктірілген, техникалық және кәсіптік білімнің тиімді жүйесі қызмет етеді, ішкі және сыртқы еңбек нарықтарымен мойындалатын Ұлттық біліктік жүйесі енгізіледі.

2011 – 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ауыз сумен жабдықтауды дамытудың Жаңа тұжырымнамасы шеңберінде халықты сапалы ауыз суымен қамтуда 2020 жылға қарай ескеріледі¹¹:

тасымалданатын суды пайдаланушы адамдар саны небәрі 5 мың адамды құрайды (б а л а м а с ы з А Е М) ;

орталықтанбаған көздерден суды пайдаланушы адамдар саны 250 мың адамға дейін к е м и д і ;

Қазақстандағы барлық су құбырлары санитарлық нормаларға сай болатын болады; қалаларда орталықтандырылған сумен жабдықтауға жетімділік 95%-ды құрайды; ауылдық елді мекендерде орталықтандырылған сумен жабдықтауға жетімділік 75%- д ы қ ұ р а й д ы ;

су шығындары толығымен жойылады.

Қойылған міндеттерді оларды кезеңдік және жүйелі орындау жағдайында халықты, әсіресе ауылдық жерде сапалы ауыз сумен қамтуды жақсартады. Бір уақытта елді мекендердің өсу келешегін есепке ала отырып ауыз сумен қамтылуы бойынша негізгі м і н д е т т е р ш е ш і л е т і н б о л а д ы .

¹⁰ Мәлімет үшін: Тіректік мектеп (ресурс орталығы) – жақын орналасқан шағын жинақты мектептердің білім ресурстары жинақталатын білім ұйымы. Әр ресурс

орталығына бірнеше ШКМ бекітілген. (жыл басында, ортасында, соңында) он күн бойынша (сессия) тіректік мектепте оқиды және онда аралық және қорытынды аттестация тапсырады. Сессияаралық кезеңде оқыту тіректік мектеп мұғалімдерінің қатысуымен және қашықтықты технологиялар көмегімен ШКМ жүргізіледі. Осылайша, ресурс орталықтары ШКМ қатысушыларының сапалы білімге жетімділігін қамтамасыз е т е д і .

¹¹ «2011-2020 жылдарға Қазақстан Республикасының ауыз сумен жабдықтауды дамытудың тұжырымнамасы» жобасы

3.5. Ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның ж а ғ д а й ы

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 7002 ауылдық елді мекен бар, оның ішінде 2610 АЕМ жоғарғы даму әлеуетіне, 4258 АЕМ орташа, 102 АЕМ төмен даму әлеуетіне ие, 32 АЕМ халқы жоқ.

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004 – 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қабылданған шаралар нәтижесінде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның материалдық-техникалық базасы едәуір жақсарды. Орталықтандырылған сумен жабдықтауға ие АЕМ үлесі 29%-дан 41%-ға дейін өсті, онда ауыл тұрғындарының сапалы ауыз суына қолдары жетті. Орталықтандырылған электрмен жабдықтауға қосылмаған ауылдар саны 225-тен 80 бірлікке дейін азайды. Газбен қамтылған АЕМ саны 306 бірлікке артты, барлық ауылдарға дерлік телефон ж е л і с і т а р т ы л д ы .

Ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жасалған мониторинг қорытындылары республиканың 117 ауылында мектептер апат жағдайында екенін көрсетті, аталған мектептер Оңтүстік Қазақстан облысында (51), Шығыс Қазақстан (37), Қызылорда (27), Алматы (18) және Жамбыл (17) облыстарында орын алды.

38 мектепте сабақтар 3-4 кезекте оқиды, 1513 ауылда білім объектілері 40 жыл бұрын салынған ғимараттарда орналасқан. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының желісі нашар дамыған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің деректері бойынша 2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауылдық елді мекендерде 3505 мектепке дейінгі ұйым қызмет етеді, оның ішінде, 947 бала бақша. Мектепке дейінгі тәрбиемен балаларды қамту мектепке дейінгі балалардың жалпы с а н ы н а н 2 9 , 9 % қ ұ р а й д ы .

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша норматив бойынша болуы тиіс, алайда денсаулық сақтау объектілері жоқ ауылдық елді мекендер саны - 69 бірлік құрайды, сондай-ақ 4800 АЕМ-де – (84%) денсаулық сақтау объектілері қосалқы ғимараттарда орналасқан, бұл ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік бермейді. Мұндай ауылдар Оңтүстік Қазақстан (676), Шығыс Қазақстан (540), Қостанай (520), және Солтүстік Қазақстан (502) облыстарында көп кездеседі.

Жоспарлау мәселелерін реттейтін мәдениет ұйымдары желілерінің минималды нормативінің болмауы себебінен мәдениет объектілерінің құрылысы бүгінгі күні республика бойынша 40,9 %, ал кітапханалар – 48,6% құрайды.

Ауылдардың инженерлік инфрақұрылымын дамытуда ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету маңызды орын алады.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 199 АЕМ-де тұрғындар сапалы ауыз су пайдаланады. Мұндай ауылдар Қостанай (56), Ақмола (28) және Атырау (24) облыстарында көп. Аймақтарда пайдаланушы кәсіпорындар құру және оларды материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері толық шешілмеген.

Республика бойынша 80 АЕМ электр желілеріне қосылмаған, 1673 ауылдарда электр беру және жабдықтар желісі 85 пайыздан астамды құрайды.

2010 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3098 АЕМ-де (44,0 %) телефон аппараттарының тығыздығы нормативтерге сәйкес келмейді, кең желілі Интернет байланысының пайызы төмен. Республика аумағын Қазақстан телерадиохабарландырумен 100% қамту қамтамасыз етілмеген, әсіресе, шекара маңындағы ауылдық елді мекендерде осындай жағдай орнаған.

3.6. Адами даму көрсеткіші бойынша өңірлерді бағалау

БҰҰДБ есептеген, адами даму индекстеріне сәйкес, Қазақстан адами дамудың жоғары деңгейлі елдерінің санына 2006 жылы кірген.

9-кесте. 2009 жылы адами даму индексінің көрсеткіші бойынша өңірлерді саралау

№ т/т	Өңірлердің атауы	АДИ	Шені	Іріктеу
	Астана қ.	0,905	1	Ең жоғары
	Алматы қ.	0,878	2	
	Ақтөбе	0,830	3	Жоғары
	Қазақстан Республикасы	0,828		
	Қарағанды	0,824	4	Т ө м е н
	Павлодар	0,823	5	
	Батыс Қазақстан	0,822	6	
	Атырау	0,819	7	
	Шығыс Қазақстан	0,817	8	
	Маңғыстау	0,817	8	
	Оңтүстік Қазақстан	0,814	9	
	Қостанай	0,811	10	
	Қызылорда	0,810	11	Ең төмен
	Жамбыл	0,809	12	
	Ақмола	0,805	13	
	Солтүстік Қазақстан	0,805	13	
	Алматы	0,798	14	

Қазақстанда халықтың жан басына пайдаланылған, табыстар бойынша есептелген адами даму индексі 2009 жылы 0,828-ді құрады. Берілген көрсеткіш бойынша өңірлерді

саралау елдер арасында жоғары дифференциациясы туралы куәландырады (9 кесте). Үш өңір республикалық мәннен жоғары көрсеткіштерге ие – Астана (0,905) және Алматы қалалары (0,878), Ақтөбе облысы (0,830). Қалған 13 өңірде көрсеткіштер төмен, соның ішінде аутсайдерлер Алматы (0,798), Солтүстік Қазақстан (0,805), Ақмола (0,805) және Жамбыл (0,809) облыстары болып отыр.

Жоғарыда аталған өңірлерде АДИ төмен көрсеткіштері сатып алу қабілеті паритеті бойынша (СҚП) халықтың жан басына төмен табыстармен және оқыту төмен қамтумен түсіндіріледі.

Қ о р ы т ы н д ы

Жалпы, ел халқының әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыздылығы өңірлер бөлінісінде әркелкілігімен сипатталады, ол өз кезегінде өңірлердің әрқилы проблемаларында көрінеді. Оңтүстік және батыс өңірлерде білім объектілерінің тапшылығы, медициналық ұйымдарына жоғары жүктеме, ал солтүстік және шығыс өңірлерде керісінше, шағын кешенді мектептер проблемаға айналып отыр. Халықты, әсіресе ауылдық жерде ауыз суымен қамтамасыз ету проблемасы өзекті шешілмеген мәселе болып қалуда.

Білім облысындағы салалық бағдарламаны іске асыру барысында елді мекендердің денсаулық сақтау және сумен қамтамасыз ету, халықты әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыздылығы біртіндеп жоғарылайтын болады.

Халықты жайғастырудың қалыптасқан жүйесінің схемалары Болжамды схемаға 82 – 88-қосымшаларда көрсетілген.

2-бөлім. Қазақстан Республикасының аумақтық-кеңістіктік дамуын пайымдау

1. Өңірлік даму сценарийі

Қазіргі уақытта еліміздің перспективада өңірлік дамуының екі сценарийі болуы мүмкін:

и н е р ц и я л ы қ ;

б а с қ а р ы л а т ы н .

Инерциялық сценарий өңірлік дамудың қолданыстағы үдерістерін сақтауды жорамалдайды, одан келесі салдарлар болуы мүмкін:

экономиканың аумақтық тиімсіз ұйымдастырылу және орналастыру жүйелерінің тұмшалануы, өңірлерді дамыту барысында маңызды экономикалық үйлеспеушіліктің сақталуы;

халықты мемлекетпен кепілдендірілген негізгі әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етуде аумақтық ерекшеліктердің тереңдеуі;

депрессиялық қалалар мен кенттер жағдайының бұдан әрі нашарлауы, дотациялық (өзін-өзі жеткіліксіздік) аумақтар мен кенттер санының сақталуы;

жұмыссыздық пен кедейшілік көлемінің сақталуы;

төмен урбанизация деңгейі және ауыл халқының артылуының сақталуы;

реттелмейтін ішкі көші-қон көлемінің артуы;

Басқарылатын сценарий қазіргі заманғы аумақтық-кеңістіктік жоспарлау құралдарын пайдалана отырып, мемлекеттің белсенді өңірлік саясатын іске асыру қажеттілігіне негізделген. Аталған сценарийді іске асыру нәтижесінде келесі күтіледі:

пайдаланылмайтын ресурстар мен активтерді шаруашылық айналымына енгізу, «тар жерлерді» тарқату және тежегіш факторларды жою есебінен өңірлердің экономикалық әлеуетін жандандыру;
өңірдің нақты әлеуетінен және олардың нақты әлеуметтік-экономикалық тізбесінен аумақты дамытудың бәсекеге қабілеттілік стратегиясын іске асыру;
халықтың жинақылығын арттыру және қолайсыз аудандардан және келешегі жоқ орын аударулардан халықтың көші-қонын жеделдету;
аумақтық құрылым және орналастыру жүйесін ұтымды оңтайландыру, қалалар мен елді мекендер санын қысқарту және нығайту;
қалаларда және ірі елді мекендерде қызметтер мен адамдардың шоғырлануы, жергілікті аудандар сыйымдылығын арттыру;
урбанизацияны жеделдету және ірі агломерациялардың озық дамуы, шығыстарды азайту және өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен агломерация тиімділігін іске асыру;
өңірлердің ресурстық және экономикалық әлеуетін жандандыру негізінде өнімді жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру;
ел аумағында бірыңғай әлеуметтік стандарттар енгізу, бюджетаралық қатынастардың тиімді тетіктерін енгізу негізінде мемлекетпен кепілдендірілген кешенді әлеуметтік қызметке қол жеткізуде тұрғындар мүмкіндіктерін теңестіру;
адамдар мекендейтін қолайлы орта құру, ел тұрғындары өмір сүру деңгейін және сапасын арттыру.

Қорытынды: Қазақстанның дағдарыстан кейінгі кезеңде перспективалық дамуы үшін өңірлік дамудың басқарылатын сценарийіне өту өзекті мәселе болып табылады, оны іске асыру республика өңірлерін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ұзақ мерзімді кезеңге арналған стратегиялық міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді.

2. Алдағы он жылға арналған аумақтардың қалыптасқан экономикалық ұйымдастырылуының схемасымен бірге елдің даму басымдылықтарына сүйене отырып өңірлердің экономикалық әлеуетін бағалау.

Үлкен өңірлік сәйкессіздіктердің болуына байланысты ағымдағы жағдайды және өңірлерді дамыту перспективаларын түсіну үшін оларды басты экономикалық көрсеткіштер бойынша жіктеу қажет, бұл елдің бірыңғай аумақтық кешені шеңберінде олардың шаруашылық және әлеуметтік-демографиялық ерекшелігіне, экономикалық мамандандырылуына, салыстырмалы даму үдерістеріне сипаттама алуға мүмкіндік береді.

Экономикалық қызметтің мейілінше қорытынды көрсеткіші болып жалпы ішкі өнім

табылады. Елімізде 16 өңірдің бар болуы барысында бір өңірдің орташа үлесі 6,25% құрайды. Алайда бірінші төрт өңірдің мейілінше алға кетуі қалған 12 өңір үшін республика ЖІӨ-де 6,25%-дан төмен үлеске ие болатын жағдайды белгіледі. Аталған ерекшелікті ескеріп, өңірлерді 5 топқа бөле отырып, ранжирлеу жасалды, оны келесі кестеден көруге болады.

10-кесте. Елдің ЖІӨ-дегі өңірлердің меншікті салмағы бойынша ранжирлеу (2009 жыл)

Топтың №	Өңір атауы	ЖІӨ-дегі үлесі, %	Дәреже	Жіктеме	Аралық, %
I	Алматы қ.	19,2	1	Көшбасшы	11-20
II	Атырау	10,9	2		
	Қарағанды	9,1	3	Жоғары дамыған	7-11
	Астана қ.	8,1	4		
III	Маңғыстау	6,2	5	Орташа дамыған	5-7
	Шығыс Қазақстан	5,7	6		
	Оңтүстік Қазақстан	5,5	7		
	Павлодар	5,2	8		
	Ақтөбе	5,0	9		
IV	Батыс Қазақстан	4,6	10	Әлсіз дамыған	4-5
	Алматы	4,5	11		
	Қостанай	4,3	12		
V	Қызылорда	3,6	13	Артта қалған	4-ке дейін
	Ақмола	3,2	14		
	Солтүстік Қазақстан	2,7	15		
	Жамбыл	2,2	16		

Өңірлердің басты проблемаларына талдау мен бағалау біршама нашар дамыған өңірлерден бастап жасалды. 5-топ. Артта қалған өңірлер Жамбыл облысы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыстың мамандандырылуы индустриалдық-аграрлық сипатқа ие. Облыстың ЖӨӨ құрылымында өнеркәсіп үлесі – 17%, ауыл шаруашылығы – 12,8% құрайды. Өнеркәсіп, негізінен, тағам және химия өндірісінен (фосфор мен фосфор тыңайтқыштарын өндіру) тұрады.

2. Өнеркәсіп өндірісін дамытудың төмен деңгейі және оның үлесінің төмендеуінің республикалық көлемде теріс үдерісі.

Республикалық өнеркәсіп өндірісі көлемінде облыс үлесі 1990 жылғы 6,5%-дан 2009 жылғы 1,3%-ға дейін қысқартылды. Бұл ретте облыстың ЖӨӨ-дегі өнеркәсіп үлесі 26,2%-дан 17,0%-ға дейін қысқарды.

3. Өнеркәсіптің әртараптандырылмаған құрылымы. Облыстың өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде өңдеу өнеркәсібі 1990 жылы 90%-ға дейін иеленді. Қазіргі уақытта ол 76,3%-ға дейін қысқарды, және оның құрамында екі сала басым рөл ойнайды: азық-түлік тағамдарын қайта өңдеу - 50% және химия өнеркәсібі – 25%. Кеңес

кезеңінде облыстың мамандандыру салаларының бірі болып жеңіл өнеркәсіп табылды. 1985 жылы ол облыстың өңдеуші өнеркәсібі құрылымында 29,3%-ға иеленді, ал 2009 жылы – 0,2% болды.

Облыстың өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар саны 1985 жылмен салыстырғанда 3 есе қысқарды және 2009 жылы 23 мың адам құрады.

4. Өңір экономикасының төмен тиімділігі. Облыс ел өңірлері арасында ең төмен еңбек өнімділігіне ие. 2008 жылдың фактісі бойынша облыста жұмыспен қамтылғандардың еңбек өнімділігі 613 мың теңгеге жетті, бұл республикалық орташа деңгейдің 30%-ын құрады.

5. Облыс экономикасының энергия тапшылығы. Өз энергия көзі – Жамбыл МАЭС жұмыс істеуіне қарамастан облыс электр энергиясына тапшы, ол толық қуаттымен жұмыс істегенде 7,5 млрд. кВт/сағат электр энергиясын бере алады. Алайда жабдықтардың едәуір тозуына және пайдаланылатын отынның (Өзбекстан газы) қымбат болуына байланысты станция негізінен, ол тек қысқы кезеңде ғана жұмыс істейді.

6. Кадрлардың құрылымдық тапшылығы. Облыста халықтың жұмыспен қамтылу дәрежесі жоғары болуына қарамастан, энергетика, экология, ауыл шаруашылығы салаларында мамандардың; техникалық және ауыл шаруашылығындағы біліктілігі орташадан жоғары мамандардың; орташа техникалық және агротехникалық білім беру мұғалімдері мен шеберлерінің, техникалық және құрылыс мамандығы жұмысшыларының тапшылығы байқалады.

С о л т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс елдің жетекші аграрлық өңірлерінің бірі болып табылады: ауыл шаруашылық өнімінің үлесі бойынша республикалық көлемде облыс Қостанай облысынан (15,8%) кейін 2-орында (14,6%) тұр, өнеркәсіптік өндіріс үлесі бойынша – соңғы орынға (0,9%) ие. Өңірдің ЖӨӨ құрылымында ауыл шаруашылығының меншікті салмағы 34,6%-ды, өнеркәсіп – 10,4%-ды құрайды. Өнеркәсіп тағам саласынан және машина жасаудан тұрады.

2. Өңірдің төмен индустриялық деңгейі. Соңғы он жылда облыстың өнеркәсіптік өндірісінің абсолюттік көлемінің артуына қарамастан, өнеркәсіп өндірісінің республикалық көлемінде алатын үлесі 1990 жылғы 6,9%-дан 2009 жылғы 0,9%-ға дейін төмендеді, бұл ел өңірлері ішінде ең төмен көрсеткіш болып табылады.

Өңірдің өңдеу өнеркәсібінің республикалық көлемдегі үлесі аталған көрсеткіш бойынша «көшбасшы» болып табылатын Қарағанды облысының 21,9%-на қарсы 2%-ды құрайды. Облыстың ЖӨӨ-дегі өндіріс үлесі де салыстырмалы төмен болып келеді (10,4%) .

Облыстың өнеркәсіп саласы үшін жетекші сала болып табылатын машина жасауда едәуір төмендеу (3 есе) болды – үлес 1985 жылғы 42%-дан 2009 жылғы 13,7%-ға дейін құлады. Машина жасауда жұмыспен қамтылғандар санының 6 есеге төмендеуі орын

алды – 1985 жылғы 29,53 мың адамнан 2009 жылғы 4,8 мың адамға дейін.

Тағам өнеркәсібінің үлесі артты, облыстың өнеркәсіп өндірісі көлемінің 2/3 құрады. Бұған қарамастан, саладағы өнімнің негізгі түрлері бойынша өнеркәсіптің жалпы көлемі төмендеді.

Облыс өнеркәсібінде жұмыспен қамтылғандар саны 1985 жылғы 63,5 мың адамнан 2009 жылғы 18,99 мың адамға дейін төмендеді.

3. Облыс аумағында өндіріс қуаттарын орналастырудағы теңгерімсіздік. Өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі үлесі облыс орталығында (Петропавл қ.) шоғырланған, ал облыс аудандарында оның аз бөлігі ғана орналасқан. Облыстың өнеркәсіп өндірісі көлемінде облыс орталығының үлесі 2009 жылы 68,2%, ал облыстың 13 ауданының үлесі бірлесіп 31,8% құрады. Көптеген шағын қалаларда, сондай-ақ облыс орталығынан шалғай орналасқан облыс аудандарында ірі қала құратын кәсіпорындардың болмауы, еңбек нарығында ұсыныстар тапшылығын және облыс халқының ішкі көші-қонының жоғары деңгейін қалыптастырады.

4. Мал шаруашылығын дамыту үшін облыс әлеуетін жеткілікті дәрежеде пайдаланбау. Соңғы 20 жылда мал мен құс басы едәуір төмендеді (орташа есеппен 3 есе), ал жайылым аудандары қысқарған жоқ.

5. Энергетикада және жылумен жабдықтауда жабдықтардың мейілінше тозуы. Жылу энергия станцияларының қуаттылығы облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарында артып келетін қажеттіліктерді қамтамасыз етеді. Облыс сұйылтылған газбен толық қамтылған. Ал электр желілері шамамен 60-80%-ға моралдық және физикалық тозған. Облыстың жылумен қамту, жылу, тас жолы жүйелері мен көздері жаңғыртуды және қайта жаңғыртуды қажет етеді.

6. Кадрлардың құрылымдық тапшылығы. Халықтың жұмыспен қамтылуындағы оң динамикаға қарамастан, облыста медициналық жекелеген санат қызметшілеріне, құрылыс саласы, халыққа қызмет көрсету саласы қызметшілеріне деген тапшылық бар.

Білікті еңбек ресурстарын жоғалтудың жоғары қарқыны. Облыс аудандарында түрлі бағыттағы өндірістердің жеткілікті дәрежеде дамымауы, шағын және орта бизнес ұйымдары санының аз болуы білікті мамандардың елдің өзге өңірлеріне, негізінен Қарағанды және Ақмола облыстарына кетуіне ықпал етеді. Бұл жерде еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың, әсіресе жастардың ел аумағынан тыс, мысалы Ресейге оқуға кетіп, одан жұмыс істеуге қайтып оралмауы теріс рөл ойнайды.

А қ м о л а о б л ы с ы

1. Экономикалық мамандандырылу. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу облыс мамандандырылуының негізгі саласы болып табылады. Жалпы республикалық ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде облыстың алатын үлесі – 13% (4-орын), ауыл халқы санының жоғары пайызы – 54,8%. Облыстың ауыл шаруашылығы саласы құрылымында басымдылыққа ие - өсімдік шаруашылығы – 76%, оның ішінде астық өндіру – 56,8%.

Облыстың ЖӨӨ құрылымында өнеркәсіп 13,2%-ға ие және ол уран алудан, алтыны бар рудалар алудан, машина жасау, химия және фармацевтік өнеркәсіптен, құрылыс материалдарын өндіруден тұрады.

2. Облыс ауыл шаруашылығының экстенсивтік дамуы. Облыс аграрлық мамандандырылған, алайда облыстың ЖӨӨ-де ауыл шаруашылығының меншікті салмағының төмендеуі байқалады: 1990 жылғы 56,5%-дан 2009 жылғы 24,1%-ға дейін. Бұл жерде төмендеу ауыл шаруашылығы өндірісі көлемінің төмендеуіне байланысты емес, бұл өзге салалардың – құрылыс, қызмет көлемінің артуына байланысты орын алды.

Табиғи құнарлы топырағы бар ауыл шаруашылық мәдениетінің болуы облыстың астық өндіруде мамандандырылуын белгіледі, ол республикалық астықтың 1/5 астамын құрайды, оның ішінде жоғары сапалы бидайдың 1/4 береді.

3. Мал шаруашылығын дамытудың жеткіліксіз қарқыны. Облыстың ауыл шаруашылығы құрылымында мал шаруашылығы үлесінің құлауы (1990 жылмен салыстырғанда 2 есе астам) ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өз қызметін біршама табысты сектор – астық мәдениетінің экспортына бағытталған өндірісіне бұқаралық ауыстыруына байланысты болды. Ал облыста саланы дамыту үшін барлық алғышарттар бар, атап айтқанда, пайдаланылмайтын 3 млн га жайылым алқабы бар, оларды айналымға енгізу қажет.

Көптеген көрсеткіштер – ІҚМ орташа салмағы, асыл тұқымды мал үлесі, азықтандыру кешенін қамтамасыз ету – республика бойынша орташадан жоғары болып табылады. Облыста жоғары өнім беретін асыл тұқымды мал үлесі 7,3%-ды құрайды, бұл ел бойынша орташа көрсеткіштен 1,7%-ға артық.

4. Өңірде өндірілетін барлық астықты өңдеуді және сақтауды қамтамасыз ету үшін элеватор қуаттарының жетіспеуі. Қазіргі уақытта облыс аумағында негізінен, 40-50 жыл бұрынғы нан қабылдау орындары мен элеваторлары қызмет етеді. Олар жеке меншік иелігінде, тек екі элеватор ғана «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ тиесілі, олар техникалық жағдайы бойынша жаңғыртуды және қайта жабдықтауды талап етеді.

5. АӨК өңдеу қуаттарының төмен жүктемесі. Ет өңдеу деңгейі 2005 жылы 8,5%-ға дейін артты, сүт өңдеу бар-жоғы 3,2%-ды құрайды. Қайта өңдеу кәсіпорындары қуаттарының жүктемесі келесіні құрайды: ет бойынша – 45,2%, сүт – 44,1%, бұл ауыл шаруашылығының өңдеу салалары үшін әлеуеттің бар болуы туралы куәландырылады.

Облыста нөлдік бөлу өнімін сату басымдылыққа ие, бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу бойынша өндірістер құру қажеттілігін туындатады.

6. Төмен индустриялық даму деңгейі. Облыстың өнеркәсіп әлеуеті ірі экспортқа бағытталған өнеркәсіп кәсіпорындарынан тұрады, олар уран, алтын, автомобиль техникасын, авиациялық өнім, мойынтіректер өндіреді. өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар саны 1985 жылғы 76,7 мың адамнан 2009 жылғы 31,9 мың адамға дейін төмендеді.

Республиканың өнеркәсіп өндірісінде облыс үлесі (1,3%) елде ең төмен көрсеткіштердің бірі болып табылады. соңғы 5 жылда өңдеу өнеркәсібі үлесінің төмендеуі болды. өнеркәсіп дамуының теріс жақтарына негізгі құралдардың тозуын жатқызуға болады (31,3%). Өнеркәсіптің тау-кен металлургия және құрылыс салаларында терең қайта бөлудің болмауы орын алуда.

7. Кадрлардың құрылымдық тапшылығы. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейінің төмен болуы барысында техникалық және өнеркәсіп мамандарының жетіспеуі байқалады: инновациялық менеджмент, дәнекерлеушілер, электрлер, жүргізушілер, машинистер, трактористер.

Қызылорда облысы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс республиканың индустриялық өңірлері қатарына енеді, облыс экономикасының құрылымында өнеркәсіптің үлесі 50,0%. Алайда бұл ретте өндіріс құрылымында маңызды теңгерімсіздік байқалады – тау өндіру өнеркәсібі өңдеу өнеркәсібіне қарағанда басым келеді: 93,3% және 4,9% тиісінше.

Облыс ас тұзы, кварц құмы, балық өнімдері бойынша ірі өндіруші және жеткізу, ал күріш өндіру бойынша – жалғыз өндіруші және жеткізуші болып табылады. Облыста сондай-ақ құрылыс материалдары, тігін бұйымдары, жиһаз және тағы басқа басымдылыққа ие. Республика өндірісінің жалпы көлемінде облыс үлесіне күріштің 90%-ы, ас тұзының 70%-ы келеді.

2. Мұнай өндіруде өнеркәсіп құрылымындағы үлесі 92%-ға жететін өңірдің мономамандандырылуы облыс экономикасының бір салаға тәуелділігіне алып келеді, әрі көмірсутек нарығында әлемдік конъюнктураның нашарлау жағдайларына әкелуі мүмкін. Бұдан басқа өңірдің еңбек сыйымдылығы жоқ салаларда мамандандырылуына, әдетте өңірдің аз өнімді жұмыспен қамтылуына және өңір халқының кедейленуіне әкеледі.

3. Бір салада экономикалық өсімнің басым келуі. Өңірдің ерекшелігі жоғары экономикалық өсім бір салада ғана болуы әрі өзге экономика салаларына таратылмауы болып табылады. Саланың материалдық және әлеуметтік жемісін өңір тұрғындарының шектелген контингенті ғана пайдаланады. Облыс өнеркәсібі өңірдің ЖӨӨ-нің 50,0%-ын құрайды, оның құрамында мейілінше жоғары табысты болып тау өндіру саласы табылады - 93,3%, ал онда өңір халқының не бары 3,6% ғана жұмыс істейді.

4. Негізгі саланың әлсіз мультипликативтік ықпалы. Жылдам дамуына қарамастан, мұнай-газ секторы әлсіз интеграцияланған және экономиканың өзге салаларымен әлсіз байланысқан сектор болып қалып отыр. Өндірісте тек аумақтың, шикізаттың, су мен электр энергиясының бастапқы ресурстарын ғана пайдалану мұнай-газ саласының іс жүзінде жабдықтарға, тауарлар мен қызметтерге сұранысын жергілікті нарықта көрсетпейді.

5. Экономиканың өзге секторларының дамымауы және жоғары дәрежеде тиімді

болмауы. Мұнай-газ өндіріп алудың интенсивтік дамуы аясында өңірде өзге өндірістің дамуы біршама қарапайым серпінге ие. Сонымен қатар олар төмен рентабельділікке және жалақының төмен деңгейіне ие. Осылайша, құрылыс саласындағы жалақы деңгейі кен өндіру саласындағы жалақының 37,0%-ды құрайды, көлікте – 45,8%, өңдеуші өнеркәсіпте – 38,8%, саудада – 25,6%, балық шаруашылығында – 20,9%, ауыл шаруашылығында – 16,4%.

6. Электр энергиясы тапшылығы. Энергетика саласының және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының жалпы жағдайы облысты инженерлік коммуникациялардың және жабдықтардың тозуының жоғары дәрежесімен, өздік өндіріс электр энергиясы тапшылығымен сипаттайды.

4-топ. Әлсіз дамыған өңірлер
Қостанай облысы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс елдің индустриялық-аграрлық өңіріне жатады: республикалық көлемде ауыл шаруашылығы өнімінің үлесі бойынша облыс 1-орынға (15,8%) ие, республиканың өнеркәсіп өндірісінде облыс үлесі 3,4% (10-орын) құрайды. Өңірлік ЖӨӨ-дегі ауыл шаруашылығының меншікті салмағы – 22,9%, өнеркәсіп – 22,1% құрайды. Облыс алюминий (бокситтер), асбест, темір рудасы үгінділерін және темір рудасын өндіріп алуда көшбасшы болып табылады.

2. Өңірдің төмен инвестициялық тартымдылығы. Жан басына шаққанда негізгі капиталға жасалатын инвестиция көрсеткіші – 137,9 мың теңге, бұл орташа республикалық көрсеткіштен 2 есе төмен. Негізгі капиталға инвестиция көлемі бойынша облыс елде соңғы орындар қатарында, бұл өңірдің және оның шаруашылығының басты салаларының экономикалық дамуы келешегі тұрғысынан келгенде теріс фактор ретінде бағалануы мүмкін.

3. Өнеркәсіп өндірісі құрылымындағы теріс үрдістер. Өнеркәсіп құрылымында тау кен өндіру өнеркәсібінің үлесі 51,3%-ды, өңдеу өнеркәсібі – 38,9%-ды құрайды. 1990 жылғы деңгейге қатысты өңдеу өнеркәсібінің меншікті салмағы 29,3%-ға төмендеді және 2009 жылы 39,1%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібі дамуының төмен көрсеткіштері тау-кен өндіру кешені өнімінің меншікті салмағының артуына ғана байланысты болмады, сонымен қатар өндірілетін темір үгінділері мен асбестке сұраныстың төмендеуімен байланысты болды.

4. Өңір экономикасының бір саладағы ахуалға тәуелді болуы. Қазіргі уақытта облыстың өнеркәсіп өндірісінің барлық көлеміндегі 41,7% бір кәсіпорын - «ССТӨБ» АҚ қамтамасыз етеді, өзге өнеркәсіп кәсіпорындары өндірістің мейілінше аз көлемін қамтамасыз етеді, бұл облыстың экономикалық дамуы тұрақтылығы тұрғысынан келгенде кешенді салада әлемдік баға конъюнктуралараның тербелісі барысында белгілі бір тәуекелдер тудырады.

5. Сүйемелдеуші және қызмет көрсетуші өндірістердің жеткілікті дәрежеде дамымауы. Шағын және орта бизнесте (ШОБ) жұмыспен қамтылғандардың саны

экономикалық белсенді халық ішінде 19,7% құруына қарамастан, ШОБ кәсіпорындарының көбі сауда және халыққа қызмет көрсету саласына шоғырланған. Бұл ретте өнеркәсіп саласында ірі жүйе құрайтын кәсіпорындар үшін қызмет көрсететін ШОБ кәсіпорындары жоқ.

6. Өңірдің энергия тапшылығы. Көптеген жылдар қатарынан облыс жоғары энергияға тапшы өңір болып табылады: тұтыну шамамен 4,6 млрд. кВт.с болса, өз көздері беретін энергия 1,4 млрд. кВт.с құрайды. Электр энергиясының жетіспейтін бөлігін облыс Екібастұз – Ақсу энергия түйінінен алады. Облыста электр энергиясына деген тапшылық өсіп келеді, себебі басым қуаттар артылмайды, ал жүктеме өсім жыл сайын шамамен 3-5%-ға артады. Электр энергиясының тапшылығы өңір экономикасы дамуының тежеу факторы болып табылады.

7. Өңдеу өнеркәсібінің төмен ерекшелік деңгейі. Облыстың өңдеу өнеркәсібі тағам, тігін, былғары, аяқ киім және машина жасау кәсіпорындарынан тұрғанымен, оның құрылымында азық-түлік пен сусындар өндірісі (67,1%) басымдылыққа ие.

8. Аграрлық сектор дамуының тұрақсыз серпіні. Облыс елдің біршама дамыған аграрлық аймағы болып табылады, ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемінің 14,9% қамтамасыз етеді, оның ішінде өсімдік шаруашылығы өнімдері бойынша – 15,7% . Сонымен қатар 1990 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығының негізгі түрлерін өндіру көлемі көп өзгермеген, бір көрсеткіштердің жақсаруы келесі көрсеткіштердің нашарлауымен өтеледі (сүт өндіру (-16,4%), барлық малдар мен құстар түрлерінің еті (+38,1%), жұмыртқа (+5,6%), астық және астық-бұршақ (-10,5%). Мал басының 90%-дан астамы жеке аулаларда, осыған байланысты мал шаруашылығы өнімдерін өндіру ұсақ тауарлы болып табылады (80%). Аграрлық секторда көрсеткіштердің жыл сайынғы өсімі маңызды емес болып қалып отыр, бұл даму тұрақсыздығының болмауы және өңір үшін келешегі бар саланың мүмкіндіктерін жеткілікті дәрежеде пайдаланбауды к у ә л а н д ы р а д ы .

А л м а т ы о б л ы с ы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс ЖӨӨ-дегі ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп үлесі тең дерлік. Аграрлық сектор жетекші болып табылады, ол республиканың ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 14,0% береді. Ауыл, орман және балық шаруашылығында 391,1 мың адам (48,5%) жұмыспен қамтылған, өнеркәсіп пен құрылыста – 103,5 мың адам (12,8%). Өңір экономикасының аграрлық бағыты облыстың өңдеуші өнеркәсібінің жалпы көлемінің 45,4% тамақ өнімдерін өндіруді қ ұ р а й т ы н ы н д а .

2. Төмен индустриялық даму деңгейі. Республикалық өнеркәсіп өндірісі көлемінде жоғары демографиялық және еңбек әлеуетін есепке алғанда облыс үлесі төмен болып табылады және не бары 3,3% құрайды. Өнеркәсіптің жалпы көлемінің 2004 жылғы 78,4%-дан 2009 жылғы 82,6%-ға дейін артуы облыстың өнеркәсіп саласын дамытудың оң сәті болып табылады. Алайда, бұл жерде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу

құрылымында 89% алады. Өңдеу өнеркәсібі машина жасауынан және тағам саласынан
т ұ р а д ы .

2. Өнеркәсіптегі теріс құрылымдық жылжулар. Жалпы өнеркәсіптік өндіріс көлемінде өңдеу өнеркәсібі үлесінің төмендеуі байқалады, 2004 жылғы 11,4%-дан 2009 жылы 9,0% - ға дейін .

Өңір экономикасының бүгінгі жағдайының теріс тарабы болып оның шикізаттық бағдары, салалық құрылымның «өндіріп алу сипаты» және өнеркәсіп құрылымындағы өңдеу секторының төмен үлесі, облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары жабдықтарының тозу дәрежесінің жоғары (40-70%) болуы табылады.

3. Облыс экономикасының бір экспортқа бағдарланған салаға тәуелділігінің артуы. Өнеркәсіп саласындағы мұнай-газ саласының меншікті салмағы 88,2% құрайды, салада өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың 17,3% жұмыс істейді. Облыстың өнеркәсіп құрылымы облыс экономикасының мұнай-газ секторы кәсіпорындарына қатты тәуелділігін көрсетеді, бұл энергия тасығыштар бағасы конъюнктурасы нашарланған жағдайында теріс салдарға ие болуы мүмкін.

4. Еңбектің қосымша саласы ретінде өнеркәсіп рөлінің төмендеуі. Соңғы 20 жылда өнеркәсіп саласында жұмыспен қамтылғандар саны 49,3%-ға 44,4 мың адамнан 22,5 мың адамға дейін қысқарды, бұл жерде мейлінше көп дәрежеде машина жасауда және металл өңдеуде орын алды, олардың үлесі 30,4%-дан 0,9%-ға дейін, жеңіл өнеркәсіп – 19,4%-дан 0,1%-ға дейін, құрылыс материалдарын өндіру – 7,5%-дан 0,5%-ға дейін
т ө м е н д е д і .

5. Өңірдің энергия тапшылығы. Облыс елдің бірыңғай энергетикалық жүйесінен оқшау болуына байланысты ресей электр энергиясын жеткізушілерге тұрақты тәуелділікте болады. Электр энергиясының тапшылығы 17%-дан астамды құрайды, бұл номиналды ұлғаюда жылына 200-250 млн.кВт.с. құрайды. Орал қаласы жанында салынып жатқан қуаттылығы 54 МВт МАЭС пайдалануға толық енгізілгеннен кейін энергия тапшылығы 17%-дан 4%-ға дейін төмендейді.
3 - т о п . О р т а ш а да м ы ғ а н ө ң і р л е р
А қ т ө б е о б л ы с ы

1. Экономикалық мамандандырылу. Ақтөбе облысы елдің индустриялық дамыған өңірлері қатарына жатады. Республиканың өнеркәсіп өндірісінде облыстың меншікті салмағы едәуір, ол 7,6% (5-орын) құрайды. Облыс экономиканың біршама әртараптандырылған құрылымына ие. Облыстың ЖӨӨ құрылымында өнеркәсіп басымдылыққа ие (42,9%), ол мұнай өндіріп алу, қара металлургия және машина жасау кәсіпорындарынан тұрады .

2. Өңір экономикасы дамуының шикізат бағытының өсімі. Егер 1990 жылы тау-кен өндіру өндірісінің үлесі 19,9%-ды, ал өңдеу өнеркәсібінің үлесі - 77,5%-ды құраса, 2009 жылы ол тиісінше 77,9% және 17,5%-ды құрады. 1990 жылы өнеркәсіп көлемінде үлкен үлеске жеңіл өнеркәсіп және машина жасау ие болды (60%-дан астам), ал 2009 жылы

мұнай өндіріп алу (66,7%), металлургия өндірісі (7,4%) және металл рудаларын өндіріп алу (9,8%) ие болды. Бұл жерде шикі мұнай мен газ өндіріп алу сияқты қызмет түрінің үлесі 1990 жылғы 10%-дан 2009 жылғы 66,7%-ға дейін құрады. Мұнай-газ секторының озық дамуы өңірде шикізатты терең өңдеудің болмауы барысында іске асты.

3. Өңір экономикасының бір салаға тәуелділігі. Мұнай-газ саласының қарқынды дамуы және өнеркәсіп құрылымында оның үлесінің өсуі өңір экономикасын бір саланың ахуалына әлжуаз етті, бұл энергия тасығыштарының бағалар конъюнктурасы нашарлаған жағдайда теріс салдарға ие болуы мүмкін.

4. Еңбектің қосымшасы саласы ретінде өнеркәсіп рөлінің төмендеуі. Егер 1990 жылы өнеркәсіп салаларында 56,2 мың адам жұмыс жасаса, 2009 жылы өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар саны 46,5 мың адамды құрады.

5. Облыстың энергия тапшылығы. Өңірдің энергия тапшылығы 1,35 млрд.кВт сағатты құрайды, ол Жетіқара – Өлке электр беру желісі бойынша Солтүстік энергетикалық өңір есебінен жабылады. Өз энергия көздерінің жетіспеуі және желілерде жоғары деңгей шығындарының болуы өнеркәсіпті дамыту, атап айтқанда энергия сыйымды өндірістер үшін шектеуіш фактор болып табылады.

6. Коммуникациялық қамтамасыз етудегі сәйкессіздік. Егер облыстың солтүстік бөлігі темір жолмен, автомобиль жолдарымен белденген болса, оңтүстік бөлігінде – көптеген аудандардың облыс орталығымен тұрақты хабарламасы жоқ. Бұл жерде кейбір оңтүстік аудандардың облыс орталығынан қашықтығы 700 км жетеді. Автомобиль жолдарының көбі қатты жабындыға ие және қазіргі қауіпсіздік талаптарына жауап бермейді.

П а в л о д а р о б л ы с ы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс ірі индустриялық орталық болып табылады және ілгері жылжыған әрі әртараптандырылған экономика құрылымымен сипатталады. ЖӨӨ-де мейілінше үлкен салмаққа өнеркәсіп (39,8%) ие, ауыл шаруашылығының үлесі – 5,9%. Республиканың өңдеуші өнеркәсіпте облыстың жоғары үлесінде – 11,9% (Қарағандыдан кейін 2-орын), аралық өнім (көмір, ферроқорытпалар, электр энергиясы, глинозем, алюминий) өндіретін салалар басымдылыққа ие, олардың меншікті салмағы 90% құрайды.

Облыстың экономикасы дамуының негізгі көрсеткіштерінің оң серпінінде бірқатар проблемалық мәселелер бар.

2. Өнеркәсіп кешені дамуының тұрақсыздығы және сұраныс конъюнктурасы мен әлемдік бағалар деңгейіне деген тәуелділік. Бұл туралы республикалық өнеркәсіп өндірісі көлемінде Павлодар облысы үлесінің тербелісі куәландырады: 2004 жылғы 6,8%-дан 2008 жылғы 7,0%-ға дейін, 2009 жылы 6%-ға дейін төмендеді, бұл ретте өнеркәсіп өндірісінің физикалық көлемінің индекстері (өңдеу өнеркәсібі бойынша индекстерді қосқанда) 2007 жылдан бастап төмендеуді жалғастыруда. Жалпы әлемдік жағдайдың нашарлауынан өзге тау-кен өндіру және электр энергетикасы салаларында

көлемді көрсеткіштердің төмендеуіне Қазақстан мен Ресей нарықтарындағы өнімді сатуға күрестің күшеюі ықпал етті.

3. Өнеркәсіп өндірісі құрылымының теріс үдерістері. Өнеркәсіптің жалпы көлемінде тау-кен өндіру өнеркәсібінің үлесі 1991 жылғы 7,7%-дан 2009 жылғы 11,8%-ға дейін өсті, электрэнергиясы, газ бен су өндіру және тарату – 15,4%-дан 25,2%-ға дейін артты, өңдеу өнеркәсібінің меншікті салмағы 76,9%-дан 63,0%-ға дейін төмендеді. Облыс өнеркәсібінің дамуы оның құрылымында шикізат бағытындағы салалардың басымдылығының сақталуы туралы куәландырады.

Түпкілікті өнім өндіретін салалар үлесі (ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, химия өнеркәсібі) артты, алайда олардың меншікті салмағы елеусіз болып қалып отыр, ал олардың дамуының қолданыстағы үдерістері қазіргі уақытта олардың болашақта елеулі өсімі туралы болжауға мүмкіндік бермейді. Алайда, мұнай айдаудың, сонымен қатар маңыздылығы еш кем емес машина мен жабдықтар өндіруде меншікті салмақтың қысқару үдерісі теріс болып келеді. Егер мұнай химиясы саласындағы проблемалар белгілі бір дәрежеде шешімін тапса немесе тауып жатса, барлық өңір үшін тұрақты динамикалық дамуды қамтамасыз ететін машина жасауында мұндай істер байқалмайды.

4. Елдің генерациялайтын қуаттардың маңызды жүктемесінің болмауы Ресейдің Батыс-Сібір және Орал өңірлерін энергиямен қамтамасыз етуге есептелген, бұл ішкі республикалық электр энергиясы нарығында бәсекелестіктің артуына байланысты, Қазақстан нарығы сыйымдылығының аз болуы және ресей нарығының жабық болуы.

5. Шағын және орта бизнестің жеткілікті дәрежеде белсенді болмауы. Облыстың өнеркәсіп құрылымында металлургия, тау-кен өндіру (көмір), мұнай-химия (мұнай өңдеу) және энергетика саласы басымдылыққа ие, олардың түпкілікті өнімін өндіру технологиясы кең кооперацияны талап етпейді. Ынтымақтастық жабдықтарға материалдар, қосалқы бөлшектер сатып алуда және түрлі сипатта қызметтер көрсетуде (жөндеу, құрылыс және тағы басқа), олар бір реттік сипатқа ие.

6. Аграрлық сектор тиімділігінің жоғары болмауы. Облыстың үштен бір бөлігін құрайтын ауыл халқы (33,4%) облыстың ЖӨӨ-сінде 5,9%-ын ғана құрайды. Ауыл шаруашылығындағы кәсіпорындардың төмен тиімділігі ауылдық елді мекендерде жоғары табысты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік бермейді, бұл ауылдық кедейшілік факторларының бірі болып табылады.

7. Кадрлардың құрылымдық тапшылығы. Кадрлардың мейілінше көп жетіспеуі өнеркәсіп және инженерлік-технологиялық салада, медицина мен білім беруде байқалады.

Облыстың оқу орындарында жекелеген кәсіптер бойынша жеткіліксіз кадрлар даярлауға немесе мүлдем болмауына байланысты проблемасы бар, олар бойынша еңбек нарығында сұраныс бар. Бұл негізінен ауыл шаруашылығы мамандықтары.

Оңтүстік Қазақстан облысы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс индустриялық-аграрлық болып табылады: ЖӨӨ құрылымында өнеркәсіп 21,2%-ды, ауыл шаруашылығы – 9,3%-ды құрайды. Республиканың өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі облыстың меншікті үлес салмағы төмен – 2,8% (12-орын). Елдің ауыл шаруашылығының жалпы өнімін өндіруде облыс үлесі 9,7% (5-орын) құрайды. Облыстың өнеркәсіп құрылымында өңдеу өнеркәсібі (68,4%) басымдылыққа ие, тау-кен өндіру (21,6%) уран алудан тұрады.

2. Облыс экономикасының дотациялық сипаты. Облыс елдің жоғары табысты өңірлерінің бірі болып табылады. Республикалық бюджеттен субвенциялар көлемі бойынша облыс үлесі – 21,8%. Облыс бюджетінде өз табысының жеткіліксіздігі экономиканың негізгі өндірістік секторлары дамуының төмен қарқыны бюджеттің кіріс бөлігінің аясы тар болуымен түсіндіріледі.

3. Өнеркәсіп өндірісі дамуының төмен деңгейі және оның республикалық көлемдегі үлесі төмендеуінің келеңсіз үдерісі. Өнеркәсіптік өндірістің республикалық көлемінде облыс үлесі 1990 жылғы 8,9%-дан 2009 жылғы 2,8%-ға дейін қысқарды. Бұл ретте аталған кезеңде облыс өнеркәсібінің жалпы көлеміндегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 92,2%-дан 65,9%-ға дейін едәуір қысқарды. Өнеркәсіпте ел бойынша жан басына шаққанда ең төмен көрсеткіш (105,3 мың теңге).

4. Облыс өнеркәсібіндегі теріс құрылымдық алға басулар. Жеңіл өнеркәсіп үлесінің едәуір төмендеуі (1990 жылғы 20,9%-дан 2009 жылғы 2,8%-ға дейін), машина жасау (тиісінше 12,2 және 5,3%), химия өнеркәсібі (16,4 және 3,6%) бәсекеге қабілеттіліктің жоғалуынан, негізгі құралдардың тозуының жоғары болуынан (71%-ға дейін), инвестициялардың жетіспеуінен, сондай-ақ кәсіпорынның инновациялық белсенділігі деңгейінің төмен болуынан абсолюттік түрде құлауымен түсіндіріледі.

Бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуі облыстың машина жасау кәсіпорындарында өнім шығарылымының қысқаруына әкелді, ал олар республика бойынша эксклюзивті темір соғатын-баспа машиналары, құрылыс-жол техникасы (экскаваторлар), трансформаторлар және тағы басқа болып табылады.

1985-2009 жылдар кезеңінде облыстың өңдеуші өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандар саны едәуір азайды: жеңіл өнеркәсіптегі 14,6 мың жұмыс орнына, машина жасау мен металл өңдеуде 24,5 мың жұмыс орнына, түрлі түсті металлургияда 8 мың жұмыс орнына дейін қысқарды.

Сонымен қатар облыстың өнеркәсіптік өндіріс құрымындағы тау өндіру өнеркәсібі үлесінің артуы (1991 жылғы 4,2%-дан 2009 жылғы 21,6%-ға дейін) әлем нарықтарында уранға деген қолайлы конъюнктураға және сұранысқа байланысты орын алды.

5. Облыстың сыртқы көздерден энергия тәуелділігі. Электр энергиясын тұтыну жыл сайын шамамен 3 млрд. кВт/с құрайды, бұл жерде өзінің генерациялайтын қуаттарымен жылына 1,15 млрд. кВт/с аспайды. Тапшылық «Солтүстік-Оңтүстік» желісі бойынша транзиті есебінен шамамен 1 млрд. кВт/с, ал қысқы уақытта электр тұтыну артқан

кезеңде облыс Жамбыл облысынан (ЖГРЭС) қосымша 0,34 млрд.кВт/с-тан 1 млрд. кВт /с-қа дейін алады. Өзбекстан мен Қырғызстаннан электр энергиясының шамалы импорты (100 млн. кВт/с) бар. Облыс – өзінің генерациялайтын қуаттарымен мейілінше аз қамтылған болып табылады.

6. Облыстың ЖӨӨ-сінде ауыл шаруашылығы өнімі үлесінің төмендеуі. Ауыл шаруашылығы облыс экономикасының жетекші саласы болып қалғанымен, 2000-2009 жылдары Оның облыстың ЖӨӨ-сіндегі үлесі 14,9%-дан 9,3%-ға дейін төмендеді. Бұл егістік алқаптарының қысқаруымен 13,4%, дәнді және дәндібұршақ өнімдерін жинаудың 2,5 есеге төмендеуімен, шитті мақтаның 21%-ға төмендеуіне байланысты болды. Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығының жүйелі проблемасы суару суының жетіспеуі, суару инфрақұрылымының (тот басу немесе қоқыс жиналу) істен шығуы болып табылады. Трактор паркі машиналарының тозуы 80%-дан астамды құрайды.

Шаруа қожалықтардың бөлшектенуі, жер бөлудің шағын көлемдері, яғни ауыл шаруашылығындағы ұсақ тауар түрі егіс айналымына қазіргі заманғы технологияларды пайдалануға, жаңа сұрыптарды қолдануға мүмкіндік бермейді. Мақта шаруашылығындағы төмен сатып алу бағасы аталған шаруашылық түрін рентабельді етпейді. Мұның бәрі ауыл халқының облыс пен республика қалаларына кетуіне әкеледі.

7. Кадрлардың құрылымдық тапшылығы. Жұмыс кадрларына сұраныс орта есеппен жалпы қажеттіліктің 80%-на қанағаттандырылған. Жеткілікті дәрежеде үлкен сұраныс облыс үшін дәстүрлі салаларда (жеңіл, тігін) қалып отыр, құрылыс мамандарына қажеттілік артуда.

Шығыс Қазақстан облысы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс елдің дамыған индустриялық-аграрлық аймағы болып табылады, ал оның республиканың өнеркәсіптік өндірісіндегі үлесі үлкен емес (5,4%, 8-орын). Сонымен қатар республиканың өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі жоғары – 11,8%. Басым сала болып өңірдің табылатын түрлі түсті металлургия өнеркәсібінен өзге сондай-ақ машина жасау, энергетика, химия және ағаш өңдеу кәсіпорындарынан, жеңіл және азық-түлік өнеркәсібінен және құрылыс материалдары өнеркәсібінен тұрады.

2. Өнеркәсіптік даму деңгейінің төмендеуі. Соңғы 25 жылда облыста өнеркәсіптік өндіріс көлемінің қысқаруы орын алды, түрлі түсті металл мен металлургия саласында құрам саны 4,4 есеге азайды. 2009 жылы өнеркәсіптік өндіріс құрылымында өңдеу өнеркәсібінің үлесі 72,5% құрады, бұл 1990 жылғы деңгейден 20,6%-ға төмен. Сонымен қатар тау-кен өндіру өнеркәсібінің үлесі артты. 1990 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп саласында жұмыспен қамтылғандар санының 45,5%-ға азаюы орын алды, 2009 жылы ол 76,8 мың адамды құрады.

3. Өндірістің толық емес айналымы және экспорт үшін өнімнің төмен бәсекеге қабілеттілігі. Өнеркәсіп кәсіпорындарының үлкен саны бастапқы өңдеуге және облыс

шеңберінен тыс шығаруға жартылай фабрикаттар дайындауға бағдарланған. Нәтижесінде, өңір шегінен тыс жерлерде мейілінше үлкен қосымша құн қалыптасуы байқалады, ал бұл облыстың әлеуетті табысқа қол жеткізбеуі, жұмыс орындарын құруда әлеуетті жете пайдаланбауды және тағы басқа білдіреді.

4. Тау-кен өндіру өндірісінің даму деңгейінің жоғары болмауы. Облыс аумағында теңгерімді қорғасын қорының 24%, жалпы республикалық қордың ішінде 40,7% – мырыш, 45,2% – мыс шоғырланған. Қорғасынның болжамды ресурстарының үлесі 17,3%, мырыш – 37,2%, мыс – 19,3%-ды құрайды. Аталған ресурстардың болуы облыстың байыту фабрикаларының және металлургия зауыттарының өндірістік қуаттарын және Қарағанды облысының кейбір кәсіпорындарын 15-20 жылға дейін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар облыс республиканың тау-кен өндіру өнеркәсібінде төмен үлеске ие – 1,5% .

5. Ауыл шаруашылығының төмен тиімділігі. Аграрлық сектордың біршама дамуына қарамастан, облыстың ауыл шаруашылығындағы жағдайды қолайлы деп айту қиын. 2009 жылға қарай 1991 жылмен салыстырғанда барлық мал мен құс түрінің бастары қысқарған: ірі қара мал саны 32,1%-ға, қой мен ешкі – 56,5%-ға, жылқы – 20,4%-ға, құс – 44,8%-ға қысқарды. Егістік алқаптары 1991 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге қысқарды, оның ішінде астық – 2,5 есе, қорек – 5,8 есе, картоп – 1,5 есе, көкөністер мен бақша – 1,1 есеге қысқарды, бұл жерде тек күнбағыс алқабы ғана 3,5 есеге артты. Облыс халқының жартысын дерлік құрайтын ауыл халқы (45,6%) облыс ЖӨӨ тек 10,3% ғана құрайды, бұл аграрлық сектордың төмен рентабельділігі және аз тиімділігі туралы куәландырады. Облыстың ауыл шаруашылығы өндірісі ұсақ тауарлы болып қалып отыр, бұл оның әлсіз бәсекеге қабілеттілігінің негізгі себебі болып табылады .

6. Жоғары гидротехникалық әлеует кезінде өңірдің энергия тапшылығы. Облыс электр энергиясын қамтамасыз етілу бойынша тапшылықты өңір болып табылады. Электр энергиясына деген тапшылық соңғы 5 жылда 1,6 есе артты және 2009 жылы 1,1 млрд. кВт.сағ. құрады. Сонымен қатар облыс үлкен гидроәлеуетке ие және гидроэлектр станциялары өндіретін негізгі электр энергиясын жеткізуші болып табылады (72%). Бұл жерде Бұқтырма ГЭК, «AES Өскемен ГЭС» ЖШС, «AES Шүлбі ГЭС» ЖШС, Лениногор ГЭС каскады орналасқан. ГЭС-тың жиынтық белгіленген қуаттылығы 1 7 2 0 , 2 М В т құ р а й д ы .

М а ң ғ ы с т а у о б л ы с ы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс индустриялық дамыған өңірлерге жатады, республиканың өнеркәсіп өндірісіндегі облыс үлесі жоғары, ол 14,4% құрайды (Атыраудан кейін 2-орынға ие). Облыс экономикасының құрылымында тау өндіру өнеркәсібі басымдылыққа ие (91,9%), ол көмірсутек шикізатын алумен айналысады. Өңдеу өнеркәсібі металлургия мен дайын металл бұйымдарын өндірумен, машина жасаумен және химия өнеркәсібімен айналысатын кәсіпорындардан тұрады.

2. Облыстың мұнай өндіруде мономамандануы жоғары кедейшілік деңгейінің қалыптасуына ықпал етеді. Бұдан басқа өңір экономикасының мұндай құрылымы бір саладағы жағдайға тәуелді етеді және энергия тасығыштар мен көмірсутек шикізаты нарығында әлемдік конъюнктураның нашарлауы жағдайында үлкен тәуекелге ие болып к е л е д і .

3. Экономика өсімінің бір салада шоғырлануы. Мұнай-газ өндіру саласында экономикалық өсім нәтижелері өңірдің мейлінше шектелген халқы ғана байқайды. Бұдан басқа капитал және қор сыйымды сала бола тұрып, ол жұмыс орындарын құрмайды, бұл ретте шетел жұмыс күші мен мамандарын, елдің өзге өңірлерінен вахташыларды белсенді тартады, бұл жергілікті халықтың жұмысқа орналасу п р о б л е м а с ы н ш е ш п е й д і .

4. Мұнай-газ кешенінің әлсіз мультипликативтік тиімділігі. Өндірісте тек аумақтың, шикізаттың, су мен электр энергиясының бастапқы ресурстарын пайдалана отырып, мұнай-газ саласы іс жүзінде жергілікті нарықта жабдықтарға, тауарлар мен қызметтерге үлкен сұраныс бермейді.

5. Экономиканың өзге секторларының дамымауы және жоғары дәрежеде тиімді болмауы. Өңдеуші өнеркәсіптің үлесі өңірде өте төмен және 4,6% (1990 жылы – 36,5%) құрайды. Облыста химия және химия емес өнеркәсібі, құрылыс материалдарының өнеркәсібі, тағам және жеңіл өнеркәсіп дамыды. Қазіргі уақытта жоғарыда аталған кәсіпорындардың ішінде өңдеуші кәсіпорында тек негізі сала ретінде химия өнеркәсібі ғана қалды, қалғандары өз ұстанымдарын, өнім шығару көлемін қысқартты.

6. Экономиканың төмен әлеуметтік бағдары. Өңір экономикасы шетелге мұнай-газ шикізатын экспорттауға бағдарланған, ал оның құрылымында түпкілікті қажеттіліктерді (тағам, жеңіл өнеркәсіп) қанағаттандыруға бағытталған өнеркәсіп әлсіз берілген, қызмет көрсету саласы, шағын және орта бизнес дамымаған. Қызмет көрсету саласындағы көптеген кәсіпорындар облыстың ірі қалаларында шоғырланған, ал аудандарда қызмет көрсету саласы нашар дамыған, аудандарда кейбір қызмет көрсету түрлері бірқатар себептерге (сұраныстың болмауы, инфрақұрылымның қажет элементтерінің, кадрлардың болмауы) байланысты көрсетілмейді.

7. Аграрлық сектордың объективтік шектеулігі. Облыс тапшылығы өткір өңірлер қатарына жатады, мұның салдарынан облыстың ауыл шаруашылығы негізінде мал шаруашылығынан (88,2%), жыл бойғы жайылымдағы (қой, жылқы мен түйе өсіру) мал ш а р у а ш ы л ы ғ ы н а н е г і з д е л г е н .

Күрт-континенталды құрғақ климат, қатал гидравликалық жағдайлар, су көздерінің жоғары минералдануы суарылатын жерді пайдаланумен айналасуға мүмкіндік бермейді , ол жекелеген массив егістік алқаптарынан тұрады, мұны бақша дақылдары – 35,5%, қызан – 28,2 %, қияр – 13,7% құрайды.

Өңірдің сусыз және қолайсыз табиғи-климаттық жағдайларына байланысты ауыл шаруашылығы және негізінен өсімдік шаруашылығы облыста дамымаған. Өңірде

жүргізілетін ауыл шаруашылығы өнімдері (ет, түйе және сиыр сүті) толығымен облыс халқының азық-түліктік қамтамасыз етілуіне жұмсалады, себебі мал шаруашылығы салалары тұрақты дамығанның өзінде де, ауыл шаруашылығы облыс халқының азық-түлік қажеттілігін толық қамтамасыз ете алмайды: етпен қамтамасыз етілу 38%-дан аспайды, сүт пен көкөністермен қамтамасыз етілу – 5%.

2-топ. Жоғары дамыған өңірлер Астана қаласы

1. Экономикалық мамандандырылу. Қаланың экономика құрылымында үлкен меншікті салмаққа қызмет көрсету, құрылыс пен құрылыс материалдарын өндіру секторы ие (республика бойынша көрсетілген қызмет көлемінде – 11,4% (Алматы қаласынан кейін 2-орын)).

2. Дамудың ұзақ мерзімді қала құраушы факторларының болмауы. Қала дамуы серпінін талдау соңғы он жылда қаланың экономикалық өсімінің негізгі қозғалғышы болып үлкен көлемді мемлекеттік инвестициялар салу есебінен жаңа астананың ауысу және қалыптасу факторы қалып отыр. Бұл жерде қалалық және әкімшілік басқару, қалалық коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығы инфрақұрылымының бірінші кезекте дамуы орын алды. Мемлекеттік басқару және оның қызмет көрсету жүйесінен өзге қаладағы экономикалық белсенділік деңгейі құрылыс пен онымен байланысты құрылыс материалдарын өндіру, көлік қызметін көрсету, жобалау және қала құрылысының өзге сервисі салаларда жоғары жұмыспен қамтылуды қамтамасыз етті.

Алайда инвестициялық және құрылыс белсенділігі кезеңі белгілі бір уақытта аяқталады, сол кезде қала дамудың жаңа факторлары мен көздерін іздеу проблемасына тап болады. Қала экономикасының құрылымын талдау мемлекеттік қызмет көрсетудің үлкен үлесі туралы және инвестициялық қызметпен байланысты салаларға – құрылыс пен құрылыс материалдарын өндіруге деген күшті тәуелділік туралы куәландырады, ал олардың серпіні болашақта объективті түрде төмендейді, Аталған салаларды есепке алмағанда, қала экономикасында іс жүзінде ұзақ мерзімдегі келешекте экономикалық өсімді сол деңгейде қолдап тұратын еш сала жоқ.

3. Қала экономикасының құрылыс саласындағы ахуалға тәуелділігі. Қала ЖӨӨ құрылымында құрылыс 16%-ға иеленеді. Қаланың құрылыс саласы бірнеше жыл қатарынан оның экономикасы өсімінің локомотиві ретінде болды, ол инвестиция ағымын, сабақтас салалардың дамуын, тұрғылықты халықтың едәуір бөлігінің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етті. 2004 – 2009 жылдар аралығындағы кезеңде құрылыс жұмыстарының көлемі номиналды мәнде жыл сайын орташа есеппен 24%-ға артып отырды, 2007 жылы мейілінше биік шыңына жетті. 2008 жылдан бастап әлемдік қаржы дағдарысының ықпалынан сала дамуының теріс үрдістері орын алды, Бұл жағдай қазіргі уақытта айтулы құлдырауды бастан кешіріп жатқан құрылыс секторы мен жылжымайтын мүлік нарығына жоғары тәуелді өнеркәсіптік және сауда кәсіпорындары, қызмет көрсету саласының кәсіпорындары бар қала экономикасына

қ а т т ы

э с е р

е т т і .

4. Төмен индустриялық даму деңгейі. Қазіргі уақытта қаланың өнеркәсіптік өндірісі басымдылықпен құрылыс материалдарын, азық-түлік тағамдарын/сусындарды шығаруға және машина жасауға бағдарланған.

Қаланың 2004 – 2007 жылдары байқалған өнеркәсіп секторы өсімінің жоғары ырғағы 2008 – 2009 жылдары өнеркәсіптің құлдырауымен алмасты. Осылайша, 2009 жылы төмендеу 4,8%, өңдеу секторының көлемі 2009 жылы 4,5%-ға төмендеді. Қаланың өнеркәсіптік дамуында құлдырау себебі болып әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс табылады, ол ең алдымен қаланың құрылыс саласына әсер етті. Астананың өнеркәсібін құрылыс саласына (құрылыс материалдары) бағдарлау өндірістің күрт қысылуына әкелді.

Қала өнеркәсібі дәстүрлі түрде ауыл шаруашылығымен байланысты болды, атап айтқанда ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуге және азық-түлік тағамдарын өндіруге байланысты болды. Алайда, соңғы жылдары тағамдық азық-түлік өнімдері көлемі үлесінің төмендеуге қарай жылжуы байқалады, 2000 жылғы 36,0%-дан 2009 жылғы 16,4%-ға дейін, бұл құрылыс материалдарын өндірудің озық дамуына байланысты болды. Аталған салада көлемдердің төмендеуі көп дәрежеде халықтың нақты ақша табысының қысқаруына, жасырын жұмыссыздық өсіміне, тұтыну қалауларын қайта қарауға, халықтың табыстарын үнемдеуге әдетінің күшеюіне байланысты болды.

5. Қала кәсіпорындарының төмен инновациялық белсенділігі. Өнеркәсіп құрылымында жоғары технологиялық және ғылымды қажет ететін өндірістер әлсіз ұсынылған. Инновациялық өнеркәсіп өнімінің қаладағы өнеркәсіп өнімінің жалпы көлеміне қатысты үлесі 2009 жылы 0,03%-ды құрады және ел бойынша ең төмендердің бірі болып табылады.

Аталған саланың негізгі проблемалары инновациялардың экономиканың нақты секторынан алшақтауы болып табылады. Ең алдымен алдыңғы қатарлы технологиялар мен өндірістік жаңа енгізулерге ішкі төлем қабілеттілігі сұранысының болмауы. Қаладағы қолданбалы әзірлемелердің өзі коммерцияландыру және оларды өндіріске енгізу түрінде жалғасы жоқ.

6. Қаланың тіршілікті қамтамасыз ететін инфрақұрылымының дамытуда қалыс қалуы. Жоғары инвестициялық белсенділік жылдары тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінің құрылысы мен жаңғыртылуының тұрғын үй мен өндірістік құрылыс өсімінің ырғағынан қалыс қалу орын алды, нәтижесінде тұтынушылар: халық пен шаруашылық жүргізуші субъектілері өсті.

Қала жеткілікті дәрежеде ішкі энергетика және жылу көздерімен қамтылмаған, яғни сыртқы көздерге тәуелді келеді. Электр энергиясының тапшылығы жыл сайын 0,7 млрд . кВт/с. құрайды, ал жылу энергиясының тапшылығы 174,2 Гкал/с тең. Қала үшін энергетика кешені кәсіпорындарының жылу және энергетика желілері жабдықтарының

тозу дәрежесі, электр энергиясын тасымалдау барысында нормативтік шығындардың артуы тән. Электр энергиясын тасымалдау барысында нормативтік шығындар деңгейі 2009 жылы 15,3% (өсім 33% құрады, 2005 жылы – 10,3% болды). Қаланың су құбырлары мен кәріз желілері жүктемені көтере алмайды.

Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс дәстүрлі түрде елдің маңызды индустриялық орталығы болып табылады, республикалық өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде облыстың алатын орны жоғары және 8,9% (Атырау мен Маңғыстау облыстарынан кейін 3-орын) құрайды. Бұл жерде облыстың өнеркәсіп құрылымында өңдеуші өнеркәсіп (81%) басым болып келеді. Облыс өнеркәсібінің жетекші салалары тау-металлургия кешені (оның ішінде қара және түсті металл, қымбат және сирек кездесетін металл, Сондай-ақ қара және түсті металлургия мен металл өңдеу), көмір өнеркәсібі, машина жасау, химия және фармацевтік өнеркәсіп, құрылыс материалдарын өндіру болып табылады.

2. Республиканың өнеркәсіп өндірісінде өңір үлесінің төмендеуі. Өнеркәсіп өндірісінің республикалық көлемінде облыстың меншікті салмағының 1990 жылғы 16,5%-дан 2009 жылғы 8,9%-ға дейін төмендеді, бұл ең алдымен тауметаллургия кешені сұранысының қысқаруына байланысты болды.

3. Өнеркәсіптегі құрылымдық жылжулар. Облыстың өнеркәсіптік өндірісі құрылымында өңдеуші өнеркәсіп үлесінің төмендеуі байқалады, 2004 жылғы 87,3%-дан 2009 жылғы 81,1%-ға дейін. Ретроспективтік талдау машина жасау, металл өңдеу, химия өнеркәсібі және резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру үлесінің азаюы байқалады.

4. Облыс экономикасының экспортқа бағдарланған жеке салаға тәуелділігі. Облыстың өнеркәсіп құрылымында металлургия саласының үлкен меншікті салмағы сақталып отыр (63%), онда өңірдің жұмыспен қамтылған халқының шамамен 51% әрекет етеді. Әлемдік тауар нарықтарында металл бағасы мен сұранысының құлауы металлургия саласы көлемінің қысқаруына әкелді, бұл облыстың жалпы экономикалық көрсеткіштері серпініне ықпал етті.

5. Базалық салалардың төмен технологиялық жағдайы. Дәстүрлі және ескірген технологияның басымдылығы, негізгі өндіріс құралдарының баяу жаңаруы, инвестиция тапшылығы тән. Республика бойынша негізгі капиталға инвестициялардағы облыс үлесі 2005 жылғы 6,3%-дан 2009 жылғы 4,7%-ға дейін төмендеді.

6. Өнеркәсіптің еңбектің қосымша саласы ретінде рөлінің төмендеуі. Соңғы 20 жылда өнеркәсіп саласында жұмыспен қамтылғандар саны 45,8%-ға 248,3 мың адамнан 113,7 мың адамға дейін қысқартылды, бұл жерде мейілінше көп дәрежеде қысқару машина жасау және металл өңдеу салаларында орын алды, олардың үлесі 27,6%-дан 1,9%-ға дейін, жеңіл өнеркәсіп – 9,8%-дан 0,1%-ға дейін, құрылыс материалдарын өндіру – 5,5%-дан 2,3%-ға дейін құлады.

7. Жеткіліксіз инновациялық белсенділік. Жалпы облыстың өндірістік өнеркәсіптерінің инновациялық белсенділігі республика бойынша орташа деңгейден жоғары. Бұл жерде инновациялық сипаттағы өнеркәсіп өнімдері үлесінің төмендеуі атап өтіледі, 2004 жылғы 8%-дан 2008 жылғы 1,7%-ға дейін төмендеді. Фармацевтикадан өзге өнеркәсіп салаларында іс жүзінде жоғары технологиялы және ғылыми қажет ететін өнімдер шығару бойынша өнеркәсіп жоқ.

8. Өңірдің электр тапшылығы. Өз энергетика қуаттарының жеткілікті дәрежеде дамымауы (энергия тапшылығы шамамен 3,0 млрд.квт. сағатты құрайды) өңірлік экономиканың дамуын тежейді. Облыста энергияны көп тұтынатын металлургия өнімін өндіруге маманданған өнеркәсіп шоғырланған, бұдан әрі дамудың еске алғанда энергия тапшылығы

арта түседі.
1 - топ. Көшбасшылар
Атырау облысы

1. Экономикалық мамандандырылу. Облыс елдің индустриялық көшбасшысы болып табылады: өнеркәсіп өндірісінің үлесі бойынша республика көлемінде облыс бірінші орынға ие (23,6%). Облыстың ЖӨӨ құрылымында өнеркәсіп 56,2%-ды құрайды, оның ішінде 92,3% кен өндіру өнеркәсібінен тұрады. Облыс әлеуеті қазіргі уақытта мұнай-газ өнеркәсібінің дамуымен анықталады, Сондай-ақ өңір мұнай өндеуде, балық өнеркәсібі мен құрылыс материалдарын шығарумен айналысады.

2. Өңірдің моношикізатты мамандануы. Өңір ерекшелігі ретінде жоғары экономикалық өсімнің бір сала шеңберінде ғана шоғырлануын және экономиканың өзге салаларына таратылмауында. Бұл жерде, онда өңірдің жұмыспен қамтылған халқының 5,4%-ы жұмыс істейді. Сала үшін шетел жұмыс күшін және елдің өзге өңірлерінен вахта әдісімен жұмыс жасайтын мамандарды тарту тән.

3. Көшбасшы саланың төмен мультипликативтік тиімділігі. Мұнай-газ секторы әлсіз интеграцияланған әрі өңір экономикасының өзге салаларымен әлсіз өзара байланысатын анклав ретінде қалып отыр. Өнеркәсіпте тек аумақтың, шикізат, су және электр энергетикасының бастапқы ресурстарын ғана пайдалана отырып, мұнай-газ саласы жергілікті нарықта жабдыққа, тауарлар мен қызметтерге сұраныс жасамайды.

4. Экономиканың өзге секторларының дамымауы және жоғары дәрежеде тиімді болмауы. Мұнай-газ саласының қарқынды дамуы аясында өзге өнеркәсіптердің дамуы өңірде біршама қарапайым серпінге ие. Сондай-ақ олар төмен өтімділікке және қызметшілердің еңбекақысын төлеудің төмен деңгейіне ие. Осылайша, құрылыста еңбек ақы төлеу тау өндіру саласындағы жалақының 62% құрайды, көлікте – 51%, өңдеуші өнеркәсіпте – 43%, саудада – 22,9%, балық шаруашылығында – 11,6%, ауыл шаруашылығында – 9,7%.

А л м а т ы қ а л а с ы

1. Экономикалық мамандандырылу. Қазіргі уақытта қала республикада қызмет секторының меншікті салмағы бойынша көшбасшы болып отыр – 30% дерлік (1-орын).

Қаланың ЖӨӨ құрылымында қызмет көрсету секторы негізгі үлесті құрайды (73,0%), бұл қала экономикасының индустриялықтан кейінгі кезең дамуына біртіндеп өтуі туралы куәландырады. Қала экономикасындағы өнеркәсіп рөлі соңғы он жылдықта күрт төмендеді. Қала өнеркәсіп өндірісінің республикалық көлемдегі үлесі 2009 жылы 3,9% (аталған көрсеткіш бойынша өңірлер ішінде 9-орын) құрады.

2. Өңір экономикасының бір сектордың дамуына тәуелділігі. Қала ЖӨӨ құрылымында негізгі үлесті (73,0%) қызмет көрсету саласы (сауда мен жөндеу саласы – 27,4% және өзге қызметтер саласы, ол жылжымайтын мүлікпен операцияларды, несие-қаржы жүйесінен, білім беру, денсаулық сақтау және экономиканың халыққа қызмет көрсететін өзге салаларынан тұрады – 45,6%).

Сонымен қатар қала экономикасының мұндай құрылымы оның біршама аз тұрақты әрі аталған сектордағы істер жағдайына тәуелді етеді, себебі қызмет көрсету саласын нарықтық конъюнктура мен төлемақы сұранысының өзгеруі біршама әлжуаз етеді. Қала индустриялықтан кейінгі кезеңнің формалды сандық өлшемдеріне қол жеткізген кезде, бірінші орынға индустриялықтан кейінгі өсім сапасын ілгері жылжыған жоғары зияткерлік қызмет үлесін арттыру есебінен сапасын арттыру міндеті енеді.

3. Басты салалардың даму әлеуетінің төмендеуі. Әлемдік қаржылық экономикалық дағдарыс маңызды түрде соңғы бес жыл ішінде экономика дамуының жоғары серпінін анықтаған секторлар жағдайына және келешегіне ықпал етті.

Қазақстанның Кедендік одаққа өтуіне және үшінші елдерге қатысты кедендік баж деңгейінің өсіміне байланысты республикада қытай тауарларының өту кешені болып табылатын қала саудасының даму жағдайларының нашарлауына ықпал етті.

4. Қаланың индустриялық әлеуетінің төмендеуі. Ресми құрылымдық белгілер бойынша қала экономикасы әлемнің индустриялықтан кейінгі кезеңдегі қалаларының экономикасына ұқсас (жалпы өңірлік өнімдегі өнеркәсіп үлесі 2009 жылы 5,7%-ға дейін төмендеді). Алайда, үлкен мөлшерде бұл көптеген өнеркәсіп өндірісінің құлдырауымен және қаржы қызметі, жылжымайтын мүлік, құрылыс пен саудада алыпсатар өсімі с а л д а р ы б о л ы п т а б ы л д ы .

1990 жылы қала ЖӨӨ құрылымында 38,2% машина жасау мен жеңіл өнеркәсіп негізін құрайтын салалар негізгі үлесті құраған. Бұған дейінгі кеңестік жүйе құлағаннан кейін өнім сатуға, өнеркәсіптің техникалық жаңаруына байланысты қиындықтар пайда болды, көптеген кәсіпорындар таратылды.

Мұндай үдерістердің болуы және өнеркәсіптік дамудың мұндай әлеуеті қолда болуы барысында қала 2014 жылғы дейінгі ҚР ҮИИДМБ-да әлсіз берілген.

5. Экономика құрылымында шағын және орта кәсіпорындардың басым болуы. Экономикалық ерекшелігіне байланысты Алматы қаласында ірі қала қалыптастыратын кәсіпорындар жоқ, қала өнеркәсібі шамамен 2 мың кәсіпорыннан тұрады, ал олардың ішінде тек 193 немесе 9,7% құрам саны 50-ден асатын ірі және орта кәсіпорын болып т а б ы л а д ы .

Шағын кәсіпорындардың басым болуынан қаланың өнеркәсіп секторы нарық конъюнктурасы алдында осал болып келеді және мемлекеттік қолдауды қажет етеді. Қазіргі уақытта қалада тіркелген өнеркәсіп өндірістерінің тек 52%-ы ғана әрекет етуші және белсенді әрекет етуші болып табылады.

6. Инженерлік инфрақұрылымның жоғары технологиялық тозуы. Энергетиканың жеткілікті дәрежеде дамымауы барысында тұрғын үй құрылысының қарқынды дамуы және ірі және шағын кәсіпорындардың қуаттылығын арттыру жылу және электр энергетикасы тапшылығының себебіне айналды, бұл экономика дамуында тежеуші факторға айналуы мүмкін.

Қаланың көптеген энергетика кәсіпорындары нашар жағдайда, электр станциялары жабдықтары мен электр желілері тозуы 60-70%-ды құрайды, жылу желілерінің тозуы 76%-ды құрайды. Жылу шығыны шамасы жыл сайын 37% шамасында болады, ал нормативтік бойынша – 20,9 %. Құбырлардың 70% амортизация мерзімі өткен, II көтеру және тазалау станцияларының амортизация мерзімі 100%-ға жеткен. Тасымалдау барысында жоғары нормативтік шығындар едәуір, бұл оның сапасына теріс әсер етеді.

Қ о р ы т ы н д ы :

1. Елдің экономикалық әлеуетінің жартысына дерлігі (47,2%) 4 өңірде (Алматы және Астана қалалары, Атырау және Қарағанды облыстары) шоғырланған. Мейлінше үлкен меншіктік салмаққа Астана және Алматы қалалары, индустриялық өңірлер ие. Төрт артта қалған өңірлер үлесіне (Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қызылорда облыстары) ЖІӨ-нің 11,3 % келеді.

2. Жан басына шаққанда ЖӨӨ көлемі бойынша Атырау облысы Жамбыл облысынан 10 есеге асады. Жекелеген өңірлер арасындағы айырмашылық 10 жылда артты: 2000 жылғы 9,4-еседен 2009 жылы 10 есеге дейін. Жан басына шаққанда ЖӨӨ ең төмен көрсеткіші 70% дейін көлемде қарастырылатын кезеңде Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарында сақталып отыр, яғни республика аумағының 27%, ал онда ел халқының 40% өмір сүреді. Бұл негізінен ауыл шаруашылығына маманданған өңірлер.

3. Өңірлер әлеуеті қазіргі уақытта басты түрде, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуымен анықталады, қызмет көрсету саласы Алматы мен Астана қалаларын есепке алмағанда аса маңызды емес. Алайда аграрлық сектордың төмен жұмыс тиімділігі мен еңбек шығысын есепке алғанда, алдағы жылдары онда әрі қарай жұмыс орындарының қысқаруы орын алады. Осыған байланысты тек елдің индустриялық секторы жаңа жұмыс орындарын құру және халықты қажет жұмыспен қамтамасыз ету әлеуетіне ие.

4. Республиканың солтүстік өңірлері көлік инфрақұрылымымен біршама жақсы қамтылған, ал батыс өңірлерінде болса, көлік инфрақұрылымына деген тапшылық сезіледі. Өңірлердің көліктік қамтылуы арасындағы күрт айырмашылық пен олар

арасында оңтайлы көлік байланысының болмауы көлік шығындары өсіміне және өңірлердің экономикалық өсуін тежеуге әкеледі.

5. Кәсіпорындардың көп саны энергиямен қамтамасыз етілген Солтүстік өңірде шоғырланған – 45%. Біршама аз энергиямен қамтылған Батыс энергетика аймағында кәсіпорындардың 30%-ы жиналған. Біршама энергетикаға тапшы Оңтүстік энергетика аймағында өнеркәсіптің 25%-ы орналасқан.

6. Кәсіпорындардың көп саны сумен орташа қамтылған өңірлерде орналасқан – 47,7%. Мейілінше сумен қамтылған оңтүстік-шығыс өңірлерде кәсіпорындардың 36%-ы орналасқан. Біршама суға тапшы батыс және орталық өңірлерде 16,3% ғана кәсіпорын бар.

7. республика өңірлерінің алты тобы бар: моношикізатты мұнай-газ өңірлері (Атырау және Маңғыстау облыстары) аумақтарында халық сирек орналасқан және сәтті шикізат анклавында әйгілену және мал шаруашылығы мамандануының кедей агросекторы; мұнай-газ өңірлері (Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстары) әртараптандырылған өнеркәсіп, аятық (күріш егу) бағытытындағы аграрлық секторы және тұрғындардың біркелкі орналаспауы; аграрлық астық өңірлері (Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары) кетіп жатқан халқы бар және депрессиялық өнеркәсібі бар; индустриялық-аграрлық полифункционалдық өңірлер (Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары) немесе аграрлық индустриялық (Қостанай облысы) ;

халқы тығыз орналасқан нашар урбандалған аграрлық өңірлер (Алматы (Алматы қаласының маңы есепке алынбайды), Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облысы);

ірі астаналық қалалар және онымен байланысты агломерациялар (Алматы, Астана), жаңғыртылған экономикаға және дамыған қызмет көрсету спекторына ие.

8. Әлемдік практика аумақтық даму табиғи түрде және объективтік түрде іске асуда, сонымен қатар олар экономикалық және әлеуметтік даму үшін қажет шарт болып табылады. Өңіраралық бәсекелестік шарттарын қалыптастыра отырып, аумақтық даму өндірісті тиімді орналастыруға ықпал етеді, халықтың орналасу құрылымын және еңбек нарықтарын оңтайландырады.

Сонымен қатар өңірлердің апаттық, реттелмейтін өз-өзінен дамуы түрлі аумақтық ерекшеліктерге әкеледі, олар кедейшілік ошақтарының, әлеуметтік және экономикалық кернеудің қалыптасуына әкелуі, халықтың бұқаралық көшіп-қонуына әкелуі мүмкін.

3. Әлеуметтік стандарттар мен бюджетаралық қатынастар

3.1. Өңірлердің шешуші әлеуметтік проблемаларын айқындау және бағалау.

Қазақстан өңірлері үшін дамудың әлеуметтік аспектілері келесі көрсеткіштер бойынша анықталады:

- халық кедейлігінің деңгейі;

- халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі;
- ішкі көші-қон көлемі;
- мемлекетпен кепілдендірілген негізгі әлеуметтік қызметпен қамтылу.

Өңірлер ерекшелігіне қарай аталған көрсеткіштер түрлі белгілерге ие және көп жағдайда түрлі факторларға негізделген болып келеді, бұл түрлі тетіктермен оларды шешудің түрлі құралдарын пайдалануды пайымдайды. Төменде өңірлер бөлінісіндегі әлеуметтік дамудың басты проблемаларына бағалау жасалған.

Ж а м б ы л о б л ы с ы

1. Кедейшілік. Ең төмен экономикалық қызметтің меншіктік көрсеткіштері барысында және халықтың ең төмен номиналды табысы барысында, халық құрылымында балалар санының үлкен үлесі бола тұрып, өңір кедейшілік деңгейі бойынша қолайлы өңірлер қатарына жатқызылады (Болжамды схемаға 26 – 28-қосымшаларды қараңыз).

Облыс ішінде кедейшілік ареалдары Жамбыл (11,8%), Шу (9,8%), Қордай (8,9%), Жуалы (7,3%), Мерке (6,5%), Сарысу (5,7%), Т. Рысқұлов (5,5%), Талас (5,1%) аудандарында орналасқан бұл жерде Сарысу және Талас аудандарында кедей халықтың негізгі саны (аудандағы кедей халықтың 70-80% бойынша) Жаңатас пен Қаратау шағын қалаларында орналасқан.

2. Жұмыспен қамтылу. Облыста өзіне-өзі жұмыс істейтіндердің мейлінше үлкен саны - 52,1% (Болжамды схемаға 29 – 32-қосымшада көрсетілген). Жұмыспен қамтылған 48%-ы экономиканың табысы төмен секторларында жұмыс жасайды: ауыл шаруашылығы және бюджет саласы, онда жалақы тауарды өндіру өнеркәсібіндегі жалақы деңгейінің 38%-нан аспайды. Бұл жерде жоғары табыс секторында – тау кен өндіру өнеркәсібінде, онда жалақы 57,4 мың теңге құрайды, өңірдің жұмыспен қамтылған халқының 0,6%-ы.

Шетел жұмыс күшін пайдалану да еңбек нарығына теріс ықпал етеді (құрылыс саласында шетел жұмыс күшінің 100%-ға дерлік қатысуы).

Еңбектің өңірлік нарығында сұраныс пен ұсыныстың сәйкес болмауы металлургия саласында, цемент зауыттары құрылысында, магистралды газқұбырларын салуда және газ компрессор станциялары құрылысында кадрлар тапшылығының салдары болып табылады.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Облыс халқының саны 2010 жылдың басында 1,043 млн. адам құрады және 1990 жылмен салыстырғанда өзгермеді деуге келеді. Облыс үшін ауыл халқының саны басым (58,1%), халық құрылымында балалар санының үлкен мөлшері (28,3%) және еңбекке қабілетті жастағы халықтың төмен үлесі тән келеді. Күнкөріс деңгейі шамасынан төмен табысқа ие халық санатының 78,2% көп балалы үйлер, ең бастысы, ауылдық жерлердегі көп балалы үйлер құрайды.

Жоғары демографиялық әлеует, негізінен, ауылдық жерде, алайда, ауылдық білім берудің төмен сапасы ауыл тұрғындарының, әсіресе жастардың өңірдің өнеркәсіп

кешенінде жұмысқа орналасуында және индустриялық интеграциясында объективтік ке дер гі бол ы п та бы ла ды .

4. Көші-қон жағдайы. Облыста жоғары теріс көші-қон сальдосы демографиялық белсендігі жоғары және артық еңбек шығыстары бар, өнеркәсібі жеткілікті дамымаған, халық табысының төмен деңгейі бар өңір үшін объективтік үрдіс болып табылады. Елдің өзге өңірлеріне кетушілер құрылымында еңбекке қабілетті адамдар үлкен үлеске ие (85,5%), оның ішінде 58,2% – жастар. Ішкі өңірлік көші-қонда ауылдық жерлерден Тараз қаласына кету орын алуда .

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Нәресте және ана өлімінің жоғары көрсеткіштері 18,40‰, республика бойынша орташа – 18,23‰; 100 мың тірі туғандарға 40,1, республика бойынша орташа – 36,9).

Білім беру саласында бірқатар проблемалар бар: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жетіспеуі (МДБ балаларды қамту 33,7% құрайды, ал республика бойынша орташа есеппен - 38,7%);

оқу орындарының жеткіліксіздігі (324 оқушыдан тұратын 3-кезеңдік оқу жүргізілетін мектептердің болуы), бұл жерде жалпы мектептер санының 47%-да облыс оқушылары санының 13,7% ғана оқиды, яғни аз жинақты болып табылады;

педагогика кадрларына деген жоғары қажеттілік (119 маман);

қосымша ғимараттарда орналасқан мектептер саны жылдан жылға артуда.

6. Жол-көлік желісінің жеткілікті дәрежеде дамымауы. Бүгінгі күні автомобиль жолдардың 35% қанағаттандырарлық дәрежеде емес, бұл өңір қалалары мен ауылдары арасындағы көлік хабарламасын қиындата түседі.

7. Экология проблемалары. Қазіргі уақытта атмосфералық ортаны бұрынғы уран өндірісінің жиналған қалдықтары едәуір ластауда. Жер мәдениетінің жағдайына теріс ықпал ететін және олардың деградациясына ықпал ететін белсенді үрдістер дефляция немесе эрозия мен тұздану болып табылады.

С ол түстік Қа за қс т а н об лы сы

1. Кедейшілік. Өңір кедейшілік көрсеткіштері бойынша салыстырмалы түрде қолайлы (Болжамды схемаға 26 – 28-қосымшаларды қараңыз) болып табылады. алайда облыс ішінде мейлінше жоғары кедейшілік деңгейі Уәлиханов, Жамбыл, Мамлют, Айыртау, Тайынша аудандарында байқалады. Абсолюттік мәнде облыстағы кедейлер үлесі республикадағы кедейлер үлесіне қарағанда (3,95%) облыс халқының республиканың жалпы халқының үлесіне қатысты артпайды (4%).

Облыста халықтың орташа айлық номиналды төмен көрсеткіштері (16,5%, орташа республикалықтан төмен) және орташа айлық жалақы деңгейінен (орташа республикалықтан 1,5 есе төмен) төмен келеді. Кедейшілік себептерінің бірі болып жұмыспен қамтылғандар құрылымының төмен әлеуметтік тиімділігі табылады: халықтың үлкен бөлігі аз төленетін қызмет салаларында жұмыс жасайды, оның ішінде ауыл шаруашылығында. Өңір төмен табыс деңгейіне ие өзіне-өзі жұмыс

жасайтындардың үлкен үлесімен ерекшеленеді.

2. Жұмыспен қамтылу. Облыс үшін халықтың өз өзіне жұмыс істеуі тән (40,8%, орташа республика бойынша 33,7% – Болжамды схемаға 29 – 32-қосымшаларда көрсетілген). Халықтың жұмыспен қатылу құрылымы өнімсіз болып табылады: жоғары табысты өнеркәсіп өндірісінде не бары 6,1% ғана жұмыс жасайды, төмен табысты секторларда – 65,4% халық (ауыл шаруашылығында – 49,4%, мемлекеттік басқару, білім беру және мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік көмек көрсету ұйымдары – 19%), мұнда жалақы тауәндіру өнеркәсібінің жалақысынан 58,4% құрайды.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Облыс халқының саны 2010 жылдың басында 643,3 мың адам құрады және 1990 жылмен салыстырғанда 30%-ға қысқарды (912,5 мың адам). Облыста халық санының азаю үдерісі сақталып отыр, (2009 жылы 1,15%, орташа республикалық – 13,48%) төмен, кейде теріс табиғи өсім, сондай-ақ теріс көші-қон сальдосы барысында орын алды. Халықтың демографиялық құрылымында ауыл тұрғындары (64,3%) басым келеді, бұл өңір экономикасының аграрлық бағдары мен төмен урбандалу деңгейі туралы куәландырады. Өңір үшін халықтың қартаюы және еңбекке жарамды жастағы адамдар санының азаюы тән.

4. Көші-қон жағдайы. Көші-қонның теріс сальдосында облыс аралық көші-қон үлкен үлеске ие – 60,9%. Қатысты түрдегі қолайлы экономикалық ахуал, өңдеу өнеркәсібінің дамыған әлеуеті болуының өзінде тұрғындар өңірден кетіп жатыр.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтылу. Білім беру саласында бірқатар проблема бар:

балалардың мектепке дейінгі біліммен жеткілікті дәрежеде қамтылмауы (МДЖ балалардың қамтылуы 53,8% құрайды, ал орташа республикалық деңгей – 38,7%);

Аз жабдықталған мектептердегі оқушылардың жоғары үлесі (53,1%) ауылдық жерде қалыптасқан жағдайды өршіте түседі және халықтың кетуіне ықпал етеді;

облыстың барлық мектептерінің 205 (32,4%) күрделі жөндеуді, 200 мектебі (31,6%) қосымша имараттарда орналасқан, ал 5 мектеп авариялық жағдайда.

Облыста қатысты түрде ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша қолайлы жағдай қалыптасқан. Орталықтандырылған суөткізгіш суын халықтың 78,6% (жер үсті көздерінен – 61,4%, жер асты көздерінен – 17,2%) пайдаланады, деорталықтандырылған көздерден – 21,4% халық, оның ішінде жер асты көздерінен – 20,8%, ашық суаттардан – 0,1%, әкелетін суды – 0,5% халық пайдаланады. Ауыз су проблемасы мен суқұбырлары желісінің тозуы әлі де шешімін таппаған проблема болып қалып отыр.

6. Жол-көлік желісін дамыту. Республика өңірлері бойынша жалпы пайдаланудағы қатты жабынды автомобиль жолдары бар – 71,8 км (орташа республика бойынша – 30,9 км). Барлық ауылдық елді-мекендероларды облыс және аудан орталықтарымен байланыстыратын автомобиль жолдарымен қамтылған. Сонымен қатар автожолдардың 50%-ға бұзылу дәрежесінде, республикалық маңыздағы ақаусыз автомобиль жолдары

деңгейі

46,6% - ды

құрайды.

7. Өңірдегі экологиялық жағдай. Облыстағы экологиялық жағдай жалпы тұрақты болып табылады. Өңірдің басты Экология проблемалары су көздерінің ластануы болып табылады, ол Петропавл қаласындағы кәріздік тазарту құрылғыларының апаттық жағдайынан және қатты-тұрмыстық қалдықтардың қоршаған ортаны ластауынан орын алады.

Ақмола облысы

1. Кедейшілік. Облыс кедейшіліктің жоғары емес деңгейімен және кедей халықтың төмен концентрациясымен сипатталады (Болжамды схемаға 26 – 28-қосымшаларды қараңыз). Сонымен қатар өңір үшін халықтың төмен табысы мен жалақысы тән, олардың негізгі факторы болып төлемақысы аз ауыл халқының басым болуы, өзіне-өзі жұмыс жасаудың жоғары деңгейі, әсіресе ауылдық жерлерде, табылады.

Кедейшілік негізінен аудандардан шалғай орналасқан елді мекендерде орын алған. Бұл оларда жұмыссыздар мен өзіне-өзі жұмыс жасайтындар санының көп болуына байланысты орын алды, олардың ұсақ ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы және үй шаруашылықтарындағы табысы төмен болып келеді.

2. Жұмыспен қамтылу. Облыс өзіне-өзі жұмыс жасайтындардың үлкен санымен сипатталады - 42,6% (Болжамды схемаға 29 – 32 қосымшада көрсетілген). Облыста экономиканың төмен табысты секторында жұмыспен қамтылғандардың үлкен үлесі – ауыл шаруашылығында (38,3%). Бұл жерде жалақысы 74,1 мың құрайтын өңдеуші өнеркәсіпте өңірдің жұмыспен қамтылғандарының тек 1,9% ғана жұмыс істейді.

Еңбек нарығында оң үдеріске ие қалалар мен аудандар көрінуде: экономикалық белсенді халық деңгейі артуда және жұмыссыздық деңгейі төмендеуді (Степногор қаласы, Ақкөл, Атбасар, Бұланды, Бурабай, Есіл, Целиноград, Шортанды аудандары).

Жалпы, еңбек нарығындағы ахуал жұмыссыздықтың қысқаруына байланысты оң үдерістермен сипатталады, алайда облыста, ең алдымен ауылдық жерлерде жасырын жұмыссыздық бар. Әлеуметтік топтар қиылысында жастар жұмыссыздығы басым түр (7,8%, ал орташа республикалық - 6,7%).

3. Демографиялық көрсеткіштер. Облыс халқының саны 2010 жылдың басында 738 мың адам құрады және 1990 жылмен салыстырғанда 30,8%-ға (1990 жылы 1067,2 мың адам) қысқарды. Облыста төмен табиғи өсім есебінен халық санының қысқару үдерісі сақталып отыр (2009 жылы 5,68%, ал орташа республикалық – 13,48%) және теріс көші-қон сальдосы. Облыс төмен урбандалған өңір болып табылады (қала халқының саны – 45,2%).

Облыс үшін халықтың қартаюу үдерісі және еңбекке қабілетті халық санының азаюы тән. Облыс халқының күтілетін өмір сүру ұзақтығы ел бойынша ең төмен (2009 жылы 66,21 жасты құрады, ал орташа республикалық деңгей 68,60 жас).

4. Көші-қон жағдайы. Облыста теріс көші-қон жағдайы сақталып отыр, негізгі ағын Астана қаласына барады. Мейлінше көп кету ауылдық елді мекендерден, бұған тұрақты

жұмыстың болмауы және ауыл шаруашылығы өндірісіндегі төмен жалақы ықпал етеді. Ішкі облыстық көші-қонда қаладағы халықтың жоғары көші-қон жылдамдағы әрі Астана қаласының маңындағы келешегі бар аудандар мен Көкшетау қаласының т а р т ы м д ы л ы ғ ы .

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтылу. Облыста ана өлімінің жоғары дәрежесі атап өтіледі (100 мың тірі туғанға 39,0, республика бойынша о р т а ш а е с е п п е н – 3 6 , 9) .

Білім беру саласында келесі проблемалар бар: балалардың мектепке дейінгі мекемелермен жеткілікті дәрежеде қамтылмауы (МДЖ балалардың қамтылуы 41,8%, республика бойынша орташа есеппен – 38,7%); аз жабдықталған мектептердің үлкен үлесі (облыстың жалпы білім беру мекемелерінің жалпы санының 81%, республика бойынша орташа есеппен - 54,9%), оқушылар контингенті 45,2 мың (40,5%, республикалық орташа деңгейде 1 6,0%); тіл және нақты пәндер бойынша мұғалімдердің жетіспеуі облыстың барлық елді мекендерінде орын алған, Сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелерде білікті кадрлардың қ а ж е т т і л і г і т у ы н д а ғ а н .

Денсаулық сақтау саласында дәрігер кадрларына деген жоғары қажеттілігінің болуы (422 дәрігер) аудандардың денсаулық сақтау мекемелерінің қайта ұйымдасуына байланысты артты. Әсіресе шалғайдағы елді мекендерде МЖКО объектілерін кадрлармен қамтамасыз ету өзекті проблема болып табылады.

Облыста медицина мекемелері ғимараттары тозуының дәрежесі үлкен (2009 жылы облыс бойынша 75,9% құрады), негізінен – ауылдық елді мекендерде.

Облыста ауыл халқын сапалы ауыз сумен қамту дәрежесі төмен. Ауыз судың тек 44% ғ а н а т а з а р т у қ ұ р ы л ғ ы л а р ы н а н ө т е д і .

6. Жол-көлік желісі жеткілікті дәрежеде дамымаған. Облыста жөндеу қажет етілетін автомобиль жолдарының меншікті салмағы үлкен: республикалық маңыздағы – 31%, облыстық – 60-65%, аудандық – 80-85%.

7. Экология проблемалары. Ақмола облысында экологиялық жағдай тұрақты ретінде сипатталады. Жер үсті су көздерінің жағдайының проблемалары болып көлдердің ластануы және таяздануы, қоршаған орта объектілеріне артық жүктеме табылады. Осыған байланысты көлдерді тазарту және ағын суларды, атап айтқанда Щучье-Бурабай курорт аймағы (ЩБКА) суларын тазарту жүйесі құрылысы п р о б л е м а с ы н ш е ш у қ а ж е т .

Қ ы з ы л о р д а о б л ы с ы

1. Кедейшілік. Республика халқы санындағы облыстың 4,3% болуы барысында, онда 5,15% кедейлер өмір сүреді, кедейшілік қатыстылығының деңгейі – 10,4% де орташа республикалық деңгейден (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз). Облыс бойынша ең үлкен жалақы тау-кен өндіру өнеркәсібінде (165,2 мың теңге), алайда онда облыстың жұмыспен қамтылған халқының 3,6% жұмыс жасайды.

2. Жұмыспен қамтылу. Облыс халқының жұмыспен қамтылу құрылымының аз өнімділік ерекшелігі экономиканың төмен табысты секторларында жұмыспен қамтылған халықтың көп мөлшерінің жұмыс істеуі болып табылады (43,5%), олардың жалақысы тау өндіру өнеркәсібіндегі жалақының 25-30%-нан аспайды. Сондай-ақ халықтың 42,3% өзіне-өзі жұмыс жасайтын төмен табыс санатына жатады, бұл жерде ауылдарда өзіне-өзі жұмыс жасайтындар саны 46,6% (Болжамды схемаға берілген 29-32 Қосымшада көрсетілген) жетеді.

Өңір үшін ауылдық елді мекендердегі үлкен жұмыссыздық тән (6,9% республикалық орташа деңгейде – 5,9%), оның ішінде жастар жұмыссыздығының деңгейі жоғары (7,3% республикалық орташа деңгейде - 5,8%).

Салыстырмалы жалпы жұмыссыздық және халықтың өзіне-өзі жұмыс істеу дәрежесінің жоғары болу аясында өңірде кадрлардың құрылымдық тапшылығы, жұмыс күшінің төмен сапасы бар. Келешекте жұмыс күшінің тапшылығы болжанады, ол Батыс Еуропа – Батыс Қытай жобаларына техникалық мамандарға қажеттілікке байланысты орын алады.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Облыста халық санының едәуір өсуі (1990 – 2009 жылдар 18,5%-ға) жоғары табиғи өсім арқасында орын алды.

Облыс үшін ауыл халқының басым болуы (61%) тән, халық құрылымында балалар үлесінің үлкен болуы (31,0%) және еңбекке жарамды жастағы тұрғындардың төмен үлесі және оған байланысты экономикалық белсенді халық үлесінің аз болуы орын алды. Бұның салдарынан табысы өмір сүру деңгейінен төмен халықтың 81,1% көп балалы отбасылар, оның ішінде ауылдық жерлердегі тұрғындар құрайды.

4. Көші-қон жағдайы бірнеше жылдар қатарынан жоғары теріс сальдомен (2005 – 2009 жылдары – 17714 адам) сипатталады. Өңір аралық көші-қонда халықтың Астана мен Алматы қалаларына кетуі байқалады. Облыс ішінде тек Қызылорда қаласында және Қармақшы ауданында ғана оң сальдо қалыптасты.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтылу. Білім беру саласында мынадай проблемалар бар:

- МДЖ балалардың төмен қамтылуы деңгейі (30,9%);
- мектептерде оқу орындарының қамтылу төмендігі (3 ауысымда оқитындар санының үлкен үлесі), оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың емдеу және оқу үрдісімен қамтылуының төмен деңгейі, түзету мектеп-интернаттарының жетіспеушілігі;

- авариялық сипаттағы мектептер санының артуы.

Облыста халық ауруының көрсеткіші жоғары (66971,0 ауру өмірде алғаш рет тіркелген, 100 мың адамға республикалық орташа деңгейде – 60249,8) болып келеді, бұл халықтың дәрігерлермен төмен дәрежеде қамтылуымен негізделген (10 мың адамға 32,59 дәрігер, ал республикалық орташа көрсеткіш – 38,13) және амбулаториялық-емханалық мекемелердің жетіспеуімен (10 мың адамға қуаттылығы

99,6, республика бойынша орташа есеппен – 131,9).

Облыста ана (2009 жылы 100 мың тірі туғанға 42,6 жағдай, республика бойынша орташа есеппен – 36,9) және нәресте (2009 жылы 1000 туғанға 24,96 жағдай, республика бойынша орташа есеппен – 18,23) өлімі орын алды.

Орталықтандырылған көздерден ауыз сумен облыста жалпы санның (ЕЛ) тек 64% ғана қамтылған, онда облыс тұрғындарының 54% өмір сүреді, қалған тұрғындар деорталықтандырылған немесе әкелінетін суды пайдаланады.

6. Жол-көлік желісін дамыту проблемалары. Бүгінгі күні автожолдардың 47% қанағаттандырмайтын жағдайда, бұл өңір қалалары мен ауылдары арасында көліктік х а б а р л а м а н ы қ и ы н д а т а т ү с е д і .

7. Экология проблемалары. Қызылорда облысы экологиялық апат аймағы болып табылады. Атмосфераға ластайтын заттардың шағырылымдарының өсімі Арал теңізінің құрғауына және Байқоңыр кешенінің қызметіне, автокөлік санының артуына, автомобиль отынының нашар сапасына, қоршаған ортаны ластау стандарттарын сақтамауға, өндіріс қалдықтарын кәдеге шығару мәселелерінің шешілмеуіне байланысты болды. Облыста екінші рет тұздану және топырақтың батпақтануы б а й қ а л а д ы .

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

1. Кедейшілік. Кедейшілік көрсеткіштері бойынша облыс қолайлы болып табылады. Абсолюттік мәнде облыста кедейлер үлесі республикадағы кедейлер үлесіне қарағанда 5,3% құрайды әрі бұл көрсеткіш республикадағы халық санындағы өңір халқы үлесінен сәл төмен (5,5%) (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз) төмен болып келеді. Өмір сүру деңгейінен төмен табысы бар халық үлесі – 6,8%, бұл республика бойынша орташа көрсеткіштен төмен (8,2%,).

Алайда, өңір халықтың орташа айлық номиналды төмен көрсеткіштерімен (республикалық орташа деңгейден 1,2 есе төмен) және төмен жалақы деңгейімен (республикалық орташа деңгейден 1,4 есе төмен) ерекшеленеді.

2. Жұмыспен қамтылу. Облыста жұмыспен қамтылудың салыстырмалы үлкен көрсеткіші бар, алайда 2009 жылы облыс бойынша жұмыспен қамтылғандардың теріс өсімі қалыптасты (-2,4%). Жұмыспен қамтылу құрылымының әлеуметтік тиімсіздігін атап өту керек: индустриялық еңбекпен қамтылғандардың төмен меншікті салмағы және ауыл, орман және аң аулау шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың жоғары үлесі (37,9%), сондай-ақ аз төленетін бюджет саласында және білім беру кешенінде орын алды. Жоғары табысты өнеркәсіп өндірісінде барлық жұмыспен қамтылған халықтың тек 14,4% ғана жұмыс істейді. Бұл ретте ауыл шаруашылығындағы жалақы тау-кен өндіру өнеркәсібі жалақысының 50,7% ғана құрайды. Облыс өзіне-өзі жұмыс жасайтындардың төмен санаты көрсеткіші бойынша үш «көшбасшы» қатарына енеді, олардың жартысынан көбі ауылдық жерде тұрады, ал онда табыс бұдан да төмен болып келеді. Жұмыссыздық деңгейі республика бойынша

ең төмен деңгейлі өңірлердің бірі (Болжамды схемаға берілген 29-32 қосымшада көрсетілген) болып табылады.

Кадрлардың құрылымдық тапшылығы. Білім беру, денсаулық сақтау, әсіресе ауылдық жерлерде кадрлардың жетіспеуі өткір мәселе болып тұр.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Облыс халқының саны соңғы 20 жылда қатты қысқарды: 1990 жылғы 1228,5 мың адамнан 2009 жылғы 886,3 мың адамға дейін, немесе 27,9%. Мұндай үдерістер уақыт өте келе облыс әлеуетін тиімді пайдалануды шектейтін факторға айналуы мүмкін. Табиғи өсімнің орташа жылдық коэффициенті 2005-2009 жылдары 0,32% құрады, бұл ел бойынша ең төмен көрсеткіштердің бірі болып табылады. Ауыл халқының үлесі 50,7% құрайды, бұл урбанизацияның төмен деңгейі туралы куәландырады. Облыста халықтың қартаю үрдісі күшеюде, өңірде 65 жастан асқан халық үлесі ең жоғары (10,8%, республикалық орташа деңгейде 7,5%). Еңбекке қабілетті жастағы халықтың жоғары үлесі (70,3%) балалардың төмен меншікті салмағы барысында, (18,6% республикалық орташа деңгейде 24,2%) болды. Облыс халқын қалпына келтірудің регрессивтік түрі жас кадрлар мен олардың болуы арасында теңгерімсіздік құрайды.

4. Көші-қон жағдайы. Облыстағы көші-қон жағдайы көптеген жылдар қатарынан қолайсыз болып қалып отыр, осылайша 2005-2009 жылдары жиынтық теріс көші-қон сальдосы 22543 адам құрады. Облыс ішінде орын ауыстыру бойынша оң көші-қон сальдосы барлық қалаларда және екі ауданда (Жітіқара – 59 адам және Қостанай – 441 адам) сақталып отыр.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтылу. Денсаулық сақтау саласында облыста халықтың дәрігерлермен қамтылуының (10 мың адамға 25,29 дәрігер, орташа республикалық көрсеткіш барысында - 38,13) орташа медициналық құрамның (10 мың адамға 84,2, республикалық орташа деңгейде – 87,1) төмен дәрежесі байқалады. Сонымен қатар, облыс амбулаториялық-емхана ұйымдарымен қамтамасыз ету бойынша (10 мың адамға қуаттылығы 167,6 республика бойынша орташа есеппен – 10 мың адамға 131,9) үлкен көрсеткіштері байқалады. Медицина ғимараттары 60% тозған және олар медицина жабдығымен қамтылудың төмен деңгейіне ие: қалалық және облыстық ауруханаларда 54%, ал аудандық медицина ұйымдарына - 46,4% құрайды.

Әлеуметтік мәнге ие аурулар бойынша жоғары деңгей орын алған: белсенді туберкулез (100 мың халыққа 116,0, республика бойынша орташа есеппен - 105,5), қатерлі ісіктер (100 мың халыққа 247,1, республика бойынша орташа есеппен - 182,6), психикалық бұзулулар (100 мың халыққа 197,0, республика бойынша орташа есеппен - 124,5). Көкірек ауруынан қаза болудың жоғары деңгейі – 15,5 (ҚР бойынша - 12,5).

Облыста республика бойынша балалардың мектепке дейінгі мекемелермен қамтылуы ең жоғары көрсеткішке ие (90,3%, ал орташа республикалық - 38,7%). Сонымен қатар бала бақшаға кезекте тұрған балалардың жалпы саны облыс бойынша

Соңғы үш жылда мектептер желісі 40 бірлікке қысқарды, оның ішінде келешегі жоқ елді мекендерде орналасқан 90% бастауыш мектеп. 34,2% оқушылар аз жинақталған мектептерде оқиды. Облыстың 20 мектебі 7901 оқу орны санында жүктеме толық ие.

Аудандарда Тж/еКБ оқу орындары жоқ, жатақханалар қажеттілігі бар, шеберхана ж а б д ы қ т а р ы е с к і р г е н .

Облыста ауыл халқын сапалы сумен қамтамасыз ету төмен қамтылған: 653 елді мекеннің топтық және жергілікті су құбырларынан орталықтандырылған сумен қамтумен 160 елді мекен (24,5%) қамтылған, 63 елді мекенде (9,6%) ауыз су әкелінеді. 430 елді-мекен (65,9%) деорталықтандырылған (ұңғымалар, құдықтар) сумен жабдықтау суымен қамтамасыз етіледі. Көптеген су құбырлары желілерінің пайдалану мерзімі 25-50 жылдан асады, бұл пайдаланудың нормативтік мерзімінен жоғары болып т а б ы л а д ы .

6. Жол-көлік желісі жеткілікті дәрежеде дамымаған. Автомобиль жолдарының тығыздығы бойынша (1000 кв-ға 40,4 км, республика бойынша орташа есеппен – 30,9) және темір жол тығыздығы бойынша (1000 кв-ға 6,69 км, республика бойынша орташа есеппен – 5,41) облыс елдің өзге өңірлерімен салыстырғанда көлік инфрақұрылымымен мейілінше қамтылған болып табылады. Басты техникалық проблема – жол жабындыларының көтеру қабілеттері шығындарының артуы.

7. Өңірдегі экологиялық жағдай. Өзге өңірлерге қарағанда облыс аумағындағы экологиялық жағдай қолайлы. Қалалардағы атоморта ауасына теріс ықпал ететін негізгі факторлар өнеркәсіп өндірістерінің шығарындылары және жылжымалы көздерден болатын шығарындылар санының өсуі болып табылады.

Облыс жеткілікті дәрежеде ылғалдырландырмау аймағында орналасқан. Өзен желісі әлсіз дамыған, жер үсті су қоры елеусіз және рационалды пайдалануды талап етеді. Солай болғанымен жер үсті суларын ластау және азайту үрдісі жалғасуда, бұл негізінен суаттарға жеткілікті дәрежеде тазартылмаған ағындардың құйылуы болып т а б ы л а д ы .

А л м а т ы о б л ы с ы

1. Кедейшілік. Өңір жоғары кедейшілік деңгейімен және кедей халықтың көп жиналуымен сипатталады (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз). Кедейшіліктің негізгі факторлары халықтың төмен табысы, төлемақысы төмен ауыл халқының басым болуы, өзіне-өзі жұмыс жасаудың жоғары деңгейі, балалар саны көп халық құрылымы болып табылады. Аудандар қиылысында облыста төмен табыс Ескелді, Жамбыл, Көксу, Ұйғыр, Кербұлақ аудандарында орын алды аталған жерлерде халықтың номиналды табысы 80% төмен.

2. Жұмыспен қамтылу. Облыстың аграрлық бағдарына байланысты жұмыспен қамтылу дәрежесі экономиканың табысы төмен секторларында жұмыспен қамтылумен сипатталады: ауыл, орман және аң аулау шаруашылығы (48,2%), бюджет (14%),

мұндағы жалақы өңдеу өнеркәсібіндегі (80,8 мың теңге, өңірдің экономикалық белсенді халқының 5,2% жұмыспен қамтылған) орташа жалақыдан 30-50%-ға аспайды.

Жұмыспен қамту көрсеткіштері қолайлы болуына қарамастан, облыста жасырын жұмыссыздық орын алды, ең алдымен ауылдық жерлерде (ауыл халқының 76,1% үлесі барысында ауыл шаруашылығында 48,2% жұмыс жасайды, бұл жерде ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың 62% өзіне-өзі жұмыс жасайтындар болып табылады) (Болжамды схемаға берілген 29-32 қосымшада көрсетілген).

Еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігінен білікті жұмыс күші мен техникалық мамандықтарға қажеттілік сақталып отыр, сонымен қатар жұмыс күшінің төмен сапасы екені атап өтіледі.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Облыстың 1990-2009 жылдары халқының өсімі 2,6% құрады.

Облыста ауыл халқының үлесі жоғары (76,1%) және халық құрылымында балалар үлесі едәуір (24,5%). Облыста табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен көп балалы отбасылар, негізінен ауылдық елді мекендерде халық санатының 78,2% құрайды.

Жоғары демографиялық әлеует негізінен, ауылдық жерлерде, алайда, ауылдық жерлердегі білімнің төмен сапасы және индустриялық еңбек дағдыларының болмауы жұмыспен қамтудағы және ауыл тұрғындарының индустриялық интеграциясының объективтік кедергілері болып табылады, бұл ең алдымен жастардың өнеркәсіп өндірісінде жұмыспен қамтылуына байланысты.

4. Көші-қон жағдайы. Халықтың көші-қонында оң үдеріс байқалады, оның ішінде халық санының жыл сайынғы өсімі халық көші-қонының, әсіресе сыртқы көші-қонының оң сальдосы есебінен орын алады.

Облыс ішіндегі халық көші-қонында халықтың қалаларға және Алматы қ. маңындағы келешегі бар аудандарға көші-қонының жоғары ілгерілеуі байқалады.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтылу. Облыста халықтың әлеуметтік инфрақұрылымымен қамтылуы төмен деңгейде, оның ішінде халықтың ауыз сумен, білім беру объектілерімен, медицина ұйымдарымен қамтылуы төмен деңгейде, жалпы білім беру мектептерінде оқу орындарына деген, медициналық-әлеуметтік мекемелерге жоғары тапшылық бар. Медицина мекемелерінің жалпы санының 73% қосымша имараттарда орналасқан, 20% - жалға алынатын жайларда. Денсаулық сақтау саласында кадрлардың жетіспеуі ең өзекті проблема болып табылады.

Облыста балалардың мектепке дейінгі мекемелермен төмен қамтылуы (21,5%, 14 орын ішінде 13-орын) және мектептерде оқу орындарымен төмен қамтылу (3 кезеңде оқитындардың елеулі үлесі) байқалады. Бұл жерде облыста АЖМ үлесі үлкен, онда облыс оқушыларының 14,2% оқиды.

Облыс халқының дәрігерлермен ең төмен дәрежеде қамтылуы (10 мың адамға 21,29 дәрігер, орташа республикалық көрсеткіш барысында - 38,13) және орташа

медициналық құраммен (10 мың адамға 57,9 орташа медқұрам, республикалық орташа деңгейде - 87,1) төмен қамтылу халық денсаулығына теріс ықпал етуде. Облыста халық ауруы дәрежесі жоғары (100 мың адамға 71778,8 өмірде алғаш рет тіркелген, республикалық орташа деңгейде 60249,8) болып отыр.

6. Жол-көлік желісін дамыту. Автомобиль жолдарының тығыздығына қарамастан облыста (1000 кв-ға 42,3 км, республика бойынша орташа есеппен – 30,9), қозғалыс интенсивтілігі, әсіресе, автожолдардың жөндеу-қалпына келтіру қажеттілігін арттыратын үлкен жүкті автомобильдер проблемасы маңызды болып табылады.

7. Экология проблемалары. Облыста экологиялық ластанудың салыстырмалы төмен дәрежесі байқалады. Алайда, өңір экологиясына ауа бассейнінің техногендік ластануының негізгі көзі ретінде Алматы қ. және өңірге жақын орналасқан ауыл шаруашылығы алқаптарының деградациясы ықпал етеді. Балқаш көлі ластануда, Іле өзенінің трансшекаралық сипатының ластану проблемалары бар. Жер деградациясы, эрозия мен топырақтың тұздану проблемалары бар. Алматы облысында жел эрозиясына 5,0 млн. га жер шалдықты. Жыл сайын 800 мың тоннадан астам қалдықтар полигондар бойынша жиналады, ТБО әкету арта түсуде, олар ауыл шаруашылығы тағайындауындағы едәуір алқаптарды алып отыр.

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

1. Кедейшілік. Кедейшілік көрсеткіші жалпы облыс бойынша өңір халқының жоғары табысына қарамастан республика бойынша орташа деңгейде (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз). Мұндай жағдай тұрғындардың жекелеген топтары арасында табыстың әр түрлі болуына негізделген, өзіне жұмыс жасайтындар санының үлкен болуына, және қатысты түрде жұмыс жасамайтын аға ұрпақ көрсеткіштерінің үлкен болуына негізделген. Кедейшіліктің қалыптасуына ықпал ететін өзге фактор болып төмен деңгейінде жұмыс жасайтындар санын үлкен үлесімен сипатталады: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мемлекеттік б а с қ а р у .

2. Жұмыспен қамтылу. Облыста республикалық көлемде үлкен болып келетін халықтың жұмыспен қамтылуы өзіне-өзі жұмыс жасайтын халық санына сәйкес келеді, бұл әсіресе ауылдық жерлерде орын алған (57,7%) (Болжамды схемаға берілген 29-32 қосымшада көрсетілген). Сондай-ақ ауыл халқы үшін жұмыссыздардың үлкен үлесі сипатты, әсіресе жастар арасында (8,1% республика бойынша орташа есеппен – 5,8%).

Облыста жоғары төленетін тау-кен өндіру саласында орын алды, мұнда ауыл шаруашылығында жалақы 8 есе деңгейден артқы, жұмыспен қамтылғандар – 1,2%, сонымен қатар ауыл шаруашылығында облыстың жұмыспен қамтылған үштен бір б ө л і г і н қ ұ р а й д ы .

3. Демографиялық көрсеткіштер. Облыста демографиялық жағдай мейлінше үлкен емес оң өсіммен, табиғи өсімнің жоғары емес деңгейімен (2005 – 2009 жылдары орташа мән – 7,06%, республикалық орташа деңгейде – 10,95%) сипатталады, бұл

көші-қонның теріс сальдосын жабады. Өзге үдерістер ішінде халықтың қартаю үрдісін атап өтуге болады, ол келешекте облыста адами және еңбек ресурстарының қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

4. Көші-қон жағдайы. Облыста теріс өңіраралық көші-қон сальдосы соңғы 10 жыл бойы сақталып келеді, әрі еңбекке жарамды халықтың басымдылықпен кетуін сипаттайды, ал бұл өз кезегінде болашақта өңірдің экономикалық дамуына және индустриялық келешегіне ықпал етеді.

Ішкі облыстық көші-қонда ауылдар мен қалалардан көші-қон ағымының едәуір үлесі ауыл жастары мен адамдарының кәсіби білім алуға ұмтылуы, төлемақысы жоғары жұмысқа орналасу, өмір сапасын жақсарту деп түсіндіруге болады. Маңызды жағдайлардың ішінде ауылдың әлеуметтік және инфрақұрылым нысандарының болуын және жағдайын атап өтуге болады.

Ауыл көші-қонының жандануы облыс орталығына көші-қонның жандануымен тұрғын үймен қамтамасыз ету, қоғамдық көлікті қайта жүктеу, қала мектептерінің тығыздығы, медициналық қызмет және тағы басқа проблемалар өрши түсті.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Облыстағы балаларды мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен қамту деңгейі жоғары (61,3%). Дегенмен, ШЖМ оқушылар үлесінің жоғары болуымен, орта білім беру жүйесінде (16,0% орташа республикалық деңгейде 29,1%) 3 кезектегі оқушылардың саны әлдеқайда көп. Жабдықталған ғимараттарда орналасқан мектептер үлесінің жоғары болуы, білім беру қызметтерінің сапасына жағымсыз әсер етеді. Облыстағы оқытушылық кадрларға деген сұраныстың деңгейі өте жоғары.

Денсаулық сақтау саласында амбулаторлық-емханалық ұйымдар қуатының жоғары көрсеткіштері басым (ҚР орташа 10 мың адамға шаққандағы 131,9 жағдайында 10 мың адамға шаққанда бір кезекте 164,6 келу), соған қарамастан, дәрігерлер жетіспеушілігі байқалады (38,13 орташа республикалық көрсеткіш бойынша 10 адамға 31,07 дәрігерден келеді). Жалпы алғанда, облыс бойынша халық науқастануының деңгейі төмен (100 мың адамға шаққандағы 60249,8 орташа республикалық деңгей бойынша бірінші рет тіркелген аурулар саны 51355,4).

Ауылдық жерлерді ауыз сумен толыққанды қамту мәселесі шешілмеген.

6. Жол-көлік желісінің жеткіліксіз дамуы. Ауылдық елді мекендерді аудан орталықтарымен, аудан орталықтарын облыс орталықтарымен жалғастыратын автокөлік жолдарының нашар күйіне қатысты мәселелер өз өзектілігін жоғалтпайды. Облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жалпы ұзындығы бойынша жолдардың 84,7% түпкілікті жөндеу жұмыстарының жүргізілуін қажет етеді. Теміржол желілерінің тығыздығы (1000 ш.км шаққанда 2,85 км) орташа республикалық деңгейден 2 есе төмен (1000 ш.км шаққанда 5,41 км).

7. Экология мәселелері. Облыстағы қоршаған ортаға мұнай-газ кешенінің кәсіпорындары, қазандық шаруашылықтары, автокөліктер, өнеркәсіптік кәсіпорындар

жағымсыз ықпал етеді. Облыстағы ірі экологиялық мәселелерге Орал өзенінің экожүйесін сақтау мәселелері және мұнай-газ шығару саласының қызметіне қатысты мәселелер жатады. Жергілікті экологиялық мәселелердің қатарында «Капустин Яр» және «Азгир» әскери полигондарына байланысты туындайтын мәселелер, Орал қаласының кәріз тазарту жүйелерінің тозуы, қалдықтарды пайдаға асыру мәселелері

А қ т ө б е о б л ы с ы

1. Кедейшілік. Республикалық деңгейге қатысты облыс бойынша кедейлік көрсеткіштері төмен (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз), алайда жекелеген аудандарда (Ырғыз, Мәртүк, Темір, Ойыл, Шалқар) тұрмысы нашар азаматтардың үлес салмағы орташа облыстық көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Сонымен қатар, өңір тұрғындарының табыс деңгейі орташа республикалық көрсеткіштен төмен. Облыс халқының табыс деңгейінің салыстырмалы түрде төмен болуы экономиканың табыс көлемі төмен салаларында қызмет ететін халықтың үлес салмағының жоғары болуына байланысты (50,4%): бюджеттік, ауыл шаруашылығы, орман және балық аулау шаруашылығы, мұндағы орташа еңбекақы таукен өнеркәсібіндегі еңбекақы деңгейінің 43% аспайды.

2. Жұмыспен қамтылу. Өңірде экономикалық белсенді және жұмыспен қамтылған халықтың үлесі жоғары, соған қарамастан өз өздерін жұмыспен қамтитын тұрғындардың саны жоғары, әсіресе ауылдық елді мекендерде – 44,0% (Болжамды схемаға берілген 29-32 қосымшада көрсетілген). Сонымен қатар, облысқа халық табыстылығының төмен болуына алып келетін табыс деңгейі төмен салалардағы ө н і м с і з ж ұ м ы с п е н қ а м т у т ә н .

3. Демографиялық көрсеткіштер. 1990 – 2009 жж. аралығында облыста халық санының 2,6% қысқаруы байқалды. 2005 – 2009 жылғы халық санының айтарлықтай өсімі (4,8%) тек табиғи өсімге байланысты болды (2005 – 2009 жылғы орташа көрсеткіш - 11,82%), ал миграциялық сальдо кері күйінде сақталды.

Еңбекке жарамды (69,0%, орташа республикалық көрсеткіш 68,4%) және еңбекке жарамды жастан жас (24,5%, орташа республикалық көрсеткіш 24,2%) халықтың үлес салмағы салыстырмалы түрде жоғары болды.

4. Көші-қон жағдайы. Соңғы жылдарда облыс үшін халықтың елдің басқа аудандарына көші-қон тән (әсіресе, еңбекке жарамды), алдағы болашақта бұл өндірістік секторлардағы жұмыс күшінің жетіспеушілігіне алып келуі мүмкін.

Өңіраралық көші-қонда халықтың көшу деңгейі жоғары (2009 жылы - 4157 адам), сонымен қатар қала халқының көші-қон шығынының үлес салмағы өте жоғары (85,3%). Облысаралық көші-қонның негізгі бағыттары – Астана мен Алматы қалалары, Маңғыстау және Атырау облыстары.

Алға және Мартүк аудандарынан басқа, барлық ауылдық аудандар кері сальдоға ие болды. Көшіп-қонушылардың негізгі ағымдары Ақтөбе және Алға қалаларына және

Ақтөбе қаласы мен Алға ауданының ауылдық жерлеріне бағытталған.

Халық көшуінің негізгі себептеріне тұрақты және еңбекақысы жоғары жұмыс іздеу, материалдық жағдайды жақсартуға ұмтылу, мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік және тұрғын үй қызметтеріне деген қолжетімділік жатады. Ауылдық жерлерден жастардың кетуі, негізінен, облыс қалаларында орта және жоғары білім алуға байланысты.

Индустриялық әлеуеті жоғары, бірақ халық саны мен тығыздығы төмен өңір үшін облыстан еңбекке жарамды тұрғындардың кетуі алаңдаушылық тудыратын жайт.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Облыстағы балаларды мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен қамту деңгейі жоғары (64,3%). Дегенмен, ШЖМ оқушылар үлесінің жоғары (16,0% орташа республикалық деңгейде 23,2%). Аудан орталықтары мен қала мектептеріндегі орындардың жетіспеушілігі бар.

Денсаулық сақтау саласында халықты дәрігерлермен қамтамасыз ету деңгейі (38,13 орташа республикалық көрсеткіш бойынша 10 адамға 47,87 дәрігерден келеді) және амбулаторлық-емханалық ұйымдармен қамту деңгейі (ҚР орташа 10 мың адамға шаққандағы 131,9 жағдайында 10 мың адамға шаққанда бір кезекте 136,4 келу) өте жоғары, бұл халықтың науқастану деңгейіне жағымды әсер етті (100 мың адамға шаққандағы 60249,8 орташа республикалық деңгей бойынша бірінші рет тіркелген аурулар саны 53021,7).

Облыстағы ауылдық жерлердің тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі төмен (елдімекендердің 75,4% сумен қамтудың орталықсыздандырылмаған көздеріне ие).

6. Жол-көлік желісінің жеткіліксіз дамуы. Облыстағы автокөлік жолдары (1000 ш.км шаққанда 17,2 км, орташа республикалық көрсеткіш – 30,9) мен теміржолдар (1000 ш.км шаққанда 4,82 км, орташа республикалық көрсеткіш – 5,41) тығыздығы төмен. Жергілікті маңызы бар жолдардың 54% (2416,7 км) қанағаттанарлықсыз жағдайда және түпкілікті жөндеу жүргізуді қажет етеді.

7. Экология мәселелері. Мұнай-газ шығару саласында ілеспе газды пайдаға асыру бағдарламаларын қабылдау арқылы кәсіпорындар қызметінің нәтижесінде қоршаған ортаға түсетін антропогенді жүктемені азайту шаралары қолға алынған болса, тау-кен өнеркәсібінің өзге салаларында, әсіресе хром рудаларын шығару, хромиттер өндірісіндегі мұндай шаралардың жүргізілуі жеткіліксіз.

Өңірдегі жер асты суларының бор және хроммен ластануы өткір мәселелердің бірі. Химиялық заттардың адам ағзасына кері әсер етуін, атап айтқанда бала туу қабілетінің төмендеуіне кері ықпал етуін есепке ала отырып, бұл мәселенің шешілуі бүгінгі таңда өзекті мәселелердің қатарында.

П а в л о д а р о б л ы с ы

1. Кедейшілік. Кедейшілік көрсеткіштері бойынша облыстың деңгейі жағымды,

дегенмен мәселенің өзектілігі жекелеген қалалар мен аудандарға қатысты артып отыр: Екібастұз қаласы, Май, Баянауыл және Қашыр аудандары (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз).

2. Жұмыспен қамтылу. Облыс халқының жұмыспен қамтылу деңгейінің жоғары болып, экономикалық белсенді тұрғындардың 93,6% құрауына қарамастан, оның ерекшелігі экономиканың табыс деңгейі төмен салаларында жұмыс істейтін халық үлесінің жоғары болуында жатыр: облыстағы жұмысбасты халықтың 41,3% астамы бюджеттік салада жұмыс істейді, ондағы еңбекақы таукен өнеркәсібіндегі еңбекақының 62% құрайды. Жұмыспен қамтылған халықтың 2,3% ауыл шаруашылығының табысы төмен салаларында жұмыс істейді, мұндағы орташа еңбекақы тау-кен өнеркәсібіндегі еңбекақының 41,7% құрайды. Сонымен қатар, халықтың 23,8% табыс деңгейі бұдан да төмен өз-өздерін жұмыспен қамтамасыз етушілер қатарына жатады, мұндағы өз-өздерін жұмыспен қамтитын халықтың үлес салмағы 45,4% (Болжамды схемаға берілген 29-32 қосымшада көрсетілген).

3. Демографиялық көрсеткіштер. 2009 жылы облыстағы халық саны 750853 мың адамды құрады, 1990 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 20,6% қысқарды, бұл халықтың табиғи өсімі және халық ағымына байланысты орын алды. Облыстағы халық санының қысқаруымен қатар, тұрғындардың қартаю үдерісі күшейіп келеді. Жасы 65 жоғары халық саны 9,0% құрайды, мұндағы орташа республикалық көрсеткіш 7,5%. Балалардың үлес салмағы төмен (19,4%, ел бойынша орташа көрсеткіш 24,2%). Уақыт өте келе бұл облыс әлеуетін тиімді пайдалануды шектеуші факторға айналады.

4. Көші-қон жағдайы. Облыста жағымсыз көші-қон жағдайы байқалады. Табиғи-климаттық жағдайлардың жағымды болуы, су ресурстарының қамтамасыз етілуі, өнеркәсіп пен әлеуметтік инфрақұрылымның даму әлеуетінің жоғары болуына қарамастан, өңір тұрғындарының көшу ағымдары тоқтамайды. 2005-2009 жж. аралығында облыстағы көші-қонның кері сальдосы 7977 құрады. Сыртқы көші-қон сальдосы 2007 жылы 46 адамнан 2009 жылы 1381 адамға артты.

Павлодар және Шарбақты аудандарынан басқа, барлық ауылдық елді мекендер бойынша өңіраралық көші-қон сальдосының көрсеткіштері кері болды. Бүгінгі таңда, 10 ауылды қысқарту бойынша материалдарды дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамту. Денсаулық сақтау саласында халықты дәрігерлер (10 мың адамға шаққанда 38,71 дәрігер, орташа республикалық көрсеткіш 38,13) және амбулаторлық-емханалық ұйымдармен (бір кезекшілікте 10 мың адамға шаққанда 165,1 келу, 10 мың адамға шаққанда орташа республикалық көрсеткіш 131,9) қамтамасыз ету деңгейі жоғары. Облыста медициналық ғимараттардың жетіспеушілігі байқалады – қамтамасыз ету деңгейі 85% құрайды. Облыс бойынша медициналық ұйымдардың орташа жабдықталу пайызы 60,3% құрайды, соның ішінде ең нашар жабдықталғандардың қатарында аудандық орталық ауруханалар (55,8%).

Өңірдегі халықтың науқастану деңгейі өте жоғары (100 мың адамға шаққанда бірінші рет тіркелген аурулар саны 69965,5, мұндағы орташа республикалық көрсеткіш 60249,8).

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жетіспеушілігі: 2-5 жас аралығындағы мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы санынан 53,8% бала-бақшаларға бару мүмкіндігіне ие, ал 1990 жылы балалардың мектепке дейінгі мекемелермен қамтылуы облыс бойынша 71% құраған болатын. Облыстың мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің 12% жабдықталған ғимараттарда орналасқан, балабақшалардың 25%-ға ыстық сумен қамтамасыз етілмеген.

27,3 мың оқушылары бар (облыстың барлық оқушыларының 28,9%) шағын жинақты мектептердің үлесі жоғары (облыстың барлық мектептерінің 76,2%). Аудандардың жалпы білім беру мектептерінде математика, физика, химия, ақпараттандыру мамандықтары бойынша кадрлар тапшылығы айқын байқалады. 152 мектеп (35,3%) түпкілікті жөндеу жұмыстарының жүргізілуін қажет етеді.

Облыстың ауылдық елді мекендерінің тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету деңгейі өте төмен. Облыстағы 412 АЕМ небары 18,4% орталықтандырылған сумен қамту желісіне қосылған, яғни АЕМ тұрғындарының 38,4%. АЕМ 80% (330) суды жергілікті жерасты су көздерінен алады. 71 АЕМ (17%) ауыз судың сапасы санитарлық нормалардың талаптарына сәйкес келмейді.

6. Жол-көлік желісінің жеткіліксіз қамтамасыз етілуі. Облыс автожолдарының 15% қанағаттанарлықсыз күйде. Сондай-ақ, облыста қатты жабынды автокөлік жолдары арқылы аудан орталықтарымен жалғаспаған ауылдық елді мекендер бар.

7. Экожүйенің жағдайы. Облыс қатты ластаушы заттардың шығарылуы бойынша (219,6 мың тонна) және жан басына шаққандағы ластаулар (749,9 кг) бойынша Қазақстанда бірінші орын алады, атмосфераға ластау заттары (560,8 мың тонна) және сұйық/газ тәрізді ластаушы заттарды (341,3 мың тонна) шығару бойынша Қарағанды облысынан кейін 2-орын алады.

Қалалардағы атмосфералық ауаның сапасына әсер ететін негізгі факторларға өнеркәсіптік өндірістер шығаратын ластаулар және жылжымалы көздерден шығарылатын ластаулар санының артуы жатады. Ауаның автокөліктерден шығарылатын газдармен ластануы едәуір қауіп төндіретін жағдайлардың қатарында.

Су бетін ластау, бітеу және таусылу үдерісі жалғасып келеді, ал мұның негізгі себептеріне су көздеріне тазартылмаған немесе жеткілікті түрде тазартылмаған ағынды сулардың тасталуы болып табылады.

Өндірістік қалдықтарға қатысты жағдай да ауыр мәселелердің қатарында қалып отыр. Павлодар облысында шамамен 3 млн. тонна қалдықтар шоғырланған, жыл сайын олардың саны 1 млн. тоннаға артып отырады.

Оңтүстік Қазақстан облысы

1. Кедейшілік. Өңірде кедей халықтың саны мен шоғырлану деңгейі жоғары, бұл

халықтың табыс деңгейінің төмендігі және облыс халқының құрылымындағы балалардың үлес салмағының жоғары болуына байланысты (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз). Ауылдық кедейліктегі көпбалалы отбасылардың басым болуы ауылдық елді мекендер тұрғындары үшін кедейлік қаупін тудырады. Ауылдық кедейліктің айрықша жоғары деңгейі Мақтаарал, Сарыағаш және Бәйдібек аудандарында б а с ы м .

Кедейліктің негізгі факторларына жұмыссыздық, өз өздерін жұмыспен қамту деңгейінің жоғарылығы, халықтың табыс көлемінің төмендігі жатады.

2. Жұмыспен қамтылу. Облыс ел бойынша халықтың өзін өзі жұмыспен қамтуының ең жоғары көрсеткіштерін көрсетіп отыр (әсіресе ауылдық жерлерде – 57,2%, орташа республикалық көрсеткіш 50,0%). Республикалық деңгей бойынша, өңірдегі жұмыс істейтін халықтың арасында бюджеттік сала, ауыл, орман және балық шаруашылығы сияқты экономиканың табыс деңгейі төмен салаларында жұмыс істейтін халықтың үлес салмағы жоғары (61,6%), мұндағы орташа еңбекақының көлемі тау-кен өнеркәсібі саласындағы еңбекақы деңгейінен 3,3 есе төмен. Бүгінгі таңда, еңбек нарығындағы жағдай шиеленісті күйде сақталуда және кедейлік деңгейінің қысқаруына жеткілікті түрде ықпал етпейді (Болжамды схемаға берілген 29-32 қосымшада көрсетілген). Табыс деңгейі төмен жұмысшылардың үлесі жылдан жылға өзгеріссіз қалып отыр. Жұмыссыздық деңгейінің жалпы төмендеуіне қарамастан, жастар мен әйелдердің арасындағы жұмыссыздық мәселесі өз өзектілігін жоғалтпады. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық мәселесі туындады.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Облыстағы халық саны 1990 жылмен салыстырғанда 2010 жылдың басында 2,429 млн. адамды құрап, 31,5% артты. Облыс халқының демографиялық құрылымының ерекшелігі, ауыл халқының басымдығы (62,5%), сондай-ақ халық құрылымындағы балалар үлесінің жоғары болуы (33,0%, орташа республикалық көрсеткіш 24,2%) және еңбекке жарамды жастағы тұрғындар үлесінің төмендігі (62,4%, орташа республикалық көрсеткіш 68,4%) өңірдегі кедейліктің жоғары деңгейінің қалыптасуына айтарлықтай ықпал етеді. Нәтижесінде, табыс көлемі күн көрерлік минимумнан төмен халықтың 85,6% негізінен, ауылдық жерлердегі көпбалалы отбасылар құрайды.

4. Көші-қон жағдайы. Өңіраралық көші-қон ағымдарында облыс ірі донорлардың қатарына жатады, бұл демографиялық деңгейі жоғары, еңбек әлеуеті астам, өнеркәсіп жеткіліксіз дамыған, сондай-ақ халықтың табыс деңгейі төмен өңір үшін объективті құбылыс болып табылады.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Сәбилер мен аналар өлімінің деңгейі өте жоғары (20,98%, орташа республикалық көрсеткіш 18,23%; 100 мың тірі туылған балаға шаққанда 37,1, республика бойынша орташа көрсеткіш 36,9).

Білім беру саласында мынадай бірқатар мәселелер бар:

мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жетіспеушілігі (балалардың МДБМ қамтылу деңгейі 14,4%, орташа республикалық көрсеткіш 38,7%); оқушыларға арналған орындардың тапшылығы (6445 оқушы білім алатын, 3 кезекпен оқыту жүргізілетін мектептердің болуы), облыс оқушыларының небары 7% оқытылатын мектептердің жалпы санының 27,6% шағын жинақты болып табылады; оқытушылар мен дәрігерлік кадрларға деген жоғары сұраныс.

Аудандарда Тж/еКБ оқу орындары жоқ, жатақханалар қажеттілігі бар, шеберхана ж а б д ы қ т а р ы е с к і р г е н .

6. Жол-көлік желісінің жеткіліксіз дамуы. Облыстағы автокөлік жолдарының деңгейі өте төмен – автокөлік жолдарының небары 15% жақсы күйде сақталған, ал 49% (4091 км) – қанағаттанарлықсыз жағдайда, соның ішінде 14% (1036 км) – бұзылу а л д ы н д а т ұ р .

7. Экология мәселелері. Облыс Қазақстанның экологиялық жағдайы нашар алты өңірдің бірі, ал Шымкент қаласы – облыстың ең лас қаласы саналады (облыс бойынша ластаушы заттардың жалпы көлемінің 90%). Облыс жағымсыз эпидемиологиялық жағдай, рұқсат етілмеген қоқыс тастайтын жерлер санының жоғарылығы, сәтсіз аумақтар санының артуымен ерекшеленеді (шөлейттену және жерлердің құнарсыздануы). Ауыр экологиялық жағдай қалаларда ғана емес, облыс аудандарында да байқалады. Сырдария өзенінің трансшекаралық ластану мәселесі бар.

Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

1. Кедейшілік. Облыстағы кедейлік көрсеткіштері орташа республикалық деңгейден әлдеқайда төмен: кедейлік деңгейі 8,2% қарсы 6,6% құрайды, өңірдегі кедейлердің үлесі – 7,8% ел халқының жалпы санындағы облыстың үлес салмағынан төмен (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз).

Ауылдық жерлердегі кедей халықтың жоғары деңгейі шоғырланған – 9,7%, бұл өз-өздерін жұмыспен қамтамасыз еткен халық санының басымдығы, жұмыс орындарының жеткілісіздігіне байланысты, ал қалалық жерлердегі бұл көрсеткіштің д е н г е й і 3 , 4 % к ұ р а й д ы .

2. Жұмыспен қамту. Облысқа өңір тұрғындарының жеткілікті табыстылығын қамтамасыз етпейтін жұмыспен қамтудың тиімсіз құрылымы тән (Болжамды схемаға берілген 29-32 қосымшада көрсетілген). Жұмыспен қамту құрылымының ерекшелігін экономиканың табыс көлемі төмен салаларында жұмыс істейтін халық үлесінің жоғарылығы құрайды (әлеуметтік салада – 41,4%). Халықтың орташа айлық номиналды табысының көрсеткіші– 30 891 теңге, бұл орташа республикалық көрсеткіштен 11,1% төмен. Ауыл тұрғындарының номиналды ақшалай табысы қала тұрғындарымен салыстырғанда 1,3-2,2 есе төмен. Орташа айлық еңбекақының көлемі – 53 496 теңге, бұл орташа республикалық деңгейден 1,3 есе төмен.

Кадрлардың құрылымдық тапшылығы. Өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындар инженерлік және техникалық мамандықтар бойынша кадрлардың жетіспеушілігін

бастан кешіруде. Орта жастағы даярланған кадрлардың жоқтығы көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындардың 3-5 жылдан кейінгі дамуына қауіп төндіреді. Көптеген кәсіпорындардағы кадрлық қорды қалыптастыру жүйесі толығымен бұзылып, тек жақын арада қалпына келтіріле бастады.

3. Демографиялық көрсеткіштер. 1990 – 2009 жылдар аралығында облыс халқының саны, негізінен көші-қон ағымының салдарынан 20% қысқарды. Алайда, 2008 жылдан бастап, табиғи өсімнің артуы халықтың 2010 жылға қарай 0,2% артуын қамтамасыз етті. Балалар санының аздығы, сондай-ақ өңірдің еңбекке жарамды жастағы тұрғындарының өңірден тыс жерлерге көшуімен айқындалған халықтың қартаю үрдісі байқалады. Жасы 65 жастан жоғары тұрғындардың үлес салмағы 10,0%-ды құрайды, орташа республикалық көрсеткіш 7,5%. Балалардың үлес салмағы төмен (19,5%, орташа республикалық көрсеткіш 24,2%).

4. Көші-қон жағдайы. Өзге өңірлермен салыстырғанда, соңғы бес жыл ішінде облыс кері көші-қон сальдо бойынша ең жоғары көрсеткішті көрсетті. 2007 – 2009 жылдар аралығында тұрақтандыру үрдісінің пайда болғанына қарамастан, облыс халқының көші-қон ағымы сақталып отыр. Соңғы екі жылдың ішінде, облысқа келетін халық ағымы сыртқы көші-қонның есебінен қамтамасыз етіледі. Облыстағы халық ағымы, көп жағдайда республиканың өзге өңірлеріне көшумен айқындалған. Облыс ішінде халық қала орталықтарына жақын орналасуға ұмтылады. Ауылдық елді мекендерден қала орталықтарына бағытталған көші-қон ағымы ауылдық жерлердегі жұмыс орындарының жетіспеушілігі, сондай-ақ жастардың жоғары білім алуға деген мүдделілігіне байланысты.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Облыста мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тапшылығы байқалады: 2-5 жас аралығындағы балалардың жалпы санының небары 58,8% бала бақшаларға бару мүмкіндігіне ие. Бұл жағдай жиырма жыл өтсе де өзгеріссіз қалды: 1990 жылы балаларды мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен қамтамасыз ету деңгейі 59%-ды құрады. Облыстағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің 12% жабдықталған ғимараттарда орналасқан, бала бақшалардың 25% ыстық сумен қамтамасыз етілмеген. Мектепке дейінгі мекемелерде мамандандырылған кадрлар тапшылығы байқалады.

Оқушылар саны 50,0 мың адамды (облыстың барлық оқушыларының 27,0%) құрайтын шағын жинақты мектептердің үлесі жоғары. Облыста апаттық жағдайдағы 28 мектеп бар, мектептердің 37,8% жабдықталған ғимараттарда орналасқан. Оқытушылық кадрларға деген сұраныстың деңгейі жоғары (137 адам).

Өлім деңгейінің жоғарылығы байқалады – 100 мың адамға шаққанда 11,72 (орташа республикалық көрсеткіш – 8,97), мұндағы өлім деңгейі бойынша жоғары көрсеткіштер туберкулез ауруына қатысты – 20,9 (орташа республикалық көрсеткіш – 12,9), қатерлі ісіктер бойынша – 159,07 (орташа республикалық көрсеткіш – 111,76) және қайғылы жағдайлар, уланулар мен жарақат алудан – 145,32 (орташа республикалық көрсеткіш -

Емдеу-алдын алу мекемелерінің қолданыстағы ғимараттары пайдалану мерзімінің ұзақтығын қамтамасыз ететін үлгілік жоба бойынша салынбаған. Сонымен қатар, мамандандырылған кәсіби медициналық көмектің шалғайдағы ауылдық елдімекендердің тұрғындары үшін қолжетімділігі төмен. 2010 жылы кадрлар тапшылығы 518 дәрігер мен 134 орта медицина қызметкерлерінен құралды, соның ішінде ауыл бойынша – 154 дәрігер мен 38 орта медицина қызметкерлері.

Облыстың 798 елдімекендерінің 235 орталықтандырылған сумен қамту жүйесі жұмыс істейді, бұл халықтың 77,9% қамтиды. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі орталықтандырылған сумен қамту жүйесі 51,4% қамтиды (2009 жылы – 47,6%). Сумен қамту желілері қанағаттанарлықсыз күйде (желілердің тозуы 60-70% құрайды), мұның салдары – желілердегі ірі су көлемдерінің қайтарымсыз ағып кетуі мен халықтың суды тұтынуының үлестік нормасының артуы.

6. Жол-көлік желісінің жеткіліксіз дамуы. Облыстағы автокөлік жолдарының 27,4% қанағаттанарлықсыз жағдайда, сонымен қатар облыс жолдарының шамамен 49,8% түпкілікті және орташа жөндеу жұмыстарының жүргізілуін қажет етеді. Көпірлер мен суқұбырларының техникалық жағдайы ерекше қауіп төндіріп отыр, олардың 85% қанағаттанарлықсыз жағдайда және жөндеу жұмыстарының жүргізілуін қажет етеді. Дамуды тежеуші факторлардың бірі елдімекендердің тұрақты жолаушы тасымалдауларымен қамтамасыз етілмеуі жатады (786 елді мекеннің 294 (37,4%) тұрақты жолаушылар тасымалымен қамтамасыз етілмеген).

7. Өңірдің экологиялық жүйесінің нашарлауы. Таукен кешенінің ықпалының есесінен су көздерінің ауыр металдармен ластану деңгейінің жоғарылығы байқалады (Брекса, Глубочанка, Красноярка өзендері). Жер үсті және жер асты суларының жағдайына ықпал ететін негізгі фактор – тарихи ластаулар болып табылады.

Қалалардағы атмосфералық ауаның сапасына ықпал ететін негізгі факторларға өнеркәсіптік кәсіпорындардың ластаулары, жылжымалы көздерден шығарылатын ластаулар көлемінің артуы жатады. Облыс аумағы Семей ядролық полигоны зардаптарының ықпалында болып табылады.

Ластау көздерінің саны жыл сайын 14%-ға артып отырады. Осылайша қалыптасатын ластаушы заттардың көлемі жылына 1,5 млн. тоннаны құрады. Ластаушы заттардың біршама көлемі ауа, су және жер ресурстарына кері әсер етулерін жалғастырып келеді, олардың аулау және зарарсыздандыру деңгейі 89,5%-ды құрайды. Ағынды сулардағы ластаушы заттардың көлемі 34%-ды құрайды.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдары салынған тазарту құрылыстары өздерінің қолданушылық ресурстарын тауысты, құрылыстардың жобалық қуаттары жеткіліксіз, оның салдарынан Ертіс өзеніне тиісті түрде тазартылмаған шаруашылық-тұрмыстық, өнеркәсіптік ағынды және нөсерлі сулар тасталады.

1. Кедейшілік. Көрсеткіштердің жиынтығы бойынша облыста жан басына шаққандағы орташа табыс көрсеткіші салыстырмалы түрде жоғары (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз) болуына қарамастан, халық кедейлігінің жоғары деңгейі байқалып отыр. Республикадағы кедейлер қатарында облыстағы кедейлер үлесі 6,7% құрайды және өңір халқының республика халқына шаққандағы үлесінен (2,4%) 2,8 есеге көп. Кедейліктің салыстырмалы деңгейі (22,6%), тереңдігі және шиеленісуі елде ең жоғары көрсеткішке ие.

2. Жұмыспен қамтылу. Жұмыссыздықтың салыстырмалы түрде жоғары көрсеткішімен қоса, облысқа жұмыспен қамтылудың өнімсіз құрылымы тән (Болжамды схемаға берілген 29-32 қосымшада көрсетілген). Жұмыспен қамтылған халықтың 22,3% табыс деңгейі төмен салаларда: бюджеттік (мемлекеттік басқару, білім беру, денсаулық сақтау), ауыл шаруашылығы салаларында жұмыс істейді. Сондай-ақ, ауыл халқының 12,5% төменгі табысты өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарына жатады.

Өңірде жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуымен қатар мамандардың құрылымдық жетіспеушілігі де байқалады. Өңірдің өнеркәсіптік кешеніне мұнай-газ секторының жоғары технологиялық сегменттерінде жұмыс істеуге арналған білікті мамандар жетіспеушілігі тән. Бұл шетелден немесе елдің басқа өңірлерінен мамандарды тартуға себеп болады. Бұған келуші мамандардан басқару және негізгі техникалық топ-менеджментті құрайтын мұнай-газ компанияларының көпшілігінде шетелдік жеке меншіктің басым болуы да ықпал етеді.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Облыс халықтың табиғи өсу көрсеткішінің жоғары болуына (2005 – 2009 жылдарға өңір бойынша орташа көрсеткіш – 23,40%, республика бойынша орташа көрсеткіш – 10,95%) және миграцияның оң сальдосына байланысты жоғары демографиялық әлеуетпен сипатталады. Сонымен бірге облысқа халық құрылымында балалар үлесінің жоғары болуы (30,4%, республика бойынша орташа деңгей – 24,2%) және еңбекке қабілетті жастағы халық үлесінің салыстырмалы төмен деңгейі (66%, республика бойынша орташа мәні – 68,4%) тән. Табысы күн көріс минимумы көлемінен төмен халықтың 87,5% көп балалы отбасылар құрайды.

4. Көші-қон жағдайы. Облысқа халықтың тұрақты көші-қондық өсімі тән (2009 жылы – 9071 адам). Сыртқы жағымды көші-қон, негізінен Өзбекстаннан (көші-қондық өсім – 3389 адам), Түркменстаннан (1920 адам) және Моңғолиядан (376 адам) халық ағымы есебінен қалыптасады. Оралмандар ауылдық жерлерге қоныстандырылады және білімінің жоқтығына байланысты негізінен аграрлық салада жұмысқа орналасады, бұл да өңір кедейлігінің қалыптасуының негізгі факторларының бірі болып табылады.

Өңірдің негізгі ерекшелігі ретінде Мұнайлы, Түпқараған аудандарында байқалатын ішкіөңірлік көш-қондағы оң сальдоны және керісінше Ақтау және Жаңаөзен қалаларындағы, басқа аудандардағы халық ағымын айтуға болады.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Облысқа балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамтудың (33,5%) және

мектептерде оқушы орындарымен қамтамасыз етудің төмен деңгейі тән.

Халықтың өмір сүру деңгейі төмен аудандардан (Маңғыстау, Қаракия) өмір сүру деңгейі жоғары аудандарға (Түпқараған, Мұнайлы) көші-қон ағымының жоғары деңгейіне байланысты, облыстың кейбір аудандарында нашар жабдықталған мектептер болса (2250-ге жуық оқушыны қамтитын 18 мектеп), басқа аудандар мен қалаларда оқушы орындарының жетіспеушілігі байқалып отыр. Осыған байланысты үшінші кезекте оқушылардың үлесі көбеюде. Оқушы орындарының жетіспеушілігі 10753 орынды құрайды. Облыстың 11 елді-мекенінде жалпы білім беретін орта мектеп жоқ.

Денсаулық сақтау саласында халықтың дәрігерлермен қамтылуының салыстырмалы төмен деңгейі (10 мың адамға 37,55 дәрігер, республика бойынша орташа деңгей – 38,13) және амбулаториялық-емханалық мекемелердің жетіспеушілігі (10 мың адамға бір кезекте 124,6 рет қарау, республика бойынша орта көрсеткіш – 131,9) байқалып отыр. Мұның барлығы халықтың науқастану деңгейіне жағымсыз ықпал етеді (100 мың адамға бірінші рет тіркелген 63499,9 науқас келеді, ал республика бойынша орташа көрсеткіш - 60249,8). Облыста ана (2009 жылы 100 мың тірі дүниеге келген сәбиге - 48,9 жағдай, республика бойынша орташа көрсеткіш – 36,9) мен бала (2009 жылы 1000 дүниеге келген сәбиге – 2044 жағдай, ал республика бойынша орташа көрсеткіш – 18,23) өлімінің өте жоғары деңгейі тіркеліп отыр.

Өңірдің ең бір күрделі мәселелерінің бірі ретінде облыс халқын сапалы ауыз суымен қамтамасыз етудің төмен деңгейін айтуға болады. Ауылдық елді-мекендердің жалпы көлемінің тек 27% ғана орталықтанған сумен қамтамасыз ету жүйесіне қосылған. Облыста ауыз судың табиғи қоймалары жоқтың қасы. Облыс халқын ауыз сумен қамтамасыз ету «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС тұщытқыш қондырғыларымен, өңірге Жайық суын жеткізетін «Астрахань-Маңғышлақ» су таратқышымен, жерасты қайнаркөздерді пайдалану есебінен іске асырылады.

6. Жол-көлік желісінің жеткілікті дәрежеде дамымағаны. Облыс бойынша автокөлік (1000 шаршы шақырымға - 13,4 шаршы шақырым) және теміржолдарының (1000 шаршы шақырымға - 4,73 шаршы шақырым) тығыздығы республика бойынша орташа көрсеткіштен (сәйкесінше, 30,9 және 5,41) әлдеқайда төмен. Автокөлік саласының дамуына жол жабынының төмен сапасы және қызмет көрсету инфрақұрылымының болмауы кері әсерін тигізеді.

7. Экологиялық мәселелер. Облыстағы республика бойынша тазалаусыз қалдықтардың көлемі жоғары - 91% (республика бойынша - 6,3%); Ақтау қаласы «Қошқар Ата» қоймасындағы жиынтық белсенділігі 11 242 Кюри болатын жиылған улы және радиактивті қалдықтардың ең үлкен көлемі; жалпы көлемі 21138,1 гектарды құрайтын бұрынғы карьерлердегі бұзылған жер учаскелерінің үлкен көлемі; Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің мемлекеттік экологиялық мониторингінің жүргізілмеуі; топырақ-өсімдік жабынының шөлге айналуы (құмды сілемдерде су жинау нәтижесінде жерасты суларының деңгейінің төмендеуіне байланысты жылжымалы құмның

қозғалуы), азуы және эрозиясы үдерістерінің дамуы тән. Ауыл шаруашылығы жерлерінің тек 12,6% (1606,3 мың га) ғана жағымсыз жағдайлардың болмауына байланысты пайдалануға жарамды болып табылады.

А с т а н а қ а л а с ы

1. Кедейшілік. Астана қаласы жоғары ақша табыстары және халықты жұмыспен қамту деңгейінің жоғарылығымен айқындалған кедей халықтың үлес салмағының төмендігімен сипатталады (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз). Алайда, 2004 – 2009 жылдары ЖӨӨ өзгеру қарқыны, Астана экономикасындағы 2008 – 2009 жылдары басталған тоқыраудың дәлелі ретінде, қаланың экономикалық дамуындағы трендтің өзгерісін айқын көрсетеді. Дағдарысқа дейінгі кезеңде ЖӨӨ негізін құрылыс саласы құраған болса (20% астам), 2009 жылы сауда, көлік пен байланыстың үлес салмағы артық болды. Құрылыс саласы Астананың ЖӨӨ бесінші бөлігін құрағандықтан, және қаланың дамуына қуатты мультиплицирлік әсер еткендіктен, бұл саладағы түсім экономиканың өзге секторларындағы қысылуға алып келді, сәйкесінше халықтың тұрмыс деңгейіне әсер етті.

2. Жұмыспен қамту. Қала халқы тұрғындарының экономикалық белсенділігі жоғары, ал жұмыссыздық деңгейі орташа республикалық деңгейге сәйкес келеді (Болжамды схемаға берілген 29-32 қосымшада көрсетілген). Сонымен қатар, өңірдегі жастар арасындағы жұмыссыздықтың үлесі ең жоғары деңгейде (10,5%, орташа республикалық көрсеткіш 6,7%). Өңірде құрылыс саласында жұмыс істейтін адамдардың үлесі басым (13,5%, орташа республикалық көрсеткіш 7,0%), алдағы болашақта бұл құрылыс саласындағы қарқынның тоқтатылуына байланысты жұмыссыздық мәселесінің туындауына алып келеді.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Астана қаласы халық санының өсім қарқыны бойынша алда келе жатыр. Қала халқының жалпы жоғары өсімі (2005 – 2009 жылдар - 122,6%) халықтың табиғи (2005-2009 жж. орташа көрсеткіш - 15,21%, орташа республикалық көрсеткіш 10,95%) және көші-қон (2005 – 2009 жылдар - 102554 адам) ө с і м і м е н а й қ ы н д а л ғ а н .

Алайда қала халқы санының жоғары өсімі әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің тиісті қамтамасыз етілуі және құрылысымен қатар жүрмейді.

4. Көші-қон жағдайы. Соңғы 10 жыл ішінде қала халқы санының екі есе артуы елдің өзге өңірлерінен халықтың ағымының жоғары болуының есесінен жүрді. Қаладағы жағдай Алматы қаласымен салыстырғанда соншалықты өткір болмағанымен, жұмыспен қамту деңгейінің жеткілікті болмауымен, халықтың көші-қондық ағымы қаланың әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің туындау факторларына айналуы мүмкін. Қала аумағының ауқымы және тұрғын үй қорларының жеткілікті болуына қарамастан, астанадағы тұрғын үй құнының жоғары болуы – көшіп келушілердің әлеуметтік бейімделуінің негізгі тежеуші факторы болып табылады.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Қалада

мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жетіспеушілігі мен артық жүктелуі мәселелері, мектептердегі оқушыларға арналған орындардың жетіспеушілігі мәселесі өте өзекті, ал бұл тұрғын үй және инфрақұрылымдық құрылысты дамытудағы ірі тепе-теңсіздіктердің барын көрсетіп отыр. Осылайша, балалардың мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен қамтылу деңгейі 41,8%-ды құрады.

Оқушылар санының, сәйкесінше жиынтық сыныптар, мектепке дейінгі топтар санының артуы және жаңа мекемелердің ашылуына байланысты кадрларға деген сұраныс арта түспек: математика, ақпараттандыру, физика, дене тәрбиесі, ағылшын тілі, технология, орыс тілді оқыту бойынша бастапқы сыныптар мұғалімдері, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілері; кәсіби білім беру мекемелеріндегі өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларының саны күрт қысқарып кетті. Кәсіби-техникалық бағыттылықтағы мекемелердің материалдық базасы мен техникалық жабдықталу деңгейі төмен.

Халықтың дәрігерлер (10 адамға шаққанда 77,22 дәрігер, орташа республикалық көрсеткіш 38,13) және орта медицина қызметкерлерімен (10 адамға шаққанда 93,4 орта медицина қызметкерлері, орташа республикалық көрсеткіш 87,1) қамтамасыз етілу деңгейінің жоғары болуына қарамастан, амбулаторлық-емханалық ұйымдардың жетіспеушілігі (10 адамға шаққанда 91,4, на ҚР орташа көрсеткіш - 10 адамға шаққанда 131,9) мен халықтың науқастану деңгейінің жоғарылығы (100 адамға шаққанда бірінші рет тіркелген аурулар 64014,1, орташа республикалық көрсеткіш 60249,8) байқалып отыр.

6. Қаланың жол-көлік инфрақұрылымының мәселелері: қалада тура және транзиттік жолдардың болмауына байланысты, жекелеген көшелердегі тұрақты көлік кептелістері; іс жүзіндегі көлік ағымының жекелеген көшелердің жобалық өткізу қабілетінен асып түсуі; қатты жабында жолдардың жоқтығы (400 км астам); қолданыстағы 749,5 км жолдың 38%-дан астамы қанағаттанарлықсыз жағдайда; жасанды жол құрылыстарының тапшылығы (көпірлер, жол өтпелері мен көлік айрықтары); инженерлік желілер мен коммуникацияларды жөндеуден кейін қалпына келтіру жұмыстарының сапасының төмендігі.

7. Экология мәселелері: ластаудың жылжымалы және стационарлы көздерінен зиянды заттар эмиссиясы көлемінің артуынан атмосфералық ауаның ластану деңгейінің артуы; қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу технологияларының жоқтығы; кәріз тазарту құрылыстарының ескіруі; нөсерлі кәріз желісінің жоқтығы; қала маңындағы кен орындарын ерікті құрастыру; ауыз судың сапасын арттыру бойынша жаңа технологиялардың жоқтығы; кәріз ағындарын қайта өңдеу және құбырлы суды тазартуың қажетті қуаттарының жоқтығы.

1. Кедейшілік. Кедейшілік деңгейі бойынша облыс берекелі болып табылады, (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз), бұл ретте қала (1,7%) және ауыл тұрғындары (8,8%) арасында кедейшілік деңгейі бойынша жоғары дифференциация байқалады.

2. Жұмыспен қамтылу. Облыста еліміздің басқа өңірлеріне қарағанда жұмыспен қамтылудың жоғары деңгейі байқалады мұның себебі өңірдің жоғары экономикалық әлеуеті (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз). Бұл ретте төлемі төмен бюджеттік сала мен білім кешеніндегі жұмыспен қамтылғандардың жоғары үлесі байқалады. Жалпы жұмыссыздықтың төмен көрсеткішіне қарамастан, өңірде жастардың жұмыссыздық деңгейі жоғары (8,4%, жалпы республикалық деңгейде 6,7%), оның ішінде жоғары көрсеткіштер қалалық жастарға тән (8,7% жалпы республикалық деңгейде 7,9%).

3. Демографиялық көрсеткіштер. Демографиялық жағдай табиғи өсімнің төмен коэффициентімен сипатталған (2005 – 2009 жылдар аралығындағы табиғи өсім коэффициентінің орташа мағынасы – 3,49‰ республика бойынша орташа 10,95‰) және жалпы теріс көші-қон сальдосы - 3041 адам.

Халық санының қысқартылуы мен оның қартаюында көрінетін облыстағы халық санының тенденциясы жағымсыз болып табылады, кейін бұл облыстың әлеуетін тиімді пайдалануға шектеуіш факторы болуы мүмкін. Төмен демографиялық әлеуеті және адам капиталы сапасының төмендеуі облыс экономикасын еңбек ресурстарымен толық қамтамасыз етуге және жалпы өңірдің дамуына кедергі болады.

4. Көші-қон жағдайы. Аумақтың су ресурстарымен қамтамасыз етілуі, өнеркәсіптің және елді мекендердің әлеуметтік инфрақұрылымының дамыған әлеуетіне қарамастан, халық облыстан көшіп кетеді және басқа өңірлермен салыстырғанда, шетелге этникалық көші-қон басым. 2009 жылы жағымсыз сальдо 2505 адам құрады, бұл бес жылдық кезеңнің көрсеткішіне тең.

Ішкі облыстық көші-қон ағынының жалпы көші-қон саны 63,9% құрады. Бұл жағдайда ауыл тұрғындарының қалаға көшудің жоғары белсенділігін айқындау қажет.

Ішкі көші-қон бағыты бойынша облыстағы қосымша проблемалар «Қазақмыс» корпорациясының орталық офисін Жезқазған қаласынан Қарағанды қаласына көшіруіне әкеп соқты. Осыған байланысты, Жезқазған қаласынан көші-қон күрт көтерілді. 2002 – 2007 жылдары тұрақты жағымды қалалық көші-қон сальдосында (жылына орташа 200 адам), 2008 жылы бұл көрсеткіш күрт теріс өзгерді (905 адам көшті), бұл Жезқазған үшін едәуір шығын болып табылады.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Халықтың дәрігерлермен (жалпы республикалық көрсеткішінде 38,13, 10 мың адамға 46,72 дәрігер) және орташа медициналық қызметкерлерімен (жалпы республикалық көрсеткішінде 87,1, 10 мың адамға 96,5 медициналық қызметкер) қамтамасыз етілуі

жоғары, сонымен қатар амбулаторлық-емханалық ұйымдардың жоғары қуаты (ҚР орташа 10 мың адамға 131,9. 160,3).

Алайда, денсаулық сақтау объектілерімен жоғары қамтамасыз етілуіне қарамастан, бірқатар бағыттар бойынша өлім және сырқаудың жоғары деңгейі бар: тыныс органдарының ауруы, қатерлі ісіктер, психикалық және наркологиялық шалдығулар, сонымен қатар ана өлімінің жоғарғы көрсеткіші.

Облыста балалардың мектепке дейінгі мекемелермен қамтылуы жоғары (69,6%). Алайда орта білімде оқушылардың АҚМ жоғары үлесі бар (18,1% жалпы республикалық деңгейде 16,0%). Облыста АҚМ облыстың барлық мектептерінің 57,9% құрайды. Ауылдық жерлерде математика, физика, информатика, химия және биология мұғалімдерінің тапшылығы бар.

Аудандық және ауылдық елді мекендерде ішетін құбырлық суға қол жетімділік 50-60% аспайды.

6. Жол-көлік желісінің жеткіліксіз дамуы. Облыстағы жолдардың 28,1% қанағатсыз жағдайда. Елді-мекендер жолдарының жағдайы нашар жағдайда, олардың тек қана 17% жақсы жағдайда деп сипаттауға болады.

Облыстың жол-көлік инфрақұрылымының басқа бір негізгі проблемасы облыс орталықтарының бірі Жезқазған қаласының темір жолдық тұйығы.

7. Экология проблемалары. Ең ауқымды және өңір шеңберінен шығатын Семей ядролық полигонының көп жылдық пайдалануының салдары, «Байқоңыр» кешені қызметінің Қарағанды облысының қоршаған ортасына ықпалын қысқарту проблемасы (ракета тасығыш бөліктерінің құлаған аудандары), Балхаш көлінің экожүйесін қалпына келтіру және сақтау проблемалары. Бұзылған жерлердің, шығындардың жиналуы, карьерлердің үлкен алаңдары қалалық және ауылдық жерлердің құрамында иесіз және қалпына келтірілмей қалды.

А т ы р а у о б л ы с ы

1. Кедейшілік. Облыс еліміздің ең кедей және әлеуметтік нашар халдегі өңірлердің бірі болып табылады. Кедейшілік деңгейі жалпы республикалық 8,2% деңгейде, 10% құрады. Толық мағынада облыстағы кедейлердің республикалық кедейлердің жалпы санына үлесі 4,1% құрайды және республикадағы халықтың жалпы санынан өңірдің халық үлесінен (3,2%) басым келеді (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз)

Кедейшілік себептерінің талдауы жұмысқа тартымдылық құрылымының тиімді емес екендігімен себептеледі: мұнай және газ өндіру саласында тартылған және едәуір жоғары ақша түсімдері бар халықтың үлесі азын аулақ болып келеді және мұнай және газ өндірудің әлеуметтік ықпалы өңір тұрғындарының шектеулі сегментіне таралады. Өз кезегінде экономиканың басқа секторындағы еңбек ақысының деңгейі анағұрлым төмен.

2. Жұмыспен қамтылу. Облыс үшін жұмыспен қамтылудың тиімді емес құрылымы

тән, өйткені жоғары жұмыспен қамтылу және жұмыссыздықтың төмен деңгейі кедейшіліктен сақтап қалмайды. (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз). Жұмыспен қамтылу құрылымының айрықша белгісі болып экономиканың төмен пайдасы бар секторында тартылған халықтың жоғары үлесі: бюджеттік салада, (облыстың барлық жұмыспен қамтылғандардың 20% астам), ауыл шаруашылығында табылады. Бұдан басқа халықтың 14,2% өзіндік жұмыспен қамтылған төмен пайдасы бар дәрежесіне кіреді, бұл ретте ауылдық жерлерде өзіндік жұмыс істейтіндердің үлесі 21,1% ж е т е д і .

Жұмыссыздықтың елеулі әлеуеті өңірдің құрылыс секторы ие мұнда облыс бойынша 20,3% жұмыспен қамтылған, ал орташа ел бойынша бұл салада тек қана 7% тартылған. Инвестициялық белсенділіктің төмендеуі және мұнай және газ секторындағы ірі объектілердің құрылысы аяқталуымен құрылысшылардың едәуір бөлігі босап, жұмыс іздейтін болады.

Кадрлардың құрылымдық тапшылығы. Облыста мұнай және газ секторының жоғарғы технологиялық сегменттерінде жұмыс істеу үшін мамандандырылған қызметкерлердің тапшылығы бар және бұл мамандарды шетелден немесе еліміздің басқа өңірлерінен тартуына себепші. Бұған көп дәрежеде мұнай және газ компанияларының көпшілігінде басқарушылық және негізгі топ менеджменті келген мамандардың санынан құрайтын шетел меншігінің басым болуы ықпалын тигізеді.

Облыста, әсіресе ауылдық жерде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы мекемелерде педагогикалық кадрлардың, сонымен қатар медициналық қызметкерлердің едәуір тапшылығы бар, бұған себеп төмен еңбек ақы және осы мамандардың әлеуметтік тартымдылығының төмендігі, тұрғын үй мен әлеуметтік қызметтің жоқ болуы, шалғай ауылдарда тұрғын үй жағдайларының жаман халдігі.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Демографиялық жағдай төмен табиғи өсім коэффициентімен (2005 – 2009 жылдары 10,95% орташа республика бойынша аралығында табиғи өсімнің коэффициенті 17,38 % құрады. Бұл ретте облыс халқының демографиялық құрылымының ерекшелігі ол, тұрмысы нашар ауыл тұрғындарының басымдығы (51%), балалардың халықтың құрылымындағы жоғарғы үлесі (28,5%) және халықтың еңбекке қабілетті жастағы төмен үлесі, бұлардың барлығы өңірдегі кедейшіліктің жоғарғы деңгейінің қалыптасуына едәуір әсерін тигізеді.

4. Көші-қон жағдайы. Облыс Қазақстанның төрт реципиент өңірлерінің бірі болып табылады, мұнда жеткілікті жоғары жағымды көші-қон сальдосы байқалады (2005 – 2009 жылдар аралығында көші-қон жалпы сальдосы – 7597 адам). Облыс халқының едәуір көші-қон өсімі (2009 жылы өсім - 1586 адам) негізінен басқа мемлекеттерден келген халық өсімінің (көші-қон өсімі – 1369 адам) негізінде қалыптастырылады оның ішінде жоғары өсімді Өзбекстан және Моңғолиядан келген қазақтар құрайды.

Ішкі облыстық көші-қон аграрлық халықтың қалаға және басқа өңірлерге мол көшуі ауыл тұрғындарының төмен мобильділігімен, алынған білімнің төмен сапасы ең

бастысы техникалық білімнің және қайсыбір индустриялық тәжірибенің жоқ болуымен
ұ с т а л а д ы .

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Облыста балалардың мектеп жасына дейінгі мекемелермен (50,5%) және мектептерде оқушы орындарымен қамтамасыз етудің төмендігі байқалады. Облыста мектеп жасына дейінгі мекемелер қызметкерлерінің тапшылығы бар олардың санына мұғалімдер, тәрбиешілер, медицина қызметкерлері кіреді. Облыс мектептерінің 50% күрделі жөндеуді талап етеді. Алайда ең өзекті және жылдам шешуді талап ететін проблемалардың бірі жергілікті мектептерді педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету болып отыр. Мұғалімдердің тапшылығы 423 бірлікті құрайды.

Денсаулық сақтау саласында халықтың дәрігерлермен (38,13 орташа республикалық көрсеткішінде 10 мың адамға 30,36 дәрігер) және орташа и медициналық қызметкерлермен (87,1 орташа республикалық көрсеткішінде 10 мың адамға 79,2 орташа медициналық қызметкер) қамтамасыз етілуінің төмендігі, сонымен қатар амбулаторлық-емханалық ұйымдардың жетіспеуі (республика бойынша 10 адамға орташа көрсеткіш 131,9, 10 мың адамға қуаты 99,1).

Өңірде ана өлімінің республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіші (2009 жылы 100 мың тірі туғандарға 56,9 мың оқиға, орташа республика бойынша 36,9) және белсенді көкірек ауруының жоғарғы көрсеткіші (республика бойынша орташа 105,5 көрсеткішінде, 100 мың адамға 123,4).

Облыста ауыл тұрғындарын ішетін сумен қамтамасыз ету проблемасы өткір тұр өйткені облыстағы 36 су тазартқыш құрылыстарынан 19 ғана жұмыс істейді. Облыс бойынша тек қана елді мекендердің 59,1% орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету көздері бар, 27,8% - орталықтандырылмаған көздердің суын пайдаланады және 13,1% шеттен әкелінген суды пайдаланады.

6. Жол-көлік желісінің жеткіліксіз дамуы. Атырау облысындағы жолдардың тығыздығы төмен және 1000 шаршы метрге 19,1 км құрайды. Бүгінгі күні жолдардың 73% қанағаттандырмайтын жағдайда және бұл қалалар мен ауылдар арасындағы көлік б а й л а н ы с ы н қ и ы н д а т а д ы .

7. Атырау облысы экожүйесінің дағдарыс алдындағы жағдайы. Көп жылдық мұнай және газдың шығару және шығарылатын шикізаттың жоғары әсерінің салдарынан атмосфераның, үстірт және жер астындағы сулардың, ал олар арқылы топырақ және өсімдік қабатының қарқынды ластануы жалғасуда. Өсіп жатқан экожүйесінің бұзылу қаупі мен Орал-Каспий бассейнінің био айырмашылығы негізінен теңіз өндірудің масштабтарының күтіп отырған өсіммен байланысты. Көпжылдық қолданыстан кейін қалпына келтіруді талап ететін «Азғыр» ядролық полигонның елсіз территориясы және «Тайсойған» мен «Нарын» ракеталық-сынау полигондардың бар болуы. Топырақ өсімдік қабатының босау, деграациялау және омырылу үрдістерінің дамуы. Ауылшаруашылығы егістіктерінің тек 6,3% (579,3 мың га) күрделі емес жағымсыз

көріністері бар категорияларға жатады. Орал өзеніндегі тасқын суларының тапшылығы : 2009 жылы жылдық ағу 5,3 км³ құрады, бұл қажетті өзен ағынын көлемінен 50% төмен.

А л м а т ы қ а л а с ы

1. Кедейшілік. Алматы қаласы кедейшіліктің біршама төмен деңгейімен сипатталады. Бұл халықтың жоғары ақша түсімдеріне негізделген (Болжамды схемаға 26-28-қосымшаларды қараңыз). Алайда, Қалада тұратын халықтың тіркелмеген контингентін есепке алғанда кедейшіліктің нақты көрінісі басқаша болуы мүмкін, бірақ қазіргі кезде халықтың нақты тұрғындар саны мен кедейшіліктің дәрежесін дұрыс бағалауға мүмкіндік жоқ. Жеке сарапшылардың бағасы бойынша қаланың ресми тұрғындар саны 1,4 млн. адам болса, тұрғындардың нақты саны 2,3-тен 2,5 млн. адамға дейін болуы мүмкін.

Арада қаланың перспективалы дамуы қаланың тұрғындар санының өсу тенденциясын санамау мүмкін емес, өйткені олар нақты әлеуметтік экономикалық проблемаларды тудырады.

2. Жұмыспен қамтылу. Басты әлеуметтік проблемалардың арасында қалада ең өткірі халықты жұмыспен қамту проблемасы: еліміздің басқа өңірлерін қарағанда мұнда жұмыссыздықтың жоғары деңгейінде – 7,7% халықтың жұмыспен қамтылу, экономикалық белсенділіктің төмен деңгейі байқалады (Болжамды схемаға 29 – 32-қосымшаларда көрсетілген).

Сол сияқты еңбек нарығында сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігі бар. Жалпы жұмыссыздықтың бар болғанымен еңбек нарығында белгілі түрдегі мамандарға деген « кадрлық аштық» байқалады, олар сату және логистика менеджерлері, IT-мамандары, әр түрлі мамандығы жоғарғы деңгейлі инженерлер, жұмыс мамандарының өкілдері есепшілерге, бюджеттік саланың мамандарына, қызмет саласының қызметкерлеріне деген сұраныс сақталуда.

Басқа өңірлерге қарағанда қаланың жұмыссыздары арасында жоғары және аяқталмаған жоғары білімділердің деңгейі жоғары, нәтижесінде бұл қала тұрғындарының білім деңгейінің жоғарылығымен және шығарылатын мамандар құрылымының бүгінгі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуімен себептелген.

3. Демографиялық көрсеткіштер. Қаланың жоғарғы демографиялық әлеуеті салыстырмалы жоғары табиғи (2005 – 2009 жылдар арасында табиғи өсімнің орташа коэффициенттің мағынасы қала бойынша 14,13% құрады, бұл жалпы республикалық мағынадан жоғары (10,95%) өсімінен және көші-қон өсімінен артық.

Еңбекке қабілетті жастан кіші халықтың үлесінің өсімі және адамдардың еңбекке қабілетті және еңбекке қабілетті жастан жоғары халықтың салыстырмалы үлесінің төмендеуі байқалуда, бұл болашақта халықтың қартаю тенденциясының дамуын жою қажет. Сонымен бірге мамандығы төмен өңірлердегі ауыл тұрғындарының қалаға көші-қон өсімінің еңбек әлеуетінің жалпы сапасының төмендеуіне салдары бар.

4. Көші-қон жағдайы. Қазақстанның басқа өңірлерінен келу өсімі факторы қаланың өткір әлеуметтік экономикалық проблемаларының себепшісі. Азаматтардың келу санымен салыстырғанда қала еліміздің басқа өңірлерінің арасында озаттардың бірі, (2005 – 2009 жылдар аралығында халықтың көші-қон жалпы сальдосы 102554 адамды құрады (жағымды көші-қон сальдосы байқалатын 4 өңірдің арасында 2-орын).

Жоғарыда мазмұндағанды ескере келе, қала үшін ең көкейтесті проблемалық мәселелерінің ішінде оның тым қоныстануы, келушілермен оның шеттері мен қала маңдарын апаттық игеруі, қоршаған табиғи ортаның сапасының төмендеуі, көшіп-қонушылар арасында жұмыссыздықтың жоғары деңгейі болып табылады. Бұл ретте ауылдық көшіп-қонушылардың бейімделуі тұрғын үйдің, тіркеудің жоқ болуымен, еңбекке тарту проблемаларымен, өмір сүруге қаражаттың жетіспеушілігімен қиындатылады. Заңсыз мигранттардың еңбек салалары болып негізінен құрылыс, сауда және коммуналдық шаруашылық табылады.

5. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету. Қалада дәрігерлермен қамтамасыз етілу республика бойынша 2 есе артық, орташа медициналық персоналмен - 8%, емхана төсек орындарымен жалпы республикалық көрсеткішпен салыстырғанда 12,5% есе артық. Алайда, қаланың денсаулық сақтау инфрақұрылымы жағдайын басқа өңірлермен салыстырған кезде, ең өткір проблема болып кадрлардың тапшылығы мен ағынның өсуі. Денсаулық сақтау ұйымдардан жоғары маманданған және тәжірибелік мамандар кетеді бұл жағдайда кадрлар ағынның басты себебі болып еңбек ақысының төмендігі, жоғары жүктемелер мен әлеуметтік пакеттің жоқ болуы. Тар мамандандым дәрігерлерінің тапшылығы байқалады (анестезиологтар, психиатрлар, инфекционистер, лор-дәрігерлері, невропатологтар, кардиологтар, рентгенологтар және т.б.).

Осы үрдістер аясында БҰДЖ енгізілуімен, басқа қалалардан келген емделушілердің бастапқы медициналық санитарлық көмек ұйымдарына өсімі көбейді бұл қаланың медициналық көмек көрсету жүйесін қолайсыздыққа ұрындырып, қызмет көрсету сапасының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін. Кейін қалада наркологиялық шалдықтармен, қант диабеті, тыныс органдарының ауруы және басқа да әлеуметтік маңызды аурулармен ауыратын адамдар санының ұлғаю сақтық туғызады. Шет қалалардан келген емделушілердің өсімімен бұл тенденция күшейтілуі мүмкін.

Білім саласында мамандандырылған педагогтардың өндіріске және шағын және орта бизнеске кету үрдісі сақталуда.

Жас мамандар еңбекақысының төмендігінен мектептер мен колледждерде жұмыс істеуге ынталанбаған, сондықтан бастапқы және орташа кәсіби мектептер мен колледждер жоғары мамандандырылған инженерлік педагогикалық кадрлардың тапшылығын көруде.

Мектепке дейін мекемелерде орындармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі, жаңа аудандардың тұрғындарын мектептерде орындармен қамтамасыз етілмеуі байқалады.

Балаларды мектепке дейін оқу және тәрбиемен қамту деңгейі біршама төмен және 2009 жылы 30,8%-ды құрады. Алматы қаласының аумағында балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелерді салу үшін бос жер учаскелерінің жоқ болуы жағдайды күшейтеді.

6. Алматы қаласында көлікпен қамтамасыз ету проблемалары. Қалада жыл сайын өсетін көлік және коммуникация желісіне үлкен жүктеме бар. Халық санының өсуіне, қаланың автомобильдендіруі деңгейінің ұлғаюына, еңбек көші-қонының күшейтілуіне байланысты жылдан жылға қалалық трафиктің тығыздығы мен шиеленісуі өсуде. Халықтың белсенді автомобильдендіруі соңғы бес жыл ішінде көлік ағындарының қарқындылығын екі еселеді нәтижесінде, көлік торлары мен көліктік қол жетімсіздік өңірлері кәдімгі құбылыс болып отыр. Өндірістік аудандардың көліктік қамтамасыз ету проблемасы өзінің бірінші позицияларын қаланың орталық бағытына және орталық іскер аудандарындағы тұрақ проблемаларына берді.

7. Экология проблемалары. Қаланың ауа бассейнінің ластануы, су объектілерінің жағдайы, қалдықтарды кәдеге жарату негізгі проблемалардың бірі болып табылады. Қала атмосферасын ластаудың негізгі көздері авто көлік (шығындардың жалпы санынан шамамен 90%), жылу энергетикалық кешен, жеке сектордың жылу көздері болып табылады. Алматы қаласы өзендерінің үстірт суларының сапасы «орташа ластанған» 3 дәрежеге жатады.

Нөсер кәрізі жоқ, арық жүйесінің көп бөлігі жұмыс істемейді, қаланың кәсіпорындарында сумен жабдықтау айналымының жүйесі жеткіліксіз түрде енгізілген.

Шығындарды басқару саласындағы негізгі проблемалар болып қолданыстағы жинау жүйенің жетімсіздігі, шығындарды жаңғырту жүйесі жоқ. ЖЭО-1 күлді шлактары шығындарының өсуі алаңдатады, олардың соңғы жылдардағы жиналуы 261 мың тоннаны құрайды.

3.2. Мемлекет кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді көрсетудің бірыңғай стандарттарына көшу.

Мемлекетпен кепілдендірілген базалық әлеуметтік қызметтерге қол жетімділік кепілдігі.

Қазақстан Республикасы өз азаматтарына ұсынылатын мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтер мен игіліктерге қол жетімділікті кепілдейтін зайырлы мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы Республика азаматтары заңмен бекітілген медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін тегін алуға құқылы сондай-ақ азаматтарға мемлекеттік оқу орындарында тегін орташа білім алуды кепілдік беретінін жария етеді.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді ұсынуда өңірлік айырмашылықтар. Алайда, қазіргі кезде Қазақстанның өңірлері үшін аумақтық ұзындығына, табиғи климаттық жағдайлардың айырмашылығына, өңірлердің ресурстық және экономикалық потенциалға байланысты халықтың мемлекетпен кепілдендірілген негізгі әлеуметтік қызметтерге қол жетімділік және қамтамасыз ету

деңгейі бойынша едәуір айырмашылық тән, ол соңғы жиырма жыл ішінде ауылдық жерде және еліміздің кіші қалаларында әлеуметтік инфрақұрылым объектілердің деградациялануы нәтижесінде едәуір күшейтілді.

Өңірлік айырмашылықтардың себептері. Жергілікті бюджеттердің ағымдағы адамға шаққан шығындарын бір деңгейге келтіруге бағытталған бюджеттік түзетудің қолданыстағы тетігіне қарамастан, мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді ұсынудың іс жүзіндегі сапасы республиканың барлық аумағында бекітілген стандарттарға жауап бермейді және бірдей дәрежеде республика азаматтарына қол жетімді емес.

Мұндай теңсіздіктерге әкеп соғатын негізгі себептер мыналар: тегін қызметтердің бекітілген стандарттардың бюджеттік жүйенің нақты мүмкіндіктеріне және бюджеттік қаржыландырудың басымды бағыттарына сәйкес келмеуі;

бекітілген стандарттарға сәйкес халыққа қызмет көрсетуге емес біріншіден мекемелердің жүйесін ұстауға бағытталған сметалық бюджеттік қаржыландырудың механизмі;

республика экономикасының нарықтық принципіне көшуге байланысты өзгертілген жеке орналастыру жүйесімен санаспайтын, қалыптастырылған мекемелер жүйесіне байланысқан мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді ұсыну технологиясының консервациясы.

Білім қызметтері. Аумақтық бірліктерде мектепке дейінгі тәрбие мен орта білім беру қызметтеріне қол жеткізу білім беру желілерінің мемлекеттік нормативін сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

Республикада облыстар мен аудандар арасында бір оқушыға шаққанда білім шығындардың өңірлік дифференциациясы байқалады.

2009 жылы мектепке дейінгі тәрбиеде және оқытуда бір оқушыға шаққанда Шығыс Қазақстан облысында ең аз шығындары 50,1 мың теңгені ал ең көп Маңғыстау облысында 195,6 мың теңгені құрады. Жалпы орташа білімге деген шығындар бір оқушыға шаққанда еліміздің өңірлері бойынша ең азы Оңтүстік Қазақстан облысында 89,0 мың теңге ең көбі Солтүстік Қазақстан облысында 178,0 мың теңгеге құбылды. Елеулі өңірлік сәйкессіздік бір жағынан ауылдық аз жиынтық мектептер санының көп болуымен және өңірлердің әлеуметтік экономикалық дамуындағы айырмашылықтармен байланысты.

Аудандар бойынша жалпы орта білімге арналған қаражатты бөлу оқушылардың санына емес, әр түрлі бағыттар бойынша бекітілген нормативтік шығындарға (еңбекақы төлеу, коммуналдық шығыстар) сәйкес аудандардың тұтыну негізінде іске асырылады. Бұл қаражаттың біркелкі емес түрдегі бөлінуіне әкеп соғады: осылай, Жамбыл облысының аудандары бойынша бір оқушыға салыстырмалы шығындардың шамамен 2 есе айырмашылығы бар Тараз қаласында 86,82 мың теңге және Мойынқұм

ауданында 159 мың теңге. Оңтүстік Қазақстан облысында шығындардың 2,35 есе айырмашылығы бар: Шымкент қаласында - 69,24 мың теңге, Созақ ауданында - 162,85 мың теңге.

Денсаулық сақтау қызметтері. Медициналық қызметпен қамтамасыз етуде өңірлер арасында айырмашылықтар бар. Қазақстан өңірлері бойынша дәрігерлік кадрлардың біркелкі емес түрде бөлінуі аса жоғары деп сипатталады және Алматы облысында 10 мың адамға 21,3-тен Астана қаласында 77,2 дейін құрайды. Ауылдық жерлерде дәрігерлік кадрлармен қамтамасыз етілу көрсеткіші қалаға қарағанда 4 есе кем. Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Қызылорда, облыстарында және Астана қаласында амбулаторлық-емхана ұйымдарының жоғары жетіспеушілігі байқалады. 2009 жылы денсаулық сақтауды жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі бір адамға шаққанда Алматы облысында 17,6 мың теңгеден, Батыс Қазақстан облысында 31,5 мың теңгеге дейін құбылады.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді ұсынудың бюджеттік проблемалары. Бюджет қызметтерінің салыстырмалы құнның біркелкі еместігі, нормативтік бюджеттік шығындардағы дифференциация табиғи және әлеуметтік сияқты факторларға негізделеді. Осы кезеңде өңірлердің бюджеттік мүмкіндіктері олардың экономикалық потенциалдарына байланысты осыған орай бюджеттік қаржылық әлеуетті бөлу кезіндегі елеулі дифференциация экономикалық ландшафты поляризациялау негізінде қалыптастырылады.

Қазіргі кезде Қазақстан аумағының мемлекеттік мекемелермен қамтамасыз етілуі оның азаматтардың оның аумағында өзгертілген орналасу құрылымына жауап бермейді. Мемлекеттік мекемелердің басымды саны мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді ұсынудың жаңа, инновациялық тетіктерін пайдалануға икемделмеген. Мемлекеттік мекемелердің функцияларын іске асыруға бюджеттік қаражатты бөлу қағидаттары толық түрде мемлекеттік басқарудың осы заманғы әдістеріне жауап бермейді нақтылағанда, ұсынылатын мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің тиімділігі мен толықтығы бағдарына. Әлеуметтік саланың бір не басқа бағытына бюджеттік қаражатты бөлу мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді ұсынудың сапасы не көлемімен емес, тек қана өткен жылдардағы мемлекеттік мекемелердің шығындарының индекстеуімен негізделеді.

Осылайша, Қазақстан бюджет қызметтерінің салыстырмалы құнындағы өңірлік айырмашылықтармен және оларды ұсынудың жалпы көлемімен сипатталады. Бұл ерекшеліктер жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесінде түзету коэффициенттерінің көмегімен есептеледі, нақты жобалар нысаналы трансферттер арқылы іске асырылады. Бюджеттік алу және бюджеттік субвенциялар тетігі бюджетаралық қатынастардың бейімделу тетігі болып табылады.

Көп уақыт бойы азаматтардың құқықтарын Конституциямен кепілдендірілген қаржылық қамтамасыз ету саласында кемшіліктер болды және соңғы жылдары

бюджетаралық қатынастарды реформалау және бюджеттік жүйелердің деңгейлері арасында өкілеттіктердің арар-жігін ажырату барысында ол кемшіліктерді ашу мүмкін болды.

Сонымен қатар, өкілдіктерді шектеу басқа проблеманы – міндеттемелерді атқару бағасы мен мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді стандарттау проблемасын туындады азаматтардың құқығы саласында мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік құқықтарды алуға қабылданған көптеген құқықтық құжаттардың саны бүгінгі күні жетілікті түрде нақтыланбаған, бірде бір қағиданың бірдей түсінілуіне жол береді. Міндеттемелердің айқын еместігі, қызмет мазмұнын және қызметтің құнын негіздейтін сипаттаманың жоқ болуы, қызметтерді жеткізуші әр түрлі мемлекеттік мекемелермен ұсынатын бір түрдегі қызметтердің әр түрлі сапасына әкеп соғады.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету – Қазақстанның стратегиялық міндеті болып табылады. Экономикалық өсімі бар нүктелердің, яғни экономикалық өсім әлеуеті бар аумақтардың дамуын қолдау саясаты нәтижеге жету көзқарасынан ең тиімді болып табылады. Болашақтағы республикалық бюджеттің түсімін озат аумақтардың арқасында толтыру, өз кезегінде оларды басқа аумақтардың халқына мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің сапасы мен қол жетімділігін арттыру үшін жіберуге мүмкіндік береді. Алайда бұл даму стратегиясын іске асырудың бастапқы сатысында, бюджет түсімдерінің өңірлік айырмашылығының өсуі шарасыз, нәтижесінде, ұсынылатын бюджеттік қызметтердің сапасы мен көлемінің айырмашылығы.

Аумақтардың және көші-қон үрдістердің бюджеттік қызметтерге бір аумақта сұранысын арттыратын, ал басқа өңірлерде қысқартатын экономикалық дамудың біркелкі еместігі жағдайында, халықтың заңнамада бекітілген бюджеттік қызметтерге кепілді қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін, республика халқын тұратын жерінен тәуелсіз заңнамамен бекітілген бюджеттік қызметтердің кепілдеген жинағына қол жетімділікті қамтамасыз ету сонымен қатар халыққа қосымша мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді алуды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін ескеру қажет.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді ұсынудың бірыңғай стандарттарына көшу. Егер мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтер бойынша стандарттар мен регламенттерді бекіту жөніндегі мәселе шешілмеген жағдайда, азаматтардың мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерге бірдей қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік міндеттер шешіле алмайтыны анық. Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің тізбесін қалыптастыру. Халыққа әлеуметтік кепілдерді қамтамасыз ету үшін, біріншіден, бюджет есебінен қандай қызметтер осы кепілдемені іске асыратынын нақты айқындау қажет. Халыққа мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген өкілдер мен республикалық және жергілікті

денгейде атқарушы билік органдарын шығын міндеттемелерін біріншіден, денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қорғау, мәдениет салаларында (бұдан әрі – мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтер) нақтылау нәтижесінде қалыптастырылуы тиіс.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерге бюджет қаражатының үлкен көлемі жұмсалады, осы қызметтердің тұтынушыларына Қазақстан Республикасы азаматтарының көпшілігі жатады, осы салалардағы қызметтердің көлемі мен сапасы жоғары дәрежеде Республиканың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін айқындап, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту және болашақтағы дамуына әлеует құру саласында елдің ұлттық басымдықтарын іске асыру үшін негіз құрайды.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің тізбесін қалыптастыру Қазақстан Республикасының тиісті салалық министрліктеріне, сондай-ақ атқарушы биліктің жергілікті органдарының салалық ведомстволарына артылуы тиіс. Республикалық және жергілікті бюджеттің есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік әлеуметтік қызметтердің тізбесі бюджеттік қаражат есебінен толық немесе жартылай көрсетілетін тұтынушылардың дәрежесіне арналған белгіні қамтуы қажет.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің өлшемділігі мен сапасын бағалау. Қазіргі кезде мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің өндірісі салаларының көпшілігінде қызмет сапасының өлшенетін ұғымы жоқ. Нәтижесінде, ұсынылатын қызметтердің сапасын бағалау және мониторингілеу жүйесі жөнге салынбаған, ұсынылатын қызметтердің сапасы жөніндегі есептің жүйесі жоқ.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерді ұсыну үрдісін жоспарлауды және мониторингілеуді қамтамасыз ету үшін оларды сандық түрде өлшеуге және сапалы түрде бағалауға болатындай етіп қисынға келтірілуі қажет. Яғни олардың әрбіреуіне өлшем бірлігі сонымен қатар сапалық стандарттың параметрлері бекітілуі қажет.

Қызметтің стандартын әзірлеу қиындығы сонымен бірге талап етілетін сапада қызметті ұсыну үшін қаражаттандыратын билік органдардың бюджеттік қамтамасыз етілудің деңгейі сияқты объективті шектеуліктерде қамтылған, ал басқа жағынан жоғары сападағы қызметтерге деген экономикалық негізделген төлемдерді енгізуге халық тұтынудың төмен төлем қабілеттілігі болып табылады.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің стандарттары ағымдағы бюджет шығындарын жебірету үшін пайдалануға тиіс емес, яғни бюджеттің кірістерімен қамтамасыз етілетін деңгейде бекітілуі қажет. Стандарттарды әзірлеумен, яғни аса кәсіби мәселесімен салалық министрліктер айналысу қажет.

Мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің стандарттарын қайта қарастыруға немесе түзетулер енгізуге негіз ретінде Қазақстан Республикасындағы Экономикалық мамандандырылудың өзгермеуі, бюджет кірістерінің өсуі немесе қысқаруы, сонымен қатар халықтың сапалық мемлекеттік қызметтерге деген тұтынудың өсуі бола алады.

Осылайша, мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаты республиканың халқына Экономикалық мамандандырылуына және өңірлердің мүмкіндіктеріне тәуелсіз осы міндетке тепе-тең кепілді қолжетімділікті және бюджет аралық қатынастарды жетілдіруді қамтамасыз ету тетігін құру арқасында мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтердің бірыңғай әлеуметтік стандарттарды енгізу болуы тиіс.

3-бөлім. Қазақстан Республикасының аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамы

1. Қазақстан Республикасының аумақтық-кеңістіктік дамуының 2020 жылға дейінгі мақсаттары, міндеттері

Негізгі мақсаты – елдің әрбір өңірінің дамуы және әлеуметтік-экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану негізінде халықтың әл-ауқатының өсуін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасының алдағы онжылдыққа арналған өңірлік саясаты халықпен капиталды перспективтік аудандар мен тартымды өсу нүктелеріне аумақтық шоғырландыруға бағытталған елді аумақтық-кеңістіктік ұйымдастырудың ұтымды жүйесін қалыптастыруға, бизнестің дамуына қолайлы жоғары урбандалған аймақтардың қарқынды дамуына, халықтың өнімді жұмыспен қамтылуы және қолайлы өмір сүру ортасын қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Аумақтық-кеңістіктік дамудың негізгі міндеттері:

өзіне экономикалық белсенділікті шоғырландыратын және елдің қалған аумақтарының алдында «локомотивтер» рөлін атқаратын аумақтық дамудың «тірек қаңқасының» желілері ретінде озық өсу аймақтары мен экономиканың түрлі салаларының өндірістерін республика аумағы бойынша перспективті үлестіру арқылы елдің поляризациялық дамуын қамтамасыз ету, ұлттық масштабтағы урбандалу орталықтарын дамытуды қамтамасыз ету;

өндірістік және еңбек ресурстарының «өсу нүктелерінде», өмір сүру үшін экономикалық перспективалы және жағымды аудандарда аумақтық шоғырлануын ынталандыру;

ірі қалаларда өндіріс ауқымының әсерін іске асыру және инновациялық экономиканың негізін қалыптастыру мақсатында агломеризация және урбанизация үрдістерінің дамуын реттеу және ынталандыру;

ел мен өңірлер экономикасының басты салаларында индустрияландыру мен әртараптандыруды қамтамасыз ету, жаңғырту арқылы ресурстан соңғы тұтынушыға дейін аяқталған өндірістік циклдері немесе өнімдік тізбектерді құруға мүмкіндік беретін жоғарғы технологиялық салалар мен кластерлерді дамыту;

мемлекеттің ресурстық әлеуетін және оның салыстырмалы артықшылықтарын тиімді пайдалану, республикалық, өңірлік, халықаралық еңбек бөлінісінде өңірлердің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандандыдыруын қалыптастыру;

Еуразия құрлығындағы мемлекеттің түйінді және транзиттік орналасу артықшылықтарын іске асыру және мемлекеттің ішкі байланысын күшейтуге

бағытталған аумақтық-кеңістіктік дамудың осьтік жүйесін қалыптастыру;
рекреациялық және индустриялық, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды
ауылшаруашылығы, орман шаруашылығы, тұрғын аймақтарын бөліп көрсете отырып
ұйымдастыру арқылы аумақтық дамудың функционалды аймақтарының перспективалы
қ ұ р а м ы н қ а л ы п т а с т ы р у ;

өндірістік күштер мен халықты орналастыруды инженерлік инфрақұрылым (көлік,
энергетикалық, сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымы) объектілерін болашақ
орналастыру мен өзара байланыстыру;
ауыл халқын ұтымды орналастыруды модельдеу;

адам капиталын дамыту және республиканың еңбек ресурстарының ұңғырлығын
арттыру, мемлекет экономикасын индустрияландыру мақсатында демографиялық
үрдістер мен көші-қон ағындарын ұтымды басқару және халықтың тиімді еңбегін
қ а м т а м а с ы з е т у ;

перспективалық өңірлерге жастардың тартылуын жоғарылатуға бағытталған
халықты және әлеуметтік объектілерді орналастырудың тиімді жүйесін қалыптастыру
және халықтың мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерге бірдей қол
жеткізуін қамтамасыз ету, әсіресе ауыл жерлерде және алшақ аудандарда;

мемлекеттің әкімшілік-аумақтық құрылымын ықшамдау, аудандар мен елді
мекендерді ұлғайту және біртіндеп сандарын қысқарту;

мемлекетаралық мәні бар өңірлерге трансформациялау және үшінші
мемлекеттердің нарықтарына шығу мақсатында шекаралас аумақтарды дамыту және
олардың сауда-экономикалық, көші-қон, өндірістік, ғылыми және мәдени
байланыстарын күшейтуге жағдайлар жасау.

Жеке адам мен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, техногендік авариялық
апаттар мен дүлей апаттардан келетін залалдар мен шығындарды қысқарту мақсатында
жағдай жасау үшін дүлей апаттарға, авариялар мен катастрофаларға – маусымдық су
ағыны мен тасқындарына, селге, сырғыма және көшкіндерге, өртке, жер сілкінісіне
қ а р с ы и н ф р а қ ұ р ы л ы м д ы дамыту.

2. Аумақтардың сипаттамаларын, аумақтардың экономикалық ұйымдастырылуын,
қоршаған ортаны қорғау схемаларын ескере отырып өңірлерді дамытудың
с т р а т е г и я л ы қ б а ғ ы т т а р ы .

Қазақстанның халықаралық нарықта минералдық шикізаттың, астық өнімінің және
оларды өңдеу өнімдерінің ірі өндірушісі мен жеткізушісі және Еуропалық,
Азиялық-Тынық мұхиттық және Оңтүстік Азиялық экономикалық жүйелерін өзара іс
қимылдың трансконтиненталдық көпірі ретінде, өңірлік нарықта өнеркәсіптік және
ауыл шаруашылығы өнімнің жеткізушісі, осы заманғы қызметтік және инновациялық
орталығы ретінде ғаламдық танылуының негізгі алдыңғы он жылдық кезеңде мемлекет
халқы орналастыру және экономикалық әлеуетін кеңістікте ұйымдастыруды
қ а л ы п т а с т ы р у ғ а негіз болып қ а л а д ы .

Өңірлер экономикасының бәсекеге қабілетті мамандануын қалыптастыру мемлекеттің халықаралық және ішкі республикалық Экономикалық мамандандырылуында қолданыстағы және әлеуетті салыстырмалы артықшылықтарын айқындауға негізделуі қажет. Біріншіден, минералдық ресурстардың ірі қорлары, астық және мал шаруашылығы өнімдерін өсіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерінің бар болуымен байланысты мемлекеттің қолданыстағы салыстырмалы артықшылықтарды пайдалары іске асырылуы тиіс. Олардың негізінде озық мұнай және металлургия секторларынан өңір экономикасының басқа салаларына даму импульстерін (мультипликативтік әсер) тарату барынша жоғары арқылы қолданыстағы салыстырмалы артықшылықтарды пайдаланудың максималды әсерін қамтамасыз етуге бағытталған маманданудың дәстүрлі даму стратегиясын іске асыру ескеріледі.

Бұл тәсілдің маңызды құралы өңірлердің индустриялық даму үрдістерін ынталандыруға бағытталған ҮИИДМБ болады. Бұл ретте бағдарламада алдағы индустрияландыру «өсімнің жоғары әлеуеті және жоғары экономикалық белсенділігі бар өңірлердің біркелкі даму саясатынан қалалар мен аумақтардың дамуының нақты тұрғысына көшуді талап ететінін» белгілейді.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық дамудың жоспарында экономикалық «ұтымды аумақтық әлеуетті ұйымдастыру және халықтың өмір сүруге ұтымды жағдайларын жасау мақсатында экономиканың этараптандырылуы экономикалық өсудің орталықтарын құру жоспарларымен байланысты болады деп» ескерілген.

Қазақстанның перспективалық дамуының қойылған міндеттерін ескере отырып, өңірлердің ресурстық және экономикалық әлеуетін талдау және оларда бар проблемаларды жинақтау негізінде өңірлердің дамуының нақты стратегиялары анықталатын болады.

Ж а м б ы л о б л ы с ы

Экономикалық даму стратегиясы. Облыстың стратегиялық перспективалары өңірдің ауыл шаруашылығы өнімнің әр түрлерінің және оның қайта өңделу тереңдігі мен дәрежесінің көтерілуімен ірі жеткізушісі ретіндегі рөлінің күшейтуі мен қолдауымен сонымен қатар әлеуетін жаңғырту және осы заманғы өнімдердің жаңа түрлерін игеру және өнеркәсіптің әрі қарай дамуымен байланысты болады.

Өнеркәсіп. 2020 жылға дейінгі мерзімде облыстың негізгі индустриялық мамандануы ретінде бұрынғыдай өңірдің негізгі салалары: химия өнеркәсібі және азық-түлік өнімін өндіру болады.

Өнеркәсіптегі ағымдағы жағдайға және қолдағы бар ресурстарға негізделе, болашақта оның дамуының келесі негізгі жолдарын айқындауға болады:

Базалық химия өнеркәсібінің қалпына келтірілуі мен дамуы. Облыста республика фосфорит қорының 71,9% (кеңнің 2264,3 млн. тоннасы), балқығыш шпаттың 68% шоғырланған. 1 млрд. тоннадан асатын және жылына 2,5 млрд. тонна болжамды қоры

бар фосфордың негізгі перспективалық кен орны Қаратау бассейні болып табылады.

Кеңес заманында облыста орналасқан фосфор кәсіпорындарының кешені сары фосфордың, натрий триполифосфаттың, ортофосфор қышқылының, тыңайтқыштардың және тағы басқа, шетел мемлекеттеріне ең негізгі жеткізушісі болғандықтан, шығару көлемдері мен жұмысшылардың санын арттырумен саланың бұдан былай қалпына келтірілуі мен дамуы мақсатқа сай.

2010 – 2014 жылдарға арналған ҮИИДМБ шеңберінде, 300 жаңа жұмыс орындарын құруды ескеретін «Қазфосфат» ЖШС орталық өндірістік алаңында байыту фабрикасын салу, сонымен қатар күкірт қышқылы цехының құрылысы жобасы іске асырылатын болады.

Облыс үшін жаңа өндірістерді құру. Тымлай кен орынының титандық-магнетиттік кендердің негізінде Қордай ауданындағы «TENIR-LOGISTIK» ЖШС «Титан-магнетиттік кендердің негізінде таулы-металлургиялық кешенінің құрылысы» атты жобасын іске асыруды жоспарлауда. Жоба бойынша 1050 жаңа жұмыс орындарын құру жоспарлануда. Негізгі өнім: темір концентраты, титан концентраты, жоғары көміртекті қоспаланған болат (шойын түйірлері).

Облыстың табиғи әлеуетін (жабайы өсетін кендір) пайдалану арқылы 300 жұмысшылар тартылатын кендірді кешенді өңдеу бойынша зауыттың («Xeloria» ЖШС) құрылысы жоспарлануда. Іске асырудың бірінші кезеңі фармацевтикалық бағытты ашуды және өндірістік тауарлар спектрін кеңейтуді, ал екінші және кейінгі кезеңдері кендірдің туындыларынан автокөлік индустриясына арналған өндірістік тауарлардың өндірісімен байланысты болады деп ескерілген.

Табиғи пайдалы қазбалар қорларына негізделген дамудың басқа болашақтағы бағыты экономикалық айналымға флюорит (балқымалы шпат) кен орындарын тарту болып табылады. Флюоритті өңдеудің негізгі бағыттары – фтор, алюминийдің электрохимиялық өндірісіне арналған жасанды клиорит және бірқатар фтор қосындылары.

Облыста Сарысу ауданындағы кен орындарында 10 млн.тонна аспаздық және техникалық тұз қорлары бар, мемлекетте сұраныс импорт есебінен қамтылатын кальцийлендірілген соданы өндіруге шикізат бола алады. Мемлекет ішінде тұздың негізгі тұтынушылары алюминий және химия өнеркәсібі.

Инновациялық бағыттардың дамуы. Облыста кварциттің 65,1% қорлары шоғырланған, бұл “күн” кремнийіне жақын - 99,5% техникалық кремнийді өндіруде және кейін 99,9% кремнийді өндіруде республикада өз орнын алуға алғышарттарды тұғыз ады.

Кен емес қазбаларды өндіру мен өңдеуді дамыту. Облыста тек қана өз мұқтаждарын өтеуге ғана емес, мемлекеттің көршілес өңірлеріне экспорттауға құрылыс материалдарын өндіруге арналған минералдық шикізат базасы сақталған. Облыста шамамен 570 млн. тонна қоры бар карбонат және балшық шикізатының кен орындары

шоғырланған. Осыған байланысты өңірде цемент және оның өнімдерін (кұрғақ құрылыс қоспалары, ТБЗ және т.б) шығаруды ұйымдастырудың болашағы бар. Қазіргі кезде «Мыңарал Тас Компани» ЖШС цемент зауытын салу жобасы іске асырылуда, оның шеңберінде жаңа 350 жұмыс орындары құрылатын болады. Зауыттың өнімі Балқаш ЖЭС және едәуір бөлігі Жамбыл облысы бойынша өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жол магистралін салуда пайдаланылатын болады.

Энергетикалық әлеуетті қалпына келтіру. Облыс барлық Қазақстанның оңтүстігі сияқты әрдайым электр қуаты тапшылығын көретіндіктен, еліміздің толық түрде электр қауіпсіздігін арттыру және облыс пен Оңтүстік Қазақстанды түгелімен электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында, ҚАЭС қазақстандық газға және ондағы турбиналық жабдықты жаңғыртуды қарастыру мақсатқа сай. Қалалық аудандық электрстанциясының жыл бойғы тұрақты жұмысы облыс және бүкіл Оңтүстік Қазақстан экономикасының дамуындағы энергетикалық шектеулерін жоюға мүмкіндік б е р е д і .

Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы. Облыс жоғарғы сапалы агроөнеркәсіп өнімнің (консервіленген жеміс шаруашылығы, ет, сүт өнімі, қант, жүн, тері бұйымдары) өндірушісі және жеткізушісі ретінде перспективалы. Облыста өсімдік өсірудің өндірістік әлеуеті сақталған, табиғи-климаттық және басқа жағдайлары ауыл шаруашылығы дақылдардың тиімді және рентабельді түрлерін шығаруға мүмкіндік т у ғ ы з а д ы .

Облыста жылқы шаруашылығын дамытуға базасы бар, асыл тұқымды салт жүрісті, ахалтеке, қазақ, дон, желісті тұқымдары өсіріледі. Түйе шаруашылығы мал шаруашылығының перспективалық саласы болып табылады және ол үлкен еңбек шығындарын, азықтың, түбегейлі бөлмелердің салуын талап етпейтін, табындық түйе шаруашылығын дамытуға мүмкіндік туғызатын Мойынқұм шөлді жайылымдарының кең аудандарының бар болуымен болжанады.

Ет өндіру өнеркәсібі. Облыста ет өндіру өнеркәсібін дамытуға жайлы фактор ретінде мал басының молдығы, жақсы жайылымдық аумақтарының бар болуы, мал басының үлкен өсімі, халықтың тұрақты сұранысы, өңдеуші кәсіпорындардың үлкен саны болып табылады. Облыстың ет өндіру өнеркәсібінің болашағы шұжық өнімдері мен ет жартылай өңделген өнімді шығару және өндіру бойынша өндірістің ары қарай ө с у і м е н б а й л а н ы с т ы б о л а д ы .

Жеміс-көкөніс өнімі. Облыста жеміс және бақша өнімдерін өсіруге маманданған барлық алқаптардың 18%-дан астамы шоғырланған. Жеміс шаруашылығы саласы өңірдің ең перспективалы саласы болып табылады, бұл облыстың қала маңындағы аудандарда өңдеу қуаттары мен шикізат өндірудің жоғары шоғырлануымен, Ресейдің өнімді өткізудің дәстүрлі және ірі нарығына біршама жақын орналасуы, пайдаланбайтын қуаттың және экологиялық таза өнімді шығару мүмкіндіктерінің бар б о л у ы н а б а й л а н ы с т ы .

Қызылша және қант өндірісі. Еліміздің алты зауытының екеуі облыста орналасқан: Тараз қаласындағы «Қант» АҚ және «Мерке қант зауыты» АҚ.

Соңғы жылдары қант қызылшасы шығымдылығы мен жалпы жинаудың төмендеуі байқалуда, бұл одан өндірілген қанттың жоғары өзіндік құнының шетел қант шикізатынан шығарылған қанттың өзіндік құнынан едәуір жоғары болуымен ескерілген. Кейінгі жылдары егіс алқаптарының қысқару үрдісі негізінен қант қызылшасын өндірудің төмен рентабелділігі себебінен туындаған. Алайда, облыста осы саланы қалпына келтіру және тиімді дамытудың ресурстық және кадрлық әлеуеті бар.

С о л т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

Экономикалық даму стратегиясы. Елдің сарқылмас қоры ретінде өңірдің болашақ дамуы оның аграрлық-индустриялық әртараптандырылуы негізінде өңірдің ауыл шаруашылығының жоғары әлеуетін ары қарай күшейтуге негізделеді. Өңірдің дамуының басқа бір басты аспектісі әртараптандырылған өнеркәсіп секторы және өңдеуші өнеркәсіптің серпінді түрде дамып келе жатқан кәсіпорындарының әлеуетіне тірелген өңірдің индустриялық дамуын үдетумен байланысты болады.

АӨК салаларының серпінді дамуы. АӨК перспективалы дамуы өндірісті техникалық және технологиялық қайта жабдықтауға, инновациялық технологияларды пайдалануға, АӨК салаларын көлденең әртараптандыруды дамытуға және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуге негізделетін болады.

Өсімдік шаруашылығында егістік алқаптарының құрылымы рентабельді дақылдардың әсіресе бидайдың қатты түрлерінің, рапс, жеміс және картоп, мал дақылдарын ұлғайту жағына түзетілетін болады және бұл экспортқа бағдарланған бәсекеге қабілетті өнімнің шығарылуына мүмкіндік береді.

Бидай өндірудегі өңірдің жоғары әлеуетіне байланысты ірі ауыл шаруашылығы компаниялары және тиімді фермерлік шаруашылықтарын дамыту, ылғалды-ресурстық сақтау технологиясы арқылы егілетін егістік дақылдарының алқаптарын және минералдық тыңайтқыштарды пайдалану көлемдерін ұлғайту, сонымен қатар астық экспортының инфрақұрылымын дамыту ескеріледі.

Жоспарланған кезеңде мал шаруашылығы өнімінің өсімі жаңа осы заманғы кешендер мен фермалардың қолданысқа енгізілуі нәтижесінде, азық базасы мен тұқымдық табынды жақсарту және саланы индустриялық қарқынды дамудың жолына к ө ш і р у д і е с к е р е д і .

ҮИИДМБ сәйкес, Петропавл қаласы астық және етті терең өңдеуге бағытталған агроөнеркәсіп кешенінің негізгі өндірістерін дамыту бойынша салалық мамандану орталықтарының бірі болады.

Машина жасау басымдылығымен индустриялық даму. Өңірдің тарихи жиналған және дамығыш технологиялық әлеуеті облыстың барлық өнеркәсіптік кешенінің ары қарай дамуына қозғау күші бола алады, сонымен қатар республикалық деңгейде өз ұстанымдарын нығайтуын қамтамасыз ете алады.

Дамудың негізгі перспективалық бағыттары мыналар болады: ауыл шаруашылығы өнімі – бидай, рапс, жеміс өнімін шығару және қайта өңдеу, астықты терең қайта өңдеу (клейковина, протеин), сүт және ет өнімін қайта өңдеу; мұнай-газ, көлік және қорғаныс машина жасау; полимерлік орауыш материалдарын, ұсақталған тас кесектерін, кварцтық құм, құрғақ пенобетондық қоспаларда өндіру.

Мұнай-газ машина жасауда құбыр арматурасын, сұйық сорғыларын және жылжымалы бұрғылау қондырғыларды, газды сору агрегаттарын шығару дамытылатын болады. Темір жол машина жасауда жүк вагондарының, үйінділерді тасушылар, контейнер тасушылар, астық тасушылар, темір жол автоматикасы және байланыс құралдарын, сандық теледидарды дамыту үшін жабдықтарды өндіру қамтамасыз етіледі.

Осы міндетке жету үшін кадрлық әлеуетті өсіру, жоғары білім ұйымдары мен облыстың ғылыми техникалық орталықтар, конструкторлық-технологиялық бюролардың инновациялық жобаларды әзірлеуде кәсіпорындармен ынтымақтастығын нығайту қажет. «Мұнаймаш» АҚ базасында шығарылатын өнімді жетілдіру және техниканың жаңа бәсекеге қабілетті түрлерін әзірлеу мақсатында машина жасаудың арнайы конструкторлық-технологиялық бюросын құру мәселесі талқылануда.

Өңірдің ресурстық әлеуеті негізінде өндірістерді дамыту. Облыста бірқатар маңызды кен орындары мен алтынның, күмістің, техникалық және зергерлік алмастардың, қалайының, титанның, түрлі түсті және сирек металдардың, қоңыр көмірдің кен орындар бар, және бұл кен өндіру өнеркәсібін дамытуға алғышарт болады. «Тобыл» ӘКК қатысуымен осы салада 6 жобаны іске асыру жүріп жатыр. «Шекара» цемент әк тастары мергель және саздақ, «Трудовое», «Калиновский», «Шарыковский» құрылыс тастары, «Старопескоское», «Кенеское» құм-қиыршықтас қоспасы, «Явленское», «Южно-Донецкое» құрылыс құмы, «Озерное» табиғи қиыршықтас учаскелерін игеру жоспарлануда.

Облыста кендік емес пайдалы қазбалардың шексіз қорлары бар, осыған байланысты құрылыс индустриясында қиыршықтас, кварц құмы, құрғақ пенобетондық қоспалардың, шлак-сілтілік цементтің, темір бетондар өнімдері мен конструкциялардың, құрылыс металл конструкцияларының, тауар бетондарының, жұмсақ жамылтқыш материалдарының, сэндвич-панельдерінің, полимерлік және болат құрбыларының, шапшаң салынатын тұрғын үйлердің жинақтауына арналған СИП – панельдерінің өндірісі іске асырылатын болады.

Ақжар ауданында қуаты жылына 350 мың тонна байытылған кварцтық құмды байыту фабрикасын («Ақтөбе Glass ЖШС) салумен кварцтық құмдардың Айсары кен орны игеру ескерілген. Құрғақ көбікті-бетондық қоспалардың өндірісі ұйымдастырылатын болады, ашық түрдегі ұсақталған қиыршықтастардың өндірісі бойынша зауыттың құрылысы іске асырылды.

Балық саласының әлеуетін жандандыру. Облыста балық саласын дамытуға қажетті қолайлы жағдайлар бар, осыған байланысты бекітілген балық шаруашылығы су қоймалары мен учаскелерінің санын ұзақ мерзімді негізде ұлғайту, ұзақ мерзімді жалдау негізіндегі барлық балық шаруашылығы су қоймалары айналасында су қорғайтын аймақтар мен жолақтарды бекіту, облыстағы балық шаруашылығы су қоймаларын балықтың бағалы түрлерімен (сиговый, тұқым балық, налим, шортан, өсімдік жегіш) балықтандыру жолымен балық қорларының қалпына келтірілуін ұлғайту ескеріледі.

Шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыру. Шағын және орта кәсіпкерліктің нашар дамуына байланысты, осы саладағы ең басты стратегиялық міндеттердің бірі ірі жүйе құрағыш кәсіпорындардың негізінде («ПЗТМ» АҚ, «ЗИКСТО» АҚ, «Мұнаймаш» АҚ және басқалары) жабдықтау, қызмет көрсету және басқа да функцияларына қатыстыру жолы арқылы шағын кәсіпорындарды құру болып табылады. Бұл өңірдің қолданыстағы ірі кәсіпорындардан қажетті мультипликативтік әсерді қамтамасыз етеді, ШОК нығайтып, шығарылатын өнімдегі қазақстандық қамтудың көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, шағын қалаларда және елді мекендерде ШОК дамудың перспективалы бағыттарын (өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өндіру дамыту және тағы басқа) сонымен қатар инновациялық және экспорттық бағдарланған өнімдерді ынталандыру қажет. Ақмола облысы

Экономикалық даму стратегиясы. Едәуір ауыл шаруашылығы аудандарының бар болуы, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсірудің көп жылдық дәстүрлерін, сонымен қатар ірі кен пайдалы қазбалардың жоқ болуын ескере келе, АӨК секторының тиімділігі мен өнімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді тереңдету және республикамыздың елордасы Астана қаласы айналасында жоғары өнімділік «азық-түлік белдеуін» құру болашақта басты бағыт болып қалады.

Бұдан басқа өңірдің өнеркәсіптік әлеуеті болашақта пайдалы қазбалардың – уран, алтын, темір кенін және құрылыс материалдарын өндірудің бар болуына негізделген өнеркәсіптің дәстүрлі салаларын дамытуға бағдарланатын болады.

Агроөнеркәсіптік кешен. Облыс Қазақстанның негізгі аграрлық өңірлерінің бірі болып табылады, сондықтан базалық сала ретінде ауыл шаруашылығының дамуы облыстың әлеуметтік-экономикалық мамандандырылуына едәуір әсерін тигізеді. Өңірдегі ауыл шаруашылығының үлкен даму әлеуеті бар және болашақта республикадағы агроөнеркәсіп өндірісі көшбасшыларының бірі болуы мүмкін.

Облыс аумағында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту облыс үшін стратегиялық бағыттарда жұмыс істейтін кластерлер түрінде құру ең перспективалы болып табылады. Ауыл шаруашылығындағы негізгі бағыт болып өсімдік шаруашылығы (астықты өндіру) және мал шаруашылығы (ет және сүт шаруашылығы) тиісінше астық өңдейтін

және ет кластерлерін құрумен ерекшеленеді.

Өсімдік шаруашылығы. Қолданыста бар әлеуеттің негізінде облыстың өсімдік шаруашылығын дамытудың негізгі бағыты астықты өндіру болып табылады, оның болашағы тұқым өсіру және жер шаруашылығында ресурстық-ылғалды сақтаушы жүйесінің дамуымен байланысты болады.

Өңірдің және Астана қаласының көкөніс өніміне қажеттігін ескере келе, өңірде өсірілетін өнімнің түр-түрін әртараптандыру перспективалы. Аршалы, Целиноград, Щучье, Бұланды аудандарында картоп өндіруді қалпына келтіру облыстың ең перспективалы бағыты болып табылады. Облыстың климаттық жағдайларын ескере келе, көкөністерді жыл бойы өсіру үшін Астана қаласының маңында жылыжайлық шаруашылықты ұйымдастыру мақсатқа сай.

Мал шаруашылығы. Облыстың мал шаруашылығын дамытудың ең перспективалы бағыты ет және сүт шаруашылығы болып табылады. Облыс аумағында ет кластерін құру үшін барлық алғышарттар бар. Бірқатар аудандарда шикізат базасын қалыптастыру үшін әлеует және ет өндіру саласында бос өндірістік қуаттардың жеткілікті көлемі бар.

Шағын саланы тиімді дамыту мақсатында, малдың тұқымдық және өнімділік сапасын жақсарту бойынша мақсатты селективтік-тұқымдық жұмысты өткізу қажет оның ішінде шетел генофондын пайдалану арқылы сонымен қатар малды өсіру және жемдеуді іске асыратын жоғары технологиялық жемдеу арналарын құру табылады.

Ет кластерінің өндірістік негізі кәсіпорындардың ең көп саны бар Целиноград ауданында қалыптастырылатын болады, қайта өндіру үшін ет кластерінің ресурстық негіздері болып ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, тұқымдық шаруашылықтары, сонымен қатар тиісті шамада ЖҮШ бола алады. Ет кластері үшін жеткілікті шикізат негізінің дамуы мал шаруашылығының сұранысын толық қамтамасыз ете алатын тұрақты жем базасынсыз мүмкін емес.

Мал шаруашылығын дамыту шарты саланың кадрлық қамтамасыз етілуін жоғарылату. Тиімді даму үшін мал шаруашылығы кадрларының даярлығын осы заманғы деңгейге көтеру, тұқымдық іс, биотехнология және табынды өсіру бойынша мамандарды қайта даярлауды іске асыру қажет.

Азық-түлік өнеркәсібі. Саланы дамытудың басты бағыты – ауыл шаруашылығы өнімін өңдеумен айналысатын жергілікті шикізат ресурстары негізінде жұмыс істейтін кәсіпорындарды құру.

Қызметтің ең перспективалық түрлері астықты өңдеу, арақ-шарап және алкогольсіз сусындар шығару, ұн-жарма тарту және сүт өнеркәсібі болып табылады. Облыста шикізат әлеуетіне негізделе келе ет өңдеу және шұжық өнімдерін шығару, ет деликатестерін, сүт өнімдерін, оның ішінде көңір майын және әр түрлі ірімшіктерді, ұн мен нан өнімдерін өндіруді ұйымдастыру перспективалы.

АӨК дамытуды ғылыми қолдау. Облыстағы инновациялық белсенділікті

дамытудың перспективалық бағыты Шортанды ауданының Научный ауылында АӨК Ғылыми-білім кешенін құру болып табылады. Аталған кешенді іске асыру қаржылық, кадрлық және инфрақұрылымдық ресурстарды территориялық шоғырландыру арқылы, осы заманғы құралды және АӨК ҒЗТКЖ ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін пайдаланумен ең жақсы шетел аналогтарына сәйкес келетін жаңа білімдерді генерациялау және коммерциялизациялау жүйесін құру мақсатын көздейді.

Ө н е р к ә с і п .

Уранды өндіру және өңдеуді дамыту. Өңірдегі кен өндіру өнеркәсібінің болашағы негізінен экспортқа бағдарланған пайдалы қазбалар кен орындарының, ең бастысы уранның бар болуына байланысты. Уранның ең перспективалы кен орындарының бірі Заозерный (11,8 мың тонна), Звездное (7,1 мың. тонна), Глубинное (6,5 мың тонна). Уранды өндіруді белгілі бір инфрақұрылымы қалыптастырылған тұмшаланған гидротермальді кен орындарын таулы әдісі арқылы өңдеу жолымен іске асыру перспективалы болып табылады.

Облыстағы қолданыстағы және болашақтағы уранның қорларын ескере келе, сонымен қатар өндірістік әлеуетке негізделе (Степногор кен-химиялық комбинаты) отырып өңірде жоғары қосымша құны бар өнімді шығарумен уранды өндіру және өңдеу мақсатқа сай.

Алтын кені өнеркәсібінің дамуы. Кен өндіру өнеркәсібінің дамуының басты бағыты алтын кені өнеркәсібі болып табылады. Облыс аумағындағы алтынның ерекше кен орны баланстық қоры жүз жылға жететін Васильков кен орны болып табылады. Басқа перспективалық кен орындар Ақсу, Ақбейіт, Жолымбет, Кварцит таулары, Бестөбе, Үзбой болып табылады. Ауқымды өнеркәсіптік игеруді тежейтін фактор ретінде кен қорларының едәуір бөлігі қиын байытқыш және кендерден алтынды шығару қымбат, тиімді және экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалану қажеттілігі болып табылады.

Темір кендерін өндіруді дамыту. Өңірде темір кендерінің келесі кен орындары орналасқан – Атансор (қоры 30,8 млн. тонна) және Тілеген (қоры 12,8 млн. тонна), оларды болашақта Қарағанды облысының металлургиялық өнеркәсіптеріне, әсіресе «Арселор Миттал Теміртау» АҚ кендік базасы ретінде пайдалануға болады.

Жарқайын ауданындағы Массал кен орындарында темір кенінің айтулы қоры бар, онда темірді өңдеу өндірістерін дамыту мүмкіншілігі бар, сонымен қатар нефелин сиентиттерінің Кубасадыр кен орындары және қоңыр көмірдің Қызылтал кен орны бар.

Степногор қаласының әлеуеті. Қаланың дамыған инфрақұрылымы, жоғары мамандандырылған кадрлары, дәстүрлері онда инновациялық кәсіпорындарды, оның ішінде фармацевтикалық, медициналық өнімді және өсімдікті қорғаудың химиялық құралдарын (денсаулық сақтау, азық-түлік, қайта өңдеу өнеркәсібі, ауылшаруашылығы, қоршаған орта, биомедициналық дәрі-дәрмектерді) өндіру бойынша өндірістерді ұйымдастыруға қолайлы инвестициялық жағдай жасайды.

Құрылыс материалдары өндірісі. Өңірде металл емес пайдалы қазбалар кең таралған: каолин (Елтай, Алексеев), мусковит (Кулет), мәрмәр (Таскөл), құрылыс тасы, құрылыс құмы, құмды-гравийлік қоспалар, кірпіш балшығы және тағы басқа Өңір республика бойынша цемент өндірісі үшін шикізат қорларымен ең жақсы қамтамасыз етілген (Целиноград, Еңбекшілдер, Зеренді аудандарында шикізат қорлары шамамен 1 700 млн. тонна), бұл цемент өндірісін және оның өнімдерін (әр түрлі құрғақ қосындылар, тауар бетоны, темір бетонды конструкциялар және тағы басқа) өндіруге жақсы негіз болады.

Астана қаласының дамуы кірпіш өндіретін кәсіпорындардың дамуын өзектендірді: облыста жылына жалпы қуаттылығы 200 млн. тоннадан аса кірпіштердің өндірісі ашылды, экспортқа бағдарланған өнімді кеңейту мәселесі қарастырылуда.

Құрылыс материалдары өнеркәсібіне арналған пайдалы қазбалардың едәуір қорларын, сонымен қатар облыстың құрылыс материалдарына тұрақты сұраныс және ірі тұтынушы Астана қаласының жақындығына негізделі отырып, құрылыс материалдарының барлық түрлерін өндіру мүмкіндігін қарастыру қажет.

Туристтік-рекреациялық әлеуетті дамыту. Облыста саланы дамыту үшін ең тартымды орын тамаша табиғи-климаттық жағдайлары, бай емдеу-рекреациялық қорлары мен тарихи-мәдени қоры, республика орталығында пайдалы географиялық орналасуы бар, Астана қаласына жақын орналасқан Щучье-Бурабай курорттық зонасы болып табылады. Аталған өңірдің дамуына ойын бизнесі орталығының орналасуы мүмкіндік туғызады. Щучье-Бурабай курорттық зонасының ары қарай дамуы қосымша 20 мыңнан астам жұмыс орындарын құрады.

Облыстың емдеу-рекреациялық әлеуетін дамытудың басқа басты аймағы болып Зеренді табиғи оазисі саналады (Көкшетау қаласынан 50 км). Экологиялық туризмді дамыту үшін тартымды объекті болып ауданы 2600 ш. км Қорғалжын қорығы, сонымен қатар Сандықтау таулары және Ерейментау ауданы (Қарағайлы таулары) табылады.

Басты бағыт ретінде Ақмола облысының курорттық өңірлерінде (Ақкөл, Бұланды, Зеренді, Бурабай аудандары) Қазақстанның барлық жерінен келген балалардың емделуі мен демалуына арналған емдеу лагерлерін дамыту болып табылады.

Аталған бағыттар сол сияқты еңбек ресурстарын тарту, халықты жұмысқа тарту нүктелері ретінде қарастырылады, ол үшін тиісті инфрақұрылымды дамыту мәселелерін қарастыру қажет.

Қызылорда облысы

Экономикалық даму стратегиясы. Облыстың стратегиялық міндеті мұнай-газ секторының ресурстарына сүйене отырып, облыстың минералдық және аграрлық ресурстарын игеру негізінде өңдеу өнеркәсібінің өсімін қамтамасыз ету, АӨК өнімдерінің бәсекеге қабілетті түрлерін, азық-түлік өнеркәсібін, құрылыс материалдары мен шыны өндірісін дамыту, сонымен қатар өңірдің транзиттік әлеуетін іске асырудан құралады. Бұл облыс экономикасының шикізат секторына тәуелділігін қысқартуға

мүмкіндік береді, жаңа жұмыс орындарын ашады және жергілікті бюджетке қосымша салық түсімдерін қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіпті әртараптандыру. Облыста өндіріс құрылымында елеулі теңгерімсіздік байқалады – кен өндіру өнеркәсібінің өндіру өнеркәсібінен басымдығы – тиісінше 92,8% және 3%. Мұндай жағдай облыс экономикасын экспорттық минералдық ресурстардың бірнеше түрлерінің шикізат бағаларының ауытқуына осал етеді, сонымен қатар бірнеше мұнай-газ өндіретін компанияларға тәуелді қылады.

Осыған байланысты, облыстың экономикасы өндірісті өңдеу өнеркәсібі жағына әртараптандыруды қажет етеді, бұл облыс экономикасының шикізаттың бар болуына және олардың бағаларына тәуелділігін төмендетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар өндірісте қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ секторына тірек. Алдымыздағы онжылдықта мұнай-газ өнеркәсібі еліміздің экономикалық өсімінің басты «қозғалтқышы» болып қалады. Өңірдің болашақтағы негізгі міндеті жетекші салалардың дамуының индустриялық және инновациялық импульстерін экономика мен әлеуметтік өмірдің басқа саларына тиімді аудару, олардың рөлін жергілікті тауарлар мен қызметтерді тұтыну, халықты жұмыспен қамтудағы рөлін арттыру.

Облыстағы газ конденсатын қоса алғанда мұнайды өндіру көлемі азайып отырады және 2020 жылға қарай және 4,3 млн. тоннаны (2009 жылы 11,2 млн. тонна) құрауы мүмкін, бұл мұнай кен орындарының сарқылуына байланысты. Көмірсутектік шикізат өндіру көлемін қысқарту бойынша байқалып отырған үрдісіне қарамастан, облыста мұнай мен газдың едәуір қорлары бар: осылай, Оңтүстік Торғай ойпатында мұнай және газдың бекітілген қорлары сәйкесінше 148,7 млн. тонна және 41,9 млрд. м³ құрайды.

Осыған байланысты, өңірде мұнай және газдың табуын арттыру үшін ауқымды геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және жаңа кен орындарында шығаруды б а с т а у қ а ж е т .

Минералдық ресурстардың жаңа кен орындарын айналымға тарту. Облыста уран қабаттарының едәуір қорлары шоғырланған (республикалық көлемнің 14,7%), әзірлеу ретінде ең перспективалық ретінде Солтүстік Харасан, Іркөл Солтүстік, Оңтүстік Қарамұрын табылады. Әлемдік нарықтағы уранға деген сұраныстың әрдайым өсуіне байланысты, уран өнеркәсібінің дамуы облыс үшін тіпті перспективалық бағыт болады.

Уран өндірісін қамтамасыз еті үшін уранды табатын кәсіпорындарды негізгі шикізат компонентімен қамтамасыз етуші күкірт қышқылы зауытын салу болжануда.

Облыс аумағында жалпы республикалық қорғасын және мырыш қорларының 11% шоғырланған, даму үшін ең перспективалық ретінде Шалқия және Талап кен орындары табылады. Түрлі түсті металлургияның дамуын қамтамасыз ету үшін байыту фабрикасының құрылысы, сонымен қатар Шалқия руднигінің қалпына келтіру мен кеңейту болжануда. Қорғасын және мырыш қорларына негізделе гальваникалық элементтерді, «мырыш-ауа» сияқты аккумуляторлардың өндірісін ұйымдастыру

мәселесін қарастыру мақсатқа сай.

Облыс шеңберінде қорлары бойынша теңдессіз келетін ванадийдің бала саусандық және Құрымсақ кен орындары орналасқан. Олардың негізінде аммоний метаванадатын (ванадий), сонымен қатар ванадий қамтитын ерітінділерді бастапқы жаңғырту, әрі қарай Жапонияға экспорттау үшін ванадий қамтитын концентратты алудың шоқтық қауыздауы бойынша зауыттың құрылысы мақсатқа сай.

Бұдан басқа облыста пайдалы қазбалардың кен орындары оған қоса полиметалды кендер, қоңыр көмір, жанғыш жанар тас, қоңыр темір тас, фосфориттер, молибден-ванадийлік және цирконий-титандық кендер, шыны өндірісіне арналған жоғарғы сапалы кварцтық құм бар. Кадмийдің, германий, алтын, күміс, селен, ванадий, молибден, темірдің жоғары қамтуы бар кен орындары айқындалды.

Шыны өнеркәсібін дамыту. Облыстың Арал ауданындағы жоғары сапалы кварцтық құмның бірегей кен орындарына негізделсек, (әр түрлі бағалау бойынша қорлар 7,5-тен 20 млн. тоннаға дейін құрайды), табақты шынымен еліміздің 100% тұтынуын қамтамасыз ететін шыны өнеркәсібін дамыту мақсатқа сай. Бұдан басқа, шыны өндірісі мультипликативті әсерді құру мүмкін, ол өндірістің ілеспелі саласын ашу ретінде бейнеленеді (шыны өнімдері). Саланың тиімділігін арттыру үшін кварцтық құмды игеру бойынша байыту фабрикаларын салу қажет.

Құрылыс материалдарының өнеркәсібін дамыту. Кең таралған металды емес қазбалардың негізінде: кірпіш саздылары, керамзит шикізаттары, құмды-гравийлік материал, құрылыс тасы, әктастарды өндіру үшін мұндай өнімде облыс сұранысын қамтамасыз ететін құрылыс материалдарының өнеркәсібін дамыту мақсатқа сай.

Қазіргі кезде ҮИИДМБ шеңберінде саланы дамыту бойынша жұмыс атқарылуда. Мынадай асфальтті бетонды зауыттың құрылысы, ұсақталған тасты шығару бойынша үш зауытты салу сияқты жобалар іске асырылуда. 1985 жылы облыста қана 14 млн. дана кірпіш өндірілген кірпіш өндірісін қалпына келтіру әлеуеті бар.

Ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісі. Өсімдік дақтарын егуге арналған негізгі қоры – су қорының тапшылығына қарамастан, өңірде мал шаруашылығы саласында жақсы мүмкіншіліктер мен перспективалар бар.

Агроөнеркәсіп кешенінің дамуы 1647,0 мың. бастан (1985 жылы) ағымдағы 780,5 мың басқа дейін қысқартылуды ескере қой және ешкі басының қалпына келтірілуіне бағытталуы тиіс. Бұдан басқа облыстың АӨК дамуының перспективалық бағыты ретінде түйе шаруашылығы және түйе шаруашылығынан алынатын өнімді шығару (жүн, шұбат және т.б.) табылады.

Мал шаруашылығы саласының тиімді дамуы мақсатында, мыналар қажет: тұқымды базаны дамыту және мал және құстың генетикалық әлеуетін арттыру; тұрақты азық базасын қалыптастыру және малдың балансталған асырауын қамтамасыз ету; мал шаруашылығында орташа және ірі өндірісті қалыптастыру үрдістерін

ынталандыру, оны өнеркәсіптік негізге шығару;
осы заманғы технологияларға негізделген жаңа өндірісті және қолданыстағы мал
шаруашылығының қуаттылығын арттыру;
мал шаруашылығы өнімдерін шығарудың технологиялық үрдістерін
м о д е р н и з а ц и я л а у .

Осыған байланысты, ерте кезде өңірде жарма және құрама жемдерді, макарон өнімдерінің шығаруын қалпына келтіру мүмкіндігін қарастыру мақсатқа сай. Өсімдік шаруашылығында жер өңдеудің қауіпті аймағында орналасуын ескере келе суландырылатын жер өңдеуін қалпына келтіру басымды болып табылады.

Балық шаруашылығын дамыту. «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» атты жобасын іске асыру Арал ауданында балық кластерін құруға мүмкіндік береді және ол келесі құрауыштарды қамтиды:
өзен жүйелерін суландыру, балық қорларын рационалды пайдалану және қорғау,
б а л ы қ қ о й м а л а р ы н к е ñ е й т у ;
өнеркәсіптік аулау және балық өнімін жаңғырту, дайын өнімді сату бойынша
ж ү й е н і к ұ р у ;
шыны пластикалық қайықтардың өндірісі;
ғылыми әлеуеттің дамуы мен кадрларды даярлау.
Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Экономикалық дамудың стратегиясы. Болашақта өңір аграрлық өндірістің және ауыл шаруашылығы өнімнің жаңғыртудың ірі орталығының рөлін сақтап қалады, сонымен қатар мамандандырылған тау кен металлургиясы мен жаңғырту өнеркәсібінің бәсекеге қабілетті түрлерінің дамуы арқасында, өңірдің индустриялық әлеуеті да
к ү ш е й е д і .

Тау-кен металлургиясы кешенінің технологиялық деңгейінің өсуі мен дамуы. Негізгі тіреу жоғары технологиялық өнімнің шығару өсімін қамтамасыз ететін жоғары қосымша құны бар өнімді шығаратын қолданыстағы тау-кен металлургиясы өнеркәсібінің жаңғырту өндірістерін жетілдіруге, сыртқы нарықта оны экспортын кеңейтуге және ішкі нарықтың тұтынуын қанағаттандыруға бағытталады.

2014 жылға дейін ҮИИДМБ шеңберінде облыста қуаты жылына 200 мың тоннадан кем емес арнайы болатты шығару бойынша аз тонналы өндірісі құрылатын болады. Қолданыста бар әлеует болат прокатының жылдық көлемінің өндірісін 450 мың тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақта жылына 500 мың тонна түйіршіктелген шойынның, 1,4 млн. тонна ыстық кесекшеленген темірдің және жылына 100 мың. тонна рельс өнімінің өндірісін игеру жоспарлануда. Күйдіргіш машинаның құрылысы жоғары сапалы темір рудалардың құйындарын өндіруге мүмкіндік береді.

Өңірдің ресурстық қоры негізінде өндірісті дамыту. Өңірдің ресурстық әлеуетінің өнеркәсіптік пайдалануы жер қойнауын, темір рудалы, бокситтердің, алтынның,

молибденнің, никель-кобальттің, титанды-цирконийдің, хризотил-асбесттің, қоңыр көмірдің, көмір сутегінің кен орындарын пайдалануға шарттарды жасасу жолы арқылы іске асырылатын болады.

Жалпы таратылған пайдалы қазбаларға жер қойнауын пайдалану бойынша операцияларды жүргізуге 52 шарт іске асырылатын болады: құрылыс және кірпіш шикізаты; цемент шикізаты; әктас және цемент балшықтары.

Қолданыста бар шикізатты жаңғырту үшін мыналар іске асырылады: Рудный қаласында цемент зауытының құрылысы; кварц-каолин-полево қалақшалық шикізатты жаңғырту бойынша байыту фабрикасын салу, Денисов ауданы; Қостанай қаласында асфальтті бетон зауытының құрылысы; Городищен кен орнында кварц диориттерін ашық ұсақталған тастарға жаңғырту, Денисов ауданы.

Жаңғырту өнеркәсібін дамыту. Өңір пен республиканың тұтынуларын есептегенде, жаңғырту өнеркәсібі бірнеше перспективалық бағыттарда дамиды:

Ауыл шаруашылық машина жасау. Өңір үшін негізгі болып табылатын аграрлық кешенін тиімді дамуын қамтамасыз ету үшін ҮИИДМБ шеңберінде Қостанай қаласында ауылшаруашылығы техникасын шығару бойынша кәсіпорындардың құрылысы жоспарланады.

Көліктік машина жасау. Облыстағы бұдан былай машина жасауды дамуы сол сияқты ҮИИДМБ жобаларының Қостанай қаласында жол-құрылыс техникасы мен автобустардың өндірісін іске қосу шеңберінде іске асырылатын болады. Облыс сол сияқты қорғаныс машина жасау саласында салалық маманданымның орталығы болады.

Аграрлық сектордың дамуы. Аталған бағыттың дамуы ауылшаруашылығы өнімдерінің әр түрлерін өндіруде республикалық озаттардың бірі болып табылатын өңір үшін басымды.

ҮИИДМБ сәйкес жемдеу алаңдарының, ет өңдейтін, диірмен және сүт кешендерінің, сүт тауарларының фермалары, құс фабрикасының құрылысы, құс етін қайта өңдейтін өндірістердің жетілдірілуі мен кеңейтілуі жоспарланған. Ауылшаруашылығы саласында 33,2 млрд. теңге сомасына 1 700 астам жұмыс орындарын құрумен 34 инвест жобалары іске асырылатын болады.

Кезеңмен 10,1 млрд. теңге сомасына 608 жұмыс орнын құрумен пайдалануға 11 жоба берілді, оның ішінде 3 мал шаруашылығында, 2 құс шаруашылығында, 6 өнімді жаңғыртуда.

Мал шаруашылығы саласында тұқымдас мал шаруашылығының 37 аттестацияланған субъектілердің әлеуетін күшейту негізінде тұқымдас мал шаруашылығын дамыту басымды болады. Тұқымдас жылқы шаруашылығы Қостанай тұқымдас жылқыларды көбейту жолы арқылы және оның негізінде бірегей тұқымдас

сапаларына ие қазақтың салт тұқымдастарын шығару дамиды.

Білғал сақтандырғыш технологиялар арқылы астық дақылдарының алаңдары 100% дейін кеңейтіледі, жер қорларын тарту есебінен егістіктердің алаңдары 173,5 мың. өседі . Ауыл шаруашылығы өнімін әртараптандыру басты міндет болады: астық дақылдарының егістік алаңдары 4100 мың га. қысқартылады, май дақылдарының егістіктері 4,9 рет арттырылады, көп жылдық ірі бұршақтардың, жер суландыру алаңдары 3,4 арттырылады, азық дақылдарының егістіктері 7 мың.га арттырылады.

Агроөнеркәсіп кешенінің ары қарай жетілдірілуі өңірқа аталған салада «озаттар» санында қалуға, сонымен қатар ауылдағы өзіндік жұмыс істейтіндердің санын қысқартуға және АӨК жұмысшыларының пайдасын арттыруға мүмкіндік береді.

Облыстың энергетикалық кешенінің дамуы қолданыстағы электр станцияларында жаңа қуаттарды ендіру арқылы оларды кеңейту, қалпына келтіру және жетілдіру іске асырылатын болады. Электр қуатының тапшылығын жабу, облыстағы экспорттық әлеуетін арттыру үшін, облыста жылу энергетикалық кешенін оның ішінде қуаттылығы 2000 МВт «Приозерный» базасының негізінде Торғайлық (Құшмұрын) ЖЭС құру мақсатқа сай. Облыстың көмір кен орындарында жалпы қуаттылығы жылына 119 млн тонна кесімдерді салуға болады, бұл жиынтық қуаттылығы 20 мың. МВт электростанциялардың жұмысын қамтамасыз етеді.

Облыстың оңтүстік өңірлері (Арқалық қаласы, Амангелді және Жангелді аудандары) желді электр станцияларын құру үшін үлкен желді энергетикалық әлеуетіне ие. Аталған өңірді электр қуатымен қамтамасыз ету үшін Арқалық қаласында қуаттылығы 10 МВт желді электр станциясының құрылысы мақсатқа сай.

Шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыру. Осы саладағы стратегиялық міндеттердің бірі болып ірі жүйе құрағыш кәсіпорындардың негізінде оларды маркетингтік, жабдықтау және басқа ілеспе функцияларға тарту жолымен кіші кәсіпорындарды құру табылады. Бұл өңірдің қолданыстағы ірі кәсіпорындардан қажетті мультипликативтік әсерін қамтамасыз етеді, кіші және орта кәсіпкерлікті күшейтіп, шығарыланатын өнімде қазақстандық қамтудың көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік береді .

Аутсорсинг негізінде қосалқы өндірістерді құру мүмкіндігі облыстың «ССТӨБ» АҚ , «Қостанай минералдары» АҚ, «Метал Трэйдинг» АҚ, «АгромашХолдинг» АҚ сияқты және тағы басқа, бірқатар ірі кәсіпорындарда бар. Қосалқы өндірістерді жүргізу жұмысшылардың ұстауына, цехтарды жөндеуге шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді, бұл кәсіпорынмен өткізілетін өнімге бағасын төмендетуге әсерін тигізеді.

А л м а т ы о б л ы с ы

Экономикалық дамудың стратегиясы. Перспективалық маманданымның қалыптасқан жағдайын ескере келе, облыс ауылшаруашылығы өндірісін қарқындату және кластерлік тұрғысы негізінде оның өнімін терең жаңғырту бағдарымен республиканың ірі агро индустриялық базасы ретінде айқындалады. Алматы

қаласының даму перспективаларын есептегенде өңір мегаполистің азық-түлік белдеуі және қарқынды агломерациялық өсудің аймағы ретіндегі рөлі күшейтіледі.

Өңірдің аграрлық мамандануын тереңдету. Облыстың жағымды табиғи-климаттық жағдайлары ауылшаруашылығы, өсімдік және мал шаруашылығы сияқты өндірісін дамытуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, облыста негізгі кәсіпорындардың айналасында агрокешендердің тоғыз бағыт бойынша дамуы көзделген.

Мал шаруашылығы. Кіші салалардың дамуының басымды ет, сүт, жүн өндірісі және құс шаруашылығының өндірісі болады.

Саланың перспективалық саласы болып биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту және Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының жаңғырту кәсіпорындары үшін жүнді шығару табылады. Даму үшін жағымды жағдайлары бар аудандары Сарқанд, Ақсу, Көксу, Панфилов және Қаратал.

Ет кластері Алматы агломерациясын барлық өңірлерінде қалыптастырылатын болады. Шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында, болашақта дамыған инфрақұрылымы бар осы заманғы жемдеу кешендерін 500 басқа Жамбыл өңірінде, Ақсу және Көксуда әрбіреуінде 2500 бас және 5000 ІҚМ Балқаш ауданында ашу жоспарлануда.

Сүт шаруашылығының кластерін «ҚазРосБройлер» ЖШС, «Аллель Агро» АҚ, «Бент және «Бесат ЖШС» ірі құс фабрикаларының негізінде дамыту ескерілген, ішкі нарықтағы құс етінің импортын 70% дейін орнын басу күтілуде. Сүт кластері «Райымбек Агро» ЖШС негізінде құрылатын болады, шикізаттың жеткізушісі Жамбыл, Іле, Талғар және Қарасай аудандарының шаруашылықтары. Болашақта Қарасай және Алакөл аудандарында осы заманғы сүт тауарларының фермаларын ашу жоспарлануда.

Балық шаруашылығын бұдан әрі дамыту үшін Балқаш ауданында «Отес Атил» балықты өңдеу зауытын, Еңбекшіқазақ ауданында тұтас қуаттылығы жылына 1400 тонна шикізатты жаңғыртудың тоған шаруашылығын, индустриялық бекіре балық шаруашылығы цехын салу ескерілуде.

Жүн кластерін дамытуда жүнді жаңғырту бойынша 2 кәсіпорын тартылған: Жамбыл ауданының «Қарғалы» АҚ және Райымбек ауданының «Текес Түбіт» СПК қуаттылығы жылына 3000 тонна. Талдықорған қаласында жүнді жаңғырту бойынша Талдықорған ПОШ» ЖШС қуаттылығы жылына 2000 тонна жаңғырту зауытын салу жоспарлануда.

Кооперация және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің негізінде 5 бағыт бойынша дайындау орталықтарын құру жоспарлануда: соғым пункті, қаймағы айырылмаған сүтті жинау пункті, жеміс сақтау, машина-технологиялық станция және тамшылатып жер суландыру.

Өсімдік шаруашылығы. Перспективалық бағыт болып жүгері, қант қызылшасын, майлы дақтарды, темекі, азық дақылдарын, жеміс шаруашылығы және жүзім шаруашылығын өндіру табылады. Өңірдегі өнімділікті арттырудың ең перспективалық бағыты болып жер суландырылатын жерлерді және ылғалды және ресурсты

сақтандырушы технологияларды кең пайдалану табылады. Бұл жағдайда облыстың егін шаруашылығын ауа райының жағдайларынан тәуелділігін қысқартып, жыл сайын тұрақты көрсеткіштерге жетуге болады.

Жеміс шаруашылығының кластері. Оның ядросын Еңбекшіқазақ ауданының «Голд Продукт» АҚ мен Талғар ауданының «Южный» ЖШС, Еңбекшіқазақ, Қарасай, Талғар, Панфилов және Ұйғыр аудандарының ауылшаруашылығы өнімінің жеткізушілері құрайды, Бақ шаруашылығы жандандырылуда, дайындау-өткізу базасы дамуда. Әлемдік нарықта алмалардың оның ішінде Апортты генетикалық таза түрлерін өткізу мүмкіндігі бар.

Жүгері кластері. «Жүгері астыққа» агрокешенін Еңбекшіқазақ және Панфилов аудандарында құру жоспарлануда. Қолданыстағы «АзияАгроФуд» ЖШС, «Жаркент крахмал сірне зауыты» және Еңбекшіқазақ ауданының жаңа «Шелек».

Қант кластері. «Қант кластері» агрокешені Алматы агломерациясының аймағында құрылатын болады, ядросы ретінде Іле ауданындағы Алматы Қанты, шикізат жеткізушілері – Алматы қаласының маңындағы аудандары, Солтүстік – Шығыс аймағында Көксу ауданының «локомотив – кәсіпорны» «Көксу Шекер» АҚ, Ескелді, Қаратал, Көксу аудандарының және Талдықорған қаласының жеткізушілері болады.

Шарап шаруашылығын ары қарай дамыту үшін облыста Еңбекшіқазақ, Қарасай, Панфилов, Іле, Талғар және Ұйғыр аудандарында жалпы қуаттылығы жылына 70 млн. литр 14 шарап зауыты бар. Шикізат және дайын өнімнің сапасын жақсарту жағдайында, өндірісті кеңейту мүмкіндіктері бар.

Халықты өз өндірген өніммен қамтамасыз ету мақсатында, Алматы қаласының маңында 31 жобаны іске асырумен азық-түлік белдеуін қалыптастыру жалғастырылатын болады, 2010 жылы 12 енгізіледі.

Азық-түлік өнеркәсібінің дамуы. Саланы дамыту бойынша негізгі бағыттар болып облыста өндірілетін ауылшаруашылығы шикізатын жаңғырту, және ет пен сүт өнімдерін, өсімдік майын, қант, ұн, шарап шаруашылығын, темекі өндірісін шығару болады. Соя, қызанақты, жүгері-крахмал сірнесін жаңғыртуға, лимон қышқылын, қоюланған және құрғақ сүтті, балық және ет консервілерін өндіру мүмкіндіктері бар.

Шаруашылық айналымына пайдалы қазбалардың кен орындарын тарту. Облыстағы тау өндіру өнеркәсібін дамыту перспективасы негізінен уран кен орындарының (Көлжат және Сұлошоқын) бар болуымен байланысты. Оның қорлары бойынша облыс республикада орынды алады.

Кен өндіру өнеркәсібін дамытудың басқа бір бағыты болып алтын кен орындары өнеркәсібі табылады. Алтын құрайтын кен орындарының қорлары бойынша облыс республикада 7 орынды алады. Ең перспективалы кен орындары болып Арқарлы және Көксай болып табылады, Бағыттас құрамдас бөлігі ретіндегі алтынның ірі қорлары Қосқұдық, Шынасылай қорғасын-мырыш кен орындарында, Қасқырмыс, Восток-І, Жіделі сым-порфирленген кен орындарында бар.

Болашақта облыста алтын кен орындарының негізінде алтынды өңдеу өнеркәсібін, сонымен қатар зергер өнеркәсібі сияқты жоғары шектерді ұйымдастыру мақсатқа сай.

Өңірде вольфрам кендері мен қалайының едәуір шикізат базасы бар. Ол Боғұты ірі кен орны және Қарағайлы-Ақтас қалайы-вольфрамды кешенді кен орны.

Қазіргі кезде Қазақстанда металдық қалайының өзіндік өндірісі жоқ, осы металға деген тұтыну импорт жеткізулері арқасында қанағаттандырылады. Қалайы мен оның негізіндегі қорытпалар импортының деңгейі жылына шамамен 1,2-1,3 мың тоннаны құрайды.

Осыған байланысты, елдегі жоғары сұранысты ескере келе, қалайыны өңдеу және жаңғыртуды бастау мүмкіндігін қарастырған жөн.

Құрылыс материалдар өнеркәсібінің дамуы. Бекітілген қорлары бар рудалық емес шикізат кен орындарын игеру үлесі 55% құрайды, геологтық барлау жұмыстары жүргізіліп жатқан перспективалық алаңдардың бекітілген қорларға деген арасалмақ саны шамамен 22%.

Облыста цемент және оның қоспаларын, қаптау тасының кен орындарының, (граниттер, габбро, әктас және фарфор тасы) минералдық тұздардың бай шикізат қорлары бар.

Жалпы тарлаған пайдалы қазбалардың едәуір әлеуетінің бар болуын, ыңғайлы көлік инфрақұрылымын және еңбек ресурстарының үлкен әлеуетін, сонымен қатар облыстың өзінде және Алматы қаласында, республиканың көршілес облыстарында құрылыс материалдарына деген сұранысты ескере келе, құрылыс материалдарының өндіріс көлемдерін қалпына келтіру мәселесін қарастыру қажет.

Жеңіл өнеркәсіпті жандандыру. Кеңес кезеңінде облыста жеңіл өнеркәсібінің жеткілікті дамыған саласы жұмыс істеді: 1985 жылы 10,6 млн. шаршы метр маталар, 16 млн. дана тоқыма бұйымы, өндірілді, салада 21 мыңнан астам жұмысқа тартылды. Алайда, 2008 жылға қарай маталардың өндірісі 127 рет 0,135 млн. шаршы метр дейін, тоқыма бұйымы 180 рет 0,089 млн. данаға қысқартылды.

Облыс халқының жоғары санын, сонымен қатар жеңіл өнеркәсібінің еңбек сіңіруін және еліміздегі саланың отандық өнімінің жоқ болуын ескере келе, жеңіл өнеркәсібін қалпына келтіру мәселесін қарастырған жөн. Қолдағы бар шикізат базасынан, өндірістік әлеуеті мен АӨК жүндік кластерді қалыптастырудан шыға, саланың перспективалық даму бағыттары: жүн маталарын өндіру, тоқыма өндірісін, тері өндірісін арттыру болып табылады.

Арнайы экономикалық және индустриялық өңірлерді қалыптастыру. Панфилов ауданында «Қорғас» ХШЫО құрылысы жүргізілуде. Өңір аумағында тек отандық қана емес, сондай-ақ кәсіпкерлікпен айналысатын шетелдік нысандар орналастырылатын «Қорғас – Шығыс қақпасы» шекара маңындағы сауда-экономикалық аймағы» АЭА-ын құру қарастырылды.

Бұдан басқа, Алакөл ауданында ірі көлік-логистикалық орталық ретінде «Достық»

АЭА-ын құру жоспарланып отыр. АЭА аумағында жергілікті шикізат пен құрамдастарды пайдалану арқылы өнім шығару бойынша қосымша өндірістер ұйымдастырылатын болады.

Қапшағай қаласында «Арна» индустриялық аймағын құру Алматы қаласынан шығарылатын өнеркәсіптік кәсіпорындарды орналастыру сұрақтарын шешуге мүмкіндік береді. (ААМЗ, Киров атындағы зауыт, «Өндірістік электрліжабдықтар» ЖШС және басқа). Бұл жерде әр саладағы 150 кәсіпорынды орналастыру, соның ішінде құрылыс, жиһаз индустриясы, кәбіл өнімін, пластмасса бұйымдарын, құрғақ құрылыс қоспаларын шығаратын зауыттар, ТБҚ және металл құрастырмаларын, минералдық плиталарды шығару бойынша кәсіпорындар жоспарланып отыр.

«Алматы Жиһаз» индустриялық аймағы аумағында жиһаз бөлшектерін шығару бойынша өндірістік корпусының 1-ші кезекті құрылысы, 22 кәсіпорынды, көлік-логистикалық орталықты орналастыруға арналған өндірістік корпусының 2-блогының құрылысы жоспарланып отыр.

«Талдықорған» индустриялық аймағының аумағында 15-ке жуық ауыл шаруашылық өнімдерін жаңғырту кәсіпорындарын және ауыл шаруашылығына арналған механикаландыру құралдары өндірісін, құрылыс индустриясы және тоқыма өнеркәсібін орналастыру жоспарланып отыр.

Жаңартылатын энергия көздерін дамыту. Облыс энергияға тапшы болып табылады, облыс бойынша электр қуатына қажеттілік 50 пайызға меншікті энергия көздерімен жабылады.

Талдықорған қаласында қуаты 260 МВт ЖЭО құрылысының жобасын іске асыру өңірді электрмен жабдықтау проблемасын жартылай шешу арқылы отын ресурсын пайдалану тиімділігін көтеруге мүмкіндік береді, облыс орталығын электрмен жабдықтауды және жылумен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құрады.

Облыстың энергиямен қамтамасыздығын көтеру үшін, Мойнақ СЭС және Балқаш ЖЭС құрылысынан басқа, шағын СЭС құрылысы қажет. Болашақта жиынтық қуаты 306,7 МВт болатын 23 шағын СЭС құрылысы қарастырылып отыр.

Облыстың балама энергетикасын дамытудың болашақтағы басқа бағыты болып жел энергетикасы табылады. Болашақта Шелек жел дәлізі және Жоңғар қақпасында қуаттылығы 5-тен 300 МВт дейінгі жел электрстанцияларының құрылысы тиімді.

Туризмді дамыту. Облыстың туристік әлеуеті айтарлықтай табиғи-рекреациялық ресурстардың болуымен сипатталады. Облыста «Алтын-Емел», «Көлсай көлдері», «Іле Алатауы» және «Шарын», Алматы және Алакөл қорықтары мемлекеттік ұлттық табиғи парктері орналасқан. Барлық табиғи-қорықтық қорының нысандарында, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінде рекреациялық және экологиялық туризмді дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Алматы облысы емделу және демалысқа тек ішкі сұранысты ғана емес, шетелдік

туристерді тартуға арналған айтарлықтай табиғи-климаттық әлеуетке ие. Аталған өнімді тарату үшін сәйкес инфрақұрылым – әртүрлі мамандандырылған және қызмет деңгейлі шипажайлар және курорттар қажет.

Облыста туризмнің төмендегі бағыттарын келешекте дамыту қажет:

Жамбыл, Талғар аудандарында мәдени-танымдық туризмді; экологиялық – Еңбекшіқазақ, Қарасай, Кербұлақ, Ұйғыр, Райымбек, Балқаш аудандарында, Текелі қаласы;

емдеу-сауықтыру – Ақсу, Алакөл, Панфилов аудандарында, Қапшағай қаласы.

Бұдан басқа, облыста ірі турнирлер мен олимпиялық ойындарды өткізуге арналған ойын бизнесі орталығын, туристік және спорттық-көңіл көтеру орталықтарын, «Жаңа Іле» шоу-бизнесі орталығын құру жобасы бар. Аталған жобаны іске асыру 120 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтиды.

Алайда, нашар туристік инфрақұрылым, туристік нысандарға жолдың нашар жағдайы, сервистік қызметтің төмен деңгейі және кәсіпқой кадрлардың жоқтығы республика экономикасында облыс мамандандырылуының стратегиялық бағыты болып табылатын туризмнің дамуына кедергі жасайды. Осыған байланысты, Бірлік – Алмалық – Рысқұлов – Қазстрой - Ақ-бұлақ 0-20,3 км автомобиль жолының құрылысын, «Үшарал – Достық» 0-184 шақырым автожолын жаңарту, «Алматы - Өскемен» 118-259 шақырым автожолын қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру қажет.

Б а т ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы

Экономикалық дамыту стратегиясы. Қалыптасқан мамандандыру есебімен және өңірдің профильді салаларының келешегі үшін өңір табиғи газ және газ конденсатын, сондай-ақ АПК және бәсекеге қабілетті өңдеуші өнеркәсіп сегменттерін дамытудың жетекші орталықтарының бірі болып қала бермек.

Өнеркәсіп. Облыс өнеркәсібі соңғы 20 жылда өз құрылымын – 1990 жылғы дамыған өңдеуші өнеркәсіпті өңірден (85,4% өнеркәсіптік өндіріс құрылымында) басымдылықты кен өндіруші өнеркәсіпке, соның ішінде мұнай-газды өңірге дейін айтарлықтай өзгертті. Мұндай жағдайдың екі түрлі жағы бар. Бір жағынан алғанда, мұнай-газ өндіру өнеркәсібінің қарқынды дамуы өңірдің дамуына қуат береді және өзге де өндірістің дамуына негіз жасайды, екінші жағынан бір саланы шектен тыс басымдылығы облыс экономикасына моношикізатты сипат береді және базалық саладағы құлдырау жағдайында оны әлсіз етеді. Озат мұнай-газ саласының экономикалық өсуін қолдау. Облыс көмірқышқыл шикізаты қорына өте бай, осыған байланысты болашақта облыстың көмірқышқыл шикізатын өндірудің және табиғи газды жаңғыртудың ірі орталығы ретіндегі рөлі сақталады. 2020 жылға Қарашығанақ кен орнында газ өндіру көлемі 2,3 есеге өседі, бұл ретте республикалық ауқымда газ өндіру 2020 жылға облыс үлесі 34,4% құрайтын болады. Озат салалардың экономиканың басқа да салалары мен әлеуметтік өмірге индустриялық және инновациялық импульстерін тиімді трансляциялау, оның рөлін жергілікті тауарлар мен

қызметтерді тұтытудағы ролін көтеру, халықты жұмыспен қамту сұрағы облыстың шешуші тапсырмасы болып табылады.

Мультипликативтік нәтижеге жету. Қосылған құны жоғары өндірістерді ынталандыру, қосалқы, қызмет көрсетуші және жаңғыртушы шағын және орташа кәсіпорындар блогын қалыптастыру, сондай-ақ қызмет көрсетуші және қосалқы кәсіпорындар күштерін біріктіру есебінен жүйе жасаушы компаниялар айналасында кластерлер қалыптастыру облыс үшін маңызды тапсырма болып табылады.

Облыста мұнай-газ секторын дамытудан және оның ішкі экономиканың қабысқан салаларына әсерінен болатын мультипликативтік нәтиже төмендегі жағдайларда көрінеді:

жетекші мұнай-газ секторын дамыту есебінен экономиканы модернизациялау және өңірдің шикізатты емес секторын дамытудан; қолда бар инфрақұрылым негізінде «Мұнай-газ машиналарын жасау» кластерін құру есебінен машина жасауды дамыту; құрылған газ өңдеу зауытында тауар газды жаңғырту арқылы іле тұтынушылар мен кәсіпорындарға жеткізу.

Өндірілген көмірқышқыл шикізаттан алғашқы қайтаөзгерімді дамыту. Жетекші әлемдік сарапшылардың есептеулері бойынша, жыл сайын сығымдалған газға сұраныс ұлғайып отырады, жуық арадағы 10 жылда 25%-ға және 2020 жылы 4 трлн. м3 жетеді. Бұл ретте негізгі тұтынушы-елдерде (Еуроодақ) оның өнідіріс айтарлықтай төмендейді. Осыған байланысты, облыста республика қажеттілігін қамтамасыз етіп, сондай-ақ экспорттау үшін сығымдалған газ өнідірісін ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Өткізу нарығын әртараптандыру мақсатында Қарашығанақ кен орнында газөңдейтін зауыт құрылысы мүмкіндігін қарастыру қажет.

Өндірілген көмірқышқыл шикізаттан жоғары қайтаөзгерімді дамыту. Облыстағы өндірілетін көмірқышқыл шикізатты кешенді игеру үшін қосарлама өндіру өнімдерін игеру тиімді. Өнеркәсіп үшін болашақта мәні бар, құрамында өнеркәсіптік аумақта бром, йод, хлорлы натрий, хлорлы кальций, басқа да тұздар және сирек элементтер кездесетін мұнай кен орындарының пласт суларын пайдалану сұрағын қарастыру тиімді.

Қарашығанақ газ кен орындары базасында метанол, полипропилен, метионин, формальдегидті шайыр, метил-трет-бутилді эфир, жоғарыоктанды жанармай және дизель отыны өнідірісі енетін газхимиялық кешенінің құрылысы қарастырылған.

Сондай-ақ, «Қазақстандық минералдық ресурстар» тау кен компаниясы» ЖШС-мен Үшбас және Герес кен орындары базасында «МАФ/ДАФ минералдық тыңайтқыштары өнідірісі» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұнымен қатар, қазіргі уақытта «БатысКалий» ЖШС калий минералдық тыңайтқыштарын өндіру бойынша жоба іске асырылады. Жобаның қуаттылығы – жылына 1000 мың тонна калий тыңайтқышын шығарылады.

Саланың болашақ дамуының өңірлік аспектілері. Қазақстанның батысында мұнай-газ саласының қарқынды дамуына байланысты өнімнің жаңа түрлерін шығаруды меңгеріп, ұтқыр стендтер негізінде қызмет көрсетуді дамытып, Ақтөбе облысы «Ақтөбе мұнай жабықтарының зауыты» АҚ базасында мұнай-газ машина жасауы дамиды. «Ақтөберентген» АҚ өз технологиялық базасында жаңа буын рентген аппараттарын, медициналық бағыттағы бұйымдарды шығаруды жолға қояды.

Батыс Қазақстан облысында «Батыс Қазақстан машина жасау зауыты» АҚ мұнай-газ жабдықтарын жоғары технологияларды өндіруді меңгеру жөніндегі «Газкомпрессорлық және газтурбиналық жабдықтарды шығару» жобасын іске асырады. Мұнда республика бойынша мұнай-газ жабдықтарын шығаратын 8 өндіруші зауытты қосып, мұнай-газ машина жасауы кластерін дамытуға болады.

Кеме жасау саласында барлық өндірістік күш пен өзіндік тәжірибесі бар «Зенит» Орал зауыты» АҚ су сыйымдылығы 500 тоннаға дейін арнайы теңіз кемелері мен б а р ж а л а р ш ы ғ а р у ғ а қ а б і л е т т і .

Перспективада Павлодар облысында ауыл шаруашылығы машина жасауында бәсекеге қабілетті өнімдер – ауылшаруашылық техникасының детальдары, түйіндері, қосалқы бөлшектері, қосалқы жинақтарын – шығару жолға қойылады. Электротехникалық машина жасау мен құрал жасауда – кабелт өнімдерін шығару. Машина жасаудың өзге бөліктерінде жүк көтеруші және сауда жасау жабдықтарын, жүк вагондарын, темір жол дөңгелектерін бағандық ауыстыру, өңдеу.

Ақмола облысының машина жасау саласының дамуы болашақта автомобиль техникасын өндіруді оқшаулап, көтергіш крандарды, егін себу техникасын ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына арналған комбайндар мен агрегаттарды жинау, подшипниктердің жаңа түрлерін шығарып автомобиль жасауды дамытуға негізделеді.

Шығыс Қазақстан облысында металлургиялық өндірістердің облыс пен өзге өңірлердің машина жасау саласы кәсіпорындарымен бір мезгілде кооперацияланып, кейіннен қайта бөлініске ауысқан жағдайда шексіз ресурстар бар.

Сонымен қатар тау кен-шахталық жабдықтарды, соның ішінде осыған ұқсас техниканы белгілі әлемдік өндірушілермен бірігіп, ауыл шаруашылық техникасын шығаруды ұйымдастыру үшін нақты мүмкіндіктер мен жағдайлар бар. Семей қаласында шағын класты қала және қалааралық автобустар шығару жоспарлануда. Өскеменде жаңа маркалы және моделді жеңіл машиналар шығаруды көбейту жоспарлануда, шойын құю цехын болат вагон құю өндірісіне қайта құру жүргізіліп ж а т ы р .

Солтүстік Қазақстан облысы машина жасау кәсіпорындарын Қазақстанның «Мұнай-газ машина жасау» кластеріне қосу өңірлік машина жасау саласының дамуына қосымша түрткі болар еді. Машина жасауды дамыту жаңа өнім түрлерін: мұнай-газ жабдықтарының жаңа түрлері, соның ішінде мұнай өндіретін кәсіпорындарға арналған арнайы техника, сонымен қатар мұнай-газ жабдықтарына арналған түрлі құралдар, жинақ құрайтын бұйымдар мен қосалқы бөлшектерді меңгеру және шығаруды кеңейтумен қамтамасыз етіледі. Темір жол саласы үшін бұрын меңгерілген жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді шығаруды кеңейту, сонымен қатар жабдықтар мен қосалқы бөлшектердің жаңа түрлерін меңгеру қарастырылған.

«ПЗТМ» АҚ жаңа технологияларды қолдана отырып, жоғары жүк көтерудің бұрғылау жабдықтарын өндіруді дамытуды жалғастырады, мұнай-газ кешеніне арналған жаңа өнім түрлерін игереді.

«Мұнаймаш» АҚ мұнай-газ өндірісіне арналған өнімдерді шығару мен меңгеруді жалғастырады. «Киров ат. Зауыт» АҚ «Ижев радиозаводы» АҚ-мен бірлесіп (Ижевск қ.) көлік саласына арналған жоғары технологиялық өнімдердің жаңа түрлерін: локомотивтік кешенді қауіпсіздік құрылғыларын жыл сайын өз бөлігін арттыра түсіп м е н г е р е д і .

«Қазмұнайгазмаш» АҚ «Корвет» ААҚ-мен (Қорған қ.) бірлесіп, өнім ассортиментін кеңейте отырып, мұнай мен газ тасымалдауға арналған жабдықтар шығаруды ж а л ғ а с т ы р а д ы .

«ЗИКСТО» АҚ бункерлі хоппер-вагонның жаңа моделі - перспективалы мамандандырылған платформа (контейнер тасушы) әзірлеп, оны өндіріске енгізуге д а й ы н д а у д а .

Қостанай облысында «Агротеххолдинг» АҚ ауыл шаруашылығы техникасын сату мен қызмет көрсету бойынша сауда-қызмет көрсету орталықтарын жаңғырту мен к е н е й т у д і жү р г і з у д е .

Алматы облысында машина жасау саласын дамытудың стратегиялық бағыттары: жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта құру және модернизациялау, сонымен қатар Алматы қ. машина жасау күштерінің бірқатарының (АЗТМ АҚ) облыс аумағына шығарылуын есепке ала отырып, жаңа күштер енгізу; жаңа технологияларды енгізу негізінде экспортқа бағытталған өнімдер шығару жөніндегі жобаларды, соның ішінде АЗТМ АҚ, «Алаколь Планта» ЖШС, «Қайнар АҚБ»

ЖШС, «Кабель зауыты» ЖШС, «АСПМК-519» ЖШС кәсіпорындары тобының, "Азия - Электрик» АҚ-ның базасында дайындау болып табылады.

Болашақта машина жасау саласындағы трансұлттық өндірістерді орналастырудың негізгі аймағы негізгі темір жол мен автомобиль магистральдарындағы түйіндер – Құлжа тракты мен Қапшағай тас жолы болмақ.

Жамбыл облысында мұнай-газ және көлік саласы үшін машиналар мен жабдықтар өндіру, сонымен қатар құрылыс машиналарының өнеркәсібі дамитын болады.

Атырау облысында газтурбиналық құрылғылар мен жабдықтарды жөндеу мен қызмет көрсету жөніндегі зауыт құрылысы жүргізілуде.

Оңтүстік Қазақстан облысы – электротехникалық жабдықтар, құрылыс техникасы (экскаваторлар), машина жабдықтары, қосалқы бөлшектер, резина және ауыл шаруашылығы техникасы.

Саланы қолдау іс-шаралары. Ішкі және сыртқы нарық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған өндірістер ұйымдастыру, сонымен қатар инновациялық жобалар енгізу мен машина жасаудың қосымша салаларында жоғары технологиялық өндірістер құру мақсатында келесі тетіктерді бұдан әрі дамыту қажет:

Қазақстан Республикасы машина жасау кәсіпорындарына қаржылық-несиелік және инвестициялық қолдау көрсету;

машина жасауды дамытуды ғылыми, ғылыми-техникалық және технологиялық қамтамасыз ету;

машина жасау саласын инновациялық қолдау;

машина жасау инфрақұрылымын дамыту;

лизинг пен франчайзингті меңгеру және дамыту;

машина жасаудың жекелеген қосымша салаларында кластерлер қалыптастыру;

машина жасау кәсіпорындарының бірлескен байланыстарын дамыту;

тиісті шетелдік өндірістермен бірігу.

Өз өнімінің бәсекеге қабілеттілігін және оның ішкі және сыртқы нарықта тұрақты сатылуын қамтамасыз ете алатын кәсіпорындар мен өндірістерді, сонымен қатар машина жасауға арналған шикізат пен материалдар шығаратын кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау 2020 жылға қарай қойылған мақсатқа жету үшін барлық жағдайларды жасауға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ өңдеу өнеркәсібі.

Саланың рөлі. Мұнай-газ өңдеу өнеркәсібі экономиканың тұрақты дамуы мен елдің ұлттық қауіпсіздігінің артуын қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызды сала болып қала береді. Қазақстанның мұнай-газ өңдеу өндірістік қуаттарын сәтті дамытуды қамтамасыз етуге қабілетті артықшылықтары бар. Олардың негізгілері – мұнай және газ шикізат ресурстарының жеткіліктілігі, елдегі МӨЗ мен ГӨЗ жаңғырту мен жабдықтау.

Саланы дамытудың негізгі бағыттары. 2020 жылға дейінгі перспективада сала мұнай өңдеудегі жаңғыртылған өндірістік қуаттар мен қысымдалған газ өндірісі бойынша өндірістік қуаттарды жаңғырту мен салу есебінен мұнайөнімдері мен қысымдалған газ өндіру көлемін арттырады.

Мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу.

2020 жылға қарай елде мұнай өңдеу көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 1,5 есе, бензин өндіру көлемі 2,7 есе, керосин – 2,8 есе, газойлдер – 1,6 есе өседі. Отын ретіндегі мазут өндіру көлемі – 4,7 есе төмендейді. 2020 жылға қарай мұнай өңдеудің республикалық көлеміндегі АМӨЗ үлесі 28,9%, ПМХЗ - 39,9%, ПКОП – 31,6% деңгейінде болады деген болжам бар. 2020 жылға қарай бензин өндірудің республикалық көлеміндегі АМӨЗ үлесі 21,6%, ПМХЗ, ПКОП – 38,5%, керосин - 35,9%; 18,4%; 45,7%, газойлдер - 25,9%; 44,4%; 29,7%, отын ретіндегі мазут сәйкесінше 24,6%; 37,8%; 37,6% деңгейінде болады деген болжам бар (Болжамды схемаға 37-қосымшада көрсетілген).

2020 жылға қарай АМӨЗ-де мұнай өңдеу көлемін 2009 жылмен салыстырғанда 1,4 есе арттыру болжанып отыр. Бензин өндіру 2,9 есе, керосин – 7,8 есе, газойлдер – 1,3 есе көбейіп, отын ретіндегі мазут шығару 9,5 есе азаяды. Өңделген мұнай көлеміне ашық түсті мұнай өнімдерінің шығысы 62,6%, ал қою түсті – 3,0% болады. 2014 жылға қарай АМӨЗ-де ашық түсті мұнай өнімдерін өндіру көлемін арттыратын мұнайды терең өңдеу жөніндегі кешен салынады.

2020 жылға қарай ПМХЗ-де мұнай өңдеу көлемін 2009 жылмен салыстырғанда 1,9 есе арттыру болжанып отыр. Бензин өндіру 2,3 есе, керосин – 2,6 есе, газойлдер – 2,1 есе көбейеді. Отын ретіндегі мазут шығару 3,1 есе азаяды. Өңделген мұнай көлеміне ашық түсті мұнай өнімдерінің шығысы 74,9%, ал қою түсті – 3,4% болады. Бес жыл ішінде зауыт қуаты сағатына 20 мың куб метр сутегін шығару жөніндегі, пропилен және изомеризация жөніндегі құрылғыларды пайдалануға береді. Изомеризация құрылғыларының арқасында шығарылатын мұнай өнімдері халықаралық стандарттарға сәйкес болады. ПМХЗ жаңғырту нәтижесінде қуаттылығы жылына 7,5 млн. тонна мұнайды құрайды. Толық қосылған жағдайда зауытта мұнай өңдеу тереңдігі 87% құрауы мүмкін. Мұнда ашық түсті мұнай өнімдері өндірісінің республикалық көлемінің 40% астамы шығарылатын болады.

2020 жылға қарай ПКОП-та мұнай өңдеу көлемін 2009 жылмен салыстырғанда 1,4 есе арттыру болжанып отыр. Бензин өндіру 3 есе, керосин – 1,9 есе, газойлдер – 1,3 есе көбейеді. Отын ретіндегі мазут шығару 2,5 есе азаяды. Өңделген мұнай көлеміне ашық түсті мұнай өнімдерінің шығысы 81,8%, ал қою түсті – 4,2%, мұнай өңдеудің болжамды тереңдігі 88,9% болады. ПКОП қазіргі өндірісті түбірімен жаңғырту және жаңа технологиялық құрылымдар орнатуды жоспарлауда, бұл шығарылатын өнім сапасын ЕВРО-3 талаптарына дейін жақсартып, АИ-80 маркалы құрамында октаны аз бензин мен құны төмен өнімдерді шығаруды тоқтатып, жаңа өнімдер, соның ішінде

полипропилен мен күкір элементтерін шығаруды меңгеруге, ашық түсті мұнай өнімдерін шығару көлемін арттыруға және зиянды қалдықтар көлемін азайтуға мүмкіндік береді.

Газ өңдеуші зауыттарда газ өңдеу.

Газ саласын бұдан әрі дамыту жолай өндірілетін газдың өнеркәсіптік көлемдерінің күннен кенге арта түсуінің керінісінде газ өңдеуші қуаттардың дамуымен байланысты. Бұл жерде тауарлық құрғақ газ шығару көлемін арттыру есебінен максималды экономикалық пайда алу мен газды барынша толық жою есебінен қоршаған ортаға жүктемені азайту сияқты екі міндет қатарынан шешіледі. Осы мақсаттарда жұмыс істеп тұрған газ өңдеуші зауыттарды, сонымен қатар магистралды газқұбырларына тауарлық құрғақ газ беру мақсатында кен орындарында өндірілетін газды кешенді дайындау жөніндегі құрылғыларды кеңейту және жаңаларын салу жөніндегі жобаларды іске асыру қарастырылуда.

2020 жылға қарай 55,0 млрд.м³/г. көлемінде немесе 2009 жылмен салыстырғанда 2,9 есе артық газ өңдеу, 6,5 млн. тонн/ г қысымдалған газ шығару болжануда.

Жаңажол газ өңдеу зауытын кеңейту. 2010 жылы үшінші кезектегі құрылыс аяқталғаннан кейін зауыт қуаты 5,19 млрд. м³ газ өңдеуді қамтамасыз етеді. Терең өңделген жаңа тауарлар түрлерін – қысымдалған газ (474 мың тонна), түйіршіктелген күкірт (182 мың тонна), 1 млн. тонна газ конденсаты мен 221 мың тонна жеңіл мұнай – шығару мүмкіндігі пайда болады. Үшінші ЖГӨЗ есебінен жолай кездесетін газды толық өңдеу мен жою, зиянды қалдықтарды шығаруды азайту мен мұнай өндірілетін аудандарда экологияны жақсарту, өнім сапасын арттыру, Ақтөбе облысы өнеркәсібі мен халқының арзан газға қажеттіліктерін қамтамасыз ету, өнімді әлемдік нарыққа шығару міндеттері шешіледі.

Табиғи газды қысымдау жөніндегі жобалар. «KazTransGas LNG» АҚ ұсынған «Ранка-Хилш эффектін» пайдаланып газды фракциялар бойынша бөлудің жаңа технологиясы бойынша Ақтөбе облысында табиғи газды қысымдау өндірісін көтеру жобасы болашағы бар жоба болып табылады. Жобаны іске асыру жылына 3,4 млрд. м³ көлемде өндіріп, 56 мың тонна қысымдалған газды қосымша өндіріп, жаңажол газының сапасын стандарттар талаптарына дейін жеткізуге, газдағы күкірт қосындыларының қалдық мөлшерін азайтуға мүмкіндік береді.

Теңіз ГӨЗ қуатын кеңейту. 2020 жылға дейін «Теңізшевройл» СП жолай кездесетін газ өндіру көлемін 22,9 млрд.м³ жеткізеді. Қашаған ГӨЗ құрылысы. Каспий мүйісінде Қашаған кен орнын меңгеруді жүргізетін «Аджип ККО» 2014 жылдан бастап көмірсутектерін өндіруді бастауды жоспарлап отыр. 2020 жылға қарай жыл сайын Қашаған ГӨЗ-де 13 млрд. м³ көлемінде жолай кездесетін газ өңдеу және 2100 тонна қысымдалған газ шығару қарастырылуда.

Газ өңдеу бойынша жаңа құрылғылар салу. Шағын және орта мұнай-газ кен орындарын қарқынды игеру жүргізілуіне байланысты «СП Жайықмұнай» АҚ, БасАыс

Қазақстан облысындағы Теплов-Токарев кенорнында, «Торғай Петролеум» АҚ-та (Қызылорда облысы) және тағы басқа өндірілетін жолай кездесетін газды кешенді дайындау жөніндегі құрылыс жоспарлануда. 2020 жылға қарай жолай кездесетін газды өңдеу жөніндегі ГКДҚ-ның жобалау қуаты 2009 жылмен салыстырғанда 3,2 есе, жылына қысымдалған газ шығару қуаты 5,4 есе өседі.

Саланы дамытудың өңірлік аспектілері.

Мұнайды өңдеу. 2020 жылға дейін мұнайды өңдеу қуаттарын аймақтарға бөлу бүгінгі оқшаулаумен салыстырғанда өзгеріссіз қалады. Негізгі өндірістік қуаттар Атырау, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жинақталады.

Г а з ө н д е у .

Алдағы 10 жылдық кезеңге елдің газ өңдеуші өндіріс қуаттары Қазақстанның газды өңірлерін – Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау – облыстарында жинақталады. Бұл облыстардың үлесіне саланың өндіретін барлық өнімінің 93% артығы тиесілі болады.

Құрылыс материалдарын шығару.

Саланың рөлі. Саланың негізгі рөлі болашаққа сақталады. Ірі жобалар іске асырылуына байланысты болжам жасалып отырған кезеңде құрылыс саласын мердігерлік жұмыстардың, құрылыс материалдарына сандық және сапалық сұраныстың ө с у і к ү т і п т ұ р .

Осыған байланысты салада жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және ішкі сұранысты қамтамасыз етуге және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтуге бағытталған жаңа өндірістер салу іске асырылатын болады.

Саланың басым бағыттары. Цемент саласын дамыту келесі өзара толықтыратын бағыттар бойынша іске асырылатын болады: жұмыс істеп тұрған цемент өндірісін «дымқыл»-дан «құрғақ әдіске» көшіру, жаңа цемент зауыттарын салу кезінде алғы қатардағы энергия үнемдеуші өндіру қуаты жоғары технологияларды қолдану, республиканың цемент зауыттары орналасқан жерден шалғай жатқан аудандарында терминалдар желісін құру. 2020 жылға қарай цементке сұраныс көлемдері 12,5 млн.т, ө н д і р і с 9 , 5 м л н т қ ұ р а й д ы .

Цемент саласын үдетудің басым бағыты клинкерлік-цементтік терминалдар желісін ұйымдастыру болып табылады.

Керамика өндірісінде керамикалық қабырға материалдарын (кірпіш, блоктар, плиткалар) өндірісін жолға қою қажет. Саланың жергілікті шикізатпен (балшық, ерітінділер, бояғыштар, қаптамалар) қамтамасыз етілмеу проблемасын шешу үшін байытылған балшық, байытылған дала шпаты концентрат, бояғыштар мен глазурь өндіретін ұйымдарға мемлекеттік қолдау көрсету қажет. Керамика өнеркәсібінің минералдық-шикізаттық базасы 29 бетониттік балшық кен орындарынан тұрады (қоры 1 м л р д . т о н н а д а н а с а д ы) .

Сала дамуының өңірлік аспектілері. Жақын болашақта «құрғақ» әдіспен цемент шығару ШҚО мен Қарағанды облысында жолға қойылады. 2014 жылға қарай 4 қазіргі

уақытта жұмыс істеп тұрған және 4 жаңа кәсіпорында (Ақмола, ШҚО, Жамбыл, Қарағанды, ОҚО облыстарында) цемент шығару жылына 13,5 тоннаға дейін жеткізіледі. Маңғыстау, Ақтөбе, БҚО, Павлодар және Алматы облыстарында жалпы өндірістік қуаты 2,1 млн. тонна клинкерлік-цементтік терминалдар ұйымдастырылуы тиіс.

2010 – 2011 жылдары Ақмола облысында керамикалық кірпіш шығаратын 2 зауыттың, Ақтөбе облысында керамикалық кірпіш шығаратын 2 зауыттың құрылысын аяқтау жоспарланады.

Ақтөбе облысында шыныпластикалық трубаларды шығару жөніндегі зауыттың үшінші кезегін және Шығыс Қазақстан облысында полиэтилен трубалар шығаратын цехты іске қосу жоспарланады.

2020 жылға дейін келесі өндірістер ұйымдастырылуы тиіс: Қызылорда және Ақтөбе облыстарында шыны; санфаянс, еден жапқыштар, пластик, қасбет материалдарын, ішкі әрлеу, лак бояу материалдарын және тағы басқа.

Ең қажетті 10 құрылыс мамандығына қажеттілік ЖОО-да және Тж/еКБ 139 оқу орнында мамандар дайындау есебінен қанағаттандырылады. Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының оқу орындарында құрылыс индустриясы үшін жаңа құрылыс мамандықтары ашылады.

12-кесте. 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасында құрылыс материалдарының негізгі түрлерін шығарудың болжамдық көлемдері

Атауы	2008 факт	2009 бағалау	болжам						
			2010	2011	2012	2013	2014	2015	2020
Цемент, млн. т	5,2	6,6	7,97	9,35	10,7	12,1	13,5	13,2	17,8
Темірбетон конструкциялар, мың т	2713	3636,3	3010,0	3599,8	4189,5	4779,3	5369,0	5287,9	6923,4
Жылу оқшаулағын плиталар, мың м ³	208,3	286,2	400,0	727,5	1055,0	1382,5	1710,0	2462,5	3645,5
Керамикалық өнім, мың шаршы метр	473,0	135,0	5 300,0	7 556,5	9 813,0	12 069	14 326	16 194	27 199
Лак бояу өнімі, мың т		20,7	25,0	31,2	37,5	43,7	50,0	59,5	96,7

Химия және мұнай химиясы өнеркәсібі

Саланың рөлі. Саланың ел экономикасындағы рөлінің аздығына қарамастан, материалдардың жаңа түрлерін өндретіндіктен, көптеген кәсіпорындардың қалдықтарын жоюға мүмкіндік беретіндіктен, ауыл шаруашылығын үдете дамытуға ықпал ететіндіктен экономиканың барлық салаларында ғылыми-техникалық деңгейді арттыруда маңызды роль атқаруына байланысты болашақта химиялық және мұнай химиясы өнеркәсіп экономиканың базалық салаларының тізіміне кіруі тиіс. Сондықтан да химиялық өнеркәсіп қарқынды дамуы тиіс. Ол елдің халық шаруашылығының басқа салаларында өндіру мен тұтынудың ілгерілеген нарықтық құрылымын қалыптастыруға

2014 жылға қарай химиялық өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 2 есе, 2020 жылға қарай 2,44 есе өсті (13-кесте).

13-кесте. Қазақстан Республикасының химия өнеркәсібіндегі шығарылған өнімнің көлемі

млрд. теңге

	2008 факт	2009 факт	2010 бағалау	Болжам					
				2011	2012	2013	2014	2015	2020
Химиялық өндіріс	110,6	84,6	101,8	118,7	135,7	152,7	205,6	282,0	364,3
Соның ішінде өнім:									
Химиялық	110,3	84,6	101,4	118,4	135,3	152,2	169,1	186,0	208,4
Мұнай химиясы	0,3	0,25	0,3	0,4	0,4	0,5	0,4	1,0	156,0

Отандық химиялық өнеркәсіп өніміне ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін 2010-2014 жылдары Ақмола облысында (Степногор қаласы) өндірістік қуаты жылына 180,0 мың тонна күкірт қышқылын құрайтын күкірт қышқыл зауыты салынады және Павлодар облысында (Павлодар қаласы) мембраналық әдіспен жылына 30,0 мың тонна каустикалық сода, 27,0 мың тонна сұйық хлор, 44,0 мың тонна тұз қышқылын, 7,0 мың тонна натрий гипохлоридін өндіретін хлор мен каустикалық сода өндіру ұйымдастырылды. Жамбыл облысында тау кен байыту фабрикасы мен күкірт қышқыл зауытын, Оңтүстік Қазақстан облысында минералдық тыңайтқыштар шығару зауытын салу жобалары іске асырылатын болады.

2009 жылы «Kazakhstan Petrochemical Industries» (KPI) ЖШС өндірістік қуаты жылына 1,3 млн. тонна біріктірілген газхимиялық кешенінің құрылысы жөніндегі жобаны тікелей іске асыру кезеңіне көшті. Кешенде шикізат ретінде жылында 7 млрд. м3 көлемдегі Теңіз кен орнының газы қолданылатын болады. Құрылыс орнында «Ұлттық мұнай химиясының ықпалдастырылған технопаркі» АЭА құрылды.

Қарастырылып отырған кезеңде келесі нәтижелерді күтуге болады:

Қазақстан көмірсутек шикізатын терең өңдейтін және базалық және жоғары қосымша құны бар мұнай химиясы өнімдер өндіретін әлемдік деңгейдегі мұнай химиясы өндірісін пайдалануға беру;

Мұнай химиясы өндірістердің қызметін қамтамасыз ету үшін қазіргі заманғы инфрақұрылым салу;

Отандық нарықты (2014 жылдан кейін) және экспорттық шығарылымдарды бәсекеге қабілетті мұнай химиясы өнімдерімен, соның ішінде полиэтилен, полипропилен және олардан жасалған өнімдер, сонымен қатар өнеркәсіптік және басқа тұтынушылық бағыттағы қосымша құны жоғары мұнай химиясы өніммен толтыру;

Саланы дамытудың өңірлік аспектілері. Ел химиялық өнеркәсібі салаларының

болашақта орналасуы әр түрлі, соның ішінде аса маңызды роль атқармайтын шикізаттық, энергетикалық, су, тұтынушылық, еңбек, экологиялық, инфрақұрылымдық ф а к т о р л а р д ы ң ы қ п а л ы н д а .

Минералдық тыңайтқыш шығару.

Минералдық тыңайтқыштар шығаруда азот өнеркәсібі жетекші орынға ие. Азотты тыңайтқыштарды өндірудегі басты шикізат табиғи газ болып табылады. Осыған байланысты азотты тыңайтқыштар шығару Батыс Қазақстанда, Маңғыстау облысында ш о ғ ы р л а н д ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Минералдық фосфорлы тыңайтқыштарды шығару елдің оңтүстігінде – Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында – шоғырландырылады осы облыстарда оқшауланған фосфориттер қорларын пайдаланып).

К ү к і р т қ ы ш қ ы л ы н шығару

Өндірістің ерекшелігі дайын өнімнің тасымалдауға жатпайтындығы болып табылады, бұл күкірт қышқылын өндіруді тұтынушы орналасқан жерге бағдарлайды. Осыған байланысты күкірт қышқылын шығару негізгі тұтынушыларға жағын жерлерде (металлургия, уран өндірісі) – Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында – ш о ғ ы р л а н д ы р ы л а д ы .

Каустикалық сода өндірісі. Каустикалық сода өндіруді орналастырудың анықтаушы факторлары шикізаттық және энергетикалық болып табылады. Осыған байланысты каустикалық сода өндіру энергия артылып отыратын Павлодар облысында, өте бай тұз кен орындарының негізінде дамытылады.

К а л и й т ы ң а й т қ ы ш т а р ы н ы ң өндірісі

Орналыстырудың жетекші факторы шикізат болып табылады. Осыған байланысты калий тыңайтқыштарын өндіруді Ақтөбе облысындағы калий тұздары кен орындарында орналастыру маңызды.

Мұнай мен газдың жоғары бөлінісінің өнімдері. Мұнай химиясы өнеркәсіптің аталған қосымша саласын дамыту үшін шикізат көздеріне – мұнай мен газға – жақындық басым рөл атқарады. Жол битумдарын, пластикалық массаларды, хош иісті көмірсутектерін, полиэтиленді, полипропиленді өндіру елдің мұнай-газ аймағында – Маңғыстау және Атырау облыстарында – шоғырландырылады.

Ф а р м а ц е в т и к а л ы қ ө н е р к ә с і п

Саланың рөлі. Саланың ішкі нарықты отандық өндірістің дәрілік заттарымен қамтамасыз етудегі рөлі болашақта өсе түседі. Инвестициялық жобаларды іске асыру отандық өндірісті 600 атауға дейін (1200-ден) кеңейту міндетін шешуге мүмкіндік береді, бұл табиғи болмыстағы дәрілер ассортиментінің 50% қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. 575 жаңа жұмыс орны ашылады. 2020 жылға қарай фармацевтикалық өнім өндірісінің көлемі 2009 жылмен салыстырғанда 3,8 есеге өседі (14-кесте).

14-кесте. Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің болжамы

млн. теңге

Көрсеткіштер	2009 факт	2010 бағалау	Болажам					
			2011	2012	2013	2014	2015	2020
Фармацевтикалық өнім өндірісінің көлемі	14904	13000	14000	25000	30000	36000	38000	48000

Саланың басым бағыттары. Болашақта елдің фармацевтикалық индустриясының басым бағыттары: биотехнологиялық препараттар, эндокриндік-ферменттік және жануар тектес арнайы шикізаттан жасалған дәрілер, өсімдік шикізатынан жасалған субстанциялар мен дайын дәрілік препараттар, органикалық емес және минералдық шикізаттан жасалған субстанциялар мен дайын дәрілік препараттар шығару болады.

Биотехнологиялық препараттар өндірісі бойынша кәсіпорындарда бифидумбактерин, колибактерин, лактобактерин, бификол, профезим, иммозимаз және тағы басқа шығару ойластырылуда. Өсімдік шикізатынан жасалған субстанциялар мен дайын дәрілік препараттар дәрілік заттар номенклатурасын 2-3 есе өсіріп қана қоймай, шикізат пен субстанциялар экспортынан дайын дәрілік заттар экспортына көшуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Қазақстанда тұз бен түрлі минералдық шикізаттардың (циалит, бишофит, гипс, бор, смекти және тағы басқа) кен орындарының және оларды өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың болуы органикалық емес және минералдық шикізаттардан субстанциялар мен дәрілік заттар өндіруді сәтті дамытуға мүмкіндік береді.

Саланың болашақта дамуының өңірлік аспектілері. Жоғарыда аталған бағыттарды іске асыру үшін бірқатар инвестициялық жобаларды іске асыру қажет.

«Астана қаласындағы фармацевтикалық фабрика құрылысы» жобасы шеңберінде халықаралық GMP (Good Manufacturing Practice) стандарттарына сай келетін жаңа өндірістік қуаттар енгізіледі. Өндірістік қуаты жылына 500 млн. таблетканы (таблетка, драже, капсула) құрайды, дәрілік заттар ассортименті- 45 атау. Мұндай өндірісті ұйымдастыру 2016 жылға қарай (бұған қоса Шымкент қаласындағы өндірісті кеңейту) Қазақстан фармацевтикалық нарық үлесінің 20% астамын және жергілікті өндіріс үлесінің 77% астамын игеруге мүмкіндік береді. GMP стандартын енгізу «Химфарм» АҚ-қа жақын шетелдерге өнім шығаруға, Орта Азия аймағына бағдарланған халықаралық компаниялардың өндірістік тапсырыстарын іске асыруға мүмкіндік береді .

«Ромат» фармацевтикалық компаниясы» ЖШС фармацевтикалық және медициналық өнім өндіру бойынша 3 жобаны іске асырады:

медициналық препараттар зауытын (Семей қаласы) қайта жаңғырту жобасы вакциналар, сарысу, антибиотиктер, ферментті препараттар, инфузиялық ерітінділер, галено тасушы және гематоген шығаруды қарастырады;

Павлодар қаласында халықаралық стандарттар бойынша химиялық субстанциялар шығару жөніндегі жаңа фармацевтикалық зауыттың құрылысы. Өнім шығару көлемі

100 млн. АҚШ долларын құрайды.

Павлодар қаласындағы медициналық зауытты жаңғырту. Өзі бұзылатын және өзі блокқа қойылатын шприцтер өндірісі ұйымдастырылды.

GMP стандарттары бойынша Алматы облысының Іле ауданында қатты дәрілік нысандарды шығаратын өндірістік қуаты жылына 1 млрд. таблетка; 100 млн капсула. 20 млн сашеттерді құрайтын жаңа зауыт құрылысын іске асыру жоспарлануда.

«Ромат» фармацевтикалық компаниясы» ЖШС фармацевтикалық және медициналық өнім өндіру жөніндегі 3 жобаны іске асырады:

медициналық препараттар зауытын (Семей қаласы) қайта жаңғырту жобасы вакциналар, сарысу, антибиотиктер, ферментті препараттар, инфузиялық ерітінділер, галено тасушы және гематоген шығаруды қарастырады;

Павлодар қаласында халықаралық стандарттар бойынша химиялық субстанциялар шығару жөніндегі жаңа фармацевтикалық зауыттың құрылысы. Өнім шығару көлемі

100 млн АҚШ долларын құрайды.

Павлодар қаласындағы медициналық зауытты жаңғырту. Өзі бұзылатын және өзі блокқа қойылатын шприцтер өндірісі ұйымдастырылды.

Алматы облысында «Global New Life» ЖШС дәрілік құралдарды шығаратын зауыт құрылысын жоспарлауда.

Маңғыстау облысында «Медикал Фарм «Ча-Кур» ЖШС 2010 жылы сұйық дәрілік нысандар мен медициналық бағыттағы бұйымдар шығаратын фармацевтикалық кешенді іске қосуды жоспарлауда.

«Нобел» Алматы Фармацевтикалық Фабрикасы» АҚ Алматы қаласында қатты дәрілік құралдарды шығаратын өндірісті кеңейту мен жаңғыртуды жоспарлауда.

Жеңіл өнеркәсіп

Саланың рөлі. Перспективада жеңіл өнеркәсіптің экономикалық, әсіресе әлеуметтік рөлі сақталады. Әлеуметтік тиімдігін күшейте отырып, сала өнімін әртараптандыруды және бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ету, шикізатты өңдеу, қосымша құны жоғары өнім шығару және оны сыртқы нарыққа шығару жоспарымен жеңіл өнеркәсіп өніміне ішкі нарық қажеттіліктерін қамтамасыз ету қажет. Жеңіл өнеркәсіп технологиялық жағынан көбінесе аграрлық сектормен байланысты болғандықтан, оның дамуы ауыл шаруашылық өндірісінің маңызды бағыттарының қалпына келуі мен дамуына ықпалын тигізеді.

Саланың басым бағыттары, Саланың дамуының негізгі бағыттары текстиль, тігін, тері және аяқ киім өнеркәсібінде жергілікті шикізатты (мақта, жүн, тері) өңдеу өндірістері болып табылады.

2020 жылға қарай отандық өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндіріс көлемін арттыру жоспарлануда, бұл өз кезегінде ішкі нарықтың шикізатты өңдеу, жоғары қосымша құны бар өнім өндіру есебінен жеңіл өнеркәсіп өнімдеріне ішкі нарық қажеттіліктерін арттырады. Сала өнімі өндірісінің облыстар бөлігіндегі болжамдық көлемдері

Болжамдық схемаға 38-қосымшада көрсетілген.

Текстиль және тігін өндірісінде:

- жуылған жүн (қойдың) шығару 13500 тоннаға жеткізілсін, жүн және трикотаж жіп өндіру 4298,0 тоннаға дейін, жүннен жасалған мата өндірісі 5,0 мың метрге дейін көбейтілсін;

- мақтадан жасалған және трикотаж жіп шығару 63,9 мың тоннаға, ворс және махер мата шығару 197500 мың кв. Метрге жеткізілсін;

- тігін бұйымдарын өндіру 7500 данаға, қалың трикотаж киімдер – 7500 данаға, арнайы мақсаттағы киім – 500 мың данаға дейін, шұлық өнімдері 5 млн сыңарға, дайын текстиль бұйымдары 13,7 млн.данаға, кілемдер мен кілем бұйымдары 536,0 мың шаршы метрге жеткізілсін.

Тері және теріден жасалған бұйымдар өндірісінде:

- теріден былғары жасау 11, 6 мың, сырты тері аяқ киім 2012,0 мың сыңарға жеткізілсін.

Сала дамуының өңірлік аспектілері. Болашақта саланы дамыту мақсатында республика өңірлерінде келесі жобалар іске асырылады:

Шығыс Қазақстан облысында – тері өндірісін «Семей тері-жүн комбинаты» ЖШС-на қайта жаңарту мен жаңғырту;

Оңтүстік Қазақстан облысында «Оңтүстік» АЭА (АО «Ютекс-KZ») аумағында қазіргі заманғы текстиль өндірісін ұйымдастыру, гигроскопиялық мақта мен целлюлоза шығару («Хлопкопром-Целлюлоза» ЖШС), мақта-мата тарақтық және кардтық жіп шығаруды ұйымдастыру («Оху Textile» ЖШС);

Бұған қоса, келесі жобаларды қарастыру мен іске асыру жоспарлануда: Алматы облысында - жүн өңдеудің толық технологиялық циклын ұйымдастыру үшін кәсіпкерлік желі (кластер) құру («Қуат» фабрикасы» ЖШС); Оңтүстік Қазақстан облысында (Шымкент қаласы) – жіп өндіру және дайын өнім шығару.

Агроөнеркәсіп кешені

Саланың перспективалары. 2020 жылға дейін өсімдік шаруашылығы саласын дамытудың негізгі болашағы бар бағыттары ретінде саланы үдемелі аграрлық-индустриялық әртараптандыру, өндіріске қазіргі заманғы ылғалресурстарын үнемдеуші технологиялар енгізу, саланы кеңінен химиялау, айналымға жаңа және қазіргі уақытта қолданылмайтын жерлерді тарту белгіленді.

Өндірілетін өсімдік шаруашылығы өнімін сату кепілдігін қамтамасыз ету және шетел нарығында отандық бидай экспорттаушыларының болуын кеңейту үшін бидай экспортына арналған көлік логистикасын дамыту жөніндегі жобаны іске асыру жалғастырылады.

Мал шаруашылығында негізгі күш саланы өнеркәсіптік негізге көшіру тәсілімен ауылшаруашылық құрылымдарында өнім өндіру көлемін арттыру, асыл тұқымды мал шаруашылығы базасын дамыту, ғылыми негізде ірі ауқымды селекцияны іске асыру

арқылы малдың генетикалық әлеуетін арттыру.

Отандық ветеринарлық-санитарлық ережелерді, сонымен қатар жануарлар денсаулығын қамтамасыз ету принциптерін халықаралық нормаларға сәйкестендіру үрдісін аяқтау ойластырылуда.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласындағы стратегия өндірісті техникалық және технологиялық қайта жарактандыруға, халықаралық сапа стандарттарына көшуге, тауар өндірушілерді өңдеушілермен біріктіруге және азық-түлік кластерлерін құруға және осы негізде шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бұдан әрі арттыруға бағытталатын болады.

Арнайы бағдарламаларды іске асыру, көлік-логистикалық тауар өткізгіш жүйе құру жолымен ел ішінде өңделген өнімдерді сатудың тұрақты нарықтарын құру қажет.

Жоғарыда көрсетілген іс-шаралардан басқа алда ішкі нарықты Кеден одағының шарттарына бейімдеу жұмысы тұр. Негізінен бұл азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, атап айтқанда техникалық регламенттер әзірлеу және олардың орындалуын қатаң бақылау мәселелеріне қатысты.

Балық шаруашылығы сулар мен учаскелерін пайдаланушыларға ұзақ мерзімге бекітіп беру жолымен дамыту қарастырылуда, бұл бекітілген сулар мен учаскелерде балық шаруашылығын дамытуға жеке қаржы мен инвестициялар тарту жұмысын жоспарлы түрде жүргізуге мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді кезеңде балық ресурстарын бұдан әрі жаңғырту жұмыстарын жүргізу, балық ресурстарын мемлекеттік есепке алуды, КТҚС биологиялық ресурстарының жай-күйін бағалау бойынша кешенді теңіз зерттеулерін, мелиорациялық және басқа да жұмыстар жүргізу.

Өңірлердің белгілі мамандануын, сонымен қатар нақты өңірге тән АӨК салаларының басым бағыттарын дамытуға қолда бар ресурстар мен қаржының нақты шоғырлануының болмауын ескере отырып, өңдеу кәсіпорындарын, ауыл шаруашылығы өнімдерін шығарушыларды, инфрақұрылымды, ғылым мен кадрларды біріктіруді қарастыратын өңірлік агрокешендерді әзірлеу қарастырылды.

Басым секторлар бойынша болашақ кезеңге шебер-жоспарларды іске асыру қарастырылуда. Шебер-жоспарлар халықтың тұтыну қажеттілігіне және сыртқы сауда нарығына сәйкес өнімнің қажетті түрлері мен оны өндіру көлемі жөнінде нақты бағдарды анықтауға мүмкіндік береді. Олар кәсіпкерлерге инвестициялық жоспарларды іске асыру кезінде өзінше жол картасының қызметін атқарады.

Көрсетілген іс-шараларды сәтті іске асыру, сонымен қатар агрокешендер өндірістерінің өзара қатынасының жолға қойылуы агроөнеркәсіп кешенін дамудың сапалы жаңа деңгейіне көтеруге, ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығын бекітуге және саланың экспорттық бағдарын күшейтуге мүмкіндік береді, қорытындысында бұл әр өңірдің ауыл тұрғындарының әл-ауқатына қолайлы ықпал етеді.

2020 жылға дейінгі АӨК салалары өнімінің өндірісінің Болжамды схемаға 39-41-

қ о с ы м ш а д а

б е р і л г е н .

Ғ а р ы ш с а л а с ы

Сала рөлі. Елдің негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес экономика мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын жаңа толыққанды ғарыш саласын құру міндеті қойылған.

Ғарыш қызметі өнімі мен қызметтерінің Қазақстан ЖІӨ құрылымында 2005 ж 0,164 %-дан 2020 ж 0,7 % дейін өсуі мүмкін.

2014 жылға қарай республикада ғарыш қызметінің жалпы айналымы шамамен 150 млн. АҚШ долларын, 2017 жылға қарай – 480 млн. АҚШ долларын, 2020 жылға қарай шамамен 900 млн. АҚШ долларын құрайды. Бір мезгілде ғарыш қызметі саласында жоғары технологиялы кәсіпорындар құрылады, атап айтқанда 2020 жылы 30 кәсіпорын құру ойластырылуда.

Ғарыш қызметі өнімдері мен қызметтерін сатудан түсетін экспорттық әлеуетті арттыру 2020 жылға дейін жылына 350-400 млн. АҚШ доллары немесе барлығы 2-2,4 млрд. АҚШ долларын құрайды, соның ішінде:

шетелдік ғарыш аппараттарын ұшырудан – жылына 160-180 млн. АҚШ доллары;

Ғарыш аппараттары мен ғарыш техникасының түрлі элементтерін сатудан – жылына 120-130 млн. АҚШ доллары;

Жерді қашықтықтан зоннтау деректерін – жылына 50-60 млн. АҚШ доллары.

Ғарыш жобаларын іске асырудан жалпы экономикалық тиімділігі жылына 1 млрд. АҚШ долларына дейін жетуі мүмкін.

Соның ішінде, «KazSat» ұлттық байланыс жүйесін пайдалану есебінен халықаралық байланыс операторларынан спутниктік каналдарды жалға алу шығындары 1,5 – есе қысқарады. Бұл жағдайда 2020 жылға дейінгі жалпы экономикалық тиімділік 100-ден 200 млн. АҚШ долларын құрайды.

Дәлдігі жоғары спутниктік навигация жүйесін құру:

қозғалыс бағыттарын оңтайландыру есебінен жылына 2,3 млн. АҚШ долларын немесе 2020 жылға дейін 16,1 млн. АҚШ долларын үнемдеу арқылы көлік құралдары жұмысының тиімділігін арттыруды;

жылына 9,4 млн. АҚШ долларын немесе 2020 жылға дейін 65 млн. АҚШ доллары сомасына қала көлігін барынша тиімді бақылау және басқару нәтижесінде мемлекеттік органдар мен жеке сектордың жұмыс тиімділігін арттыруды;

2020 жылға дейін 55 млн. АҚШ доллары сомасына кемелерді бақылау үшін орнықтыру жүйелерін пайдалану жолымен теңіздегі браконьерлік қызметтен мемлекеттің шығындарын азайтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Болжам жасау мен бағалаудың ғарыштық жүйесін құру мен пайдалану кен орындары қорларын нақты болжау және минералдық-шикізаттық ресурстарға баға беру дәлдігін арттыруға және жер қойнауын пайдаланушылармен келісім-шарттар жасаған кезде мемлекеттің шығындарын болдырмауға мүмкіндік береді.

Ғарыш мониторингінің ұлттық жүйесін дамыту техногенді және табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардан болатын шығынды жылына 6-10 млн. АҚШ долларына немесе 2020 жылға дейін 60-100 млн. АҚШ долларына қысқартуға мүмкіндік береді.

ЖҚЗ ғарыш жүйесін құру шетелдік компаниялардан жер кадастрын және жылжымайтын мүлік кадастрын құру үшін ғарыш түсірілімдерін 150 млн. АҚШ доллары сомасына сатып алудан бас тартуға мүмкіндік береді. Жылына 8 млн. АҚШ доллары немесе 2020 жылға дейін 100 млн. АҚШ доллары сомасына мұнай-газ кен орындарының ғарыш мониторингі жүйесін енгізу есебінен мұнай-газ саласын бақылаудың және мониторингінің тиімділігін арттырады.

Экономиканың, ғылымның салаларында, халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздікті бекіту және қорғаныс салаларында ғарыш жүйелері мен технологияларын пайдаланумен байланысты түрлі салаларда жұмыс істейтін мамандардың жалпы саны 2020 жылға қарай шамамен алғанда 80 мыңдай адамды құрауы мүмкін.

Саланың басым бағыттары:

ғылыми-технологиялық бағыттағы ғарыш жүйесін құру;

ғарыш аппараттарын өндірудің жобалау-конструкторлық және технологиялық базасын құру, бұл ҒТ ЖСК, ҒА АКТБ жер үсті инфрақұрылымының объектілерін салуды, сонымен қатар құрудың экономикалық маңыздылығын қарастырады. Ғарыш технологияларының ұлттық зертханасын, ғарыш аппараттары үшін құрамдас бөліктерін шығаратын кәсіпорындар мамандарының біліктілігін арттыру жөніндегі оқу орталығын, космонавтика мен әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің мұражайын құру;

Қазақстан аумағында жер қыртысының жер үсті-ғарыштық геодинамикалық және геофизикалық мониторинг жүйесін құру;

Ғарыш ауа-райы мониторингі мен болжауының қазақстандық көп деңгейлі жүйесін құру ;

Ғарыш мониторингінің ұлттық жүйесін (ҒМҰЖ) дамыту, бұл ҒМҰЖ базалық инфрақұрылымын дамытуды, ҒМҰЖ тақырыптық (салалық) қосымша жүйелерін құруды қарастырады ;

Қазақстан Республикасы жоғары спутниктік навигация жүйесінің (ЖСНЖ) жер үсті инфрақұрылымын құру ;

Жақын және алыс шетелдің - тиісті оқу орындары мен ғылыми орталықтарында ғарыш қызметінің инженерлік-техникалық және ғылыми кадрларын дайындау, біліктіліктерін арттыру ;

Ғарыш саласының келісім-шарттық-құқықтық және нормативтік құқықтық базасын құру .

Сала дамуының өңірлік аспектілері. «Байқоңыр» кешенінің ғылыми-техникалық, өндірістік және коммерциялық әлеуеті дамытылады және оның негізінде жылдық айналымы шамамен 900 млн. АҚШ доллары болатын ғарыш кластері құрылады.

Ғарыш бағдарламаларын іске асырудың маңызды мәселелерінің бірі Астана қаласында қосымша құны жоғары өнімдер шығаратын жоғары технологиялық кәсіпорындар құру, ғарыш қызметінің ең технологиялы салаларында инженер-техник және жоғары білікті жұмысшылар үшін 8000-дай қосымша жұмыс орындарын құру болады.

Нәтижелер. Ғарыш жобаларын сәтті іске асырған жағдайда: 2014 жылға қарай ғарыш технологияларына (ҒТ) тапсырыс беру технологиялары меңгеріледі, ҒТ құру мен пайдалану мәселелері бойынша ғарыш технологияларының трансферті мен мамандарды оқыту іске асырылады;

2017 жылға қарай отандық кәсіпорындарда ҒТ шығару және оларды қолдану технологиялары меңгеріледі;

2020 жылға қарай шығарылған ҒА, РКТ және қызметтердің әлемдік деңгейіне қол жеткізіледі, Қазақстан ғарыш қызметтерінің әлемдік нарығында өз орнына ие болады.

Туристік сала

Саланың рөлі. Ұсынылған жобаларды іске асырудан мемлекет тура және жанама пайда табады.

Жобаны іске асырудан келетін тура табыстарға жататындар: - ішкі туризм бойынша 800 адамға және шығыс туризмі бойынша қосымша 2 млн дейін адамға туристік қызметтер көлемін арттыру шеңберінде елдің экспорттық әлеуетінің өсуіне ықпал ету;

Қызмет көрсету және туризмге шектес салаларда 100 мың орынға дейін жаңа қосымша жұмыс орындарын ашу;

Туристік қызметтен табыс көлемін 12% арттыру.

Жанама пайдаға туризм саласымен қатар жүретін кәдесый өндірісі мен қолөнердің дамуына байланысты өңдеу саласындағы шағын кәсіпкерлік, сонымен қатар жол бойы инфрақұрылымының дамуы сияқты салаларды дамыту жатады «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі өтетін облыстарда жалпы алғанда 4,6 млн. адам тұрады. Аталған адамдардың көпшілігі туристік орталық тар мен жол бойын инфрақұрылымы объектілерін құру өніндегі ұсынылған жобаларға қатысып, өзінің өмір сапасын көтере алады.

Сапалы қызмет көрсетуді ұйымдастыру үшін автомагистраль бойында төмендегі санаттарға сәйкес келетін жол бойын инфрақұрылымының 75 объектісін салу ұсынылады:

- әр 600 км сайын «А» санатты 8 туристік кешен;
- әр 200 км сайын «В» санатты 8 туристік жол бойы кешені;
- әр 80 км сайын «С» санатты 24 қысқа мерзімді көмек көрсету пункті;
- әр 40 км сайын «Д» санатты 35 техникалық қызмет көрсету станциясы.

Негізгі байланыстырушы буын жоғары жылдамдықты автомагистраль бойында жоспарланған туристік орталықтар мен кешендер болады, ал жолаушылар ағыны жол

бойын инфрақұрылымының барлық объектілерінің бірігуін қамтамасыз етеді және Қазақстанның ұлттық туристік кластерінің базалық құрамдас бөлігі болады.

Жоспарланған жобаларды тиісті іске асырған жағдайда олар мемлекеттік экономика, жұмыспен қамту және әлеуметтік әл-ауқат бөлігінде тура да, жанама да артықшылықтарға ие болады. Аталған жобалардың артықшылықтарына:

елдің қазіргі және күтілетін табысына шетелдік көздерден табысты туризм индустриясынан үлес, оның ішінде өңірлер мен облыс бюджеттеріне табыстар;

өңірлік отандық туризмді дамыту, сонымен қатар халықаралық туризм құру;

өңірлік экономика деңгейін көтеру, тікелей туристік пункттер мен шектес аудандарда экономикалық қызметті күшейту;

туризм индустриясында және онымен байланысты көңіл көтеру, бос уақытты өткізу және қызмет көрсету индустриясы салаларында қосымша жұмыс орындарын құру, өңірлердің жергілікті тұрғындарын еңбекпен қамту;

туризм индустриясы мен қосалқы қызметтер саласында шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндіктер жасау, жаңа экономикалық қызметті қолдау үшін ұмытылған әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту;

Саланың басым бағыттары. Алдағы 5 жылға туристік қызметтің негізгі мақсаты туризм индустриясының бәсекеге қабілеттілігін және Қазақстанның туристік бағыттағы тартымдылығын арттыру. 2015 жылға қарай туристік қызмет саласында қызмет көрсететін ұйымдардың жиынтық табысы 2008 жылмен салыстырғанда 12% кем болмайды деп күтілуде (15-кесте).

15-кесте 2020 жылға дейін туристік саланы дамытудың болжамдық көрсеткіштері

Нысаналы индикатор:		2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2020
Туристік қызмет саласында қызмет көрсететін ұйымдардың жиынтық табысын 2020 жылы 2008 жылғы деңгейден кем дегенде 30 % арттыру.	%	22,5	33,3	44,7	77,5	99,5	112,0	114,5	330,0
	млн. теңге	82,9	668,0	669,0	770,4	771,5	774,0	775,5	885,4

Саланы болашақта дамытудың өңірлік аспектілері. Туристік қызмет негізгі рекреациялық өңірлерге, республиканың көлік-коммуникациялық инфрақұрылымы дамыған мәдени-тарихи және іскерлік орталықтарына жақын құрылады. Туризм саласындағы ірі жобалар – Шымбұлақ курортын (Алматы қаласы) дамыту, «Бурабай» туристік-көңіл көтеру кешенін салу (Ақмола облысы) болып табылады. Болашағы бар жобаларға Алматы облысында Жана Іле халықаралық туристік орталығын салу және Маңғыстау облысында «Кендерлі» халықаралық курортын салу жатады.

16-кесте. Жобалар бойынша жұмыс орындарының саны

Жоба	Іске асыру кезеңі	Еңбекпен қамтылатындар саны 2007-2015 жылдары	Еңбекпен қамтылатындар саны 2015-2020 жылдары
«Жана Іле» туристік орталығы	2011-2020	1 000 – 1 500	20 000
«Бурабай» курортын дамыту	2009-2021	-	3 000
«Кендерлі» курортын дамыту	2007-2015	15 000	-

Медеу-Шымбұлақ	2007-2011	500	500
Қорытынды		~17 000	~23 500

В И Э , а т о м ө н е р к ә с і б і

Жел энергиясы әлеуетін пайдалану. Қайта жаңғыртылатын энергия көздерінің ең болашағы бар және дамып келе жатқан түрі электр энергиясы болып табылады.

Жел электр станцияларын орнатудың болжамды аудандарына Астана қаласы, Ақмола облысы, Алматы облысының Жоңғар қақпасы және Шелек дәлізі жатады. Бірінші кезеңде алынатын электр энергиясының қуаты 50-11МВт-ты құрауы мүмкін. 2015 жылға қарай бекітілген өндірістік қуаты 125 МВт 400 млн. Квт сағат энергия өндіретін желқұрылғыларының құрылысы жоспарлануда.

Қазақстан ЭС электроэнергиясының теңгерімінде шағын СЭС мен ЖЭС 2015 жылдың деңгейінде небары 100 млн.КВТ сағат орын алса, 2020 жылдың деңгейінде бұл көрсеткіш 300 кВТ сағатқа жетеді.

ЖЭС беретін электр энергиясының құны инвестицияларды қайтаруды есепке алғанда шамамен кВт сағат - 8-12 теңге болуы мүмкін және электр энергиясына тарифтер көтерілуі нәтижесінде электр энергиясы нарығында бәсекеге қабілетті бола алады. Сондықтан ЖЭ өзге түрлері сияқты электр энергиясын дамытуға инвестициялар тарту үшін ЖЭ пайдалануды экономикалық ынталандыру жөніндегі іс-шаралар бекітілген тиісті заңнама қабылдануы қажет.

Қол жетімділігі және іске асыру мүмкіндігі жағынан Оңтүстік Қазақстандағы Жоңғар қақпасы, Батыс Қазақстандағы Мұғалжар таулары мен Маңғыстау аудандарының артықшылығы көп. Электр желілерінің жақындығы, жел маусымының электр энергиясы қажеттілігімен өзара сәйкес келуі, сонымен қатар электр энергиясына сұраныстың жергілікті нарқы осы аудандарда жел энергиясын пайдалануды тартымды етіп көрсетеді.

Жел энергетикасын дамытудағы өзекті міндет жел қозғалтқыштары мен ЖЭС құрамды бөліктерін көптеп шығару болып табылады. Болжамды болашақта жел электрэнергиясы дамыған жағдайда әлемде ЖЭС салуға жеке капитал құюлар біршама қысқартылады ЖЭС-тің толық зауыттық дайындықтағы отандық өндірісі капитал құю мен оның салдары ретінде ЖЭС-та электр энергиясын өндіру құнын біршама арзандатуға мүмкіндік берер еді. Қарағандыдағы жел двигателдерін шығаратын зауытта ЖЭ шығару және сервистік қызмет көрсету бойынша басты кәсіпорын құруға болар еді.

Күн энергиясы. Гелиожүйелер. Елдің оңтүстік өңірлерінде күн энергиясының әлеуеті сағатына 2500-3000 күн сағаттарына дейін жетеді. Аспан ашық болған жағдайда горизанталды жазыққа күннің жиынтық энергиясы 2000-1600 кВт сағат/ шаршы метр шегінде болады.

Қазақстанда күн энергиясы барлық жерлерде: Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында жылу беруге және ыстық

сумен қамтамасыз етуге қолданыла алады, қалған облыстарда күн энергиясын жылу бермейтін мезгілде ыстық сумен қамтамасыз етуге қолдануға болады.

Қуаттылығы 10 кВт жабдықты шағын қалалар мен ауылдардағы жеке үй иелері, сондай-ақ шағын ғана бизнесі бар жеке кәсіпкерлер қолдана алады.

Атом саласы. Қазақстанда атом саласын 2020 жылға дейін дамытудың объективті алғышарттары:

атом өнеркәсібін әрі қарай дамыту;
атом энергетикасын құру.

Бұл ретте саланың келесі міндеттері мен іске асырылуының тетіктері бар:

1. Атом өнеркәсібін дамыту.

1.1. Уранды барлау мен өндіру:

1.2. Ядролық отын циклының тік бағытта ықпалдастырылған кешенін құру:
ядролық отын циклының (ЯОЦ) перспективалы өнеркәсіптік технологияларын
енгізу;

жаңа өндірістерді ұйымдастыру, оның ішінде ядрелік техника материалдарын,
отынның перспективалы түрлерінен отын таблеткаларын, Қазақстандағы атом
энергетикасының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін батыс дизайндегі твэлдер мен
жылу бөлу жиынтықтарын (ЖБЖ) шығару.

2. Атом энергетикасын құру

2.1. Қазақстан аумағында АЭС орналастыру мен салу

2.2. Атом саласында қолданбалы ғылымды зерттеу:
қолданбалы зерттеулерге арналған атом саласының эксперименталдық базасын
жетілдіру;

атом саласында қолданбалы ғылыми зерттеулерді өткізу.

Экономика салаларының даму перспективалары электр энергиясы, көлік және
сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымындағы ағымдағы және перспективалы
қажеттіліктерді қамтамасыз етуге тікелей бағытталған.

Отандық кәсіпорындардың тұрақты қызметі мен дамуы үшін инженерлік-көлік
инфрақұрылымының даму перспективаларымен бірге салалық бағдарламалардың
тығыз өзара байланысы қажет.

Салалық схемалар Болжамды схемаға 89 – 100-қосымшаларда көрсетілген.

4.2. Инфрақұрылым объектілерін дамыту схемасы
Көліктік-коммуникациялық инфрақұрылым.

2020 жылға қарай Қазақстан экономикасы 2009 жылмен салыстырғанда нақты үш
есеге өседі. Ел экономикасының негізгі салаларының жедел дамуы көлік
инфрақұрылымының құрамдас бөліктерінің тиімділігінің артуы мен бірігуінің негізінде
дамитын көліктің барлық түрлерімен тасымалдау көлемінің артуына әкеледі.

Нәтижесінде шикізаттық емес сектордың өзіндік құнының құрылымында көліктік
шығындардың үлесі кем дегенде 15%-ға қысқарады.

Болашақ орналастыру принциптері. Көлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін болашақта орналастыру мен дамыту келесі принциптерге сүйенетін болады :

қоршаған ортаны сақтау (қоршаған ортаның жалпы бүлінуіндегі көліктің үлесін азайту) ;

экономикалық өсу (экономиканың жүк сыйымдылығын төмендету, мемлекет көзқарасы бойынша көлік салаларының өтімділігін арттыру);

халықтың әлеуметтік әл-ауқаты (көліктік және коммуникациялық дискриминацияны толығымен жою) ;

геосаяси әсер (елдің транзиттік жағдайының пайдасын барынша толық пайдалану және желінің жекелеген учаскелері қатардан шыққан жағдайда төтенше жағдайлар болу мүмкіндігін азайту) .

Жаңа көлік дәліздерін жобалауға қойылатын қазіргі заманғы талаптар орын ауыстыру жылдамдығын күшейтуге мүмкіндік береді және бір өңірден небары шалғай өңірлерге тасылатын ішкі транзиттік жүктерді қиыстыру және оңтайландыру мүмкіндіктерін кеңейтеді. 2020 жылға дейін Қазақстан көлігі дамуының негізгі көрсеткіштері Болжамды схемаға 42-қосымшада берілген.

Темір жол көлігі. Көліктің бұл түрі болашақта да ел ішінде, сондай-ақ оның аумағынан тысқары жерлерде жүк тасымалдауды қамтамасыз етудегі жетекші рөлін сақтап қалады .

Басымдылыққа қолданыстағы темір жолдарды дамыту және өнеркәсіптік және өңірлік орталықтарды өзара байланыстыратын және ҚР аумағы арқылы өтетін халықаралық транзиттік дәліздердің бөлігі болып табылатын жаңа жолдар салу жатады.

2014 жылға дейін :

Қорғас – Жетіген учаскесін салу (2009 – 2012 жылдар), іске асырылуы Қытаймен темір жол байланысының екінші шекаралық пунктін ашуға мүмкіндік береді. Ақтайдан Қытайға дейінгі арақашықтық 500 км-ге қысқарады;

Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шекара учаскесін салу (2009 – 2011 жылдар); қазіргі магистральдармен салыстырғанда жолды 600 км-ден астамға қысқартады;

Халықаралық көлік дәліздерін дамыту шараларымен қоса, темір жол көлік желісін өңірлік дамыту, сонымен қатар ішкі темір жол дәліздерін оңтайландыру мен дамыту басымдылыққа ие болады. 2020 жылға қарай 1441 км жаңа темір жол желілерін салу жоспарлануда. Электрофикацияланған темір жол үлесі барлық ұзындықтың кем дегенде 40% құрайды .

Бұдан басқа, инфрақұрылым объектілері негізгі қорларын кезең-кезеңмен жаңарту және қолданыстағы темір жол желілерін қауіпсіздік пен қозғалыс жылдамдығының әлемдік стандарттарына сәйкес келтіру ойластырылуда.

Жоспарланып отырған іс-шаралар Қазақстан аумағы бойынша жүктерді тасымалдау көлемін 2009 жылмен салыстырғанда 247,7 млн. Тоннадан 2020 жылға қарай 289 млн.

тоннаға дейін және жүк айналымын 2009 ж 197,3 млрд. Ткм-нан 2020 ж 244 млрд.ткм-ға жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақстан аумағы бойынша транзиттік тасымалдау көлемі 2 еседен астамға көбейеді. Темір жол көлігі негізгі активтерінің тозуы 2010 жылмен салыстырғанда 40% дейін төмендетіледі. Экспорттық өнімнің өзіндік құнындағы темір жол көлігімен тасымалдау үлесі 20%-ға төмендетіледі. Жүк және жолаушылар тасымалы саласында әр оператордың нарықтағы үлесі кем дегенде 7% болатын 5 немесе одан да көп тәуелсіз операторлар қызмет атқарады.

2020 жылға дейін жүк айналымының өсуі тасымалдау процесін жетілдіру, сонымен қатар темір жол учаскелерінің өткізу қабілеттіліктерін арттыру есебінен қамтамасыз етіледі. Дамудың ерекше маңызды шарты темір жолмен жүк қозғалысының орташа жылдамдығын қазіргі тәулігіне 300 км-ден тәулігіне 400 км-ге және одан жоғарыға жеткізу (ҚХР-да бұл көрсеткіш тәулігіне 800 км-ні құрайды).

Дамудың негізгі шарты темір жолмен жүктер қозғалысының орташа жылдамдығын қазіргі тәулігіне 300 км-ден тәулігіне 400 км-ге арттыру (ҚХР-да бұл көрсеткіш 800 км - н і к ұ р а й д ы) .

Жоспарланып отырған жолдың жоғарғы құрылымын жаңғырту мен жаңарту, диагностикалаудың жасанды құрылғылары мен құралдарын жаңғырту және қорғау құралдарын жаңарту нәтижесінде

жүк поездарының жылдамдығы 52 км/сағ дейін 22%;
жолаушылар поездарының жылдамдығы 87 км/сағ дейін 82%;
локомотивтердің өндірімділігін 15%;
вагондардың өндірімділігін 30% көтеру жоспарлануда.

А в т о м о б и л ь ж о л к ө л і г і

Елді автомобилизациялау деңгейінің өсіп келе жатқанын ескерсек, қала ішілік және қала аралық қатынаста маңызы арта беретін автомобиль көлігі ел көлік кешенінің маңызды құрамды бөлігінің бірі болып қала береді. Интермодалдық жүйелердің дамуымен, азия өңірлерінің ұзақ көлік бағыттарында контрейлерлік тасымалдаулардың ұйымдастырылуымен транзиттік тауар ағымына қызмет көрсетуде пайдалану перспективасы кеңейе түсуде.

Транзиттік тасымалдаулар көлемін өсірудің нақты резерві Кедендік одақтың, кейіннен Бірыңғай көлік кеңестігінің құрылуына байланысты Орта Азия елдеріне Украина, Белоруссия, Кавказ елдері мен Европа елдерінен әкелінетін жүктерді қазақстандық желіге ауыстыру болып табылады.

Сала алдында тұрған негізгі міндет – жолдардың техникалық параметрлерін қауіпсіздіктің, салмақ жүктемесінің, қарқынды қозғалыстың бүгінгі күнгі стандарттарына жеткізу және ұстап тұру болып табылады. Бұған қоса, елдің жол желісін толықтыру үшін шектес мемлекеттерге баратын жолдарда кейбір байланыстырушы учаскелер салу қажет: (Бейнеу – Ақжігіт - Нөкіс, Қызылорда – Үшқұдық – Бұқара, Ақтау – Бекдаш – Түркменбашы, Ұзынағаш – Быстровка (Кемин),

сонымен қатар Ресейге шығатын бірқатар жолдар.

Қолдағы бар ресурстарды жұмылдыру қажет автомобиль жолы саласының басым бағыттары төмендегідей анықталды:

осыдан бұрынғы кезеңде басталған объектілердің құрылысын аяқтау және оңалту; жүктемесі жоғары бағыттардағы облысаралық және өңіраралық көлік байланыстарын қамтамасыз ететін бұзылған учаскелерді қайта қалпына келтіру және к ү р д е л і ж ө н д е у ;

апатты жағдайдағы көпірлерді қалпына келтіру; болашағы бар және транзитті бағыттардағы жекелеген жол учаскелерінің құрылысы ;

алдын алу профилактикалық жөндеу жұмыстарының, сонымен қатар жолдарды қыста ұстау жұмысының көлемін арттыру;

Автомобиль жолдардың еуропа және азия жүйелеріне біріктірілген 6 негізгі халықаралық транзиттік дәліздерді қалпына келтіруді аяқтау қажет. Олар:

барлығы бірігіп «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолының қазақстандық бөлігін құрайтын Ташкент – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас және Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал – Самара;

Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл;
Астрахан – Атырау – Ақтау – Түрікменстан шекарасы;

Омск – Павлодар – Семей – Майқапшағай;

Астана – Қостанай – Челябинск – Екатеринбург;

Келешекте Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік бұдан әрі өсетінін ескеріп, аралық тарифті, жеткізу жылдамдығын, жүктердің сақталуын, ақпараттық қолдауды және шекара және кеден қызметтері тарапынан әкімшілік тосқауылдардың болмауын қамтамасыз ететін транзиттік дәліздердің кешенді дамыту қажет.

Ішкі және сырттан келетін туризмді және кластерлік бастамаларды дамыту мақсатында өңірлік автомобильдік қатынастар дамытылады. Қазақстан Республикасының тарихи, мәдени және табиғи туристік объектілеріне жетуді қамтамасыз ететін жалпы қолданыстағы жылдамдыққа арналған жолдарды қайта қалпына келтіру мен салу ойластырылуда. Олар:

Щучье – Бурабай курорттық аймағына апаратын жол;
Таскескен – Бахты (Қытай Халық Республикасының шекарасы);

А л м а т ы – Ө с к е м е н ;

Ү ш а р а л – Д о с т ы қ ;

Қызылорда – Жезқазған – Павлодар – Россия шекарасы;

Жезқазған – Петропавл – Ресей Федерациясының шекарасы;

Бейнеу – Ақжігіт – Өзбекстан шекарасы.

2010-2014 жылдар арасындағы кезеңде республикалық маңызы бар 7912 км жол салу мен қайта қалпына келтіру және 9951 км жолды жөндеу жоспарлануда. 632 км

автомобиль жолының күрделі жөндеу, 9319 км автожолды орташа жөндеу жоспарлануда. Сонымен қатар жергілікті автожолдар желісінің 12 485 км-ні жөндеу-қалпына келтіруді жүргізу ойластырылуда. Барлығы 2010-2020 жылдарда республикалық маңызы бар 16,0 км, оның ішінде 1,6 мың км автожолдар салынады және қайта қалпына келтіріледі.

Бұл шаралар ел арқылы автомобильмен жүк тасымалдаудың көлемін 2009 ж 1,69 млрд. тоннадан 2020 жылға қарай 2213,8 млн. тоннаға дейін өсіруге, жүк айналымын 2009 ж 66,3 млрд. ткм-нан 2020 ж 101,9 млрд. ткм-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

2020 жылға қарай республикада көліктің барлық түрлері барлық көлік кешенінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ете отырып, бір-бірін толықтыратын жүк тасымалдау мен жолаушылар тасымалының ерекше жүйесі құрылуы тиіс. Көлік түрлерінің арасындағы технологиялық қарым-қатынасты Қазақстанның ірі қалаларын байланыстыратын және сыртқы нарыққа шығуды қамтамасыз ететін маңызды көлік жолдарының түйіскен жерлерінде пайда болатын көлік-логистикалық орталықтар (КЛО) қамтамасыз ететін болады.

КЛО құру «Батыс-Шығыс» және «Солтүстік-Оңтүстік» бағыттары бойынша келесі тіреу нүктелерін дамыту жолымен іске асырылатын болады:

«Шығыс қақпа» («Достық» станциясы, Достық-Ақтоғай жолының учаскесі, «Қорғас» ХШБЮ, Сарыөзек-Қорғас жолының учаскесі, Алматы, Семей қаласындағы Аэропорттарының жүккөлік әлеуеті.

«Батыс қақпа» - Ақтөбе, Орал, Ақтау қалаларында КЛО құру Атырау және Ақтау қалалары аэропорттарын, Ақтау портын қайта қалпына келтіру, Құрық және Баутино пункттерінде порттық инфрақұрылым салу.

«Орталық торап» Астана қаласында. Астана қаласындағы КЛО құрамына индустриялық парк аумағындағы «А» класты 3 КЛО кіреді.

«Солтүстік қақпа» Петропавл қаласында КЛО құру Қорған (РФ) – Петропавл (ҚР) шекаралық ынтымақтастығының халықаралық орталығы шеңберінде «құрғақ порт» құру ойластырылуда.

«Оңтүстік қақпа» (Алматы, Шымкент қалаларында КЛО құру) Алматы және Шымкент қалаларында қазіргі заманғы ақпараттық жүйелер мен технологиялар қолданылған халықаралық стандарттарға сәйкес терминалдық парк тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Жергілікті мәндегі автомобиль жолдарын дамыту саласында жергілікті атқарушы органдар жергілікті мәндегі автомобиль жолдарының техникалық жағдайына тұрақты түрде түгендеу жүргізу және оның қорытындылары бойынша қаржы заңнамасына сәйкес бірінші кезекте қалпына келтірілуі тиіс жолдың басым учаскелерін анықтау қажет.

Әуе көлігі.

Азаматтық авиация саласында әуе көлігін көлік процесінің қатысушыларына өзара

қарым-қатынаста жүк және халық тасымалдау процесінде көлік түрлерін араластыру бойынша кең мүмкіндіктер беру бөлігінде темір жол және автомобиль бағыттарымен біріктіру мәселесі басым бағыт болады.

Көлік процестерінің тиімділігін арттыру шараларының бірі ретінде халықаралық және ішкі транзиттік дәліздерге жақын өңірлерде орналасқан, қолайлы географиялық жағдайдағы көлік ауыстыру және жүкті басқа көлікке тиеудің ірі түйіндік транзиттік мультимодалдық тасымалдаулардың хаб-аэропорттар құрылады.

Ірі түйіндік хабтарға Астана, Алматы, Атырау және Ақтөбе қалаларының аэропорттары қайта құрылады. Олар халықаралық стандарттар бойынша сервистің кең тізімі беріле отырып, қайта жабдықталады, бұл оларға көлік процесі қатысушыларының транзиттік тасымалдауларын оңтайландыруда негізгі роль атқарады.

2020 жылға жоспарланған Қазақстан аумағы бойынша жүктерді транзиттік тасымалдау көлемін 2009 жылы 22,0 мың тоннадан 2020ж 30,6 мың тоннаға жеткізу республика әуе паркін жаңарту мәселесіне басымдылық береді.

Баламалы көлік қатынасы жоқ орталықтан жалғай жатқан аумақтарға қызмет көрсету мақсатында жергілікті аэродромдар желісі құрылады, соның ішінде оларды салу, ұшу-қону жолақтары мен аэродромдық алаңдарды қалпына келтіру және жыл бойы жеңіл әуе кемелері мен тікұшақтарды қабылдау-жіберу үшін оларды ұстау ж а т а д ы .

2010 жылы Ақтау қаласында халықаралық жолаушылар терминалы салынады және аэропортта ұшу-қондыру жолағы қалпына келтіріледі, 2014 жылға қарай Қызылорда (2010 жылы), Көкшетау (2011 жылы), Семей, Қостанай (2012 жылы), Петропавл, Алматы (2010 жылы), Атырау (2012 жылы), Шымкент (2012 жылы), Талдықорған (2013 жылы), Орал (2013 жылы), Астана, Өскемен (2013 жылы) қалаларындағы 12 аэропортта жолаушылар және жүк терминалдары қайта құрылып, Кендерлі жаңа халықаралық аэропортының құрылысы басталады. 2020 жылға қарай республиканың 15 әуежайы ИКАО санатына сәйкес келетін болады, оның 4-і «хаб» - халықаралық әуежайлар.

С у к ө л і г і .

Су көлігі саласын дамытудың басым бағыттары порттық және қызмет көрсету инфрақұрылымын дамыту, сауда флотын қалыптастыру, кадр әлеуетін дамыту және кеме жүру қауіпсіздігі болып қала береді.

Су көлігін дамыту және тиімді пайдалану кеме жүргізу үшін жасалатын жағдайларға тікелей тәуелді. Шульба шлюзі мен Орал-Каспий каналын пайдалануға беру Ертіс өзенінің қазақстандық бөлігінің барлық бойында жүктерді кедергісіз тасымалдауға және Солтүстік Каспийде жүк тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 2014 жылға қарай Шульба шлюзін бұдан әрі жаңғырту және Өскемен, Бұқтырма шлюздерін жабдықтау жоспарлануда.

Ақтау портының өзінің жобалық қуатына жетуіне байланысты, солтүстік бағытта

Ақтау портын кеңейту бойынша іс-шаралар өткізіледі. Негізінен мол пайдалануға енгізіліп, 2010 жылдың соңына дейін толқын бұзғышының құрылысы аяқталады. Жоба шеңберінде қорғаныс су техникалық құрылыстарды салу аяқталып, сонымен қатар акваторияда судың түбін тереңдету жұмыстары өткізіледі.

КТҚС белсенді түрде игеру теңіз операцияларына қолдау көрсету базасы және мұнай-газ компанияларының жүктері үшін аялдама ретінде пайдаланып келе жатқан Баутино және Құрық порттарының өндірістік инфрақұрылымын теңіз терминалдарының операторларымен бұдан әрі дамытылуы көзделуде. Құрық портында ірі кеме жасау-кеме жөндеу зауытын салу жоспарланып отыр. Сонымен қатар «Кеппел Қазақстан» компаниясының металл құрылыстары зауытының өндірістік алаңдарын кеңейту және металл құрылыстарының жаңа үш зауытын салу жоспарланып отыр.

Осы жобаларды іске асыру кезінде қазақстандық кеме иеленушілердің кемелерді жөндеу мен салудағы 40% қажеттіліктері қанағаттандырылады.

А.Бекович-Черкасск бұғазында (Құрық порты) және Урал – Каспий бассейніндегі (Атырау порты) кемелердің қозғалысын басқару жүйесін құру, Ақтау порты кемелерінің қозғалысын басқару жүйесін жетілдіру және кемелердің қозғалысын басқарудың локальды жүйелерін құру жоспарланып отыр.

Болжамдық мәліметтерге сәйкес, жоғарыда аталған іс-шараларды орындау 2012 жылға таман өзен көлігімен тасымалдау көлемін жылына 1,2 млн.тонна жүкке дейін, ал республиканың теңіз порттарындағы жүктердің тасымалын 2020 жылға қарай 13,2 млн. тоннаға жеткізеді.

Қ ұ б ы р к ө л і г і

Республиканың оңтүстік аудандарының газға деген сұранысын тұрақты түрде қамтамасыз ету, импорттық газға деген тәуелділіктен арылу және елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ қазақстандық мұнай-газ шикізатының Еуропа мен Азиядағы тұтынушыларға тиімді тасымалдануын қамтамасыз ету – алдағы онжылдықта құбыр көлігінің даму басымдықтарына айналады.

Мұнай құбырларының 2020 жылға дейін даму болашағы.

Құбырлық көліктің дамуы мұнайды өндіру көлемі мен инвестицияларға тікелей байланысты болады. Теңіз және Қарашығанақ кен орындарында тұрақты өсіп отырған өндірілген мұнай көлемін экспорттау үшін екі тармақтағы жалпы өткізу қабілеті 67 млн . тоннаны, соның ішінде жоғарыда аталған кен орындарынан жылына - 50 млн. тонна, құрайтын Атырау-Новороссийск құбырының екінші тармағын салу ұсынылады. Каспий құбыр консорциумы (КҚК) өткізу қабілетін 28 млн тоннадан 67 млн тоннаға дейін көбею жобасын қарастырады.

Мұнайды Каспий теңізі кен орындарынан экспорттау үшін ұзындығы 1400 шақырымды құрайтын, өткізу қабілеті жылына 50 млн тоннаны құрайтын Ескене – Құрық – Баку құбырын салу көзделіп отыр. Қашаған мұнайы Баку – Тбилиси – Жейхан құбыры арқылы Жерорта теңізі жағалауына жеткізілетін болады. Құрықтан тартылған

құбыр Парсы шығанағына дейін, одан Иранның Каспий теңізінің оңтүстік жағалауындағы және Тегеран ауданындағы мұнайөңдеу зауыттарына дейін тармақталып салынуы мүмкін. Елдің каспий мұнайын қытай нарығына жеткізу үшін болашақта салынып жатқан Кеңқияқ – Арал – Құмкөл мұнай құбырын, Құмкөл – Атасудың істегі тармағын, Павлодар – Шымкент мұнай құбырын, реверсті орындау арқылы істегі Кеңқияқ – Атырау мұнай құбырларын және Атасу – Алашоныкоуды қосу арқылы Қазақстан – Қытай трансұлттық мұнай құбыры желісі құрылуы мүмкін.

Газ құбырларының 2020 жылға дейінгі даму бағыттары

Республиканың тұтынушыларын газбен қамтамасыз етуді дамыту және өзіндік газ ресурстарын жеткізуде энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндеттер байланыстырушы және жалғастырушы газ құбырларын салу арқылы ішкі магистральдық газ құбырларының желісін әрі қарай дамыту қажеттілігін тудырады. Нәтижесінде газдың республика ішінде жүру мүмкіндігіне қол жеткізу үшін газ жүйесінің технологиялық тұтастығы қамтамасыз етілуі тиіс.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сыртқы жеткізілімдерден тәуелсіздікті азайту үшін, сонымен қатар магистральды газ құбырлары бойынша тасылатын газ көлемін пайдалану мүмкіндігін тудыру үшін «Бейнеу – Бозой – Ақбұлақ» магистральды газ құбырын салу мәселесі талқылануда.

Жобаны екі кезекте іске асыру қарастырылады:

2009-2011 жылдар: Бейнеу ауылынан Ақбұлақ ауылына дейін магистральды құбырды, (жылына 5 млрд текше метр өткізу қабілетін қамтамасыз ету үшін), «Бозой» газ жерасты қоймасы ауданында қосымша компрессорлық станцияны салу;

2012-2014 жылдар: газ құбырының өнімділігін жылына 10 млрд текше метрге дейін көбейтумен қоса үш сызықтық компрессорлық станцияны салу.

«Бейнеу – Бозой – Ақбұлақ» магистральды газ құбырының 1 кезектегі құрылысы аяқталған жағдайда, ол бойынша жылына 10-12 млрд текше метр газға дейін тасуға болады. Егер Қазақстанның оңтүстік аудандарының газға қажеттілігі шамамен жылына 6,5 млрд текше метрді, ал бәсекелес өзбек газын тасу көлемі жылына 3 млрд текше метрді құраса, «Бейнеу-Бозой-Ақбұлақ» магистральды газ құбыры бойынша тасу жылына 5-6 млрд текше метрді құрайды, соның ішінде жылына 2-2,5 млрд текше метр экспортпен Қытайға жеткізілуі мүмкін.

Каспий маңы газ құбыры. Каспий маңы газ құбырының Қазақстандық бөлігін «Бекдаш» КС-нан (Түрікменстан) «Александров Гай» КС-на дейін (Ресей) параллельді әрекет етуші «Орта Азия – Орталық» магистралдық газ құбырынан Түркіменстанның шекарасынан (Окарем-Бейнеу 527,4 шаршы метрлік магистралдық газ құбыры) құру ұсынылып отыр. Газ құбырының Қазақстандық бөлігінің ұзындығы – 1216,6 км.

Табиғи газды тасымалдау бойынша экспорттық маршруттарды әзірлеу және іске асыру айтарлықтай қаржы салымдарын талап етеді. Осыған байланысты Ресей, Қазақстан, Өзбекстан мен Түркіменстанның қатысуымен тек газдың айтарлықтай

көлемін халықаралық нарыққа шығаруын ғана бақылап қоймай, сондай-ақ, халықаралық газ нарығындағы құн саясатына да әсер ете алатын халықаралық газ а л ь я н с ы н қ ұ р у қ а ж е т .

Алматы қаласын есепке ала отырып, оңтүстік өңірдің облыстары үшін батыс өңірдің ресурстары есебінен жеткізулердің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін «Бейнеу – Шымкент» магистралды газ құбыры стратегиялық маңызға ие болатын болады. Аталған облыстардың аумақтарын газдандыру өңірлік бағдарламаларын іске асыру кезінде саны 2 млн. адамды қамтитын халық газбен қосымша қамтамасыз етіледі. Ұзындығы 600 шаршы метр қашықтықты алып жатқан Астана қаласына қарай Қостанай облысындағы «Қарталы-Рудный» газ құбырына Тобыл қаласының аймағында қоса отырып магистралды газ құбырын салу елді газдандырудың перспективті бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, егер Атбасар поселкесінің маңында құрылыс тармақтандырылса, Астана қаласын, сондай-ақ, Көкшетау қаласына газ жібере отырып Ақмола облысының курорттық аймағын да газдандыру мүмкіндігі т у ы н д а й д ы .

Осылайша, газ өндіруші және газ тұтынушы өңірлерді біріктіретін перспективті жобаларды есепке алатын қолданыстағы жүйе осы деңгейде ақ бастапқыда көрші елдермен іс жүзінде байқалған SWOP газ кестесін пайдаланумен өзіндік ресурстар есебінен елдің ішкі қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, «Қазақстан – Қытай» магистралдық газ құбырының құрылысы аяқталысымен Қазақстан газды экспорттаудың баламалы бағыттарын таңдау мүмкіндігіне ие болады.

Телекоммуникация және байланыс.

Республиканың телекоммуникациялық саласының өсуі көбінесе телекоммуникациялар нарығының дамуындағы жалпы әлемдік үрдістерге, Қазақстанның телекоммуникация саласының бұдан әрі ықпалдастырудың жетістігі мен икемділігіне, телекоммуникациялардың жалпы әлемдік инфрақұрылымына және жаңа салалық технологияларды енгізу жылдамдығына тәуелді. Осыған байланысты, телекоммуникациялар қызметі нарығының дамуындағы келесі бағыттар дамитын б о л а д ы :

жылжымалы байланыстың, спутниктік және кәбілдік теледидардың белсенді түрде д а м у ы ;

дәстүрлі желілерден жаңа үрдістегі желілер шешімдерінің негізінде дамуға көшу; телекоммуникациялық және ақпараттық технологиялардың конвергенциясы.

Саланың техникалық дамуы төмендегілерге бағдарланатын болады: ақпараттандыру барысын қолдау үшін сандық көліктік ортаны құру; қазіргі телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және оның басқа мемлекеттердің инфрақұрылымымен ұлттық экономиканы көтерудің, қоғамның іскерлік және зерделік белсенділігін арттырудың, халықаралық қоғамдастықта еліміздің беделін нығайтудың маңызды ф а к т о р ы р е т і н д е и н т е г р а ц и я л а н у ы .

Ауыл байланысын телефондандырудың қазіргі деңгейін есепке алсақ, ауылды одан әрі дәстүрлі әдіспен телефондандыру бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

Болжау мерзімінде Интернет жүйесіне жалпы қол жеткізуді, қазақстандық контентті дамыту болжануда. Бұл бірқатар мемлекеттік және әлеуметтік міндеттерді («электрондық үкіметті», «мектептерді интернеттендіруді» қалыптастыру) іске асыру қажеттілігімен, сондай-ақ, нарықтың дамуында жаңа талпыныс беру мақсатында т ү с і н д і р і л е д і .

Электрондық қызметтерді және «электрондық үкіметті» дамыту шеңберінде бизнес пен халықтың қажеттіліктерін, мемлекеттік органдардың жұмысын жеңілдету және тиімді етуді қамтамасыз ету мақсатында:

Кедендік одақ шеңберінде ақпаратпен алмасу үшін «электрондық үкіметтің» мақсатты сәулеті және инфокоммуникациялық инфрақұрылымы жасалатын болады; жаңа электрондық қызметтер әзірленетін болады, соның ішінде, әлеуметтік көмек, денсаулық сақтау секторында, көлік және коммуникациялар мен ауыл шаруашылығы с е к т о р ы н д а ;

электрондық лицензиялау, электрондық нотариат және электрондық сатып алулардың ақпараттық жүйелері енгізілетін болады.

Интернет жүйесіндегі қазақстандық сегментті дамыту шеңберінде сұраныстарды қамтамасыз ету мақсатында қазақстандық контентте ұлттық интернет ресурстар, сондай-ақ, жаңалық, мультимедиялық, әлеуметтік жүйелер құрылатын болады.

Отандық өнім болып табылатын жоғары технологиялық құралдарды және микроэлектрониканы дамыту шеңберінде ішкі сұранысты қамтамасыз ету және сыртқы нарықтарға біртіндеп шығу мақсатында инновациялық ақпараттық жүйені және Алматы қаласындағы «Алатау» ақпараттық технологиялар паркі» АЭА қорындағы өнімдерді әзірлейтін және пайдаланатын халықаралық компаниялардың құрал-жабдықтарын құрастыру және оған техникалық қызмет көрсету бойынша кәсіпорындарды құру жоспарлануда.

Инфокоммуникация саласындағы білімді дамыту шеңберінде саладағы техникалық және кәсіби деңгейдегі білікті мамандар қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Халықаралық ақпараттық технологиялар институтын дамыту қамтамасыз етілетін болады және инфокоммуникациялық мамандықтар бойынша үш кәсіби-техникалық оқу о р ы н д а р ы құрылатын болады.

Ауылдық жерде телекоммуникациялық жүйені дамыту саласында келесілерді о р ы н д а у қажет:

оның жетілдірілуі бойынша шараларды жалғастырып, барлық ауылдық елді мекендерді стационарлық және ұялы байланыспен қамтамасыз ету; телефонизация тығыздығын 100 адамға 9,0 нөмірге дейін жеткізу; елдің шекара маңы аумақтарын мемлекеттік теле-радио хабарландырумен 100% қ а м т ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т у .

Аталған іс-шаралар 2020 жылдары:

мультимедиялық қызметтерді ұсынуға бағытталған жаңа жоғары жылдамдықтағы оптикалық және желісіз технологияларға базаланатын телекоммуникациялар инфрақұрылымын қалыптастыруға;

халық үшін инфокоммуникациялық технологиялар саласында қызметтерге қол жеткізудің 100 пайыздық деңгейін қамтамасыз етуге;

халықтың компьютерлік сауаттылық деңгейін 60% дейін арттыру.

Телекоммуникациялар саласы жоғары технологиялық салалардың бірі болып табылады, осыған байланысты, негізінен саланың дамуы байланыс операторлары тұтынушыларға жоғары сапалы жаңа қызметтердің түрлерін ұсынуға, телекоммуникациялар жүйелерін ұстауға кететін шығындарды төмендетуге мүмкіндік беретін жаңа технологияларды енгізу есебінен іске асырылады. Бұған спутниктің желілер жүйесін құру да сәйкес келеді, ол «KAZSAT» спутниктері арқылы жұмыс істейтін болады.

Негізгі проблемаларды талдау барысында 2020 жылдарға дейін өңірлердің көліктік инфрақұрылымын дамытудың мынадай негізгі басымдықтары анықталды:

1. автомобиль жолдарының сапасын арттыру және жол маңындағы инфрақұрылымдарды дамыту;

2. автомобильдік жолаушылар тасымалын қамтуды, сапа, қолжетімділік және қауіпсіздікті арттыру;

3. темір жол- жолаушылар, жүк тасымалдауларды дамыту;

4. өңірлік және шағын авиацияны дамыту.

Автомобиль жолдарының сапасын арттыру және жол маңындағы инфрақұрылымдарды дамыту:

құрылыс, қайта құрылыс жүргізу, жөндеу жұмыстары және автомобиль жолдарын ұстау бойынша жыл сайынғы жұмыстар көлемінің артуы.

әлеуметтік факторды есепке ала отырып, ағымдағы және болжанған көлік ағымдарының белсенділігін қанағаттандыру үшін автомобиль жолдарының желілерін тиімді оптимизациялау;

автомобиль жолдарын салу, қайта құрылыс жүргізу, жөндеу жұмыстары мен оны ұстау кезінде жаңа технологиялар мен материалдарды енгізу;

магистралды автомобиль жолдарында қазіргі заманғы жол маңындағы инфрақұрылымды дамыту;

автомобильдік жолаушылар тасымалын қамтуды, сапа, қолжетімділік және қауіпсіздікті арттыру (100% халық орналасқан пункттер автобус хабарламаларымен қамтылуы керек):

автокөлік құралдарын жаңарту, жеке сектор үшін шарттар жасау және ынталандыру жолымен автокөліктік кәсіпорындардың материалдық-техникалық және жөндеу жүргізу қорларын жақсарту;

қамтуды кеңейту және маршруттық желілердің тұрақтылығын арттыру; жолаушылар мен жүк жіберушілердің алдында ұсынылатын қызметтердің сапасына және қауіпсіздігіне тасымалдаушының жауапкершілігін арттыру.

Темір жол жолаушылар тасымалын және темір жол жүк тасымалдарының сәйкесті инфрақұрылымын дамыту:

қала сыртындағы, ішкі облыстық және облысаралық жолаушылар тасымалын дамыту және облыстар аумағында орналасқан вокзалдарды тиімді пайдалану; темір жол көлік қызметтеріне артып келе жатқан сұранысты тиімді қанағаттандыру үшін темір жол инфрақұрылымына қолдау көрсету және жаңашаландыру (Болжамды схемаға 44-қосымшада көрсетілген).

Өңірлік және шағын авиацияны дамыту: аэропорттық инфрақұрылымды жаңашаландыру, әуе жолдарының паркін жаңарту; шағын авиацияны дамыту; Дамудың өңірлік аспектілері

Ақмола облысы: Көкшетау қаласындағы жолаушылар көлік торабын қалыптастыру және дамыту жалғасатын болады (әуе-автомобильдік, темір жол-көліктік), бұл Щучье-Бурабай курорттық аймағының қарқынды дамуымен түсіндіріледі. Өңірлік маңызы бар перспективті жүк көлік тораптарының қатарына Степногор (темір жол) қаласын да жатқызуға болады. Облыста 2020 жылға дейін 903,0 шаршы метрлік автомобиль жолдары салынатын болады және қайта құрастырылады.

Ақтөбе облысы: облыста 2020 жылға дейін 2005 шаршы метрлік автомобиль жолдары салынатын және қайта құрастырылатын болады, Ақтөбе қаласында жалпы алаңы 16,65 мың шаршы метр.көліктік-логистикалық орталық енгізіледі.

Алматы облысы: Облыста 2020 жылға дейін 2201 шаршы метрлік автомобиль жолдары салынатын және қайта құрастырылатын болады, 800,6 шаршы метр темір жол күрделі жөндеуден өтеді. Өңір арқылы өтетін көлік маршруттарын, сондай-ақ, шекара маңындағы сауда орталықтарының инфрақұрылымдарын дамыту жалғасатын болады.

Алматы қаласы: 2020 жылға дейін қаланың көліктік жол желілерін дамытуға төмендегілер арқылы қол жеткізуге болады: қазіргі бар көшелік жол тораптарын ұзарту; жаңа магистральдарды қосымша жүргізу және олардағы қозғалысты кәдімгі реттеу режимінде ұйымдастыру;

қала ішінде және сыртта жаңа көліктік жартылай сақиналарды және олардың дублерлерін салу; белгіленген трассалар бойынша үзіліссіз қозғалыс магистральдарын ұйымдастыру және түйіндер салу.

Темір жол инфрақұрылымының саласында – барлық Шу, Алматы темір жол торабын қоса отырып учаскенің бірыңғай, түпкілікті қамтитын жол салу.

Астана қаласы: Бірнеше жедел және кедергісіз «сақиналы жол» бойынша қалада

негізгі көліктің қозғалысын ұйымдастыру қажет, бұл автомобиль жолын пайдаланушыларға жететін жеріне бірнеше маршруттармен баруына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, қаладағы кептелістерді азайту мен автомобиль қозғалысын жақсы үйлестіру үшін автопарктер жүйесі мен көлік ағындарын басқару бойынша бірыңғай жүйелерді (орталықтарды) құру қажет.

Атырау облысы: Инфрақұрылымдық кешенде келесі жұмыстарды іске асыру ж о с п а р л а н у д а :

«РФ шекарасы (Астраханға) – Атырау» автомобиль жолына қайта құрылыс жүргізу.

«Ақтөбе – Атырау» автомобиль жолына қайта құрылыс жүргізу;
транзиттік тас жолдардың жол бойы инфрақұрылымын салу;
ұзындығы 103 шаршы метр жергілікті пайдалануға арналған жолдарға қайта құрылыс жүргізу бір көлік нысандарын дамыту.

Ықпалдастырылған газ химиялық кешенді салумен байланысты және кешеннің жұмысын қамтамасыз ету мақсатында оған іргелес подъездік жолдар (темір жол, автожол) және іріктеу темір жол станциясы салынатын болады.

Жалпы облыс бойынша 2020 жылға дейін 735,4 км темір жол күрделі жөндеуден ө т е д і .

Шығыс Қазақстан облысы: облыста 2020 жылға дейін 459,6 км темір жол желілері күрделі жөндеуден өтеді. Әуе көлігінде аэропорттық инфрақұрылымды модернизациялау, әуе жолдарының паркін жаңарту қарастырылуда.

Жамбыл облысы: облыс үшін автомобиль жолдарын халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестендіре отырып автожол инфрақұрылымын дамыту көкейкесті мәселе, бұл жол жабындарының үстіңгі қабаттарын қарқынды түрде жоғалтуын тоқтатуға мүмкіндік береді. Облыста 2020 жылға дейін 539,5 км темір жол линиялары кү р д е л і ж ө н д е у д е н ө т е д і .

Батыс Қазақстан облысы: Облыстағы көлік саласының негізгі міндеттеріне автомобиль жолдарының негізгі параметрлерін және оларға жасанды құрылғыларды нормативтік жағдайға дейін жеткізу және облыстың халық қоныстанған пунктерімен тұрақты көлік байланысын қамтамасыз ету жатады. Облыста 2020 жылға дейін 539,5 км темір жол желілері күрделі жөндеуден өтеді.

Қарағанды облысы: Облыстағы көлік инфрақұрылымын дамытудың негізгі преспективті бағыттарының біріне өңірдің темір жол желісін кеңейту жатады. Әсіресе, ГМК өнімдерін темір жол көлігімен қысқа мерзімде жеткізуді қамтамасыз ету үшін Жезқазған – Сексеуілдік – Шалқар – Бейнеу темір жол тармақтарын салу преспективті болып отыр, бұл облыстың ірі кәсіпорындары үшін Каспий көлінің порттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Облыста 2020 жылға дейін 827,7 км темір жол күрделі жөндеуден өтеді.

Қостанай облысы: Темір жол инфрақұрылымы саласында. Железорудный және Тобыл бекеттерін Тобыл-Арқа телімінің өткізу қабілетін арттыру үшін дамыту қажет,

бұл Арқа-Әйтеке би жаңа телімі бойынша поездарды үздіксіз өткізуге, сонымен қатар Тобыл тораптарының жол өткізуші айырықтарының дамуына, Железородная бекеттерге үш қабылдау-жіберу жолдарынан тұратын қосымша саябақтар құрылысының, Шолақсай, Теренсай, Қызылсай бөлек орындары бойынша үшінші қабылдау-жіберу жолдарының құрылысының дамуына, сонымен бірге Железородная-Қостанай телімдерінің электрификациясына мүмкіндік тудырады. Облыста 2020 жылға дейін 411,2 км темір жол күрделі жөндеуден өтеді:

Авиация инфрақұрылым саласында. Аэродром инфрақұрылымына және Қостанай қ. әуежайына қайта жаңғырту және жаңарту жұмыстарын жүргізу қажет, бұл қазіргі заман әуе кемелерінің барлық түрлерін қабылдауға және қызмет көрсетуге, әуе кемелеріне, жүктерге, жолаушыларға қызмет көрсету бойынша әуежайдың өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік тудырады.

Көлік жолдарының инфрақұрылымы саласында. «Астана – Қостанай – Челябинск» республикалық маңызы бар автожолдарын қайта жаңғыртуды 29 км. қашықтықтағы «Қостанай қаласының айналымы» телімін қайта жаңғыртумен бірге, 209 км. қашықтықтағы облыстық және аудандық автомобиль жолдарын қайта жаңғырту жұмыстарын, 128,6 км. қашықтықтағы жолдарды күрделі жөндеу жұмыстарын, 1036 км. жолдарына орташа жөндеу жұмыстарын іске асыру қажет.

Қызылорда облысы: әлеуетті қолданыстағы стратегиялық тапсырма ретінде облыс аумағы арқылы өтетін, автомобиль және темір жол желілерін, тасымалдау инфрақұрылымдарын дамыту болып саналады. 2010 жылға дейін облыста 578,6 км темір жолдары желілеріне күрделі жөндеу жұмыстары іске асырылады.

Маңғыстау облысы: барлық жүк ағындарының бағыттарын есепке ала отыра, көлік инфрақұрылымын дамыту, инженерлік коммуникациялардың бар болуы, «Бейнеу» шекаралас ынтымақтастығының Халықаралық орталығын, сонымен бірге Бейнеу а. көліктік-логистикалық орталығын және Тажен а. еркін шекаралас сауда аймағын құру мақсатқа саяй.

«Жезқазған - Бейнеу» темір жол телімінің құрылысы орталық және Батыс Қазақстанды тікелей хабарламамен қамтамасыз етуге, орташа 600 км. Ақтау кемежайына шығуды қысқартуға мүмкіндік тудырады.

Жалпы облыс бойынша 2020 жылға дейін 603,2 км. темір жолдары күрделі жөндеуге ұшырайтын болады.

Павлодар облысы: 2020 жылға дейін облыста 804 км. автомобиль жолдары қайта жаңғыртылады және құрылады, Ертіс, Железинский, Успенский және Щербактинский аудандарының жолдарының шегіндегі жол маңындағы қызмет көрсету объектілерін құру қажет, 928,6 км темір жолдары күрделі жөндеуге ұшырайтын болады.

Солтүстік Қазақстан облысы: ТОО «Inter Logic» жүк терминалы базасында Петропавл қаласында транзиттік-көліктік бағытын қуатының үш есеге дейін арттыра отыра, одан әрі дамыту қарастырылған. 2020 жылға дейін облыста 368,7 км темір

жолдары күрделі жөндеуге ұшырайтын болады.

Оңтүстік Қазақстан облысы: облыстың экономикасын дамыту үшін жол желілерін қазіргі заманғы стандарттарға сәйкес келтіруге және тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Осы мақсатқа жету үшін келесі тапсырмаларды шешу қажет:

желілерді дамыту және облыстың барлық автомобиль жолдарының техникалық жағдайларын және олардың құрылыстарын жақсарту; автомобиль жол телімдеріне, оларға қайта жаңғыртудан және жөндеуден кейін, жөндеу аралық мерзімдерін сақтау.

2020 жылға дейін облыста 651,5 км темір жолдары күрделі жөндеуге ұшырайтын болады.

Электроэнергетикалық инфрақұрылым

Еліміздің электр энергетикасының даму болашағы экономика салалары мен дамуға бағытталған шикізаттың қалдықтарын әртараптандыру жолымен, энергетикалық тәуелсіздікпен, экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету, жанармай-энергетикалық ресурстарын қолдану тиімділігін арттыру мен еліміздің экономикасын энергиямен жабдықтау жолына ауыстыру үшін қажетті жағдайлар жасау жолымен еліміздің тұрақты даму шарттарынан шыға отыра анықталған.

Қажетті шараларды қабылдамай-ақ, барлық электр стансаларының электр энергиясын өндірімдерінің ауқымы 82-92 млрд.кВтс мөлшерімен шектелетіндігі күтілуде. Экономиканың барлық салаларын қарқынды дамуымен, республикада 2009 жылы 77,96 млрд. кВтс-нан 2020 жылы 124 млрд. кВтс дейін электр қуатын пайдаланудың 2010 – 2015 жылы жылы. – 4,5%, 2016 – 2020 жылы – 3,1% кезеңдерінде ортажылдық өсу қарқынымен тұрақты өсу үрдісі күтіледі (Болжамды схемаға 45-қосымша).

2020 жылы ел өзінің энергоқуаты есебінен меншікті қолданыстарын толығымен жаба алады – 2020 жылы 124,5 млрд. кВт.с. көлемінде электр энергиясын қолдану барысында өндірім 127,2 млрд. кВт.с. құрайтын болады.

Электр қуатын пайдалану құрылымында өнеркәсіптің үлесі 2020 жылы 58,8%, коммуналдық-тұрмыстық қолдану 16,6%.

Қазақстан Республикасы экономикасының салалары бойынша электр қуатын пайдаланудың болжамды құрылымының бағасы Болжамды схемаға 46-қосымшада келтірілген.

Электр энергетика саласының дамуының келесі негізгі бағыттары: қолданыстағы электр станцияларының құрылғыларын қайта жаңғырту және техникалық қайта жарақтау; жаңа заманғы құрылығларды уақытылы енгізу жолымен жобалау деңгейінде электр стансаларының қуатын ұстау; қолданыстағы электр станцияларында жаңа қуаттарды енгізу; қуатты шығарушы құрылымдарды жақсарту, арнайы шектік және резервтік

қуаттарды құру үшін жаңа электр станцияларының, оның ішінде газ турбиналық және гидроэлектр станцияларының құрылысы;

ВИЭ (ГЭС, желдеткіш электр станциялары) экономикалық тұрғыдан бәсекеге қабілетті электр энергиясының жүктеліміне аса кеңінен тарту;

Энергия шаруашылығын одан әрі дамыту. Еліміздің ЕЭС электр желілерінің схемасы көршілес мемлекеттердің электржүйелерімен тең тәртіпте жұмысты іске асыра алатын жеткілікті икемділікті иеленуі қажет, сонымен қатар электр станцияларының жүктелімдері мен дамуының өрлеу жағдайларын, қуат ағындарының бағыттарының өзгерістерін есепке ала отыра, кезеңдік дамуы мен құрылыс жасау мүмкіндігін қ а м т а м а с ы з е т у т и і с .

2020 жылы дейінгі кезеңде 4878,75 МВт мөлшерінде, оның ішінде іс әрекеттегі электр станцияларының (1556 МВт) және жаңа объектілер құрылысының кеңеюі есебінен жаңа қуаттарды енгізу қарастырылуда.

2020 жылы саябақтық ресурсқа қол жеткізген, жалпы бекітілген құрылғының қуаты 56% - ға д е й і н а р т а д ы .

Электрмен жабдықтауды перспективалық қажеттілік пен сенімділікті қамтамасыз ету үшін, саябақтық ресурсты ұзарту үшін, қолда бар қуатты арттыру және 2020 жылы кезеңге дейін электрэнергиясын өндіру үшін 5680 МВт көлемде іс әрекеттегі электр станцияларының құрылғыларын техникалық қайта жабдықтауды орындау қажет.

Солтүстік энергетикалық өңір жанармай ресурстарымен және дамыған энергетикамен қамтамасыз ету бойынша аса қолайлы. Солтүстік өңірде аса ірі инвестициялық жобаларды іске асыру электр энергиясын қолданудың табиғи өрлеуіне әкеледі. Осылайша, 2010 жылы электр энергиясын пайдаланудың сараптама бағасы бойынша 63,0 млрд. кВтс, 2020 жылы – 71,0 млрд. кВтс (Болжамды схемаға 47-қосымша) құрады. Электр энергия өндірісінің ауқымының өрлеуімен (2015 жылы – 75,05 млрд. кВтс, 2020 жылы – 83,5 млрд. кВтс) электр энергиясының артықтығы 8,92 млрд. кВтс-нан 2009 жылы 12,5 млрд. кВтс 2020 жылы-ға арта түседі.

Солтүстік энергетикалық өңірді сенімді энергиямен жабдықталуын қамтамасыз ету үшін, «Солтүстік-Оңтүстік» транзиті бойынша Оңтүстік Қазақстанға электр энергияны жіберу, Ресейге шығару үшін, сонымен қатар «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысы» электрді тапсыру желісі бойынша Ақтөбе облысына қуатты жіберу үшін, қолда барларды қайта жаңғырту және модернизациялау және жаңа электрстанцияларын құру қ а ж е т .

Өнеркәсіптік өндірістің өрлеуімен Ақмола облысы (Астана қаласы қосымша) электрмен жабдықтауда жетіспеушілікті бастан кешуі мүмкін, бұл өз кезегінде өнеркәсіптік өндірістің көлемінде және өнімнің өзіндік құнының деңгейіне теріс әсерін тигізеді. Облыстың экономикасының одан әрі дамуы электр энергиясында қажеттіліктің артуына әкеп соқтырады (2015 жылы-ға – 7,7 млрд. кВтс, 2020 жылы – 9,3 млрд. кВтс), осының өзінде электр энергиясының тапшылығы сәйкесінше 3,6 және

3,5 млрд. кВтс құрайтын болады. Осыған байланысты, облыста 120 МВт бойынша екі турбиналардың енгізілуімен ЖЭО-2 (Астана қаласы) техникалық қайта жарактандыру және 240 МВт қуатымен жаңа ЖЭО-3 құрылысы қарастырылуда.

Қарағанды облысында 2020 жылы дейін электр энергетикасының дамуы техникалық қайта жарактандыруды және «Қазахмыс» Корпорациясы» ЖШС (55 МВт), Қарағанды ЖЭО-3 (120 МВт), Рудный ЖЭО (63 МВт) ҚАЭС іс әрекеттегі электр стансаларын кеңейтуді қарастырады. 2009 жылмен салыстырғанда 2020 жылға электрэнергияны қолдану 32,9% -ға артады және 20,1 млрд. кВтс құрайды. 2020 жылға облыспен пайдаланылатын, электр энергиясының жалпы көлеміне электр стансаларымен өндірілетін электр энергияларының үлес салмағы 70,6% құрайды. Электр энергияның тапшылығы (5,9 млрд. кВтс) Солтүстік Қазақстанның ОЭС ағылуларының есебінен жабылатын болады.

Павлодар облысында 2020 жылда қолдану және өндіріс сәйкесінше 20,4 и 50,7 млрд . кВтс құрайтын болады. Облыста іс әрекеттегі қуаттарды туындатушыларды кеңейту және жетілдіру жоспарлануда: Екібастұз ҚАЭС-2 3-ші энергоблогін енгізу (2015 жыл) - 525 МВт; Екібастұз ҚАЭС-1 2012 жылы №8 (500 МВт) энергоблогін жаңғырту. 2015 жылда Ақсай ҚАЭС кезеңдік қайта жаңғыртуды және Павлодар ЖЭО-1 және ЖЭО-3 техникалық қайта жарактандыруды аяқтау қарастырылып жатыр.

2020 жылы Шығыс Қазақстан облысында электр энергиясында қажеттілік 11,9 млрд . кВтс көлемінде болжанады, яғни 2009 жылмен салыстырғанда 46,7%-ға арта түседі. Облыста энергияда өрлей түскен қажеттілікті жабу үшін іс әрекеттегі ЖЭО жаңа қуаттарды: Өскемен ЖЭО (80 МВт енгізу), Семей ЖЭО-1 (12 МВт) енгізу және жетілдіру қарастырылады. Іс әрекеттегі электр стансаларынан басқа, болашақта 68 МВт қуатымен Бұлақ ГЭС (Шүлбі ГЭС бақылау реттеуші) жаңа электр стансаларының құрылысы қарастырып жатыр.

2020 жылы Солтүстік Қазақстан облысының электр энергиясын пайдалану мен өндірісі сәйкесінше 2,1 және 2,6 млрд. кВтс құрайды.

Қостанай облысының электрді пайдаланудың өсімі аса ірі кәсіпорындардың дамуымен уағдалы. Қостанай облысында электр энергиясының болашақта тапшылығы энергетикалық жүйелердің ішкі ағылуларының есебінен жабылатын болады. 2009 – 2020 жылдар кезеңінде электр энергиясын пайдалану 42%-ға артады және 2020 жылда 7,2 млрд. кВтс. құрайтын болады. 2020 жылда пайдаланылатын көлемге өндірілетін электр энергиясының үлес салмағы 26,4%-ды құрайды.

Оңтүстік энергетикалық өңір шектік және жартылай шектік қуатты электр энергияларының өткір тапшылығының бар болуымен сипатталады.

Оңтүстік энергетикалық өңірдің электр энергиясында қажеттілік 2020 жылы 24,7 млрд. кВтс, өндіріс - 19,7 млрд. кВтс құрайды, яғни сәйкесінше 64,1% және 2,4 есе артады. (Болжамды схемаға 48-қосымша). Электр энергияның тапшылығы (5,0 млрд. кВтс) еліміздің Солтүстік энергетикалық өңірден Солтүстік – Оңтүстік транзиті

есебінен жабылатын болады (Болжамды схемаға 49-қосымша).

Алматы облысында электр энергиясын пайдаланудың өсу қарқыны 4-5% құрайды. 2015 жылы электр энергияны пайдалану 11,21 млрд. кВтс, 2020 жылы – 13,0 млрд. кВтс құрайтын болады. Электр энергиясының өндіріс ауқымының артуымен (2015 жылы – 10,4 млрд.кВтс, 2020 жылы - 12,93 млрд.кВтс) электр энергияның тапшылығы 2009 жылы 3,58 млрд. кВтс-тан 0,07 млрд. кВтс-қа дейін төмендейтін болады.

2020 жылы дейін 120 МВт бойынша екі турбиналарымен Алматы ЖЭО-2 кеңейту қарастырлуда. Балқаш ТЭС - 1320 МВт, Мойнақ ГЭС (300 МВт), Кербұлақ ГЭС (50 МВт) құрылыстары жоспарлануда.

Жаңа қуаттарды туындатушымен электр энергияның өндірісі 2015 жылы 5,53 млрд. кВтс, 2020 жылы – 11,98 млрд. кВтс құрайтын болады.

Жамбыл облысы. Облыстың одан әрі дамуы электр энергияда қажеттіліктің артуына әкеп соқтырады (2015 жылы – 4,38 млрд. кВтс, 2020 жылы – 5,1 млрд. кВтс). Облыста Жамбыл ҚАЭС қатты жанармай немесе отандық газ жұмысына ауыстыру туралы мәселені қарастыру қажет.

Оңтүстік Қазақстан облысы. 2020 жылы облыс Солтүстік-Оңтүстік желісі есебінен жабылатын, 1,66 млрд. кВтс электр энергиясында тапшылықты бастан кешіреді. Облыс шағын өзендер мен каналдардың үлкен энергетикалық әлеуетті иеленеді, оларды пайдалану 420 мВт шегінде энергетикалық қуатты алу мүмкіндігін береді, сонымен қатар маңызды желдеткіш әлеуетін иеленеді. Шағын ГЭС құрылысы 120 мВт электр қуатын арттыруға мүмкіндік беретін, Түлкібас, Сайрам, Отырар, Сарыағаш, Қазығұрт және Төлеби аудандарында мүмкін.

Қызылорда облысын аса толық энергиямен қамтамасыз ету үшін 87 МВт қуатымен Құмкөл-Ақшабұлаққа ГТЭС енгізу қарастырылып жатыр.

Қазақстанның Батыс энергетикалық аймағында мұнай-газ табатын және өңдейтін өнеркәсіптің қарқындауымен электр энергиясына сұраныс артатын болады. 2020 жылға Батыс аймағымен пайдалану 2009 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге артады және 20,3 млрд. кВтс құрайтын болады.

Маңызды газ ресурстары бар осы өңірде, қуаттағы және мұнай-газды салада электр энергияда қажеттілікті жабу үшін газ турбиналық және бу- газдық құрылғыларын орнатуымен аса ауқымды энергетикалық құрылыстар жоспарланып жатыр.

ГТҚ және БГҚ құрылғының жоғары зауыт дайындығы бар. Бұл мұнай табуды өткір қарқындандыру үшін қуаттың жоғары қарқынын және электрмен қамтамасыз етудің сенімділігін арттырумен қамтамасыз етуге мүмкіндік тудырады. Одан басқа, газ турбиналық электр стансаларының шағынгірім мөлшерлері мен суды қажет етуі оларды кешендердің кен орындары мен өңдеу жерлерінің жанында орналастыруға жол ашады. 2020 жылы кезеңге дейін Батыс энергетикалық өңірде жиынтығы 1257,75 МВт қуатымен жаңа электр стансаларын салу қарастырылып жатыр. Бұл 17,0 млрд. кВтс дейін (2009 жылы – 10,55 млрд. кВтс) өндірімді арттыруға мүмкіндік береді (Болжамды

Атырау облысының электр энергиясында өсе түскен қажеттілікті жабу үшін (2009 жылы – 3,45 млрд. кВтс, 2020 жылы – 6,7 млрд. кВтс) жаңа қайнарларды туындатушылардың құрылыстары мен техникалық қайта жарақтандыру жоспарлаған:

Атырау ЖЭО (3x25МВт) жаңа қуаттарды енгізумен қатар қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу;

230 МВт белгіленген қуатымен Аджип КСО (жер асты кешені) ГТЭС құрылысы.

Жиынтық қуаты 305 МВт құрайтын болады. 2020 жылы электр энергияның өндірімі 6,0 млрд. кВтс. көлемінде күтілуде.

Ақтөбе облысы болашақта 2020 жылы 1,9 млрд. кВтс. құрайтын, электр энергияның тапшылығын сезінетін болады. Электр энергияның өндірімі 2009 жылмен салыстырғанда, 2020 жылы 49%-ға өсетін болады және 3,1 млрд. кВтс құрайтын болады. Электр энергияның жетіспейтін саны солтүстік энергетикалық аймағынан әкелінетін болады.

Батыс Қазақстан облысында 2009-2020 жылы кезеңінде электр энергияда қажеттілік 1,6 есе артады және 2020 жылы 2,4 млрд. кВтс. құрайтын болады.

Маңғыстау облысының халқы санының артуы жөніндегі деректерді және болжамды электр жүктелімдерін есепке ала отыра, болшақта күтілетін болжамды өсім 200 МВт аса құрайды және 2015 жылы жалпы электр жүктелімдері 450-500 МВт, 2020 жылы – 500-600 МВт құрайтын болады. Облыстың одан әрі дамуы электр энергияда қажеттіліктің артуына әкеп соқтырады (2015 жылы – 5,05 млрд. кВтс, 2020 жылы – 6,2 млрд. кВтс). Облыста артып жатқан электр энергияда қажеттілікті жабу үшін келесі құрылыстар жоспарланып жатыр: ГТЭС Кашаған (120 МВт), Ақтау АЭС (600 МВт), ГТЭС Қаламқас (2x45 МВт). 2020 жылы электр энергиясының өндірімі 6,2 млрд. кВтс. көлемінде күтіледі.

Электр желілерін дамыту.

Қазақстанның БЭЖ 220-500 кВ жүйеаралық электр желілерін дамыту да негізгі стратегиялық бағыт ретінде бағыттар бойынша электр байланыстарын күшейту болып табылады:

Солтүстік – Оңтүстік Қазақстанның Солтүстік және Оңтүстік өңірлерінің байланыстарының сенімді және тұрақты жұмыстарымен және 2-ші ЖЛ 500 кВ Екібастұз – Ағадыр – ОҚ ҚАЭС – Шу пайдалануға беруге енгізумен Орталық Азияның ОЭС энергия жүйелерімен қамтамасыз ету;

Солтүстік – Батыс Қазақстанның БЭЖ-мен батыс аймағының біріктіру;

Шығыс – Солтүстік – Оңтүстік – темір жолдарды электрификациялау, Ақтоғай ТБК-ірі тұтынушыларды электрмен қамтамасыз ету үшін ЖЛ 220-500 кВ бойынша Оңтүстік өңірлерімен ертіс каскаданың ГЭС (Бұқтырма, Өскемен, Шульба ГЭС-і) реттеуші мүмкіндіктерін қолдануды қамтамасыз ету үшін Солтүстік және Шығыс өңірлерге біріктіру.

Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік Қазақстан арасында жүйеаралық байланыстарды құру Екібастұз ҚАЭС-нан электр энергияны беруді және Шығыс Қазақстаннан ГЭС шектік электр энергияны алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Батыс өңірде Мақат – Қандыағаш және Алтынсарин – Хромтау темір жолдарын электрлендіру үшін электр беру желілерін құруда Қазақстанның БЭЖ құрамындағы Батыс және Солтүстік өңірлері мен Батыс Қазақстанның БЭЖ жасау үшін магистралдық (жүйеаралық) электр желілерінің маңызы зор.

Қазақстан энергетикасының перспективада дамуының шешуші мәні ретінде еліміздің тұрақты экономикалық дамуы үшін сенімді энергетикалық базаны құру, энергетикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Және келешекте негізгі мөлшерлеме көмір, судың күшін және уранды пайдалануға қойылатын болады. Жамбыл ГРЭС-індегі жағдай сияқты, газ-қарамай жанармаймен жұмыс жасауға есептелген, аса қымбат емес электр энергиясы негізінде өндірілетіндей, Республика осы ресурстармен жеткілікті түрде қамсыздандырылған.

Қуаттарды туындатушының құрылымына да өзгерістер енгізу қажетілігіне де кез келді: жақындағы 5-10 жылда ұлттық энергия жүйесінің жалпы жүктелімінде су энергетикасының үлесі, ең алдымен Қазақстандағы жаңа шектік СЭС құрылысы есебінен, ағымдағы 12%-дан 20%-ға дейін арта түсуі тиіс.

Қазақстанда қуаттардың қосымша туындатушыларын жасаудың қосалқы шығар жолдарының бірі 2 мың МВт. дейінгі қуатымен атом электр стансаларының құрылысы болып саналады.

Ауылдық электрмен қамтамасыз етуді дамыту саласы үшін: электр желілерін дамытудың өңірлік (облыстық) схемаларына негізделген ауылдың электр энергиясын қамтамасыз етудің жалпы мемлекеттік тұжырымдамасын әзірлеу; халқы аз мекендерде және малды қайтару нүктелерінде баламалы энергия көздерін енгізу.

Әлемдік үрдістерді және Қазақстанның маңызды арта қалуын есепке ала отыра, энергиямен қамтамасыз ету мәселесіне аса көп назар бөлінетін болады.

Сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымы

Саланың рөлі: Алдағы онжылдыққа арналған саланың басым тапсырмасы халықтың жалпы қанағаттанарлықтай және сапалы өнеркәсіптік техникалық және ауыз судың жақсы санитарлы жағдайда болуы.

Елімізде 2010 жыл кезеңіне дейін сумен қамтамасыз етудің сенімді жоспарлануы қайта-құруға байланысты іс-шаралар ұйымдастыру, жетілдіру және жаңа магистральды су жүргізудің, су бөгендерінің құрылысымен байланысты.

Елдің барлық су шаруашылығы құрылыстарын толық түгендеу мен паспорттау және олардың техникалық жай-күйіне бағалау жүргізу негізінде: гидромелиоративтік жүйелердің қайта жаңғырту; күрделі гидроторабтардың күрделі жөндеу жұмыстар;

қолданыстағы бөгендерді және каналдарды тазалау;
топтық су жүргізу құрылысы және қайта жаңғырту;
қолданыстағы су құбырларының жүйелерін жаңғырту және жетілдіру жөніндегі
басымдықтарды айқындау жүргізу қажет.

Павлодар облысында Беловод су жүргізуге қайта жаңғырту ұзындығы - 419,1 км,
алдымыздағы 20-30 жылда іске асуы мүмкін болмайды. Негізінен, перспективада 10-15
жыл ішінде Алматы – Қорғас бағыты бойынша агломерациялық дамудың толыққанды
нәтижесін күтудің өзі де мүмкін болмай отыр.

3. Тұрғындардың жұмыспен қамтылу және әлеуметтік пен әкімшілік қызметтердің
толық жиынтығына, өскі және инфрақұрылымы дамымаған өңірлерден жаңғыртылған
өндірістік және тұруға болатын өңірлерге көшіру мүмкіндігіне тең қолжетімділікті
қамтамасыз етуге бағытталған агломерациялардың теңгерімделген дамуын қамтамасыз
ету бойынша шаралар.

Қаланы дамытуды жоспарлау тетіктерін жетілдіру. Агломерациялардың
қалыптастырылуын ескере отырып, қазіргі заманғы аумақтық жоспарлаудың маңызды
міндеттері – бұл агломерация экономикасының индустриялықтан сервистік
мамандандырылуға ауысу үдерісін ескергенде аумақты функционалдық аумақтандыру;
көлік инфрақұрылымының дамуын жоспарлау; әлеуметтік инфрақұрылым
мекемелеріндегі қажеттілікті бағалау; еңбек көшіп-қонушылары үшін халықты
орналастырудың схемаларын және бейімделу тетіктерін әзірлеу; жобаларды өндірістік
және әлеуметтік инфрақұрылыммен, жұмыс күшімен қамтамасыз ете отырып, мемлекет
немесе бизнес қаржыландыратын ірі инвестициялық жобаларды ұштастыру.
Қазақстанда аумақтық жоспарлауды жаңғырту ірі агломерацияларды ойдағыдай
дамытудың қажетті талабы болып табылады.

Әкімшілік біріктіруге әрекет жасамай агломерация құрамына кіретін аумақтық
құрылулардың өзара байланысын үйлестіруге бағытталған дәйекті саясат жүргізу.
Республикада аталған мәселе бойынша елеулі прогресс бар (Алматы қаласы, оның қала
маңы және Алматы облысының билік органдарын өзара байланысқа тарта отырып).
Осыған ұқсас мәселелер барлық агломерацияларда пайда болатынын ескеру қажет
және өзара әрекеттің тиісті тетіктерін (әр деңгейдегі билік органдарының қатысуымен
нақты агломерацияларды дамыту мәселелері бойынша консультациялық

комиссияларды қоса алғанда) оңайлатылған режимде құру қажет.

Б ұ л р е т т е :

инвестициялық ахуалды жақсартуға мүмкіндік беретін қала мен облыстың инвестициялар үшін бәсекелестігін шектейтіндіктен Алматы қаласының әкімшілік шекарасын тиімді кеңейту бірінші кезектегі міндет болып табылмайды; қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөліністе қала маңы аймақтың дамуын қашықтықтан басқарудың шамадан асу мәселесінің шешімі өзекті болып келеді;

елдің даму стратегиясымен қала және қала маңы аймақтардың мүддесін үйлестіруге қабілетті агломерациялардың дамуын басқарудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру тиімді болып келеді; бұл ретте үйлестірушінің қызметтерін Экономикалық даму және сауда министрлігі атқарады;

Қала инфрақұрылымын дамыту жобаларына белсенді түрде қаржылық қолдау көрсету. Биліктің аумақтық органдарының тең бағалы емес қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып, қаржылық әсердің тиісті түрде сай келмеуін түзету бойынша негізгі функциясы орталық бюджетке жүктелген. Қазіргі уақытта осы қызметтің орындалу белсенділігін арттыру үшін оңтайлы жағдай жасалып отыр: Астананың қала инфрақұрылымын дамытумен байланысты капиталды көп қажет ететін жобаларды аяқтаумен байланысты, басқа агломерациялардың пайдасына ресурстарды маневрлеу мүмкіндігі пайда болады.

Бұл ретте, Алматының өз қаржы ресурстарымен кең түрде қамтамасыз етілгеніне қарамастан, елдің ескі агломерациясы проблемаларының ауқымы оның бюджеті мүмкіндігінің шегінен шығатындықтан, мұнда да негізгі инфрақұрылымдық жобаларды (ең бастысы көлік) қаржыландыру қажет болып отыр.

Агломерация аумағында экономиканың перспективалы салаларында өндірістік қуаттарды құрайтын және/немесе тиісті салаларда тапшы кәсіби құзыретті жасауға мүмкіндік туғызатын инвестор-компанияларға (шетелдік және ұлттық) нысаналы салық жеңілдіктерін ұсыну. Осыған ұқсас схема Қазақстанда таратылды, ол қазіргі таңда өнеркәсіпті жаңғырту тұрғысынан алып қарағанда әлемдік тәжірибеде тиімді болып табылады. Енді оның әлеуеті агломерациялық дамытуды қолдау үшін пайдаланылуы керек.

Бұл ретте, жеңілдіктердің ауқымы (бірінші кезекте - дәстүрлі түрде ең тиімді болып саналатын пайдаға салынатын салық бойынша жеңілдік) тиісті агломерацияларды экономикалық дамытуға қосқан инвестор-компаниялардан күтілетін салымдарына тең болуы керек.

Бұл ретте, көзге көрінетін саны аз анық жағдайларды қоспағанда (мысалы, Ақтауда, Атырауда және Ақтөбеде мұнай және газ өндіретін өнеркәсіпке арналған жабдықтардың өндірісінің оқшаулануын қолдау) жеңілдікті алушы-компаниялардың мамандандырылуының белгіленген салалық көрсеткіштері тиімсіз: жеңілдіктер инвесторлар ұсынған нақты жобаларды жеке қарау негізінде ұсынылуы тиіс, бұл

агломерацияларды салалық дамытудың перспективалы бағыттарын нарықтық жолмен анықтауға мүмкіндік береді.

Арнайы экономикалық режимі бар аймақтардың шеңберінде салықтық ынталандыру әдістерін пайдалану. Бұл ретте, өнеркәсіп салаларын және қазіргі заманғы технологиялық базадағы қызметтер аясын кең ауқымды дамыту үшін білікті еңбек ресурстарының объективті тапшылығын ескере отырып, тиісті жеңілдіктер тек жеке компаниялардың инвестицияларын ғана көтермелеп қоймай, олардың жұмыс күшін дайындау бағдарламасын іске асыруын, сондай-ақ білікті қызметкерлердің көшіп келуін (жеке тұлғаларға салынатын салықтар бойынша жеңілдіктер) де көтермелеуі керек. Бұндай жеңілдіктер тек дәстүрлі ЕЭА («Қорғас» ХШҮО айналасындағы арнайы аймақ сияқты) емес, сондай-ақ өнеркәсіптік аймақты қоса алғанда дамудың қалалық аймақтарында да ұсынылуы мүмкін.

Негізінен, Алматының Алатау ауданының өнеркәсіптік аймақтарына өнеркәсіптік инвестицияларды белсенді түрде «тарту» үшін жаңа инвестициялар жобалары бойынша екі жылдық салық демалыстарының тетіктерін пайдаланған жөн, инфрақұрылымды дамытуға мемлекеттік салымдарды ескергеннің өзінде жұмыс күшінің әлдеқайда қымбат факторы тиісті аумақта өндірісті оқшаулауға өнеркәсіптік компаниялардың қызығушылығын тоқтатады. Бұл ретте, қала аймақтарында ұсынылатын жеңілдіктердің нысаналы бағыты нақты агломерациялардың ерекшеліктерін ескеруі тиіс:

Астана және Алматы жағдайында жеңілдіктер «іскери даму аудандарына» жоғары технологиялық және «зияткерлік» қызметтерді (қаржылық, аудиторлық, құқықтық, логистикалық) ұсынатын компанияларды тарту үшін пайдаланылуы тиіс, бұл Орталық Азияда желілік функцияларды орындайтын «әлемдік қалалар» деңгейіне елдің екі жетекші агломерациясының шығуына мүмкіндік береді;

Алматы қаласында, оның қала маңында (Алматы облысына әкімшілік бағынышты) және «ескі» өнеркәсіп орталықтарында (Қарағанды, Павлодар және Өскемен) салықтық ынталандырудың мақсаты өнеркәсіптік дамытудың аумақтық белгіленген аймақтарына агломерацияның орталық аймағынан өнеркәсіптік қуаттарды шығару, қазіргі заманғы технологиялық негізде оларды тиімді жетілдіру үшін ынталандыру, сондай-ақ жаңа қазіргі заманғы өнеркәсіптік объектілерді жасауға инвестицияларды тарту болып табылады;

Алматыны дамыту тұрғысынан алып қарағанда «Қорғас» ХШҮО жобасының жетістігі және жеке алғанда оның жанында өнеркәсіптік дамудың арнайы аймағын жасау жоспары маңызды орынға ие болады, онда тек өнеркәсіптік-инвестициялық ғана емес, сонымен қатар еңбек қызметін (жаңа аумаққа көшу және орналасу кезеңінде жеке тұлғалардың кірістеріне салынатын салықтар бойынша жеңілдіктер) салықтық ынталандыру құралдарының кең спектрі пайдаланылуы тиіс.

Іске асырылатын шаралардың және бұнда пайдаланылатын мемлекеттік саясат құралдарының нақты параметрлері олардың экономикалық және демографиялық

әлеуетін, сондай-ақ оларды дамытуға қойылатын ерекше проблемаларды толық есепке алу мақсатында нақты қалалық агломерацияларына қатысты әзірленуі тиіс.

2011 – 2020 жылдар аралығында орналастыруда және экономикалық белсенділік құрылымының жүйесінде төрт жетекші агломерациялар - Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе жетекші рөлге ие болады. Аталған жағдай оларды дамытудың бастапқы сценарийінің іске асуын қамтамасыз ететін тиісті агломерацияларда әлеуметтік-экономикалық және демографиялық үдерістерді басқаруға басты назар аудару қажеттігін анықтайды. Осындай басқарудың негізі 2020 жылы дейінгі кезеңде оның нысаналы бағыттарын және олардың жетістіктерінің нақты құралдарын анықтайтын агломерациялық дамытуды қолдау жоспары болуы керек.

Астана – жаһандық маңызы бар қала, іскерлік қызметтердің дамыған секторымен Орталық Азия өңіріндегі басты қаржылық-экономикалық орталықтардың бірі.

Агломерация халқының күтіліп отырған саны - шамамен 1,1 млн. адам.

М а м а н д а н д ы р ы л у б а с ы м д ы қ т а р ы :

агломерацияның ядросы – қаржылық қызметтер (ірі ұлттық компаниялардың бас кеңселеріне сұранысқа бағдарлана отырып); іскерлік қызметтер (аудит, консалтинг, жарнама, маркетинг және дистрибуция); девелоперлік қызметтер (жобаларды әзірлеу кезеңі); қонақ үй бизнесі, рекреация және қоғамдық тамақтану;

қала маңы аймағы – бөлшектік сауда (супер- және гипермаркеттер); девелоперлік бизнес (жобаларды әзірлеу кезеңі); рекреациялық қызметтер (бизнес-класс сегментіне басым бағытталумен); агломерация ядросына сұранысқа бағдарлана отырып ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және іске асыру (оның ішінде супер- және гипермаркеттер, орта және бизнес-класстың қоғамдық тамақтандыру компаниялары тарапынан жоғары сапалы өнімге сұраныс); маңызды инновациялық құрамдауышы бар өнеркәсіптік стартаптар (ең алдымен - агломерация ядросы сұранысына бағдарланумен т ұ т ы н у т а у а р л а р ы н ө н д і р у) .

Агломерациялық үдерістерді қолдаудың негізгі басымдылықтары - іскерлік және қаржылық қызметтердің кластерін қолдау арқылы сервистік секторды әртараптандыру (мемлекеттік басқару қызметтерінде мономамандандырылудан қалдық); орналастырудың және экономикалық белсенділіктің дамыған қала маңы аймағын қалыптастыру; өңдеуші өнеркәсіптерде стартап-жобаларды іске асыру үшін инвестицияларды нысаналы тарту.

Алматы – жаһандық маңызы бар қала, іскерлік қызметтердің және өңдеуші өнеркәсіптердің белсенді инновациялық салаларын дамыту орталығы, елдің басты л о г и с т и к а л ы қ - к ө л і к х а б ы .

Агломерация халқының күтіліп отырған саны – 2,5–2,6 млн. адам.

М а м а н д а н д ы р ы л у б а с ы м д ы қ т а р ы :

агломерацияның ядросы – іскерлік қызметтер (аудит, консалтинг, жарнама, маркетинг және дистрибуция; инжиниринг, патенттік сервистер және инновацияларды

коммерциализациялау бойынша басқа да қызметтер); көлік-логистикалық қызметтер (контрактация, тауар ағындарын жоспарлау); қаржылық қызметтер; қонақ үй бизнесі және қоғамдық тамақтану;

қала маңы аймағы – ұлттық нарықтың сұранысына бағдарланумен өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорны (бұл ретте агломерация ядросына сұраныс, бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға қажетті ауқымның тиімділігін қамтамасыз етеді); бөлшектік сауда (супер- және гипермаркеттер); көлік-логистикалық қызметтер (қайта тиеу терминалдары, қойма қуаттары); девелоперлік қызметтер (жобаларды іске асыру кезеңі); рекреациялық қызметтер (бизнес- және орта тап сегментіне басым бағыттармен); агломерация ядросы сұранысына бағдарлана отырып ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және іске асыру (оның ішінде супер- және гипермаркеттер, орта және бизнес-класс қоғамдық тамақтандыру компаниялары тарапынан жоғары сапалы өнімге сұраныс);

Агломерациялық үдерістерді қолдаудың негізгі басымдықтары – агломерация мен қала маңы ядросының көлік байланысын арттыру; халықтың және экономикалық белсенділіктің қала маңы аймағына жылжуын ынталандыру; іскерлік және логистикалық көлік-логистикалық қызметтер кластерінің дамуын қолдау; өңдеуші өнеркәсіпте өнеркәсіптік қуаттарды және стартап-жобаларды жаңғырту үшін инвестицияларды нысана тарту.

Шымкент – қызметтер саласында шағын кәсіпкерліктің қуатты секторымен ауыл шаруашылық өндірісінің және тамақ өнеркәсібінің жетекші орталығы.

Агломерация халқының күтіліп отырған саны – 1,1–1,2 млн. адам.

Мамандандырылу басымдықтары:

агломерацияның ядросы – сауда және дистрибуция (жұмыспен қамтуды өзіне тартатын қуатты бөлшек сауда секторын сақтаған кезде көтерме сауда операцияларын басымды дамытумен); ішкі және әлеуетті сыртқы нарықтарға арналған бағыттармен тамақ өнеркәсібі; қоғамдық тамақтандыру қызметтері және тұрмыстық қызметтер (шағын бизнес компанияларын басымды дамыту негізінде);

қала маңы аймағы – ауыл шаруашылығы өндірісі және ауыл шаруашылығы өнімдерін бастапқы өңдеу (ішкі және экспорттық нарықтарға бағдарлана отырып, сондай-ақ агломерация ядросы кәсіпорындарында өңдеудің жоғары сатысына шығарып жатпай өндіріс).

Дамытуды қолдаудың негізгі басымдылықтары – шаруашылық инфрақұрылымының объектілерін орналастыру және жайғастыру үдерістерін басқару үшін қалалық аймақтандыру принциптерін жүйелі түрде іске асыру; бірегей сервистік секторды дамытуды ынталандыру; ауылшаруашылығы өндірісінің және тамақ өнеркәсібінің кластерінің қалыптастырылуын қолдау.

Ақтөбе – әртараптандырылған өнеркәсіптің, шағын кәсіпкерліктің жетекші орталығы.

Агломерация халқының күтіліп отырған саны – 0,4–0,5 млн. адам.

Мамандандырылу басымдықтары:

агломерацияның ядросы – машина жасау, мұнай-газ саласына арналған жабдықтар және химия өнеркәсібі сияқты өнеркәсіптің өңдеу саласының мұнай-газ саласының дамуымен байланысты металлургиялық және ферроқоспалардың өндірісінің жоғары технологиялық түрлері; металл құрылыстарын, құрылыс материалдарын, шыны пластик құбырларын шығару; электр техникалық және медициналық жабдықты шығару; тері-былғары және киіз өнімі мен жылу изоляциялық тақталарды шығарумен жүн мен теріні бастапқы өңдеу;

табиғи аумақ – ауыл шаруашылығы өндірісі және агроөнеркәсіптік өнімді бастапқы өңдеу (агломерация ядросына және өңірлік нарықтарға сұранысқа бағдарлана отырып, сонымен қатар агломерацияның ядроларындағы кәсіпорындарға қайта өңдеудің әлдеқайда жоғары бөліністеріне шығумен); көлік-логистикалық қызметтер (қайта тиеу терминалдары, қоймалық қуаттар); рекреациялық қызметтер (агломерациялар ядросына сұранысқа бағдарлана отырып тұтыну тауарларын шығару бойынша шағын өнеркәсіп жобалары) .

Дамуды қолдаудың басты басымдықтары – мұнай-газ секторын мультипликациялау және өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды іске асыру үшін инвестицияларды нысаналы тарту; жаңа жобаларды және шағын бизнесті қолдау үшін инновациялық және кәсіпкерлік инфрақұрылымды қалыптастыру; көлік-логистикалық қызметтер (қайта тиеу терминалдары, қоймалық қуаттар); қоныстандырудың дамыған қала маңы аймағын және экономикалық белсенділігін қалыптастыру.

Ұсынылып отырған шаралар кешенін іске асыру Қазақстан Республикасында агломерациялық дамуды басқарудың тиімді саясатының алғашқы қадамы болып табылады. Іске асырылатын шаралардың және бұл ретте пайдаланылатын мемлекеттік саясат құралдарының нақты параметрлері олардың экономикалық және демографиялық әлеуетін, сондай-ақ оларды дамытуға қойылатын ерекше проблемаларды толық есепке алу мақсатында нақты қалалық агломерацияларға қатысты әзірленуі тиіс. Осыған орай әрбір перспективалы агломерация үшін Агломерациялық дамытуды қолдау жоспарларын әзірлеген жөн. Елдің негізгі үш агломерациясын дамытуды қолдаудың негізгі шаралары Болжамды схемаға 50-қосымшада көрсетілген.

5.3. Халықты қоныстандыру жүйесін дамыту (халықты орналастыру жүйесінің схемасымен бірге)

Қазақстанның перспективадағы экономикалық және индустриялық дамуымен халықты қоныстандыру жүйесін дамыту да байланысты болады, оған демографиялық үдерістердің динамикасы мен географиясы шешуші әсерін тигізеді.

Демографиялық жағдай болжамы. 2020 жылға дейінгі Қазақстан халқының саны және жыныстық өсуі бойынша болжамды есептеулер - бала туу, сондай-ақ болжамды жорамалдарды, әр жастағы ер адамдар мен әйелдердің қайтыс болу жағдайын есепке

ала отырып, жас айырмашылығы коэффициенттерін қолданып 2009 жылдың басында халықтың біржылдық жыныстық өсу құрылымының негізінде жастарды жылжыту әдісімен (құрамдауыш әдісімен) үш нұсқада іске асырылды.

Болжамның барлық нұсқаларында репродуктивті стереотиптер мен жас ұрпақ құрылымының өзгеруін ескергенде, бала туу деңгейінің төмендеуі болжанып отыр. Болжанып отырған кезеңде халықтың қартаю үдерісі артады және соның салдарынан табиғи өсу біршама қысқарады. Кейбір жағымды әсерді көші-қон факторы тудырады.

Болжамның базалық нұсқасы бойынша Қазақстанның күтіліп отырған халық саны 2020 жылдың аяғында 18,4 млн. адамды құрайды және 2009 жылмен салыстырғанда 14,9%-ға артады. Алайда, өсім елдің барлық өңірлері үшін бола бермейді: үш солтүстік облыстарда (Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қостанай), сонымен қатар Шығыс Қазақстан мен Павлодар облысында 2020 жылға қарай халық санының 7,7%, 4,3% және 1,2% азаюы күтілуде. Жоғары өсімдер Алматы (135,0%) және Астана (166,9%) қалаларында, Маңғыстау облысында (151,5%), Оңтүстік Қазақстан облысында (125,3%) Атырау облысында (125,3%) байқалады.

19-кесте. ҚР халқының болжамды саны (базалық нұсқа)

адам

Өңірлердің атауы	2009 жыл (халық санағының нәтижелері бойынша)	2015	2020	2009 – 2020 жылғы өсу-азаю (халық санағының нәтижелері бойынша), % алғанда
Қазақстан Республикасы	16009600	17440680	18396250	114,9
Ақмола	737500	724234	712719	96,6
Ақтөбе	757800	817513	863330	113,9
Алматы	1807900	1991133	2108772	116,6
Атырау	510400	584951	639547	125,3
Батыс Қазақстан	598900	628533	639290	106,7
Жамбыл	1022100	1099417	1146684	112,2
Қарағанды	1341700	1372801	1387729	103,4
Қостанай	885600	851205	821054	92,7
Қызылорда	678800	737409	774370	114,1
Маңғыстау	485400	625114	735231	151,5
Оңтүстік Қазақстан	2469300	2824512	3115325	126,2
Павлодар	742500	745951	733415	98,8
Солтүстік Қазақстан	596500	551108	515575	86,4
Шығыс Қазақстан	1396900	1377211	1336870	95,7
Астана қаласы	613000	878451	1023370	166,9
Алматы қаласы	1365600	1631135	1842969	135,0

2020 жылы қарай халықтың табиғи қозғалысының коэффициенті (бұдан әрі - ТҚК) 2010 жылы 13,65%-дан бастап 2020 жылы 9,03%-ға дейін, туудың жалпы коэффициентінің төмендеуіне байланысты 2010 жылы 23,09% бастап 2020 жылы

17,49%-ға дейін ақырындап төмендейтін болады.

Елдің өңірлер бөлінісінде 8 өңірде ТҚК көрсеткіші республикалық орташа деңгейден төмен, ал 4 облыста (Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан) ТҚК көрсеткіші (2,53%-ға төмен) ең төмен болып келеді. Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында 2020 жылға қарай ТҚК теріс көрсеткіштері (тиісінше -1,42% және -2,04%) күтілуде. Халықты келешек ұрпақпен алмастырылу көрсеткіші (бала туудың жиынтық көрсеткіші) ел бойынша бүтіндей алғанда репродуктивті жастағы 1 әйелге 2,72 туудан бастап 2020 жылы 2,45 дейін төмендейді. (Болжамдық схемаға 53-56-қосымшаларда көрсетілген). Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында халықтың тарылған туу көрсеткіштері артады.

Болжамдалып отырған кезеңде қала халқының саны 2020 жылы елдің барлық халқының 60% құрай отырып, 27,4%-ға артады.

Өлім-жітім деңгейін біртіндеп төмендету күтіліп отырған өмір сүру ұзақтығын: 2015 жылы – 70,3 жасқа, 2020 жылға қарай – 72,4 жасқа арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан халқының жас құрылымы халықтың қартаю үдерісінің күшеюімен сипатталатын болады, өйткені 2010 – 2020 жылдары 65 және одан жоғары жастағы халықтың үлес салмағы 6,9%-дан 8,2%-ға дейін артады. Бұл ретте еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлес салмағы осы кезеңде 2010 жылы 68,4%-дан 2020 жылы 63,7%-ға дейін азаяды. Халықтың қартаю үдерісі әсіресе солтүстік және шығыс облыстарда артатын болады. Халықтың «жастық» жас құрылымы оңтүстік және батыс өңірлерде көрініс табады.

Перспективада 2020 жылға қарай Қазақстанда халық санының өсу қарқыны табиғи өсу көрсеткішінің төмендеуіне байланысты ақырындап төмендейтін болады.

Перспективада сыртқы көші-қонның (11,0 мың адам) оң сальдосының сақталатынын күтуге болады, бұл республикаға оралмандарды қайтару бойынша жалғасын тапқан мемлекеттің саясатымен және өтпелі кезеңде көші-қон тұлғалардың қалғанын қайтару бойынша жалғасын тапқан үдеріспен байланысты болады.

Ішкі көші-қон болжамының базалық нұсқасы көші-қон жылмалылығының төмендейтінін көрсетеді. Өңірлер бөлінісінде көші-қонның оң сальдосы 2020 жылға қарай Астана (17,2 мың адам) және Алматы (22,4 мың адам) қалаларында, сондай-ақ Маңғыстау (6,6 мың адам), Алматы (1,5 мың адам), Атырау (1,3 мың адам) және Ақтөбе (1,0 мың адам) облыстарында көрініс табады (Болжамды схемаға 55-қосымшада көрсетілген).

Шетелдік жұмыс күшін тартудың болжамды саны 2010 жылы 62,9 мың адамнан 2020 жылы 132,7 мың адамға дейін артатын болады.

Халықтың көшіп-қонуы елдегі демографиялық жағдайға елеулі әсерін тигізеді. Ішкі көші-қон саясатын реттеу төмендегілерге бағытталуы тиіс: жұмыс күшінің аумақтық жұмылдырылуын арттыру үшін экономикалық жағдай

жасау (тұрғын үй нарығын және еңбек нарығын тең қалыпты дамуын қамтамасыз ету), әсіресе халықтың көшіп-қонуының кемуі болжанып отырған солтүстік және шығыс өңірлерде;

өңірлік еңбек нарықтарының теңгерімділігін қамтамасыз ету үшін экономикалық белсенді халықты аумақтық қайта жайғастыруды ынталандыру тетіктерін әзірлеу.

Ішкі көші-қон мәселесін перспективада экономиканың аумақтық құрылымын өзгертудің және жайғастырудың әлдеқайда тиімді жүйесін жасау әдісі ретінде қарастыру қажет.

Аумақтық құрылымдарды дамытудың негізгі бағыттары елдің негізгі экономикалық және адами әлеуетін шоғырландыратын қалалық агломерацияларды қалыптастырумен және оны қарқынды дамытумен байланысты болады. Бір мезгілде санын азайту және қоныстандыруды көбейту болжанып отыр, бұл перспективалы емес және шағын қалалардан халықты ірі қалаларға белсенді түрде көшіруді де қамтиды. Бос өңірлердің болуын ескере отырып, көшіп-қонушылар ағынын қабылдау үшін, аталған өңірлер тұрғын үй және басқа да мемлекетпен кепілдендірілген әлеуметтік қызметтерге бағасы бойынша қолжетімділік қамтамасыз етілген серіктес-қалаларда жасалуы мүмкін.

Қазіргі заманғы өндіріс пен қызметтерді инновациялық дамыту үшін агломерациялар білікті қызметкерлердің ағынын қажет ететін болады, олардың ағыны елдің басқа өңірлерінен көшіп келу есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін. Бұл ретте агломерацияларды дамытумен қатар, еңбекті көп қажет ететін өндірістерін және қызмет түрлерін құруға қатысты халық тығыз орналасқан аумақтардың демографиялық және еңбек әлеуетін кеңінен пайдалану қажет.

Осылайша арнайы шаралар мен бағдарламаларды қабылдау арқылы ел үшін қажетті және тиімді бағыттарда ішкі көші-қонды ынталандыру және қолдау қажет. Ішкі көші-қонды мемлекеттік саясат шараларымен шектеу қалған тұрғындардың әлеуметтік проблемаларының көбеюіне және кедейшіліктің кең ошақтарының сақталуына алып келеді, оларды экономикалық перспективалардан қол үздіреді. Бұндай шаралар ерекше таңдау жасау сипатына ие болап, көші-қон ағынын арттыру халықтың әлеуметтік-экономикалық проблемаларының шиеленісуіне әкеп соғатын қалаларға іріктеліп қолданылуы мүмкін.

Ішкі көші-қонды ынталандыру, республика халқының негізгі бөлігінің қалаларда және ірі елді мекендерде тұруы адами капиталды дамытудағы негізгі әлеуметтік игіліктерге республика тұрғындарының тең қолжетімділігін қамтамасыз ету міндетін оңай шешуге мүмкіндік береді.

Қоныстандыру жүйелерін дамыту. Ірі және үлкен қалаларға бұдан да белсенді ішкі көшіп-қону 2015 – 2016 жылдары іске асырылатын болады. Бұдан әрі ірі орталықтарға көші-қон ағындарының қарқыны бәсеңдейтін болады және ірі қалалардың әсер ету аймағында негізгі жоспарланған осьтердің бойында орналасқан елді мекендер бұдан да қарқынды дамиды болады. Осылайша серіктес-елді мекендер дамиды,

агломерациялық үдерістер тереңдей түседі және кеңейеді.

Ішкі республикалық экономикалық байланыстарды дамыту, республика аймағы бойынша халықаралық көлік дәліздерінің өтуін, көмірсутекті кен орындарын игеруді дамыту жоспарланған 1-санатты осьтерде орналасқан елді мекендердің негізгі базалық орталықтарын дамытуды алдын ала анықтайды.

Қоныстандыру жүйесінде ең белсенді дамыған аймақтар – урбандалған өңірлер анықталды (20-кесте).

20-кесте. 2020 жылға дейінгі Қазақстан аумағында қала құрылыстық аймақтандыру және қоныстандыру жүйесін дамытуды болжау

Қоныстандыру өңірлері және жүйелері	Облыстар	Қоныстандыру аймақтары мен жүйелерінің орталықтары	Халық саны, мың адам				Ауданы, шаршы метр
			2000 жылы	2009 жылы	2015 жылы	2020 жылы	
Республика бойынша барлығы			9335,4	10447,4	11392,4	12242,6	268124
Жетісу урбандалу аймағы		Алматы қ.	1895,5	2226,2	2583,6	2847,6	13528
Оңтүстік урбандалу аймағы		Шымкент қ.	2316,7	2685,4	2728,5	2950,8	53664
Шығыс Қазақстан урбандалу аймағы		Өскемен қ.	890,7	872,6	884,2	880,0	35073
Елорда урбандалу аймағы		Астана қ.	1819,4	2044,1	2311,4	2493,5	56434
Тобыл урбандалу аймағы	Қостанай	Қостанай қ.	475,6	474,4	473,3	466,7	13669
Павлодар-Екібастұз урбандалу аймағы	Павлодар	Павлодар қ.	536,9	545,4	578,7	597,0	15843
Ақтөбе урбандалу аймағы	Ақтөбе	Ақтөбе қ.	440,8	483,6	530,8	562,0	15591
Батыс урбандалу аймағы	Б а т ы с Қазақстан	Орал қ.	366,1	398,0	420,0	431,7	14593
Ақтау урбандалу аймағы	Маңғыстау	Ақтау қ.	269,8	351,8	456,1	541,4	28449
Атырау урбандалу аймағы	Атырау	Атырау қ.	323,9	365,9	425,8	471,9	21280

Елді мекендерді дамыту және инженерлік инфрақұрылымды қоса алғанда ішкі байланыстарды қалыптастыру алты шартты аймақтар бойынша дамытуды алдын ала анықтады :

1. Ертіс жайғастыру аймағы. Аталған жайғастыру аймағы Шығыс Қазақстан облысының шеңберінде орналасқан, орталығы Өскемен қаласында. Облыстың елді мекендерінің негізгі бөлігі жоспарланған екі негізгі осьтердің – Ертіс өзені және Алматы – Барнауыл темір жол магистралінің бойына шоғырланған.

Ертіс қоныстандыру аймағы маңызды су және рекреациялық ресурстарна, минералдық-шикізат ресурстарының үлкен қорына және ауқымды өндірістік әлеуетке ие. Негізгі проблема халықтың және білікті мамандардың тұрақтамауы болып табылады. Осыған орай, шамадан артық еңбек ресурстары аймағының шегінде Оңтүстік Қазақстанды, сондай-ақ оралмандарды тарту және орнықтыру үшін жағдай жасау аса маңызды болып келеді. Аталған проблеманы шешу бойынша шаралар

кешенінің ішінде Ертіс қоныстандыру аймағында, сондай-ақ көрсетілген еңбек күші мол өңірлерде кәсіби техникалық білім желісін кеңейту маңызды орынға ие болуы к е р е к .

Аталған қоныстандыру аймағын дамытудың маңызды бағыттарының бірі өңір үлесіне республиканың рекреациялық ресурстарының басым бөлігі тиетіндігін ескере отырып, туристік және рекреациялық инфрақұрылымдарды дамыту болып табылады.

Аталған қоныстандыру аймағының негізгі проблемасы халықты жер сілкінісінің салдарынан қорғауды қамтамасыз ету қажеттілігі болып табылады, себебі өңірдің басым бөлігі сейсмикалық белсенді аймақта орналасқан.

2. Қоныстандырудың Сарыарқа аймағы. Қоныстандырудың аталған аймағы Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Павлодар және Қарағанды облыстарының аумағын қамтиды. Бұл республика аумағындағы ауданы және халық саны бойынша ең і р і қ о н ы с т а н д ы р у а й м а ғы .

Аймақ негізгі тірегі меридиан бағытында Петропавл – Шу темір жол магистралында , Алматы – Астана – Петропавл автомагистралында, ендік бағытта Оңтүстік – Сібір (Тобыл станциясы – Павлодар басып өтеді) магистралында жасалған 1-санатты жоспарлы осьтер, Талшық – Көкшетау – Алтынсарин; Жезқазған – Мойынты – Саяқ 2-санатты жоспарлы осьтер болып табылады. Аймақ аумағында табиғи климаттық жағдайлар ескеріле отырып және осыған байланысты аумақтағы орналасу тығыздығына қарай қоныстандырудың екі кіші аймағы бөлінген:

Солтүстік Қазақстан, оның құрамына орман дала, дала және жартылай құрғақ дала ландшафтары кіреді. Бұл кіші өңір шеңберінде барынша тығыз елді мекендер желісі және аумаққа қоныстану тығыздығының жоғарылығы байқалады.

Орталық Қазақстан, құрғақ дала және жартылай шөлейт аймағында орналасқан. Мұнда мүлдем қоныстанбаған немесе аз қоныстанған аумақтар басым.

Қоныстандырудың барынша ірі жүйе аймағының құрамына орталығы Астана қаласы, урбандалған астаналық аймақ жатады, ол Петропавл – Шу темір жол магистралының және Қарағанды – Көкшетау жүрдек автомагистраль бойында о р н а л а с қ а н .

3. Қоныстандырудың Жетісу аймағы. Табиғи-климаттық жағдайлар, тармақталған көлік желісі және халықаралық көлік дәліздерінің өтуі бойынша бұл аймақ халықтың тұруына және ауыл шаруашылығының негізгі салаларын дамыту және демалысты ұйымдастыру үшін қолайлы болып келеді.

Алматы агломерациясы аумағында Алматы қаласынан жарты сағаттық қол жетімділік радиусында, яғни оның мерзімдік және эпизодтық мәдени-тұрмыстық және рекреациондық байланыстар бойынша әсер ететін аумақта Жетісу урбандалған аймағы құрылды, онда Алматы агломерациясынан басқа Алматы облысының Еңбекшіқазақ және Жамбыл аудандарының елді мекендері енеді.

Перспективада 1-санатты осьті бұдан әрі дамыту жоспарланып отыр: салынатын

Батыс Қытай – Батыс Еуропа көлік дәлізі шегінде Қорғас - Жетіген темір жолын және Қорғас – Алматы – Шымкент жүрдек автожолдарын салу.

Алматының аумақтық өсуі, Жаңа Іле, Голд Сити елді мекендерінің құрылуы, сондай-ақ жақын орналасқан Жетіген, Байсерке, Междуреченское, Шамалған елді мекендерінің дамуы күтілуде, Қаскелең, Қапшағай, Талғар едәуір дамиды. Жаңа көлік-логистикалық орталықтар, ірі өнеркәсіптік аймақтар пайда болады.

Аумақтың басты проблемасына сейсмикалық қауіптілігі және аталған аймақтағы көші-қон ағындарын тоқтату бойынша шараларды қолдану қажеттілігі жатады.

4. Қоныстандырудың Оңтүстік аймағы. Қоныстандырудың Оңтүстік аймағы шеңберінде қоныстандырудың келесі ірі жүйелері бөлініп көрсетіледі: Оңтүстік урбандалу аймағы, Қызылорда топтық қоныстандыру жүйесі, Жетісай ауылдық агломерациясы, Шу және Арал ауданаралық қоныстандыру жүйесі.

Орталығы Шымкент қаласында орналасқан Оңтүстік урбандалған аймақты Шымкент және қалыптастырылатын Тараз агломерациялары құрайды. Аталған урбанизацияланған аймақ халқының саны 2020 жылға қарай 3 млн. адамға дейін көбейеді.

Негізінен Қаратау фосфорит бассейнінен фосфориттерді шығару және өңдеу есебінен іске асыруға қабылданған химия өнеркәсібін дамыту бағдарламасы Тараз агломерациясының ғана емес, сонымен қатар Қаратау, Жаңатас және Шымкент қалаларының агломерацияларының даму қарқынын тездетеді.

Орталығы Жетісай қаласында, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданының аумағында орналасқан Жетісай ауылдық агломерациясы халықтың (156 адам/шаршы метр) және қоныстану желісінің (жақын орналасқан елді мекендердің арақашықтығы орташа есеппен 34 км) барынша тығыз орналасуына, адам санының көп болуына (276 мың адам) байланысты алынып отыр.

Осыған орай төмендегілерді іске асырған жөн:

1. Ауданға облыс пен әкімшілік аудан арасында аралық маңызды әкімшілік мәртебе беру.

2. Жетісай қаласына Шымкент қаласы облыстық орталығы, атап айтқанда аталған аудан халқына ауыларалық мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету бөлігіндегі функциялардың бір бөлігін беру.

5. Каспий қоныстандыру аймағы. Аймақ құрамына Атырау және Маңғыстау облыстарының елді мекендері кіреді. Аймақтың аумағы Каспий теңізі жағалауының және Орал, Қиғаш пен Ембі өзендерінің төменгі ағысының бойымен жартылай шөлді және шөлді ландшафтар түрінде көрініс тапқан. Қоныстандырудың негізгі осьтері - Астрахань – Атырау – Мақат – Қандыағаш және Мақат – Бейнеу – Ақтау темір жол магистральдары, Орал өзенінің алабы, Орал – Атырау автомобиль жолы магистралі.

Каспий қоныстандыру аймағының жүйелерін дамытудағы негізгі қиындықтар экстремалды табиғи-климаттық жағдай және су ресурстарының тапшылығы болып

т а б ы л а д ы .

6. Орал қоныстандыру аймағы Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының аумақтарын қамтиды. Аталған аймақ халқының негізгі бөлігі Орал және Елек өзендері алабының бойында орманды далада және дала аймақтарында тұрады. Өзен алаптарынан тыс жерлерде орналасқан бір қатар елді мекендер, оның ішінде Хромтау, Ақсай қалалары минералдық шикізаттың (хромид кенін, көмірсутекті шикізатты және тағы басқа) ірі кен орындарын өндіру базасында пайда болды.

Аймақтың қоныстандыру жүйесінің негізгі жоспарлау осьтері Орал және Елек өзендерімен қатар, Орынбор – Ташкент, Саратов – Соль-Илецк, Ор – Астрахан, Алтынсарин – Хромтау темір жол магистралдары, Ақтөбе – Қызылорда және Орал – Атырау автомагистралдары болып табылады.

Перспективада қоныстандырудың осы жүйесін дамытуда салынып жатқан Батыс Еуропа – Батыс Қытай автомагистралы маңызды рөл атқаруы тиіс.

Қазақстан аумағында қоныстандыру жүйесін тұрақты дамытуды арттыру бойынша і с - ш а р л а р .

Республиканың қазіргі заманғы әкімшілік-аумақтық құрылымының кемшіліктерін жою және қала құрылысы мен әкімшілік аудандастыру арасындағы қарама-қайшылықтарды шешу үшін ірі агломерациялардың және елдің қоныстандыру жүйелерінің еңбек, мәдени-тұрмыстық, өндірістік және рекреациялық байланыстарының көлемдерін, бағыттарын және құрылымдарын зерделеу негізінде, әсер ету өңірлерін (маятниктік көші-қон бойынша) осы жүйелердің орталықтарын анықтау және аталған аймақтардың шегінде елді мекендерді орталық әкімшіліктерге бағындыру қажет. Аталған проблеманы шешу Алматы, Шымкент және Тараз агломерациялары үшін өзекті болып келеді.

Халық саны 20 мың адамнан кем және бұдан әрі халықтың орналасуының азаю үрдісі байқалған ауылдық әкімшілік аудандарды біріктіру (егер олар бір-бірімен көрші орналасса) қажет немесе ірі әкімшілік аудандарға (халықтың саны бойынша) қосу қ а ж е т .

Халқы 150 мыңнан артық ауылдық әкімшілік аудандардың бірқатарының әкімшілігін мәртебесін жоғарылату қажет. Аталған аудандардың әкімшілік мәртебелерін жоғарылату төмендегілерді қамтамасыз етуі тиіс:

осы аудандардың әлеуметтік және көлік-инженерлік инфрақұрылымын дамытуға арналған облыстық және республикалық бюджеттерден аударымдардың үлесін көбейту ;

сапалы жалпы орта білім және техникалық пен кәсіби білімге қол жеткізу; халықты еңбекпен қамту деңгейін арттыру.

Қашықта орналасқан аудандардағы халықты мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудегі мерзімді және эпизодтық объектілермен қамтамасыз ету деңгейін жоғарылату мақсатында, аталған аудандарды аудан орталықтарынан ауданарлық орталықтарды

бөлу қажет, оларға облыс халқына ауыларалық мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету бойынша облыс орталықтары қызметтерінің бөлігін беру керек.

Кей жағдайларда әкімшілік аудандардың облыс орталықтарынан шалғайда орналасқан топтарына қызмет көрсету үшін облыстық кіші орталықтардың функцияларын ірі және орташа қалаларға қосымша жүктеу қажет. Бұндай кіші орталықтарға үміткер ретінде Семей, Арқалық, Жезқазған, Балқаш, Шалқар қалаларын жатқызуға болады. Ауданаралық орталықтардан бұл кіші орталықтар халыққа ауыларалық мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету функцияларының жоғары деңгейде даму дәрежесімен ерекшеленетін болады.

Ол үшін халыққа қызмет көрсететін объектілердің жартысын аталған кіші орталықтарға қоныстандыру қажет, бұл аталған объектілерді шалғайдағы аудандарға жақындатады. Аталған ұсынысты іске асыру үшін заңнамалық сипаттағы өзгерістерді енгізудің қажеттігі жоқ. Қоныстану дәрежесіне және олардың облыстық қоныстандыру жүйелеріндегі жағдайына байланысты халықтың қызмет көрсету саласындағы әлеуметтік маңызды объектілерімен қамтамасыз етілуін реттейтін қала құрылысының нормативтеріне өзгеріс енгізу жеткілікті болып келеді.

Республиканың елді мекендерін қала құрылысын жобалау кезіндегі жүйелі тәсілді қ а м т а м а с ы з е т у ү ш і н :

республика аумағындағы кез келген дәрежедегі елді мекендердің бас жоспарларын құрамына осы елді мекендер кіретін қоныстандыру жүйелерінің немесе әкімшілік құрылулардың қала құрылысы жобаларын бекіткеннен кейін әзірлеу қажет;

республика аумағында қоныстандыру (агломерациялар) жүйелерін жобалаудың нормативтік және методологиялық базасын әзірлеу және бекіту қажет.

5.4. Ауылдық аумақтарды дамыту

Ауылдық қоныстандыру саясатын қалыптастыру, көші-қон ағымдарын реттеу және елді мекендердің жүйесін қалыптастыру келесі принциптерге негізделуі тиіс:

1. Тұрғылықты жерді өз еркімен таңдаудың принципі.
2. Әлеуметтік қажетті қызметтерді кепілдендіру және көшуді ынталандыру п р и н ц и п і .
3. Инвестицияларды салу тиімділігінің принципі ауылдық инфрақұрылымды дамытуға қаражаттың бөлінуін ескереді.
4. Жер және су ресурстарын пайдалану тиімділігінің принципі.
5. Экологиялық қауіпсіздік принципі.
6. Өндірістер дамуының және халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету жүйелерінің мөлшерлестік принципі ауыл шаруашылық өндіріс пен ауылдық елді мекендердің үздіксіздігімен байланысты болады.

Тірек елді мекендерді айқындау жеткілікті сыйымдылыққа, дамыған әлеуметтік және инженерлік құрылымға ие болып келетін, сонымен қатар ғылымды көп қажет ететін технологияларды, алдыңғы қатарлы өндірістерді, ғылыми-білім беру, мәдени-бос

уақыт өткізу және қаржылық-дәнекерлік қызметтерді тартудың орталықтары болып келетін ауылдық елді мекендердің таңдалуын ескереді. Аталған елді мекендер АЕМ белгілі бір тобының өндірістік және әлеуметтік жүйелерінің тең мөлшерлі өзара байланысты дамуын қамтамасыз етеді.

Тірек елді мекендерді анықтаған уақытта көліктің тапсыру нарықтарына қол жетімділігі маңызды фактор болып табылады. Осымен байланысты, тірек ауылдық елді мекендер көліктік қол жеткізілімі ареалының негізінде анықталады, оның негізіне келесілер кіреді: жеке сапарға кеткен уақыт, жүк және жолаушылар тасымалын ұйымдастыру мүмкіндігі, сонымен қатар автомобиль жолдарының сапасы.

Тірек ауылдық елді мекендердің жанында логистикалық жүйе, энергиямен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылық өнімін қайта өңдеу шоғырланған, халықтың қолайлы өмір сүруіне қажетті әлеуметтік, өмір сүруді қамтамасыз ететін инфрақұрылым және мемлекеттік қызметтердің спектрі қалыптастырылады.

Халықтың өмір сүруінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты жұмыс жасайтын кәсіпорындары бар перспективалы елді мекендерде шоғырландырылуы үшін, мекен еткен халықтың әлеуетті табысын айқындаудың есептік-конструктивтік әдісі негізінде әр АЕМ әлеуеттік сыйымдылығының есептеулеріне сәйкес жанында логистикалық жүйе, энергиямен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылық өнімін қайта өңдеу шоғырланған, халықтың қолайлы өмір сүруіне қажетті әлеуметтік, өмір сүруді қамтамасыз ететін инфрақұрылым және мемлекеттік қызметтердің спектрі қалыптастырылған тірек АЕМ анықталады.

Ауылдық елді мекендердің даму проблемаларын шешудің әлдеқайда сапалы жаңа деңгейіне шығу үшін орталықтардың базасында агроқалашықтарды құру мүмкіндігі ескеріледі.

Әрі қарай дамуға бағытталған ауылдық елді мекендер үшін жоспарлаудың, құрылыстың және қоныстандырудың жобалары әзірленуі тиіс, бұл жобаларда ауыл халқының өмір сүру жағдайларын және еңбек әрекетін жақсартуға бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені анықталады.

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымын жетілдірудің алдын ала ескерілген схемасы ауыл халқын оңтайландыруда, тұрғындардың әлеуметтік инфрақұрылымның мекемелері мен ұйымдарымен, қауіпсіздік және құқықтық тәртіп қызметімен қамтамасыз етілу радиусын 2 есе қысқарту, ауыл халқы өмір сүруінің әлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету және демографиялық жағдайды жақсарту мен ауылдық жерде өмір сүрудің беделдігін арттырудың негіздерін құруды ескереді.

Агломерациялардың, тірек қаңқасының, халықты жайғастыру жүйесінің схемалары Болжамды схемаға 103 – 110-қосымшаларда көрсетілген.

6. Басым көлік-транзиттік тораптарды, оның ішінде транзиттік-көліктік тораптардың схемаларын, шекара маңы аумақтарын дамытудың схемаларымен бірге

шекара маңы өңірлерінде дамыту

Қазіргі уақытта дүниежүзінде халықаралық тауар қозғалысының негізгі бағыттарын анықтайтын экономикалық дамудың үш орталығы құрылды, олар - Батыс Еуропа, Шығыс Азия және Солтүстік Америка. Тек ЕО мен Қытай арасында сауда көлемі 2009 жылы 296,3 млрд. евроны құрады, бұл миллиондаған тонна жүктерін тасымалдауға мүмкіндік береді, олардың бөлігі қалыпты жағдайларды жасау кезінде трансконтинентальді құрлықтағы бағыттарға ауысуы мүмкін. Қазақстанның Еуразия континентінің ортасында аумақтық орналасуы трансконтинентальді транзитті қамтамасыз етуге оның қатысуы үшін жағымды жағдай жасайды (Батыс Еуропа және Шығыс Азия елдерінің арасында тасымалдау көлемінен 20%-ға дейін).

Қазақстан көлік кешенінің Еуразиялық көлік жүйесіне бірігу үдерісін бағалай отырып, мына бағыттарда өңірлік транзитті қамтамасыз етуге оның қатысуына әлеуетті мүмкіндіктердің бар екенін айқындауға болады: Орталық Азия және ТМД, ҚХР елдері; ҚХР және ТМД, Закавказье республикалары; Ресей және Закавказье республикалары, Түркменстан, Иран, Парсы шығанағы және тағы басқа арасында.

Тауар қозғалысының жоғары жылдамдығын қамтамасыз ету ауыстыруды, кедендік және басқа да бақылау түрлеріне тоқтауды қоса алғанда, транзиттік көлік құралдары мен жүктердің тоқтау санын және уақытын мейлінше қысқартуды талап етеді;

Бұл ретте, транзиттік жүктерді бір көлік құралынан басқасына немесе көліктің бір түрінен екінші түріне қайта тиеу (интермодальдық тасымалдауды қоса алғанда) мына жағдайларда жасаған жөн:

Мультимодальдық тасымалдау мүмкін болатын жалғыз нұсқа болып келеді (мысалы, ТРАСЕКА және Солтүстік-Оңтүстік көлік дәліздері Каспий теңізі бойынша өтетін учаскелерді қамтиды);

Ол технологиялық процесс ерекшеліктеріне байланысты туындады. Мысал ретінде Қазақстан темір жол желілерінің Қытай темір жолдары желісімен түйісуін іске асыратын Достық пунктін алуға болады;

Белгілі өңірлер (аудандар) үшін транзиттік жүктерді шоғырландыру, сұрыптау немесе тарту қажет.

Осылайша, жүктерді ауыстырудың үлкен көлемдерін іске асыру үшін өзінің кеңістікті жоспарлау ауданында маңызды рөлге ие және желі орналасқан ауданнан тыс тасымалданатын экспорттық және импорттық өңдеулерді іске асыратын транзиттік-көлік тораптары қалыптастырылады.

Бұдан шығатын қорытынды, перспективалы транзиттік-көлік тораптарын орналастыратын орынды таңдаудың алғышарттары келесідей болып келеді:

қолданыстағы және перспективалы көлік дәліздерінің қиылысында орналасуы; ірі, ең алдымен транзиттік жүк ағындарын, сондай-ақ өңірлік, өңіраралық, сыртқы сауда ағындарын шоғырландыру;

бірнеше көлік түріне қызмет көрсету мүмкіндігі және/немесе қажетті/мәжбүрлі

ауыстыруды жасайтын транзиттік жүктердің технологиялық үдерісінің ерекшеліктері; белгілі өңірлерге (аудандарға) транзиттік ағындарды бөлудің немесе басқа көлік түріне ауыстырудың тораптық нүктелерінің болуы; көлік, қойма, логистикалық инфрақұрылымның ағымдағы және перспективалы дамуының мейлінше жоғары деңгейі; ақпараттық ағындарды жинақтау; еңбек ресурстарының болуы немесе оларды толықтыру мүмкіндігі.

Транзиттік-көлік тораптарын құру объективті түрде ірі транзиттік магистральдарға тартылады. Республика аумағы бойынша мына транзиттік-көлік дәліздері және олардың тармақтары созылады (жақшада дәліз құрамындағы темір жол бағыттары туралы мәліметтер көрсетілген):

1. ТРАСЕКА дәлізі: Қара теңіз, Кавказ және Каспий теңізі арқылы Шығыс Еуропа – Орталық Азия (негізгі бағыт Түркменбаши - Сарыағаш – Достық порты арқылы, Ақтау – Достық тармағы, ұзындығы - 3836 км, Қазақстан Республикасы бойынша транзиттік жүктерді жеткізу мерзімі – 19 тәулік; 2007 жылы транзитпен 30 мың тонна тасымалданды, 2008 жылы - 37 мың тонна, 2009 жылы - 29 мың тонна);

2. Солтүстік-Оңтүстік дәлізі: Солтүстік Еуропа – Парсы шығанағы елдеріне Қазақстанның қатысуымен Ресей және Иран арқылы (Ақтау теңіз портының учаскелерінде Орал, Ресей, Ақтау – Атырау өңірлері, ұзындығы 1235 км, ҚР бойынша транзиттік жүктерді жеткізу мерзімі – 7 тәулік; 2008 жылы транзитпен 11 мың тонна тасымалданды, 2009 жылы – 232 мың тонна);

3. Трансазиялық темір жол магистралының Орталық дәлізі (Сарыағаш – Озинки учаскелері, ұзындығы - 2147 км, ҚР бойынша транзиттік жүктерді жеткізу мерзімі - 11 тәулік; 2007 жылы транзитпен 1 137 мың тонна тасымалданды, 2008 жылы – 1 453 мың тонна, 2009 жылы - 766 мың тонна);

4. Трансазиялық темір жол магистралының Солтүстік дәлізі: Батыс Еуропа – Қытай, Корея түбегі және Жапонияға Ресей және Қазақстан арқылы шығу (Достық – Петропавл учаскелері, ұзындығы - 1910 км, ҚР бойынша транзиттік жүктерді жеткізу мерзімі - 10 тәулік; 2007 жылы транзитпен 111 мың тонна тасымалданды, 2008 жылы - 177 мың тонна, 2009 жылы - 72 мың тонна);

5. Трансазиялық темір жол магистралының Оңтүстік дәлізі: Оңтүстік Шығыс Еуропа – Қытай және Оңтүстік Шығыс Азияға Түркия, Иран, Орталық Азия елдері және Қазақстан арқылы шығу (Достық – Сарыағаш учаскесі, ұзындығы - 1831 км, ҚР бойынша транзиттік жүктерді жеткізу мерзімі – 9 тәулік; 2007 жылы транзитпен 1 300 мың тонна тасымалданды, 2008 жылы – 1 834 мың тонна, 2009 жылы – 2 034 мың тонна)

Қазіргі уақытта және перспективада ҚР халықаралық автомобиль тасымалдаулары алты негізгі бағыт бойынша іске асырылатын болады. Аталған бағыттар бойынша жүк

ағындарын тарату 21-кестеде, импорт және экспорт жүк ағындары 22-кестеде көрсетілген.

21-кесте. Транзиттік жүк ағындарын Қазақстанның автомобиль жолдарының дәліздері бойынша тарату

Дәліздің нөмірі	Бағыты	Транзиттік жүк ағындарының үлесі, % (2009 жыл)
1	Өзбекстан шекарасы - Шымкент - Тараз - Бішкек - Алматы - Қорғас - Қытай шекарасы	97,4
2	Өзбекстан шекарасы - Шымкент - Қызылорда - Ақтөбе - Орал - Ресей Федерациясының шекарасы	23,0
3	Алматы – Қарағанды - Астана - Петропавл	13,2
4	Ресей Федерациясының шекарасы – Атырау – Бейнеу – Ақтау - Түркменстан шекарасы	3,1
5	Ресей Федерациясының шекарасы – Павлодар – Семей – Майқапшағай – Қытай шекарасы	2,1
6	Астана – Қостанай – Ресей Федерациясының шекарасы	0,8

22-кесте. Импорт және экспорт жүк ағындарын Қазақстан дәліздері бойынша тарату

Дәліздің нөмірі	Бағыты	Үлесі, %	
		импорт	экспорт
1	Өзбекстан шекарасы – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы – Қорғас – Қытай шекарасы	52,0	84,4
2	Өзбекстан шекарасы – Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал – Ресей Федерациясының шекарасы	17,4	3,7
3	Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл	29,4	18,8
4	Ресей Федерациясының шекарасы – Атырау – Бейнеу – Ақтау – Түркменстан шекарасы	6,6	4,0
5	Ресей Федерациясының шекарасы – Павлодар – Семей – Майқапшағай – Қытай шекарасы	15,6	15,2
6	Астана – Қостанай – Ресей Федерациясының шекарасы	15,4	8,1

Осылайша жүк ағындарының шоғырлануы бойынша перспективалы торап Трансазиялық темір жол магистралының Оңтүстік және Орталық дәліздерінде орналасқан көлік желілері, сондай-ақ ТРАСЕКА және Солтүстік-Оңтүстік дәліздерінің қазақстандық қатысушыларының желілік буыны ретінде Ақтау порты жатады.

Көлік коридорларының жүктемелілігіне байланысты Қазақстан және ЕурАзЭҚ аумағы бойынша транзиттік жүк ағындарының дамуының перспективаларын, көлемін, өсу бағыттарының болжамын, Ресей және Белоруссияның өз инфрақұрылымдарын дамыту бойынша жоспарларының перспективалы транзиттік-көлік тораптарын атап өтуге болады: Ақтау порты, Достық және Қорғас (Қорғас) өткелін.

Ресей-Қазақстан шекарасының ауданында Батыс Еуропа және Батыс Қытай дәлізінде жеке транзиттік желі жасау қажет болмай отыр, себебі Ресейдің тарапынан Ресей аумағына Батыс Еуропа – Батыс Қытай дәлізінен халықаралық, оның ішінде транзиттік жүктерді таратуды қамтамасыз ететін Свияжск өңіраралық

мультимодальдық логистикалық орталық құру жобасы іске асырылуда.

Перспективалы транзиттік-көлік тораптарына келесілер жатады:

1) Достық станциясы Қытаймен темір жол шекаралас өткелінің ірі пункті болып табылады, ол арқылы халықаралық көлік дәліздері – Трансазиялық темір жол магистралі және ТРАСЕКА өтеді. Станция елдің транзиттік-көлік әлеуетінде экономикалық маңызды объект және Еуропа мен Азия арасында трансконтинентальдық бағыттар бойынша жүктерді тасымалдау кезінде байланыстыратын буын болып табылады.

Станция арқылы жүктерді тасымалдау көлемі 2009 жылы 15,5 млн. тоннадан артық болды. Станция арқылы тасымалдаудың жалпы көлемінің 70% Балтық, ТМД және Еуропа елдеріне жіберілетін контейнерлік тасымалдаулар құрайды. Сондай-ақ станция шекарадан өткен кезде міндетті барлық бақылау түрлері жүргізілетін шекаралық пункт болып табылады.

